


# БОЛАШАҚТЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

Қазақстан Республикасы  
тәуелсіздігінің 30 жылдығына  
арналған











# БОЛАШАҚТЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

Екінші, толықтырылған басылым,  
Қазақстан Республикасы  
тәуелсіздігінің 30 жылдығына  
арналған

АЛМАТЫ  
2021



## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Қазақстан қор биржасы сіздерге «Болашақтың құрылу тарихы» кітабының 2021 жылды екінші толықтырылған басылымын қуана ұсынады. Алғашқы 2018 жылғы басылым KASE 25 жылдығына арналған болатын. Биржаның даму тарихы жүздеген оқиғага қатысушылардың естеліктері, реңсі құжаттар мен БАҚ-тағы көптеген басылымдар желісімен құрылған.

Кітап қаржы қауымдастықтарының, студенттердің, ел тарихына елеңдейтін оқырмандардың үлкен қызығушылығын тудырды. Ел жылнамасы түрінде жазылған бұл кітап Қазақстан үшін тарихи маңызы зор, Қазақстан тәуелсіздікке ие болып, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңды қабылданған 1991 жылдан басталатын оқиғаларды қамтыды. Егемендік жолында мемлекеттік және экономикалық институттарды, үлттық қауіпсіздік жүйесін, қаржылық және биржалық инфрақұрылымды құры жөніндегі күрделі жұмыс атқарылды. Республика 1993 жылғы 15 қарашада кешкен үлттық валюта елдің дербес экономикалық саясатының мықты іргетасын қалады. Үлттық валюта айналымға шыға салысмен небәрі екі күннен соң, яғни 1993 жылғы 17 қарашада – Қазақстанның банкаралық валюта биржасы құрылып, тенгенің алғашы сауда-саттығы өтті. Бұл күн іс жүзінде KASE туған күніне айналды. Бүгінгі таңда биржа бірнеше жаңару сатысынан өтіп, Қазақстан экономикасына өзінің орасан зор үлесін қоса отырып, қарқынды дамуын жалғастыруда.

Қазақстан қор биржасында кітаптың алғашқы басылымы шыққан сәттен бастап KASE-нің ғана емес, елдің бүкіл қор нарығының дамуына жаңа қарқын, жаңа леп берген маңызды оқиғалар орын алды. Бұндай оқиғалардың бірі – KASE мен Мәскеу биржасының стратегиялық ынтымақтастығы. Осының арқасында KASE IT-жанартуды сәтті өткізіп, Орталық контрагенттің қызметтерін енгізdi, жаңа құралдармен сауда-саттықты іске қосып, биржа қызметтерін дамытуды жалғастырып келеді.

Жаңа толықтырылған басылымды оқырмандар жылы лебізben қабылдап, олардың күнделікті оқытын кітабына айналады деп үміттенеміз.

Біздің өтінішімізben осы жобаны өз естеліктерімен толықтырып, фактілермен, құжаттармен, жеке тарихи естеліктерімен бөліскен барша әріптестерімізге, қызметтестерімізге, қаржылық реттеуешілерге зор алғысымызды білдіреміз. Бұл бізге KASE мен елдің қор биржасының жақын өткеніне жасаған шолуымызды танымды әрі қызықты етуге мүмкіндік берді.

Біз өзіміздің барлық қосарлас авторларымыз бер барша қазақстандықтарды Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтап, өз Отанымыздың игілігі үшін жаңа табыстар мен жаңа жетістіктерге жетуді тілейміз.

**KASE**



KASE



1 тарау

# БАСТАПҚЫДА ТЕҢГЕ БОЛҒАН

ЖАҢА ВАЛЮТАГА – ЖАҢА БИРЖА

ӨЗАРА ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ ҚҰНЫ

АЛҒАШҚЫ ТҮРАҚТЫЛЫҚ

ДАҒДАРЫСҚА ЖАУАП РЕТИНДЕ ЕҚАБ

1 тарау.

## БАСТАПҚЫДА ТЕҢГЕ БОЛҒАН

1993 жыл Қазақстан тәуелсіздігінің қалыптасу тарихында қаржылық іргестаста тұр. 15 қараша күні ұлттық валюта айналысқа енгізілгеннен бастап, елдің егемендігі біржолата бекітілді, ал Қазақстанның экономикасы негізгі, қаржылық және экономикалық тәуелсіздіктің іргелі факторларының бірін алды.

Елдің тәуелсіз, тұтас қаржы жүйесін қалыптастыру аяқталды деуге болады. Валюта биржасы Ұлттық Банкпен, Қаржы министрлігімен және екінші деңгейдегі банктермен қатар оның іргетасына айналды. Қазақстан теңгеге көшкеннен кейін екі күн өткен соң – 1993 жылдың 17 қарашасында ол ресми түрде дербес заңды тұлға ретінде құрылды. Ал 17 қараша Қазақстанның қаржы жүйесінің тарихына KASE туған күні ретінде енді. Қазақстан банкаралық валюта биржасын (ҚБВБ) құру туралы ресми материалдарда айтылғандай, сол кезде оның алдына қойылған негізгі міндеттер теңгені енгізуге байланысты ұлттық валюта нарығын ұйымдастыру және дамыту болып табылды.

Бұның алдында мақсатқа бағытталған, жүйелі жұмыс жүргізілген. 1991 жылдың 16 желтоқсанында тәуелсіздік жарияланған сәттен бастап, мемлекет егемендік атрибуттарын: бейнелемені, заңнамалық базаны жедел түрде жасады, мемлекеттік шекараны сызып қойды, билік институттарын құрды, экономикалық және қаржылық инфрақұрылымды қалыптастыруды. Дегенмен, меншікті валютасы мен институттары бар тәуелсіз қаржы жүйесін құру экономикалық саясатты жүргізуде нақты дербестікті қамтамасыз етти.

1992 жылдың маусым айында «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасу стратегиясы»<sup>3</sup> қабылданды, ал одан сәл бұрынырақ қаржы қызметін регламенттейтін заңдарды қамтитын заңнамалық пакет қалыптастырылды: «Банктер туралы»<sup>2</sup>, «Бағалы қағаздардың айналысы және қор биржасы туралы»<sup>3</sup>, «Валюталық реттеу туралы»<sup>4</sup>. Сол кезде Қазақстанның премьер-министрі Сергей Терещенко басшылығындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссиясы, сонымен қатар есеп айырысу мен жобаның ержей-тегжейлерін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы құрылды. Бірінші вице-премьер Даулет Сембаев басшылық еткен топтың құрамына Ораз Жандосов, Людмила Володина, Әмірзак Шекеев, Валентин Назаров, Виктор Соболев және Григорий Марченко кірді.

Ұлттық валютага көшуді ұдеду республика тап болған құрделі экономикалық жағдайларға байланысты болды. Теңгені енгізген сәтте гиперинфляция деңгейі 2 165% бағаланған. 1992 жылмен салыстырғанда ЖІӨ құлдырауы 40% жетті, ал өндіріс деңгейі 9,2% төмен түсті. 1993 жылға қарай АҚШ долларының бағамы

990 рубльге жетті. 1993 жылдың 26 шілдесінен кейін, Ресей Қазақстанмен жасалған үағдаластықтарға қарамастан, біржолата құнсыздандыған кеңес рублінің орнына жаңа үлгідегі рубльді біржақты тәртіппен енгізген кезде, жағдай одан әрі апапты бола тусты.

Меншікті валютаға кешеуілдеп көшуден экономикалық апат қаупі төнгені сол кезде бәріне анық болды. «Біз Президентке құпия құжат жазып, барлық «жактайтын» және «қарсы қойылатын» дәлелдерді атап шықтық және келіссөздерді тоқтатып, бар күш-жігерімізді меншікті ұлттық валютаны енгізуге жұмылдыру туралы ұсыныс жасадық, – деп сол кезеңді есіне алды **Дәулет Сембаев<sup>5</sup>**. – Біз соны осындай болады деп болжағанбыз, банкноттардың дизайнын әзірлеп, оларды дайындаудың техникалық мәселелерін шешіп, меншікті валютаны енгізуге дайындаудың қойғанбыз. Соңдықтан бұл уақытқа қарай ол басып шығарылып, республикаға енгізіліп қойған. Президент үкімет комиссиясын құрды, оның құрамында Тенгені енгізуідің бүкіл сценарийін жазған жұмыс тобы үйымдастырылды. Қазақстан есік үлгідегі күпіраларды тастауға арналған шұңқырға айналған жағдайларда бұл саяси, экономикалық, техникалық және үйымдастырушылық шаралардың құрделі кешені болды. Тенгені енгізу бойынша одан кейінгі бүкіл жұмысты Ұлттық Банктың және екінші деңгейдегі банктердің мамандары бес күн ішінде орындады. Адамдар шаршагынан құлайтын десе де болады, бірақ біз артық ақшаны алып тастау, пайда болу көзін анықтағанға дейін оны арнайы шоттарға шығару үшін айырбасты өте қысқа уақыт ішінде аяқтауға мәжбүрлі болдық»<sup>6</sup>.

Тенгені енгізген кезде іс-шараның занылышының сақтау бойынша айқындалған шаралар қолданылды. Қазақстан халықаралық қаржы үйымдарымен келіссөз жүргізді. Ал 1993 жылдың 3 қарашасында Ресеймен «Қазақстан Республикасында ұлттық ақша белгілерін енгізуге байланысты өзара міндеттемелер және өзара қолдау туралы» келісім жасады. Сонымен бірге көрші мемлекеттердің басшылығына алда болатын оқиға туралы ақпарат берілді. Бірқатар дипломатиялық, сыртқы сауда және үйымдастырушылық мәселелер шешілді.

Ұлттық валюта өнірлерге жеткізілді, есік кеңес рубльдері қабылданып, қайта есептелді. Жарияланған деректерге сәйкес, қазақстандықтар айырбастауға триллионнан астам есік кеңес рубльдерін әкелген. Тенгенін тарихы басталды...

## ЖАҢА ВАЛЮТАҒА – ЖАҢА БИРЖА

Тенге пайда болғанға дейін республикада өзінің нарықтық айналысын төуелсіздік орнаған сәттен бастаған шетел валютасының сауда-саттығын Ұлттық Банктың арнайы бөлімшесі – Банкаралық валюталық операцияларды өткізу орталығы (Валюта биржасы) қамтамасыз етті. Оны құруға Дүйсен Шындаулетов бастамашылық етті – ол банктердегі жұмыс тәжірибесіне ие, КСРО СЭБ және

КСРО ССБ қызметімен таныс және Қазақстанда әлемдік қаржылық грандтарға үқсас биржаны жасауға шынайы ынталанған еді. 1992 жылдың басында оның идеясын Ұлттық Банктің басқарма төрағасы Фалым Байназаров<sup>7</sup> қолдады, ал нақ осы жылдың жазына қарай регламенттейтін құжаттардың әзірлемесі аяқталып, Орталық 23 маусым күні АҚШ долларының алғашкы сауда-саттығын өткізді, акыры соңында ол тұрақты өткізілетін болды. Орталықтың бірінші командасты – Дүйсен Шындаулетов, Нұрлан Әміржанов, Арман Ботпаев, Бақытжан Қонқашев, Гүлнар Сахипова – өз ісінің нағыз кәсіпқой мамандары болған, сондықтан ҚБВБ пайда болған сәтке қарай оның «нышаны» үйімдастыруышылық, және техникалық тұрғыдан біршама ілгері, АҚШ доллары мен неміс маркасының тұрақты сауда-саттығы өткізілетін алаң болып табылған<sup>8</sup>.

Алайда ұлттық валютаның пайда болуы валюта нарығын әрі қарай дамытуды қажет етті, сондықтан дербес занды тұлға болып табылмайтын орталыққа дербес биржа мәртебесін беру керек болды. 1993 жылы Ұлттық Банк Зейнолла Кәкімжановқа<sup>9</sup> Валюталық биржаны басқаруды ұсынды.

**«Сауда-саттық алаңына зәни тәуелсіздік беру үшін өзгерістер қажет еді. Манызды шешімдердің бірі биржаны акционерлеу идеясын жүзеге асыру және Ұлттық Банк мәртебесі үшін мұдделер қайшылығын жою болды, – деп сол жылдарды есіне алды 1993 жылы Банкаралық валюталық операцияларды жүргізу орталығының бағдарламалық жасақтама бөлімін басқарған Бақытжан Қонқашев.** Акционерлеу идеясын коммерциялық банктер және Ұлттық Банк қолдады. Ақыр соңында бұл биржа тарихындағы жаңа «дәүірдің» ашылуына әкелді. Біршама тез арада – 1993 жылдың 17 қарашасында – биржа дербес занды тұлға ретіндегі құрылды. Бұл кезде Ұлттық Банк басқа құрылтайши банктермен бірдей акциялар пакетіне ие болды, бірақ оған акционерлердің жалпы жиналысында шешім қабылдауға «вето құқығын» беретін «алтын акция» да бекітілді. Елдің қаржы нарығы – Ұлттық Банктің жауапкершілік аймағы және ол қандай да бір қатты ауытқуларға, ықпалдарға және алып-сатарлықта жол бермеуі тиіс. Биржаны акционерлеуден кейін биржаның басшылығы да ауысты, Шындаулетов мырзаны Зейнолла Кәкімжанов алмастыруды»<sup>10</sup>.

Сол кезде көп нәрсе құлшыныстан туындал, кей уақытта, желпініспен жасалтын. Ұлттық құрылымдарды, тәуелсіздік институттарын дамыту идеясына ынтық болған адамдардың аңсаған мұртта бұл қалай болуы керек, қандай қағидалар қалануы тиіс екені женинде ішкі түсінігі болған. Арнайы білімнің жеткіліксіздігі тәуелсіздікті қалыптастырудың дәл осы жолын жүріп өткен басқа елдер мен мемлекеттердің үздік тәжірибесін зерттеу және біздің болмысқа икемдеп көшіру арқылы толтырылды. Әзімізді аямай, жылдам әрекет еттік, көптеген құжаттар шүғыл тәртіппен жазылғанына қарамастан, тиянақты болды және акыр соңында ел экономикасының заңнамалық базасының негізін құрып, көптеген жылдар бойы жұмыс істеді. Биржаның бірінші жарғысы да осылай «дүниеге келді». Оның авторлары Азамат Жолдасбеков<sup>11</sup>, сол кезде коммерциялық банктердің бірінің қызметкери, Саят Мыңбаев<sup>12</sup> және Ерлан Баймұратов<sup>13</sup> болды.

«Ұлттық Банк Мәскеу биржасының тәжірибесін зерттеп шықты да, өз бөлімшесін акционерлеп, оны биржаға айналдыруды шешті, – деп KASE тарихы үшін маңызды сәтті есіне алды **Азамат Жолдасбеков**. – Бұл орталық банктің бастамасы болғандықтан, өте жақсы қабылданды. 24 банк, солардың ішінде Ұлттық Банк, жиналып, 17 қараша күні биржаны дербес заңды тұлға ретінде құрды. Біrnеше сағат ішінде біз оның жарғысын екі кеш ішінде жаздық та, оны биржаға өз тіркеуімен айналысуы үшін бердік. Айрықша ештеңе ойлап таппадық, бірақ басты бір қағида әрекет етеді деп бірден келістік алдық: бір акционер – бір дауыс. Яғни, біріншіден, акциялар санын бәріне тен өткізу. Екіншіден, болашақта акциялар саны өзгерсе де – қағида әуегі қалпында қалады – әркімде бір дауыс болады деген шешім қабылдадық»<sup>14</sup>.

Алғашқы биржалық сауда-саттық үшін негізгі мәселе айырбастауды, ұлттық валютаның долларға шаққандағы бастапқы бағамын белгілеу болды. «Процедуралық мәселелерге: жаңа валютаны орындарға жеткізуге, айырбас мерзімін, шектелімін белгілеуге, банк шоттарының және басқа қаржы активтерінің айырбастау көлемініне, сонымен қатар 1:500 қатынасында белгіленген коэффициентке – ерекше көңіл белінді. (Долларға шаққандағы бағам 4,7 теңгени құрады). Тенге айырбас басталған алғашқы күннен бастап заңды төлем құралына айналатыны белгіленді», – деп осы міндет «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына 10 жыл» атты КР ҰБ кітабында сипатталды.

Бұл тақырыпқа президент **Нұрсұлтан Назарбаев** өзінің «Қазақстан жолы»<sup>15</sup> атты кітабында көніл бөлді: «тенгени енгізу бойынша жұмыс жүргізуге қарай біз бұдан бұрын ойлап көрмеген мәселелер пайда болды – валюталық тәртіптемені және валюта бағамын таңдау. Барлық «жақтайтын» және «қарсы қойылатын» дәлелдер қайтадан түрлі нұсқалар кезінде талқыланды: құбылмалы бағам кезінде, диапазон шегінде бақыланбалы құбыллатын бағам кезінде, бір валютага (АҚШ долларына) байланыстыру немесе валюталар себетіне байланыстыру. Валюта нарығындағы бақыланбалы құбыллатын бағам тәртіптемесіне тоқталдық. Елдің валюталық резервтері валюта бағамын тиімді басқару үшін жеткіліксіз болған жағдайда, 2–3% ай сыйынғы де-вальвациямен тиянақталған тенге бағамын енгізу көзделді».

Сауда-саттықты іске қосу үшін тенгенің долларға шаққандағы базалық бағамын белгілеу мәселесі 1993 жылдың 17 қарашасында биржаның құрылтайшылық жиналысында да талқыланды. Биржадағы алғашқы сауда-саттық үшін бағамды былай белгіледі: қыркүйектің басында (рубльдер көрші республикалардан жаппай ағылғанға дейін) қалыптасқан рубльдің долларға шаққандағы бағамын алып, оны 500 бөлдік те, тенгениң бірінші нарықтық бағамын – 4,94 алдық. Базалық цифра осылай жасалды, онсыз алғашқы сауда-саттықты бастау және өткізу мүмкін емес еди.

Осылайша «Қазақ банкаралық валюта биржасы» 1993 жылдың 17 қарашасында ресми түрде құрылды, ал тап осы жылдың 30 желтоқсанында заңды тұлға ретінде тіркелді. Сондай-ақ құрылтай жиналысында жалпы жиналыстар арасын-

да биржаның жогары басқару органы болып табылған Биржалық кеңес құрылды. Биржалық кеңеске жиналыстың шешімі бойынша акционерлердің өкілдері сайланады<sup>16</sup>.

Биржа құрылған күннен кейін екі күн өткен соң – 1993 жылдың 19 қарашасында – оның сауда-саттық алаңында америкалық доллар – тенге жұбы бойынша алғашқы, тарихи валюталық сауда-саттық өтті. Сауда-саттық көлемі 300 мың АҚШ долларын құрады. Бағам бір доллар үшін 4,68 тенге деңгейінде қалыптасты. Долларларды сатушы ретінде ҚР Ұлттық Банкі әрекет етті, ал бірінші сатып алушы Қазкредсоцбанқ<sup>17</sup> болды. Сауда-саттық дауыс беретін, 1 тенге қадамымен болды және фиксинг әдісімен өтті: сұраныстар мен ұсыныстар салыстырылып, бағам тиянақталды.

1993 жылдың 26 қарашасында ресейлік рубльдің алғашқы сауда-саттығы өтті. Бағам 1 000 рубль үшін 3,84 тенге деңгейінде тиянақталды.

Сол кездерде биржада есеп айрысу кемінде екі күнге созылатын. Валютаны сатып алу үшін тенгені биржаның шотына алдын ала аудару қажет еді. Сатып алушы сатып алынған валютаны мәміле жасағаннан кейінгі жұмыс күні тікелей сатушыдан (биржа арқылы емес) алатын. Ресейлік рубльдер бойынша есеп айрысу мерзімі 15 күнге жетуі мүмкін еді. Бастапқыда сауда-саттық аптасына бір рет, әдетте, жұма күндері, сонымен бірге дауыс беру тәсілімен өткізілетін. Катысушы банктердің дилерлері тіркей нөмірі бар тақтайшаларды көтеріп, валютаны сатып аладың немесе сатудың өз бағамын «жариялайтын».

Жылдың соңына дейін биржалық алаңда АҚШ долларының тағы бес сауда-саттығы өткізілді, олардың соңғыларында 6,31 тенге бағамы тиянақталды. Биржадан тыс нарық туралы айттын болсақ, әртурлі дереккөздер бойынша, тенге өмірінің алғашқы күні доллар үшін – 4,5 тенге, ал желтоқсанда 5,8 тенге берілетін. Жаңа туған валюта біртіндегі арзандай бастады. Алайда ең бірінші және сол сәттегі аса ауыр сынақ тенгені 1994 жылы күтті.

## ӨЗАРА ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ ҚҰНЫ

Тенгенің енгізілуі республика қаржы саясатын бұдан былай өзі белгілейді деген және шешімдер басқа астаналарда қабылданып, ұлттық экономикада КСРО ыдырауынан туындаған зардаптарды женуге бағытталған талпынystардың бәрі жоққа шығарылатын жағдайдың қайталануына жол бермейді деген заңды, ері негізделген сенім тудырды. Сол сәтте жаһандық әлемнің қаупі туралы түсінік тіпті ешкімде болмады.

«Ескі шоғырдан қалған көптеген кадрларымыз орын алып жатқан жағдайдың қайтымсыздығын түсінбеді. Соңшама жыл бойы бүкіл әлемнен жабық бола тұра, біз жаһандану қаупін толық дәрежеде елестете алмадық, – деп егемендік алған шақты өзінің «Қазақстан жолы» атты кітабында есіне алды Нұрсұлтан Назарбаев. – Дегенмен, оның мүмкіндіктерін де түсіне алмадық. Біздің ашық әлемде «тіршілік ету тәжірибеліз» болмады».

Ашық нарықтық экономиканы жариялау дәл осы ашықтықтың себебінен туындағынын сыйнақтарға үшірарататыны туралы да түсінік болмады: теңгеге, бүкіл экономикаға сияқты, континентті бойынша көршілердің ғана емес, сондай-ақ бүкіл жаһандық әлемнің экономикалық жағдайындағы өзгерістер әсер етеді.

Елеулі айырмашылық – сын-тегеуіндерге, тәуекелдер мен дадарыстарға қалай жауап қайтару керек, қандай шаралар қолдану керек, немен жауап беру керек деген шешімдерді – енді Қазақстанның үкіметі және Ұлттық Банк қабылдайды. Нарықтық шешімдердің іс жүзіндегі тәжірибесі жоқ елде барлық қадамдардың мінсіз, дәл жасалатының, барлық факторлар мен тәуекелдердің ескерілетінін күты аңғырт болар еди. 1994 жылы, бұдан басқа бірде-бір жылдағыдай, қателіктеріміз бен тәжірибемізге қарап үйренуге тұра келетін анық бола бастады. Бірак олар сонысымен құнды фой...

Ұлттық валютаны енгізгеннен кейін бірден байқалған тенгенің төмен сырғуын әкімшілік шаралар арқылы болдырымауға тырыстық. Тенгенің долларға шаққандағы бағамын тұрақтандыру үшін 1994 жылдың қаңтарында барлық кәсіпорындар үшін тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің экспортынан түсken валюта түсімінің 50% міндетті түрде сату шарасы уақытша енгізілді. Бұл биржалық сауда-саттықтың көлеміне және валюта нарығының өтімділігіне жағымды әсерін тигізді, ал доллардың бағамы ақпан айына қарай 11 теңге деңгейінде тоқтады. Алайда биржа қызмет аясын біртіндеп кеңейте бастады. 1994 жылдың 2 ақпанынан бастап валюталық сауда-саттық аптасына екі рет – сейсенбі және бейсенбі қундері өткізілетін болды. Ал 14 шілдеде ГФР маркасының алғашқы тарихи сауда-саттығы өтті. Сол қуні олардың көлемі 200 000 ГФР маркасын құрады. Бағам бір марка үшін 29,78 теңге деңгейінде қалыптасты. Тағы бір маңызды оқиға 1994 жылдың қазан айында орын алды, сол кезде биржаның АҚШ долларымен бірінші корреспонденттік шоты ашылып, T+0 сызбасы бойынша америкалық валютамен есеп айырысуға көшу орындалды.

Осы кезде биржа өзінің инфрақұрылымдарын белсенді түрде дамытып, корреспонденттік қарым-қатынастар құрды.


«1994 жылдың ортасына қарай биржада Ұлттық Банктегі тенгедегі корреспонденттік шот бойынша онлайн үзінді көшірмелерді алуға мүмкіндік берген алғашқы жүйе пайда болды, – деп есінен алды **Наталья Хорошевская**, осы қунға KASE вице-президенті. – Біз қай банктің биржалық сауда-саттыққа қатысу үшін алдын ала төлем ретінде қандай соманы тенгемен енгізгенін нақты уақыт тәртіптемесінде көре алдық. Бұл нәмірі бірінші жетістік болды. Нәмірі екінші жетістік – шетел банктерімен корреспонденттік қарым-қатынастар орнату. 1995 жылдың соңына қарай биржа төлем тапсырмаларын тасып таратуды тоқтатты. Шетел банктерімен корреспонденттік қарым-қатынастар туралы шарттар жасалды. Осы жағдай орын алғаннан бастап, биржа шетел валюталарының сауда-саттығы бойынша есеп айырысуын өртталық таралына айналды. Тап осы кезде Ұлттық Банк биржамен оның әлемдегі ең көп қолданылатын SWIFT банкаралық төлемдер жүйесіне қосыла алатыны туралы келісім жасады. 1994 жылдың соңында – 1995 жылдың басында биржа және есеп айырысу палатасы жалпы қазақстандық төлем

жүйесіне біріктірілді. Біз біршама қысқа уақыт ішінде корреспонденттік желіні құра алдық. Бұл америкалық, еуропалық банктер, себебі есеп айрысы АҚШ долларымен және еуромен жүргізілді және рубльмен есеп айрысу үшін ресейлік банктер болды. Осы үш валюта алғашқы болды»<sup>18</sup>.

1994 жылы Қазақстанның Үкіметі алдыңғы бір-екі жыл ішінде апatty өріс алған төлем төлемеу дағдарысы мәселесін «түптеуге» тырысты. Шоттарында ақша болмаған кәсіпорындар серікtestердің және жеткізушілердің қызметтері мен тауарларының ақсын төлей алмады. Ал олар атқарған жұмысы үшін қаражат алмай, ешкіммен есеп айрысу жүргізе алмады. Тұйық шенбөр туындағы: өндірістер өздерінің өнімдері үшін ақша алмай, қоймаға жұмыс істеді. Белгілі бір уақыт бойы бартер тәсімдері көмектесті, алайда кәсіпорындардың ақшасыз аман қалмайтыны бәріне түсінікті болды. Жалпы республика бойынша төленбеген төлем сомасы триллиондаған рубльмен өлшенді (тенге пайдада болып қойған, бірақ ескі борыштар рубльмен есептелген). Сондықтан үкімет салааралық өзара талаптарды есепке алууды өткізу қажет деп шешті. Тақіл қарапайым болған еді: кәсіпорындардың айналым капиталын толтыру үшін олардың шоттарына төмен пайызыдық мөлшерлемемен шығарылатын тікелей ақша эмиссиясы. Бұл 1994 жылдың наурыз айында ғана ақша массасының 58 млрд теңгеге жетуіне әкелді, бұл ақпандан болған көрсеткіштен 3,8 есе артық және 1994 жылдың басындағы көрсеткіштен жеті есе астам болды.

*Несиeler мақсатты болды: №2 картотека бойынша есеп айрысынды аяқтауға арналған (кәсіпорынның шотына қойылатын, төленбеген төлем талаптары). «Барлығы борыштарын өтейді де, нәтижесінде бәрі ретке келеді*

### АҚШ ДОЛЛАРЫНЫҢ ТЕНГЕГЕ ШАҚҚАНДАҒЫ БАҒАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ ЖӘНЕ 1993–1994 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚШ ДОЛЛАРЫ БОЙЫНША БИРЖАЛЫҚ САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ ЖӘНЕ ИНФЛЯЦИЯ ДЕНГЕЙІ




деп ойладық. Бірақ керісінше болып шықты: бүкіл ақша еркін ақша нарығына құйылып, доллар бірден 40 көтеріліп кетті, – деп сол кезде Биржалық кенеске кірген, «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кенесінің мүшесі **Владислав Ли<sup>19</sup>** мәліметтер келтірді. – 1994 жылдың ортасына қарай үлттық валюта он есе құнсызданды! Өзара есепке алудың бағасы осындағы болды: тауарлық массамен қамтамасыз етілмеген ақша қапталап кетті<sup>20</sup>.

Яғни, кәсіпорындар мен банктер борыштарды төлеп, өзара төлем төле-меу мәселеін шешудің орнына импорттен жүргізілетін коммерциялық опе-рациялардан, сондай-ақ бағамдық айырмашылық есебінен пайда табу үшін бұл ақшаны долларға айырбастауға ұмтыла отырып, биржаға шығарды. Бұл теңге бағамына әсерін тигізді. 1 маусымға қарай бір доллар үшін 40,73 теңге берілді. Биржаның деректері бойынша, төрт-ақ айдың ішінде теңге долларға шаққанда 11,58 бастап 43,29 дейін – шамамен 274% төмен түсті!

1994 жылдың соңына қарай доллар он еседен астам – 54,26 теңгеге дей-ін қымбаттады. Үлттық валютаның құнсыздануы елдегі гиперинфляциямен қатар жүрді, ол 1993 жылы – 2 169,8%, ал 1994 жылы 1 160,3% (басқа дерек-көздер бойынша – 1 158,3%) жетті. Бірақ ресейлік рубль ұшыраған апattyқ құнсыздануға қарағанда теңге бағамының өзгеруі шамалы ғана еді. Бұған қо-са, халық әлі жаңа валютага үйренбеді, ал долларды сол кезде онша көп адам қолданбайтын. Және де доллар 4,7 теңге болған бастапқы бағам өте қысқа уақыт бойы сақталды.

Ал кәсіпорындарға берілген қарыз қаражатынан бюджетке тек 22% ғана қайтарылды. Жылдың тағы бір күйзелістік оқиғасы «импортталған дағдарыс» – 1994 жылдың 11 қазанында рубльдің доллармен салыстырғанда құлдырап

### РУБЛЬДІҢ ТЕНГЕГЕ ШАҚҚАНДАҒЫ ЖӘНЕ РУБЛЬДІҢ АҚШ ДОЛЛАРЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ БАҒАМЫНЫҢ 1994 ЖЫЛДАҒЫ ДИНАМИКАСЫ



төмендеуі болды. Бұл күн «қара сейсенбі» деп аталып кетті. Сол күні Мәскеу банкаралық валюта биржасында<sup>21</sup> доллар бағамы бір доллар үшін 2 833 рубльден 3 926 рубльге дейін өсті. Осы үшін арнайы құрылған комиссияның қорытындысына сәйкес, «федералдық билік органдары шешімдерінің үйлесімсіздігі, бейmezгілдігі және кей кездегі құзыретсіздігі» үшін Ресей ОБ тәрағасы Виктор Геращенко, сондай-ақ РФ қаржы министрінің м.а. Сергей Дубинин өз лауазымдарынан айырылды<sup>22</sup>.

Бұл оқиға, өзара есепке алу сияқты, теңге-рубль жұбының құбылмалылығына әсер етті. Егер ресейлік мың рубль үшін теңгени енгізген сәтте – 3,89 теңге, қантарда 5,74 берілсе, маусымда бұл көрсеткіш ең жоғары шегіне – 22,7 теңгеге жеткен (өзара есепке алу салдары), ал қазанда ол – 16,67, қарашада 15,87 теңгени құраған. Келесі жылы рубльдің төмендеуі жалғасты. Екі мемлекеттің тығыз экономикалық, және адами байланыстарын ескере отырып, валюталық жұптың осындағы тұрақсыздығы және нарықтың құбылмалылығы елдегі бұқіл экономикалық жағдайға кері әсерін тигізді.

1994 жылдың 14 қазанында («қызыл бейсенбі») рубльдің долларға шаққандағы бағамы бұрынғы деңгейнен – ш.б. үшін 2 994 рубльге қатып оралғанымен, бұл біржола ұғып алуға тұра келген сабак болды: сыртқы талықсытпалар мен тәуекелдер ішкі экономикалық жағдайға елеулі түрде ықпал етуге қабілетті. Кейінірек Қазақстанға және жас валютага осыған талай рет тап болуға тұра келеді. Дегенмен, биржалық қаржы нарығы құрамдас бөлігіне айналуы тиіс, дамыған қаржы жүйесі бар нарықтық экономиканың пайдасына кесімді таңдау жасалып қойған еді.

## АЛҒАШҚЫ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Алдыңғы жылдың сыйнақтарынан кейін 1995 жыл тыныш болды деп айтуда болады. Валюталық синусоиданың әлсіз «тенселиу» өткен жылдың дауылдарымен салыстырғанда валюта нарығындағы женіл діріл сияқты болды. Доллар – теңге жұбы қантар айында «америкалық» үшін 55,43 теңге жайғасыманан бастап желтоқсандағы 63,97 теңгеге дейінгі дәлізде жыл бойы ауытқыды. Бағам нарықтағы сұраныс пен ұсның өзгерістеріне ілесе отырып, маусымға дейін баяу көтерілді, одан кейін тамызға дейін біртіндеп төмендеп, желтоқсанда жоғарыда аталған белгіге дейін өсті.

Рубль – теңге жұбы бойынша бұл синусоиданың адымы кішірек болды. Қантар айының қорытындысы бойынша жұп 1 000 рубль үшін 14,83 теңге белгісінен бастап, жыл бойы 13 теңге белгісіне жақын болды. Ең төменгі көрсеткіш – ресейлік мың үшін 12,26 мамыр айында айқындалды, ал жыл 13,86 теңге көрсеткішімен аяқталды. Елдің қаржылық билік орындары бағамның құбылмалылығын ауызықтай алды деп айтуда болады.

Үлттық валютага сенімнің артуы, сауда балансы сальдонының жақсаруы, мигранттар трансфертінің азаюы, сонымен қатар жаңа, біршама табысты қаржы құралдарын енгізу шетел валютасына жоғары сұраныс факторын жоққа шығар-

ды. Бұл валюта түсімін міндettі түрде сатуды 50%-дан 30% дейін азайтуға, ал кейін толығымен жоюға мүмкіндік берді.

Тағы бір елеулі жеңіс – 1995 жылы инфляция деңгейінің 59,93% дейін төмендеуі. Бұғінгі таңда бұл өте жоғары көрсеткіш сияқты болып көрінеді. Алайда бұл немен салыстырганға қарай: 1994 жылға қарағанда бұл деңгей 1 100,33% кем болды.

Валюта нарығын тұрақтандыруға биржа да өз үлесін қосты. 1995 жылдың 19 қаңтарында валюталық сауда-саттық тәртіптемесі өзгерді: ол аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі және жұма күндері өткізілетін болды. Ал 15 мамырдан бастап биржа шетел валютасының сауда-саттығын құнделікті өткізу тәртіптемесіне көшті. Нарық үшін бұл нени білдірді? Жауабы анық – түсінікті ережелер бойынша өткізілетін тұрақты сауда-саттық валютаның бизнес, жеке тұлғалар үшін (айырбастау пункттері арқылы) кез келген мөлшердегі және кез келген уақыттағы артқан қолжетімділігін білдірген. Валюта нарығында өте маңызды нарық тетігі жұмыс істей бастады да, нарық салыстырмалы түрде тынышталды. Валютаның ұмытылmas тапшылығы мен оған деген дүрлікпе сұраныс үшін негіздер дерлік қалмады.

**Сол кездегі сауда залының жұмыс күнін, биржада 1995 жылдан бастап жұмыс істеген, KASE Сауда-саттық департаментінің осы күнгі директоры Ермек Мәжекенов егжей-тегжейлі сипаттап берді: «Сауда залында әр банктің трейдерлері жайғасатын шамамен 15–20 үстел болған. Олар өтінімді алдын ала беру бланкісін толтыратын. Өтінімдерді қабылдағаннан кейін биржа жиынтық тізімдемені жасайтын да, маклер бұл деректерді, атап айтқанда қандай сұраныс пен ұсыныс қалыптасқаны туралы деректерді телепидардың экранына шығаратын. Егер сұраныс ұсыныстан астам болса, онда баға жоғарылай бастайтын және көрінше, бұл – нарықтың зандары. Сауда-саттық барысында сұраныс пен ұсыныс тен болған кезде, бағам тиенақталып, сауда-саттық жабық деп жарияланатын, ал банктердің трейдерлеріне биржалық куәліктер берілетін, олардың негізінде банкке есеп айрысу үшін бір немесе екінші валютаны аудару керек еді. Сауда-саттық қадамының қандай болатыны – дауыстардың көпшілігімен шешілетін. Басында бұл тиындар болған – бір, бес, он... Сұраныс пен ұсыныс теңескен кезде бағам тиенақталатын. Ол кезде сомалар үлкен емес болатын – 1 млн 5 млн доллар. Бірақ олар жыл сайын артып отырды. 10 миллионға да жеткен күндер болды. Сауда-саттық көлемі күніне 10 млн асқан жағдайда биржа сауда-саттыққа қатысушылардың барлығына шампан ұсынатыны есімдे»<sup>23</sup>.**

Дәл сол кезде биржа «жұмсақ валюталардың» сауда-саттығын сынап көріп, өзінің инструментарийін ұлғайтып жатты. Қырғыз сомының бірінші нәтижелі сауда-саттығы 1995 жылдың 23 акпанында өтті. Бағам – бір сом үшін 5,3 теңгені, ал сауда-саттық көлемі 540 мың сомды құрады. Украинаңық карбованецтің бірінші және жалғыз нәтижелі сауда-саттығы сол жылдың 7 сәуірінде өтті. 10 мың карбованец үшін 4,5 теңге бағамы бойынша есептесті. Сол күні сауда-саттық көлемі 16 068 млн карбованецті құрады.

## **БОР МЕН ТАҚТАДАН ҚАШЫҚТАН КІРУ ТӘРТІПТЕМЕСІНДЕГІ САУДА-САТТЫҚА ДЕЙІН**

Қазіргі KASE сауда жүйесінің эволюциясы тап осы валюталық аланда басталды. Банкаралық валюталық операцияларды өткізу орталығында алғашқы сауда-саттық дауыс беру тәсілімен өткізілетін, ал оның нәтижелері бормен тақтаға жазылатын.

«Менің қызметімнің алдында сауда-саттық үрдісін, дилерлердің сауда орындарын автоматтандыру, қағаздағы өтінімдерден және дауыс беру сауда-саттығынан бас тарту, өтінімдерді электрондық түрде жасау міндеттері тұрды, – дейді 1993 жылы Банкаралық валюталық операцияларды жүргізу орталығының бағдарламалық жасақтама бөлімін басқарған Бакытжан Коңқашев. – Бұл міндеттерді шешу шүшін бағдарламалаудың ілгері деңгейі қажет еді – компьютерлік техника біздің жұмысымызға және күнделікті өмірімізге қарқынды түрде ене бастады. Сауда-саттықа арналған бағдарламаны жетілдірумен өзім айналыса алмайтын болым – құжаттар айналымы артты, үйимдастырушылық, техникалық сипаттағы мәселелерді шешу қажет болды. Сондыктan біз конкурс жариялад, инженер-бағдарламашы Идель Сабитовты қабылдадық. Идель әрбір банктің дилерлерге арналған өз орны болған залда желілік компьютерлік сауда-саттықа арналған бағдарламаны жазды»<sup>35</sup>.

Бұғынғі таңда Идель Сабитов «Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына ие. Ол валюталардың сауда-саттығын қарсылама аукцион әдісімен өткізудің алғашқы электрондық жүйесін де жасап шыгарды. Clipper бағдарламалу жүйесінің көмегімен жасалған бағдарлама 1995 жылдың қазанында АҚШ долларының және ГФР маркасының сауда-саттығы үшін іске қосылды. Өтінімдерді электрондық тәсілмен енгізу және өндөу арқылы үздіксіз қарсылама аукцион әдісі 1996 жылдың 21 наурызынан бастап валюталар са-

уда-саттығының негізгі тәсілі ретінде біржолата қолданыла бастады. Фиксинг пен дауыс беру әдісі биржаның арсеналында сауда-саттықтың қосалқы әдістері ретінде фана қалды.

Сонымен қатар биржаның аппараттық-техникалық әлеуеті үлгайтылып жатты. 1995 жылы биржаның қызметін бағалы қағаздардың сауда-саттығымен көңдеуді «көздей» отырып, заманауи жабықтарды және «Financial Markets Software Consultance» аустралиялық фирмасы әзірлеген Қаржы құралдары сауда-саттығының автоматтандырылған жүйесін (САЖ) сатып алу туралы шешім кабылданды. Орнату мен тестилеуді CMA Small Systems AB (Швеция) интегратор-фирмасы жүзеге асырды. Бұл мақсаттарға биржаның 1 млн АҚШ долларына жуық мәлшердегі меншікті капиталы жұмысалды. Сауда залында 30 жаңа Hewlett-Packard компьютерлері орнатылды және сауда-саттықтың әрбір қатысуысы дербес жұмыс орнына ие болды. Сол кезде бойынша компьютерлер куатты болған: Intel Pentium 75 МГц процессоры, жады 4 МБ, 250 МБ диск және HP 9000 сервері. ТМД аумағында тек KASE және МБВВ фана осындағы техникалық мүмкіндітерге ие болған еді.

Барлық артықшылықтарға қарамастан, САЖ өнімі үдайы өзгеретін қазақстандық заннамаға бейімдеуге келмейтін, түйік сауда-депозитарий жүйесі болып табылған. Нарық белсенді дамып, реттеу жетіліп келе жатты, САЖ өзінің «ебедей-сіздігімен» биржаның дамуын тежеді. Сондыктан 1997 жылдың үшінші тоқсаны ішінде биржаның қызметкерлері – Вячеслав Кононенко мен Александр Гаврилюк – С++ тіліндегі «Әмбебап сауда-саттық модулі» меншікті бағдарламалық жасақтамасын әзірледі, ол сыртқы есеп-депозитарий жүйелерімен жұмыс істеуге және валюталар мен бағалы қағаздардың сауда-саттығын біркітруге мүмкіндік берді.

1998 жылы меншікті сауда жүйесінің пайдалануға енгізуі биржа мүшелерінің сауда-саттық қашықтан қатысуын, сонымен қатар сауда-саттық туралы де-ректердің Reuters терминалдарына, кейіннеге – BLOOMBERG<sup>36</sup> және Интернетке нақты уақыт тәртіптемесінде жіберілуін үйімдастыруды мүмкін етті.

Биржаның қашықтан кіру тәртіптемесінде алғашы клиенті Қазақ акционерлік агроенеркәсіптік банкі<sup>37</sup> болды, 1998 жылдың 19 тамызында оған – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ал 1 қыркүйекте Қазақстан халық жинақ банкі қосылды.

Казір айтартыктай жаңғыртылған, колданыстағы заңнамаға және биржа мүшелерінің ағымдағы қажеттіліктеріне үздіксіз бейімделетін осы бағдарламалық жасақтама биржалық бағалы қағаз-

дар нарығына, репо операциялары мен деривативтер нарықтарына қызмет көрсетеді.

«2010 жылдан бастап биржада АТ жаңғырту үшін шеттегі технологияларды сатып алу нұсқасы белсенді түрде талқыланды. Бірнеше талқылаудан кейін 2012 жылы KASE өз мамандарының штабын қолдана отырып, АТ жаңғырту шешімін қабылдады. Валюта нарығынан бастадық. NEXT буынының келесі жүйесін 2013 жылы әзірлей бастадық, ал 2015 жылы – іске костық, – деп есіне алды Идель Сабитов<sup>38</sup>. – АСТ жүйесі үлкен функционалды күшейтіп, бұрынғыдай қор және ақша нарықтарында жұмыс істейді. Тәжірибелін жиналудың қаралуына қарай, есеп айрыспау тәуекелдерін азайт қажеттілігінің өзектілігі азая түсті. Қазіргі кезде АСТ-жүйе T+0 және T+2 сауда-саттық тәртіптемелеріне қызмет көрсетеді».



ҚБВҚБ акционерлерінің электрондық сауда-саттық жүйесін енгізу үшін дауыс беру нәтижелері, 1995 жыл

1995 жылдың маусымында биржа SWIFT<sup>24</sup> халықаралық банкаралық ақпаратты жіберу және төлем жасау жүйесіне қабылданды. Бұл биржага есеп айрысу палатасының жұмысын автоматтандырып, осы арқылы клиенттердің тапсырмаларын жылдам орындауға, барлық мәліметтер шифрланған арналар бойынша жіберілетіндіктен, ақпараттың қорғалмауынан қауіптенбей, онымен алмасып, бүкіл әлем бойынша төлем жасауға мүмкіндік берді. Қазіргі кезде SWIFT арқылы ақша аударымдары, банкаралық төлемдер, бағалы қағаздар туралы күн сайын миллионнан астам транзакция өтеді және KASE әлі де осы жаһандық жүйенің қатарына жатады.

Биржалық сауда-саттықтың үшімдастыруышылық тетігі түбегейлі өзгерістерге ұшырады. 1995 жылдың 7 тамызында ескірген фиксинг биржалық мәмілелердің айқындылығын арттыратын франкфурттық аукцион әдісімен алмастырылды. Осы әдіс бойынша бірінші болып АҚШ долларының сауда-саттығы өтті. Ал 16 тамыздан бастап, T+0 сызбасы бойынша есеп айрысу сақталатын, АҚШ долларының түстен кейінгі сауда-саттығы басталды. Шын мәнінде биржа күні бүгінге дейін сақталған сауда-саттық тәртіптемесіне шықты. Сауда-саттық көлемі мен жиілігінің өсуі биржаның өтінімдердің электрондық енгізу және өңдеу жүйесін әзірлеуіне түрткі болды. Үздіксіз қосарлы аукцион әдісі негізге алынған жүйе 1995 жылдың 27 қазанында іске қосылды.

Биржа өзінің клиенттеріне сауда-саттық пен есеп айрысады өткізуіндің сол кезде мүмкін болған барынша жоғары жылдамдығы мен сенімділігін ұсна отырып, 1996 жылдың кәсіби және технологиялық түрғыдан айтарлықтай күшейген күйде қарсы алды.

Бұл жыл қаржы нарығы мен экономика үшін тыныш өтті деуге де болады. Тенденција долларға шаққандағы орташа жылдық бағамы «америкалықтың» бірлігі үшін – 67,3 тенгені және 1 000 рубль үшін 13,7 тенгені құрады. 1996 жыл ішіндегі тұтынушылық бағалар индексі 128,7% белгісінде тиянақталған, алдыңғы жылдың көрсеткішімен салыстырғанда төмендеуі – 31,6 пунктке. Өнеркәсіп өнімін өндірушілердің бағалар индексі жыл ішінде 156,2-ден 118,5% дейін төмендеді. Экспорттық-импорттық операциялардың жалпы көлемі 11,6 млрд АҚШ долларына жетті – жыл ішінде өсуі 9,4%.

1996 жылы реформаторлар 1994 жылы көшे бастаған мемлекеттік бюджетті қаржыландырудың инфляциялық емес тетігі қалай жұмыс істейтінін өз көзімен көріп, енді оның тиімділігіне көз жеткізді. Бұл мемлекеттік бағалы қағаздардың ішкі нарығын іске қосудың арқасында мүмкін болды. 1996 жылы ішкі МБҚ орналастыру көлемі өтеу көлемі 57,4 млрд теңге болған кезде 16,9 бастап шамамен 63 млрд теңгеге дейін өсти. МБҚ эмиссиясы бюджет тапшылығын инфляциялық емес қаржыландыру мәселесін шешуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сондай-ақ артық қаражатты «байланыстырып», ақша айналымын реттеудің тиімді құралына айналды. Валюта нарығы МБҚ нарығынң жай-күйіне тікелей тәуелді болды, себебі қор нарығында жүргізілетін операцияларға қажетті қазақстандық теңге дәл сол арқылы тартылды. Сондай-ақ МБҚ өтеуден түсken қаражат баламалы қаржы құралы ретіндегі шетел валютасына дәл сол арқылы инвестицияланды. Бұған қоса, МБҚ, әсіресе Қазақстан Ұлттық Банкінің ноталары, айырбас бағамын реттеу құралы ретінде белсенді түрде қолданыла бастады.

Үкімет пен қаржы реттеушісінің жеңілдікпен несиелеу және ұмытылмас өзара есепке алу сияқты нарықты жоғытын іс-әрекеттерге жол бермеген, ақылға салынған саясаты тенгенің айырбас бағамының жатық және болжамды динамикасын да белгіледі. Бұл қаржы нарығында доллардың тенгеге шаққандағы бағамы жөніндегі мерзімдік келісімшарттардың сауда-саттығын іске қосуға мүмкіндік берді. Бұған қоса, шетел валюталарының дүрлікпе сұраныс объектісі болуы доғарылды, ал олармен жасалатын операциялар сиртқы сауда-саттықта қызмет көрсету мақсатында ғана емес, сондай-ақ жинақ және алып-сатарлық міндеттерге сүйене отырып, солардың ішінде МБҚ нарығындағы операциялармен үйлесімде жүргізілді. Бұл биржада өтінімдерді енгізуінің және өңдеудің электрондық, тәсілін пайдаланудың және банктердің REUTERS Dealing<sup>25</sup> түрпітті дилинглік жүйелерді қолдануының арқасында мүмкін болды.

1996 жылға тән тағы бір тренд – доллар бағамы индексінің реңми инфляция индексінен және өнеркәсіп өнімін өндірушілердің бағалар индексінен озық болуының қысқаруы. 1995 жылы ол пайыздық көріністе сәйкес 41,14 пунктті және 37,04 пунктті құрады, ал 1996 жылы бұл мәндер 13,78 және 3,58 пункттке дейін қысқарды. 1996 жылы соңғы жылдар ішінде алғаш рет жалпы ішкі өнімнің алдыңғы жылмен салыстырганда 0,5% өсуі қамтамасы етілді. 1994 жылдың ортасында 450–480% жеткен ҚР ҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 20 еседен астам төмендеді<sup>26</sup>.

«Қазақстанның 1996 жылдың шілде айында ХВҚ Келісімінің 8-бабы бойынша міндеттемелерді қабылдау маңызды меже болды, бұл тенгенің ағымдағы операциялар бойынша айырбасталымылышын реңми түрде бекітті және шектеулерден азат, көп жақты тәлем жүйесіне көшуге мүмкіндік берді, ҚРҰБ осы жылғы қорытындысын шығарды»<sup>26</sup>. Осы жылы Қазақстан Банк жүйесінің активтерді жіктеу, менеджмент сапасы, жаңа қағидалар және бухгалтерлік есеп жоспары маселелерінде халықаралық стандарттарға көшу бағдарламасын ТМД арасында бірінші қатарлы елдердің бірі болып қабылдады, ал Қазақстандық қор нарығында валюталық фьючерстер бойынша сауда-саттық басталды.

Банкаралық қаржы нарығының жаңа құралдарын дамыту және 1995 жылдың 4 тамызында биржалық сауда-саттықта экспорттық тусімнің бөлігін міндетті түрде сатуды жою биржа үшін сарапшылардың бағалауы бойынша мәмілелерінің жиынтық айналымы тек доллар бойынша ғана 1 430 021 мың болып табылған биржадан тыс нарықпен бәсекенің шиеленісіне әкеп соқты. Осы сын-тегеурінге жауап биржалық сервистің сапасын, алаңың қолжетімділігі мен тартымдылышын арттыру бойынша ары қарай жұмыс жүргізу болды.

1996 жылы «В» санатындағы биржа мүшелері (шетел валюталары бойынша сауда-саттықта қатысу құқығымен) мүшелікке кіру жарналарын және ең төмен кеппілді жарналарды телеуден босатылды – құндық шектелім бір қатысушының бір миллион доллар баламасындағы ашық жайғасымдарына жеткенге дейін. Жаңа Шетел валютасынң биржалық сауда-саттық ережелері және олар бойынша есеп айрысу регламенті бекітілді, олар сауда-саттықтың әрбір қатысушысына шетел валютасындағы бірнеше корреспонденттік шотты пайдаланумен қатар қолданыстағы есеп айрысу жылдамдығын сақтауға мүмкіндік берді. Ал 1996 жылдың 4 қарашасынан бастап, биржа ГФР маркаларымен есеп айрысууды «сауда-саттық күні жеткізу» тәртіптемесінде жүзеге асыруға көшті және Deutsche Bank AG<sup>27</sup> корреспонденттік шотты белсенді етті.

## СПОТТАН ФҮЮЧЕРСКЕ ДЕЙИН

Шетел валюталарының биржалық нарығы KASE тарихы басталған секторға ғана емес, сондай-ақ биржашылар мерзімдік келісімшарттар нарығын игере бастаған полигонға айналды. Осы құралдардың сауда-саттығы алғаш рет 1996 жылдың 15 мамырында ашылды.

«Қөптеген посткенестік елдер үшін АҚШ долларына шаққандағы бағам – негізгі қаржы индикаторы шығар. Бұрын оған өте көп келісімшарттар, несие келісімдері байланыстырылатын. Біз әрқашан оны, бағамды, хеджерлеу үшін және ол арқылы алып-сатарлықпен айналысу үшін табиғи орта бар деп дег ойлайтынбыз, – деп осы сектордың пайда болуын түсіндірді 1999 жылдың сәуір айынан бастап 2002 жылдың сәуір айында дейін «Қазақстан қор биржасы» ЖАҚ президенті болған Дамир Қарасаев. – Сондықтан біз осы өнімін қоржада жұмыс істей бастауы, ал біз, коммерциялық ұйым ретінде, талап етілетін қызыметті көрсете отырып, осы арқылы қаржат таба алудымыз үшін күш салдық. Біз алғашкы сауда-саттықты іске қосқан кезде, бұның қалай жұмыс істейтін трейдерлердің бәрі түсіне қойған жоқ. Құралдың мәні бағам өзгерген кезде, келісімшарт бойынша сақталуы тиис маржаның да өзгеруі болып табылады. Бұл күрделі концепт болғанымен, біртіндеп дамып келе жатты».

Бұл тенденција АҚШ долларына шаққандағы бағамына жасалынатын жеткізілміс үш айлық фьючерстер болды. Келісімшарттың бүндай түрі шетел валютасымен төлем төлемеу тәуекелін boldырмауга, лицензиялау қажеттілігінен құтылуға, сонымен бірге оны экспорттық-импорттық операцияларды және тенгемен болжанды кірістерді хеджерлеу құралы ретінде ғана емес, сондай-ақ алып-сатарлық құралы ретінде де қолдануға мүмкіндік береді. Бірінші сауда-саттыққа бес банк қатысты, олар маусымның фьючерсері бойынша тәртіп мәміле жасады.

Биржа фьючерстердің тартымдылығын арттыруға тырыса отырып, депозиттік маржалау мөлшерлемесін 3-тен 1,5%

дейін кемітті және бейбанктік ұйымдардың осы секторда жұмыс істеуі үшін мүшелікке кіру жарналарын төлеудің женілдікі тәртібін бекітті. Ал дәл осы жылдың тамызы айында бұл үзак мерзімді ойыннан қауіптенетін трейдерлердің назарын сауда-саттыққа аударады және осы арқылы мерзімдік нарықтың дамуына тұрткі болады деген үмітпен долларға жасалатын апталық фьючерстік сауда-саттығын іске қости. Алайда аса қысқа фьючерстер бойынша небәрі 20 мәміле ғана жасалды және қарашаның басында олар жойылды.


Мерзімдік келісімшарттардың да, шетел валютасының да сауда-саттығы биржаның электрондық сауда жүйесінің ортасында косарлы косылама аукцион едісімен өткізілді. 1996 жылдың қараша-желтоқсан айларында, доллардың тенгеге шаққандағы бағамы күрт жоғарылап кеткен кезде, фьючерстер нарығының тарлығы оның қатысушыларына залалды жайғасымдарды мейлінше аз шығынмен жоюға мүмкіндік бермей, қөптеген трейдерлер бұл сектордан кетүді жөн көрді. Нәтижесі ретінде, 1997 жылы ондағы сауда айналымы 9,3 есе азайды. Соңғы келісімшартты биржа 1998 жылдың 13 тамызында орындаған, бұдан кейін трейдерлер бұл сегменттегі мәмілелерге қызыгуышылық танытпады. Биржа трейдерлер үшін барынша жайлы жағдай жасау үшін фьючерстер бойынша операцияларды бөлек уақытта шығаруға, оларды шетел валютасымен бір сессияға тұтастыруға, фиксинг әдісімен дауыс беру сауда-саттығын өткізуге тырысты. Бірақ агрессивті маркетинг саясатына қарамастан, мерзімдік нарыққа хеджерлер – өздерінің сыртқы сауда қызметіндегі валюталық тәуекелдерді сақтандыруға мүдделі, биржа мүшелеңін клиенттері келмеді.

KASE 1999 жылдың наурыз айында жасап көрген жаңа сегментті ұйымдастырудың екінші талпынысы біріншісі сияқты аяқталды. 1999 жылдың 5 сәуірі мерзімдік келісімшарттардың биржалық нарығы үшін нағыз емтиханға айналды. Фьючерстердің базалық активі бағамының күрт секіруі нәтижесінде мерзімдік на-

рыктың кейбір операторлары дағдарысты жағдайға тап болды, бұл биржаны оның қатысушыларына қойылатын талаптарды елеулі түрде күштейтуге мәжбүр етті. Биржалық фючерс алаңындағы ашық мүдде көлемі 11 млн АҚШ долларына – сол кездер үшін рекордтық мәнге жетсе де, 2000

жылдың қараша айында KASE қарашаның мерзімдік келісімшартты бойынша соңғы жайғасымды есептеп, жауып таstadtы, қатысушылар жаңа жайғасымдарды ашпады. Бұл нарықты жаңа деңгейде «ширатуға» бағытталған кейінгі талпынystar миллиум басталған соңғанда жаңартылды.

## 1996–1999 ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕЗЕҢ ІШІНДЕ МЕРЗІМДІ КЕЛІСІМШАРТТАР БОЙЫНША МӘМІЛЕРДІҢ ЖӘНЕ АШЫҚ МҮДДЕНИҢ КӨЛЕМІ




Есеп айырысуды ұйымдастыру саласы күйзелістік оқиғаларсыз болған жок. 4 шілдеде биржаның рубльмен есеп айырысу жөніндегі ресейлік корреспондент банкі – «Тверьуниверсалбанк» АКБ – төлем төлеуге қабілетсіздігі және барлық ішкі және сыртқы есеп айырысу операцияларын тоқтатыны туралы жариялады. Бірақ, сол кезде есеп айырысу палатасының басшысы болған Айгүл Қалдыбаеваның еске түсіруі бойынша, осыдан бір күн бұрын биржа банктің ықтимал қыыншылықтары туралы ескерту хатын биржа мүшелеріне жіберді. Бұл олардың залалдарын барынша азайтып, биржаны сottық кінәрат-талаптардан сактауға мүмкіндік берді.

Бірақ, ескертуге барлығы бірдей құлак аспады, үкіметтің бағалауы бойынша, қазақстандық банктердің «Тверьуниверсалбанк» банкіндегі корреспонденттік шоттарда «қатып қалған» қаражатының жалпы сомасы 33–34 млрд рубльге (шамамен 6 млн АҚШ доллары) жеткен. 1996 жылдың 8 шілдесінде Биржалық кеңес ресейлік рубль бойынша сауда-саттық өткізуі тоқтатуға қаулы етті және банктерге – биржа мүшелеріне Ресейдегі контрагенттермен теңгемен және еркін айырбасталатын валюталармен есеп айырысуға көшүге кеңес берді.

Бұл оқиға қымбатқа түсті. Биржаның банкрот-банкпен жұмысы тек 2,4 млн теңгені қайтарып алуға мүмкіндік берді. Биржа мүшелері алдындағы 12,5 млн теңге мөлшеріндегі берешек қалдығы 1997 жылдың қарашасына қарай ғана комиссиялық алымдар есебінен өтеді, ал биржалық алаңда ресейлік рубльдің сауда-саттығы 2000 жылы ғана жаңартылды.

1997 жылы республиканың қаржы нарығының валюталық секторы, 1996 жылға қарағанда, біршама жағымды жағдайда орналасқанын айтып өту керек. Елдің қаржылық билік орындарының айтарлықтай үлкен ресурстары болды, олар үлттых валиутаның девальвация деңгейін тиімді реттеуге және инфляцияны басқаруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, теңгенің әлемдік резервтік валютага шаққандағы нарықтық және есептік бағамдарының динамикасы одан әрі

## 1997–1998 ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЮДЖЕТИНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДЕН ТҮСКЕН ТҮСІМДЕР



тұрақтанып, 1997 жылдың екінші жартысынан бастап, бірнеше апта бұрын ойдағыдай болжанатын болды.

Остандық қаржы құрылымдарының халықаралық қор нарығына шығуы және жекешелендіру тұрақтандыруда белгілі бір рөлді ойнады. Елдің қаржы нарығында бір жағынан, банк клиенттерінің валютадағы қажеттілігі 1996 жылмен салыстырғанда әлсіз болды. Ал екінші жағынан – пайда табу мақсатымен қолма-қол ақшасыз ЕКБ алып-сатарлықты жүргізу банктерге және олардың клиенттеріне басқа қаржы құралдарымен салыстырғанда әлдеқайда кем табыс әкелген жағдай қалыптасты. Осы секторда бұның алдында қолданылған құралдар қолма-қол валюта секторына, МБК жүргізілетін операцияларға, сонымен қатар несиeler мен депозиттер нарығына жіберілді. Нәтижесінде биржалық қана емес, сондай-ақ биржадан тыс валюталық сектордың айналымы азайды.

Биржа өз алаңындағы трейдерлердің белсенділігін арттыруға тырыса отырып, сауда-саттық шарттарымен тәжірибе жасады. Мысалға, сараланған комиссияны енгізді – 0,05% бастап – сауда-саттық көлемі 3 млн АҚШ долларына дейін болған кезде және 0,025% – көрсеткіш 20 млн АҚШ доллары болған кезде. Бұл нәтиже берді: биржадан тыс нарықтан түсken айналымның бөлігі үйымдастырылған сауда-саттық секторына өтті.

Алайда 1997 жылдың шымылдығы түсетең кезде әлемдік экономикада жақындаған келе жатқан «дауылдың» алғашқы белгілері пайда бола бастады. Бұл симптомдардың айқын болғаны соңшалықты, 26 желтоқсанда Биржалық кенес жақын арада ресейлік рубль бойынша сауда-саттықты жаңартпауга қаулы етті – «әлемдік және ресейлік қаржы нарықтарындағы тұрақсыз жағдайға байланысты, сонымен қатар шетелдік корреспондент банктердің кепілдіктерді өткізу мәселелері бойынша қолда бар объективті факторлардың себебімен».

Алдын ала төлеу шартымен жұмыс істейтін екінші және үшінші топтағы банктер үшін алдын ала төлеу-жеткізу міндеттемелерінсіз шетел валютасын сатып алу-сату шектелімдерін қою қағидалары да сол кезде белгіленді. Екінші топтағы банктер үшін шектелім Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің пруденциялық нормативтерін орындау туралы есептің деректері бойынша соңғы есептің күндегі меншікті капитал мөлшерінің 10% есебімен, ал үшінші топтағы банктер үшін 5% есебімен койылды. Жалпы нарық үшін 1997 жылдың дағдарыс алдындағы жылға айналып бара жатқаны түсінікті болды.

## ДАҒДАРЫСҚА ЖАУАП РЕТИНДЕ ЕҚАБ


Қазақстанның валюта нарығындағы жағдай 1998 жылмен салыстырғанда онша жағымды емес болып шықты. Ең алдымен бұған әлемдік қаржы дағдарысының ықпалы, ал жылдың екінші жартысынан бастап ресейлік қаржы коллапсының күшесінде септігін тигізді. Әлемдік дағдарыс 45% – минералды ресурстардан және 33% металлургия өнімдерінен тұратын қазақстандық экспорт өнімдерінің бағалары бойынша соққы берді. Бұл факт үлттық валютаның тұрақтылығына он әсерін тигізе алмады.

«Сол кезде мен КР ҰБ Зерттеулер және статистика департаментінде жұмыс істедім. Дағдарыс басталып келе жатты және елдің басшылығы мен үкіметке әлемде не болып жатқаны туралы күн сайын ақпарат беру керек болды, – дейді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы күнгі басшысы **Данияр Ақышев**<sup>28</sup>. – Біз дағдарыстың себептерін зерттедік, талдамалық жазбахаттарды дайындақы. Қазір бұл нәрселерге жүйелі көзқарас бар. Ал сол кезде күн сайын жаңа ақпарат пайда болатын – Таиланд, Индонезия... Әрбір елдің өзіндік ерекшеліктері болатын. Олардың барлығын зерттеп, сипаттауға тура келді, себебі дағдарыс біртіндең өнірдегі елдердің көпшілігін мазалады. Сол кезде біз Қазақстанның көршілес елдердің экономикасына тәуелді болуына байланысты осы дағдарысқа ұшыруы мүмкін екенін түсіндік»<sup>29</sup>.

Дағдарыстың басты әсері импорттық және экспорттық ағындардың үйлесім-сіздігіне әкеп соқты. 1998 жылы Қазақстанның сауда-саттық баланс сальdosы республиканың пайдасына қалыптасты, 1 801,1 млн АҚШ долларын, ал 1997 жылы минус 627,2 млн АҚШ долларын құрады. Теріс сальдо негізінен бағалық көріністе 1997 жылмен салыстырғанда 1 252,6 млн АҚШ долларына азайған қазақстанның экспорттың салдарынан артты. Импорттың көлемі дерлік өзгерген жоқ. Әуелі бірқатар қазақстанның кәсіпорындар өнімдерінің Оңтүстік-Шығыс Азияға экспортты қысқарды, бұл Қазақстанның түсітін валюта түсімдері көлемінің сәйкес азаюына әкелді. Әлемдік мұнай және түрлі-түсті металдар бағасының төмендеуі де жағдайды ауырлата түсті. Екінші жарты жылдықта ресейлік фактор кең қанатын жайды.

Отандық нарықта АҚШ долларына сұраныс күрт арта түсті. Бұның бірнеше себебі болды: елге түскен валюта түсімінің төмендеуі, банктердің ірі синди-кеттілік қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау шынына жетуі, 562 АҚШ долларына бағаланған тікелей және мемлекет кепілдік берген сыртқы борышқа

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САУДА САЛЬДОСЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ



қызмет көрсету көлемінің өсуі, сондай-ақ жекешелендіру қарқының бәсендедеуі. Ресейлік ішкі борыш нарығындағы оқиғалар да өз үлесін қости. Олар мамырдың соңында – маусымның басында отандық нарықтан резиденттер қаражатының уақытша ағылуына әкеп соқты. Тағы бір фактор – жылдың ең соңында халық пен екінші деңгейдегі банктер тараپынан Президент сайлауынан кейін тенгенің күрт девальвациясын күтуден туындаған ЕКБ дүрлікпе сұраныс. Аталған факторлардың әсері бүкіл банкаралық валюта нарығы айналымының 1997 жылы 3 458 бастап 1998 жылы 4 913 млн АҚШ долларына дейін күрт артуын өршітті. Үлттық Банк қолданған ауқымды валюталық интервенцияларға қарамастан, тенге девальвациясының жылдамдығы айдан айға өсіп отырды. Дағдарыстың зардабынан Үлттық Банк тенге девальвациясының жыл соңындағы бюджеттік көрсеткішін қайта қарауға мәжбур болды және экспорттаушылардың мүдделерін қорғау мақсатында оны жылдық 9,6% дейін көбейтті. Сонымен бірге тенгенің құнсыздану жылдамдығы 1998 жылдың тек қыркүйегінде ғана – жылдық 27,8%, ал жылдың басынан бастап жылдық 8,3% жетті. Тек қазан айында ғана ең шиеленіскең сәттің өткені анық болды. Үлттық Банк қолданған шаралар (валюталық жайғасымдарды шектеу, халық, сұранысын қанағаттандыру үшін ЕДБ қолма-қол доллармен несиелері, ақша қорын күрт сырымдау, соның ішінде МБҚ шығару арқылы) тиімді болып шықты. 1998 жылдың қазанынан бастап тенге девальвациясының жылдамдығы айлық беталыс бойынша бұлжымай тәмендей бастады. Тенге жылды сол уақыт үшін мейлінше аз шығынмен өткізді. Алайда кейін белгілі болғандай, шиеленіс енді ғана жиналып келе жатты.

Дағдарысты 1998 жыл Үлттық Банктің, биржаның және қаржы нарығының жағдайға қарай әрекет етіп, жалпы дағдылы емес шешімдерді қабылдауға мәжбур болғанын көрсетті. Олардың басқа нұсқаларға қарағанда қашшалықты сәтті болғаны жайлай айтудың қызын: тарих шартты райды білмейді. Алайда экономиканың өзгермелі жағдайларында жұмыс істеу мүмкін екені анық болды. Биржа мен нарық құрылымы қалыптасты, үрдістер стандартталды, хаттамалар жазылды және бейімділіктің жоғары дәрежесі айқын білінді. 1999 жылдың қаңтар айының ортасында KASE тенге – евро жұбының сауда-саттығы мәміле жасаған күні жеткізумен ашылып, Қазақстан Украинадан кейін ТМД европалық валютамен биржалық операцияларды іске қосқан екінші мемлекет болды.

Биржалық тетік үшін кемелдікке басты сынақ 1999 жылдың 5 сәуірінде еркін құбылмалы айырбас бағамы тәртіптемесін (ЕКАБ күлкілі аббревиатурасымен) енгізу болды, бұл тенге девальвациясының пәрменді орамына душар етті (бір күн ішінде ол 13,3% құрады – доллар үшін 88,30 тенгеден 100,01 тенгеге дейін, ал 5 сәуірде 138 тенгеге дейінгі жарық байқалды). Бұл девальвация мамандар үшін болжалды, ал халық үшін талықсылып болды, өйткені Үлттық Банктің ақша-несие саясатының күшесінде уақытша тыныштық сыйлаган еді: 1999 жылдың басынан қарай елдің қаржы нарығындағы жағдай негізінен тұрақтанды. Ең болмаса, бейхабар адамдарға солай болып көрінді. Сол кезде Қазақстан Республикасы Үлттық Банкін басқарған Кадыржан Дамировтың айтуы бойынша доллардың рубльге шаққандағы бағамы ре-сейлік дефолттан кейін көп ұзамай қысқа кезең ішінде үш есеге жуық өсті.

Бұл Ресей мен Қазақстанның ішкі нарықтарындағы бағалардың күрт диспаритетіне әкеп соқты. Ресейлік тауарлар тенгемен 3–4 есе арзан тұратын болды, бұл импорттың өсуіне және валютаның жылыштауына әкелді. Нарыққа


қысым көрсетіле бастады. «Жаңа жағдайда жалпы экономикалық саясат бойынша ақылға салынған шешім қажет» екені түсінікті болды. Іс-әрекеттер алгоритмін әзірлеу үшін жұмыс тобы үйымдастырылды, Қазақстан Республикасының вице-министрі басшылық еткен Экономикалық саясат жөніндегі кеңес (ЭСК) құрылды. Оның құрамына бірінші вице-министр Ораз Жандосов, министрлер – барлығы бірнеше адам кірді.

**«Көптеген ұстамсыз адамдар бағамды дереу ресейлік бағамға пропорционалды етіп, яғни 4 көбейтіп – доллар үшін 320 теңгеге дейін белгілеу керек деген. Бұны кейбір ірі экспорттаушы компаниялар қолдады. Бірақ біз осындаш шұғыл шешімді қабылдасақ, нарықпен, халықпен не болушы еді? – деп өткенді есіне алды Қадыржан Дамитов.** – Сондықтан еркін құбылмалы айырбас бағамы туралы шешімді қабылдаудың алдында үкімет, министрліктер және Ұлттық Банк бірлесе отырып, күрделі жұмыс жүргізді. Біз жағдайды тұрақтандыру бойынша бірге жұмыс істедік»<sup>30</sup>.

Барлық мүмкін сценарийлер қаралды: тиляңталған бағам, еркін құбылмалы дәліз, бір немесе екінші шешімді қабылдауға қарай жағдайдың болжамды даму сценарийлері әзірленді. Барлық негізгі факторларды қамтыған және ЕҚАБ тәртіп-темесіне көшудің артықшылықтарын көрсеткен болжамды матрица жасалды.

**«Біздің есептеуіміз бойынша, біз 150 теңге деңгейін көрдік, – дейді Қ. Дамитов. – Алайда біз үшін нарықтың бағамды қалай бағалайтынын, біздің көндірмекші болған долларға 300 теңге «алынады» ма екенін түсіну маңызды болды. Алғашқы күндері біреулер биржалық сауда-саттықта сатып алуды 155 теңге деңгейінде абаилап жүргізуге тырысты. Бұл баға бойынша небәрі**


### ҚРҰБ ТАЗА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕРІНІҢ 1998 ЖЫЛҒЫ ДИНАМИКАСЫ



мың доллар сатылды. Тағы біраз уақыт бойы бағам қатты құбылмалы болды, кейін нарық аз-аздап тынышталды. Әрине, айырбастау пункттерінде басқа бағалықтар болды. Алайда бізге белгілі болған ең жоғары көрсеткіш – кейбір өнірлерде алғашқы күндері доллар үшін 200 теңге. Бұл күндері шағын көлемдердің сатылғаны назар аударуга тұраарлық жайт: барлығы не болады екен деп сынақтама жасады. Одан кейін, сауда-саттық қатысуышылар мен халық, ақыр замандық жағдайдың жоқ екенине көз жеткізіп, нарықтық бағам 120 теңге шамасында қалыптаса бастаған кезде, долларда «отырған» адамдардың бәрі валютаны құлта бастады. Ұлттық Банк болса – керісінше – тәмменнен «тұрды». Себебі, біз бұл көзқарасты ұстанбасақ, бағам қайтадан 100 теңгеден төмен қарай төмен түсіп кетер еди, бірақ бұл тұрақты жай-күй болмаушы еди. Көп ұзамай нарық бір немесе екінші жаққа ауытқуларымен доллар үшін 115–117 теңге деңгейінде нығая бастады. Осылайша, Ұлттық Банк нарық ауаынға және сауда-саттық барысында қалыптасқан валюта құнына қарап, бағамды биржалық ауытқулар негізінде белгілеңді. Біз бағамды қатаң, әкімшілік жолмен белгілеген жоқпыхы, біз жағдайды зерттеп, шын мәнінде нарықтық шешім қабылдадық. Бағамды ертерек «жіберу» керек болған деген пікірлер болды. Бірақ мен шешім қабылдаудағы осындай кідіріс пен барлық факторларды есепке алу толығымен орынды деп санаймын. Бағамдық саясатты ауыстыру қажеттілігін түсіну үшін уақыт қажет болды».

Бұл алғашқы, әрі маңызды сабак және «биржалық нарықтың көзге көрінбейтін қолдауына» сенім артпай, ақылға салынған, дәйекті шешімдер қабылдау керек болған сынақ еди. «Біз валюталық «бағалықты» жылжытпай, бағам белгілеу тәртіптемесінің өзін өзгерту және бұны жалпы экономикалық саясатпен байланыстыру қажет екенин түсіне бастадық, – деп осы оқиғаларды түсіндіре отырып, ерекше көніл аударды К. Дамитов. – Сон-

## 1999 ЖЫЛ ИШІНДЕ АҚШ ДОЛЛАРЫНЫҢ ТЕҢГЕГЕ ШАҚҚАНДАҒЫ БАҒАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ ЖӘНЕ КАСЕ АҚШ ДОЛЛАРЫНЫҢ САУДА-САТТЫҒЫНЫҢ КӨЛЕМІ



**дүктән біз ескерілуі тиіс факторларға және олардың үйлесімдеріне талдау жасаітын болдық».**

ЕҚАБ тәртіптемесіне көшү және осыған орай енгізілген экспорттаушы кәсіпорындардың валюта түсімінің жартысын KASE міндетті түрде сату шетел валюталарының жалпы биржалық нарық конъюнктурасын қалыптастырыған негізгі факторға айналды. Жыл қорытындысы бойынша тенге доллармен салыстырғанда 64,6% құнсызданды. Безбенделген орташа биржалық бағамен бір АҚШ доллары үшін 126,59 тенгені құрады. Тенге ГФР маркасымен салыстырғанда 42,4% әлсіреді. Осы валютаның безбенделген орташа жылдық бағамы бір марка үшін 71,31 тенгені құрады. Жыл қорытындысы бойынша безбенделген орташа жылдық бағам бір euro үшін 140,73 тенге болған кезде, тенгенің euroға қарағандағы девальвация жылдамдығы жылдық 43,49% жетті.

1999 жылдың нарығында өздерінің басым факторлары бар бірнеше кезең байқалды. Бірінші – тенгенің долларға шаққандағы айырбас бағамы тәртіптемесін енгізгенте дейін – Қазақстан үшін дәстүрлі болды: жаңа жыл алдында және одан кейін америкалық валютаға ете жоғары сұраныс қаңтар айының соңында нарықтың дәстүрлі «қызып кетуіне» әкеп соқты, ал акпан айында тарихи минималды мәнге дейін төмендеу орын алды.

Екінші кезең кезінде – ЕҚАБ енгізгеннен кейін және мамыр айының соңына дейін: валюта нарығы тере-тендіктің жаңа деңгейін іздеді. Маусым айының басына қарай, доллар бағамы бір бірлік үшін 115 теңгеден 130 теңгеге дейін өсken кезде, үлттық валютаның девальвация деңгейі нарықта тере-тендікке қол жеткізу үшін және экспортқа бағдарланған кәсіпорындардың қаражатты тиімді игеруі үшін жеткілікті болып шықты.

Үшінші кезең – мамыр айынан бастап қыркүйек айына дейін, тенге бағамының тұрақтануы орын алған кезде. Оған әлемдік мұнай, мыс және қазақстандық экспорттың басқа құраушылары бағасының жалғаса өсуі; елдің ең ірі кәсіпорындарының салық мониторингі жүйесін енгізуі; нарықтың дәстүрлі жазғы енжарлығы, Қаржы министрлігі мен Үлттық Банктің ішкі борыш нарығындағы икемді қылышқа тактикасы себепші болды.

1999 жылдың күзі дәстүрлі түрде өтті, бірақ оның басын валюта нарығында болған артық, кейінгі оқиғалардың көрсетуі бойынша, негізделмеген дүрлікпе қындыатып жіберді. Басқа оқиғалармен қатар оны валютаға демалыс уақыты ішінде жиналған сұраныс, бірқатар сыртқы және ішкі оқиғалар өршітті. Қыркүйектегі девальвация – жоғары, ал биржадағы шетел валютасының сауда-саттық, көлемі тенгені айналысқа енгізген кезден бастап рекордтық айлық айналым болды.

Жылдың бесінші кезеңі жағымды жаңалықтардың ықпалынан ете тыныш өтті. Бұл кезеңде басты рөлді «тенге девальвациясының әсері» ойнады. Тап сол жылдың соңына қарай республика ЕҚАБ енгізудің нәтижелерін сезді... Бұл ретте тенгенің нағаюы ақша айналысын реттеуден емес, экономиканың нақты секторындағы жағдайдың объективті жақсаруынан туындалды».

Қазан айында Григорий Марченко басшылық ете бастаған Үлттық Банктің нұсқасы бойынша 1999 жылдың қорытындысы тиісті баспасөз хабарламасында сипатталды. ЕҚАБ негізгі теріс салдары болып мынашындағы: инфляци-

яның 17,8% өсүі; акша айналымын долларлардырудың 42,1%-дан 51% дейін өсүі; мемлекеттік ішкі қарыз алу құнында валюта бағамының өзгеруіне тікелей тәуелділіктің пайда болуы; банктердің несие портфелинің нашарлауы. Таразының екінші табақшасында – позитив: елдің экономикалық өсүі 1,7% құрады; сауда балансы соңғы төрт жыл ішінде алғаш рет 344 млн АҚШ доллары көлеміндегі профицитпен қалыптасты; ағымдағы операциялар шотының тапшылығы 171 млн АҚШ долларына дейін (ЖІӨ 1,1%) қысқарды; жалпы сыртқы борыш 330 миллионға – 7 893 млн АҚШ долларына дейін азайды.

1999 жыл Қазақстан тарихындағы ең маңызды кезеңге айналды, себебі алғаш рет теңгениң нарықтық тепе-тендік бағамы қалыптасты. Нарық өз ісін жасап, бір сауда сессиясының аясында доллар бағамын өзгертуін, б сәуір қүni жойылған, шектелімін кері қайтаруға тұра келген жок. Үлттық Банк теңгениң жылдығында экспорттан тұсken валюта түсімінің 50% биржада міndettі түрде сатуды біржолата жойды.

Нарықты тұрақтандыру биржага ішкі ережелерді жетілдіруді жалғастыруға мүмкіндік берді. 1 қыркүйектен бастап «Шетел валюталарының сауда-саттығы қорытындысы бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру ережелері»<sup>31</sup> қолданыска енгізілді. Сауда-саттық, қатысушыларына шетел валюталарымен төлем жүргізу-дің екі әдісі ұсынылды: мерзімдік жеткізілім және шектелген сату. 1999 жылдың соңында мерзімдік жеткізілім әдісі бойынша жұмысқа 19 қатысушы банк көшірілді. Бұл шетел валюталарын сатушы банктердің міndettемелерді орындауын on-line<sup>32</sup> тәртіптемеде бақылауға және осы арқылы сауда-саттық нәтижелері бойынша шетел валютасын жеткізбей тәуекелін біршама азайтуға мүмкіндік берді.

8 қыркүйек құні REUTERS Dealing жүйесі арқылы биржалық сауда-саттыққа қатысу туралы келісім бекітілді. Биржада REUTERS дилинглік терминалы орнатылды және сол арқылы бірінші операциялар жүргізілді. Нарыққа қатысушылардың атынан терминалға өтінімдерді биржалық маклер беретін.

1999 жылдың қазан айының басында АҚШ долларларын мерзімдік жеткізілім әдісіне көшпеген банктерге сатуға қойылған шектелімдердің үштен бір бөлігі төмендетілді. Ал қараша айының соңында шетел валюталары бойынша қосымша сауда сессиясы ашылды – 11:30 бастап 15:00 дейін мәміле жасаған құні есеп айырысумен (TOD<sup>33</sup>), сонымен қатар кешкі сессия – 14:00 бастап 18:00 дейін келесі құні есеп айырысумен (TOM<sup>34</sup>).

\* \* \*

Осылайша, Қазақстанның жас үлттық валютасының және биржалық валюталық нарықтың қалыптасуының бірінші кезеңі динамикалық, және драмалық уақығаларға толы болды. Тарихи тұрғыдан қысқа мерзімде Тенге тәуелсіз экономиканың нақты символына айналды және өзінің әлділігін дәлелдеді, ал валюталар сауда-саттығының секторы биржага қалыптасып келе жатқан бағалы қағаздар нарығына шығуға мықты негіз берді.

## ПЕЙДЖЕР МЕН ФАКСТАН БАСТАП ON-LINE ТӘРТІПТЕМЕСІНДЕГІ MARKET-DATA ДЕЙІН

1996 жылдың сонында биржа құрамында Ақпарат және талдау бөлімі құрылған, оның жұмысын үйшімдастыру үшін «Семирече» жеке мешік ақпараттық агенттігінің ақпараттық қызметі негізін құраған төрт маманнан тұратын, Андрей Цалюктің басқаруындағы топ шақырылды. Олардың алдына қаржы нарығында орын алған оқигалардың кәсіби және колжетімді ұсынуға қабілетті биржалық ақпараттық қызметті құру, жетекші BAҚ, REUTERS, Dow Jones<sup>39</sup> және BLOOMBERG сияқты арнайы қызметтер үшін биржалық нарықтың ақпараттық айқындылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ биржаның серіктестеріне тіkelей ақпараттық қызметтер көрсету жатқызылды. Сонымен қатар олар ішкі аналитиканы дайындауға және KASE жылдық есептерін жасауға қатысты.

Биржаның REUTERS агенттігімен 1997 жылдың жазында басталған ынтымақтастыры ақпараттық бағытта аса тиімді болып шықты. 1998 жылдың басынан бастап биржа сауда-саттық туралы ақпаратты жартылай автоматты тәртіптемеде бүкіл әлем бойынша REUTERS терминалдарына нақты уақыт тәртіптемесінде 1998 жылдың басынан бастап жібере бастады. Бұл терминалдаң қейір беттері көлмен толтырылатын, ал сауда-саттық бойынша беттерді толтыру үшін терминал беттеріндегі өрістердің Microsoft Excel<sup>40</sup> файлдарының, өз кезегінде, биржаның бэк-офисімен жаңартылатын өрістерімен байланысын құру бойынша REUTERS технологиясы қолданылатын. Өз кезегінде биржаның қызметкерлері осы сервиске айырбасқа «Нарықтар – 1000» REUTERS ақпараттық өніміне тегін рұқсаттама алды.

Көп кешікпей биржада ақпараттық торап құрылды. Ол Қазақстанның қаржы құралдары нарығын техникалық және түбегейлі талдау үшін қажетті жан-жақты деректерге ие болды. 1998 жылға қарағ торап «Валюталық нарықтар» тақырыбы бойынша – 11 және «Қазақстанның қор нарығы» тақырыбы бойынша 18 ұдайы толтырылатын негізгі дереккоды қамтыды.

1991 жылдан бастап тарихи деректердің қамтитын бірегей қаржы және биржа ақпаратының қалыптастырылған кешені нарықта талап етілетін біркатарап коммерциялық ақпараттық өнімдерді ұсыну мүмкіндігін берді, олар клиенттерге факсимилелік байланыстың көмегімен, пейджингтік байланыс терминалдары, сонымен қатар биржаның пошта және ftp-серверлері арқылы жеткізілді. Тек 1997 жылдың қорытындысы бойынша клиенттердің сүйемелдеуден түсken түсім сомасы бартерлік мәмілелерді есепке алғанда 39,5 мың АҚШ долларынан астам болды.

Қызметтің ақпараттық бағытының көлешегі биржаның бөлім базасында 1998 жылдың 28 тамызында зәндү түрде тіркелген еншілес кәсіпорынды – «ИРБИС» қаржы нарықтарының ақпараттық агенттігін құруға итермеледі. Идеяның мәнісі биржа сол сәтте коммерциялық емес инфрақұрылымдық үйлім ретінде айналысында қызметтің және ақпараттық бизнесті өлөліп, осы арқылы агенттіктің қызметкерлерін сервистердің кеңеңтүгеле ынталандыру болды. «ИРБИС» агенттігінің құрылтайшылары құрамына биржадан басқа Бағалы қағаздар нарығының брокерлер және дилерлер қауымдастыры, БҚН кәсіпкөй қатысуышыларының үлттық қауымдастыры және «Қазақстанның бағалы қағаздар нарығы» журналы кірді. Желтоқсан айында Ақпарат және қоғамдық келисім министрлігі агенттікті BAҚ ретінде реєсми түрде тіркеді.

«ИРБИС» ең кең таралған өнімдері Windows Help ортасында, электрондық байланыс арналары бойынша қашықтан жаңарту мүмкіндітерін ескере отырып әзірленген «KASE брокерінің анықтама жүйесі» кешені, «Биржалық қор нарығының алтасы» ақпараттық-талдамалық шолуы, бүкіл Қазақстан қор нарығының мониторингіне арналған, пейдж-байланысын бейімделген ақпараттық серия болды.


1997 жылдың қазан айынан бастап Интернет желісінде биржа үкіметіне ақпа-

раттық қолдау көрсете биржаның жұмысында ерекше орын алды. 1998 жылдың қаңтар айының басында KASE бірінші интернет-сайты – [kase.kazecon.kz](http://kase.kazecon.kz) іске қосылды, ол USAID<sup>41</sup> «Қазақстан Республикасындағы кор нарығы және жекешелендіру» жобасының аясында жасалды және толығымен сүйемелденді.

1999 жылдың караша айында биржа Actis System Asia фирмасымен бірлесе отырып, «Қаржы аспаптарының музыкасы» ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) – KASE жаңа ресми сайтын жасауда кірісті, оны әзірлеу бойынша техникалық тапсырманы бөлімнің мамандары жазды. Өз жұмысын 2000 жылдың наурыз айында бастаған сайттың өзіндік ерек-

шелігі барлық сауда-саттықтың on-line тәртіптемесінде көрсетілуі, сондай-ақ мұрағатқа жедел рұқсаттамасы бар, тұрақты негізде жаңартылатын, бағалы қағаздардың әмитеттері және олардың қаржылық есептілігі, биржа мүшелеңдері, сатылатын қаржы құралдары және жаңалықтар бойынша екі тілдегі ауқымды дегеккор болды.

Нарық жаңартпаларды дүрыс қабылдады. Сайт «Ұздік бизнес-сайт KITEL 2000» номинациясында жеңімпаз атанды. Ал KASE қаржы ақпаратының орталығы және Қазақстаның кор нарығындағы ең технологиялық, үздіксіз жетілестін құрылым болып табылатынын тағы да дәлелдеді.



KASE бірінші интернет-сайты – [kase.kazecon.kz](http://kase.kazecon.kz), 1998 жыл



KASE



2 тарау

## НАРЫҚ ЖАРАЛАТЫН ЖЕРДЕ

МҚМО НАРЫҒЫНЫҢ ФАЛЬСТАРТЫ ЖӘНЕ МОДЕЛЬДІК  
БИРЖА МӘРТЕБЕСІ ҮШІН КУРЕС  
«КӨГІЛДІР ФИШКАЛАР» ТУЫНЫҢ  
АСТЫНДА

МБҚ ҚАЙТАРУ ЖӘНЕ ЕУРОНОТАЛАРДЫҢ  
ІШКІ НАРЫҒЫНЫҢ СТАРТЫ

ЕҚАБ ЖӘНЕ БҚН

«ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ СЕРПІЛІС» ҚАРСАҢЫНДА

2 тарау.

## НАРЫҚ ЖАРАЛАТЫН ЖЕРДЕ

Қазақстанның нарықтық экономикаға көшүй бағалы қағаздар нарығы, қор биржасы сияқты негізгі нарықтық институттардың шұбәсіз пайда болатынын білдірді. Алайда құралғаннан кейінгі бірінші жылы Қазақ банкаралық валюта биржасы тек валюта нарығындаға жеткізілді. 1994 жылдың тамызы айында оның басшылығы мен акционерлері бағалы қағаздар нарығына шығу мәселе сін қойды. Валюталық биржадан қазіргі әмбебап биржаға алғашқы қадамды ҚБВБ 1995 жылдың 12 шілдесінде жасады, бұл кезде ол Қазақстан банкаралық валюта-кор биржасы ретінде қайта тіркелді. Биржа тәуелсіз Қазақстанның тарихында көп нәрсені алғаш рет жасау қажет болған жаңа даму кезеңіне көтерілді. Дегенмен, бұл уақытқа қарай қазақстанның бағалы қағаздар нарығы «мекенделген» болды және ҚБВБ әсекелік алаңға шықты...

Бағалы қағаздар туралы бірінші қазақстанның заңнама 1991 жылы пайда болды. Барлығы 14 баптан тұратын «Бағалы қағаздар айналысы және қор биржасы туралы<sup>1</sup> Қазақ КСР Заңына сәйкес, Қазақстан аумағында бағалы қағаздардың шығарылымы мен айналысын бақылауды республиканың Қаржы министрлігі жүзеге асыратын болды. Бағалы қағаздардың алғашқы эмитенттері 1991–1993 жылдары, акционерлеуді жекешелендірудің негізгі нысаны ретінде айқындаған Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бағдарламасы<sup>2</sup> қабылданғаннан кейін жеke меншік құқығының бастапқы бекітілуі өткен кезде, пайда бола бастады.

Қор биржалары мен көптеген қаржы делдадарының пайда болу серпілісі де осы уақытқа дәп келді. Жалпы алғанда 1992 жылдан бастап 1994 жылға дейін Қаржы министрлігі бағалы қағаздар нарығында қасиби қызметті жүзеге асыруға лицензияны 1 460 жеке және 98 заңды тұлға берді.

Көпшілік биржалар мен делдадардың қызметі қор биржасында жұмыс істеудің классикалық түсінігінен өте алшак болды. Шын мәнінде олар бастапқы сатып алынған меншік құқықтарын сатып алу, қайта бөлу және шоғырландыру арқылы жекешелендіру барысында құрылған акционерлік қоғамдарды бақылау үшін күреске қызметті. Бұған қоса, қасипорындардың жаңа меншік иелері бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу қажеттілігіне немікүрайлы қарады. Нәтижесінде Қазақстанда жекешелендіру барысында пайда болған акционерлік қоғамдардың дені қатаң заңды мағынада жоқ болып саналды, себебі олардың акцияларының эмиссиялары тіркелген жоқ.

Акционерлік қоғамдардың көпшілігіне өркениетті бағалы қағаздар нарығымен жұмыс жасауға ақшаны тез құнсыздандырған және қасипорындарды несие қорларын жүйесіз тартуға ынталандырған инфляциялардың жоғары қарқыны, қазақстан-

дық кәсіпорындарды инвесторлар үшін мүлде тартымсыз еткен өндіріс тоқырауы, сонымен қатар экономика құрылымында мемлекеттік сектордың айтарлықтай басым болуы сияқты жағымсыз беталыстар оны іске қосуға кедергі келтірді.

Жалпы мемлекеттік емес бағалы қағаздар нарығы үшін 1991–1994 жылдарды «оқу» кезеңі ретінде қарастыруға болады, оның соңына қарай мемлекетте қор нарығының инфрақұрылымы қандай болуы тиis екені жөнінде анығырақ түсінік пайда болды. 1994 жылдың 20 наурызында «Бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы»<sup>3</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шықты, оған сәйкес Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы құрылды.

Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның қалай құрылғанын есіне алып, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет жөніндегі комитетінің Төрағасы **Гулжан Қарағұсова** келесі жөнінде айтып берді:

«1994 жылдың мамыр айында мені Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көмекшісі болып жұмыс істеуге шақырды. Мен қор нарығын дамыту идеясын қалдырмадым және бізге бағалы қағаздар нарығын жасау керек екенін дәлелдеп жеткізуге тырыстым. Бұл мәселе бойынша Президент Н.Ә. Назарбаевпен көп пікірлестік. Нәтижесінде Елбасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияны құруды ұсынды.

Ұлттық комиссияның басты мақсаты БҚ нарығын дұрыс құру болып табылды. 1995 жылы Елбасының Жарлығымен Ұлттық комиссия құрылды. 1996 жылы Н.Ә. Назарбаев мені оның төрағасы етіп тағайыннады. Қоپтеген дамыған елдердегідей «Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы» Зандағы ұсына отырып, Ұлттық комиссияны Үкіметке тәуелсіз, бірақ елдің Президентіне тікелей есеп беруге міндетті ету көзделді. Себебі Үкіметтің өзі қаржы нарығының субъекті болып табылады.

Құжатқа ұзак уақыт бойы қол қойылмады, бірақ акыр соңында Үкіметтің 1996 жылғы 28 наурыздағы №370 қаулысымен ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереже бекітілді. Құжаттың бірінші азбасында комиссия «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылады» деп мәлімделді<sup>4</sup>.

Тап осы кезде алғаш рет Орталық бағалы қағаздар депозитарийін құру мәселесі қойылды. Кейінрек – 1994 жылдың 3 қазанында – Үкімет қаулысымен «Бағалы қағаздар туралы уақытша ереже» және «Бағалы қағаздардың шығарылымы мен айналысы және қор биржасы туралы уақытша ереже»<sup>5</sup> қабылданды, олар БҚ шығарылымы мен айналысы үрдістерінің егжей-тегжейін ашты, қор биржаларының қызметін лицензиялауды енгізді, сонымен бірге бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет түрлерінің тізіміне депозитарлық қызметті енгізді.

1994 жыл Қазақстанда мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының басталу нүктесі болып табылады. Ұлттық Банк орталық банктерге тән емес функцияларды классикалық функциялардың пайдасына қысқартты – үкіметке бюджет тапшылығын өтеуге арналған несиелерді женілдікті мөлшерлеме бойынша емес, қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша бере бастады. Қаржы ми-

нистрлігі бюджет тапшылығын инфляциялық емес қаржыландыру әдістеріне көшө бастады. 1994 жылдың 4 сәуірінде әмбенті Қаржы министрлігі болған мемлекеттік бағалы қағаздардың алғашқы аукционы өтті. Бұл үш айлық мемлекеттік қазынашылық вексельдер (МҚВ) болды<sup>6</sup>. Үлттық Банкке айналысқа шығарылатын МБҚ орналастыру және оларға қызмет көрсету тапсырылды және оның келісімімен 20 банк бағалы қағаздармен операцияларды жүргізуге Қаржы министрлігінің лицензиясын алды. Бірінші жарты жылдықта олар бойынша аукциондар сирек өткізілетін, айна бір реттен жиі емес, алайда жылдың соңына қарай олар апта сайынғы аукциондарға айналды.

Үлттық Банк оларды банктердің құжаттық нысанда ұсынған өтінімдерін жинау арқылы жазылым жүйесін қолдана отырып, қандай да бір биржалық аландаудан тыс өткізді. Бұдан әрі Қаржы министрлігінің МБҚ нарығы таңғаларлық динамиканы көрсетti: 1994 жылы айналыс мерзімі 3, 6 және 12 айды құраған мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді сату көлемі 367,2 млн теңге болса, 1995 жылы ол 29 есе ұлғайып, 10,5 млрд теңгеге жетті, ал 1996 жылы 30,3 млрд теңгеге дейін өсти. Бұған қоса, 1996 жылы Қаржы министрлігі нарыққа қағаздардың жаңа түрін – ең басынан халықтың сатып алуына бағытталатын және үәкілдепті банктер қатаң андеррайтинг шарттарымен орналастыратын Үлттық жинақ облигацияларын (ҰЖО) шығарды. 1996 жылы ҰЖО 0,55 млрд теңгеге орналастыру мүмкін болды, ал олардың кірістілігі МҚМ-3 орналастыру бойынша синхронды бастапқы аукциондардың нәтижелерімен байланыстырылды.

Сонымен бірге 1995 жылы Үлттық Банк өзінің міндеттемелерін – МБҚ мәртебесін алған ноталарды шығара бастады. Ноталар айналыс мерзімі бір аптадан бірнеше аптаға дейінгі өте қысқа құрал болды және нарықтағы бос ақшаның мөлшерін реттеу үшін ғана қолданылды.

Қазақстан банкаралық валюта биржасының басшылығы мен акционерлері бұл трендтерді елеусіз қалдырыған жоқ: 1994 жылдың тамыз айында Биржалық кенес биржа басқармасына бағалы қағаздар нарығында биржалық сервисті дамыту мәселеінің пысықтай бастауды тапсырды. Қызметтің жаңа бағыттары биржаның атауында толық қамтып көрсетілуі үшін акционерлердің жалпы жиналышы биржаның атауын «Қазақстан банкаралық валюта-қор биржасы» (ҚБВҚБ) деп өзгертуді шешті.

## МҚМО НАРЫҒЫНЫҢ ФАЛЬСТАРТЫ ЖӘНЕ МОДЕЛЬДІК БИРЖА МӘРТЕБЕСІ ҮШІН КҮРЕС

Елде жекешелендіру басталып қойған. Қәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу тетігі белсенді түрде іздестірілді. Тұрлі нұсқалар қараптырылды. Гүлжан Қарағұсова биржа арқылы жекешелендіруді жақтады.

«Менің жұмысымның кезеңінде көптеген қәсіпорындар қор биржасы арқылы жекешелендірілді, – деп өзінің БҚҰК атқарған жұмыс кезеңін есіне алды **Гүлжан Қарағұсова**. – Біз бәрін де халықаралық стандарттардың

негізінде жасауға тырыстық; тіzlім жасалды, оқыту жүргізілді, бізде акционерлеу жөніндегі комиссия жұмыс істеді. Бәріміз, соның ішінде Ұлттық комиссияның Тәрағасы, өнірлерге сапар шегіп, адамдармен сөйлесіп, қалай биржада арқылы кәсіпорын меншіктенушісі атануға болатыны жайлы айттық. Халықаралық тәжірибелің көрсетуі бойынша дамыған бүкіл бағалы қағаздар нарығының 70% – бұл «жеке» – инвесторлар. Және адамдарды олар меншіктенуші болғысы келетіндей етіп қызықтыру қажет.

Барлық жобалар ойдағыдан болып шықлады, алайда бірінші жекешелендірудірүнде сатысының жана кезеңі толығымен биржада арқылы өткені туралы нақты айтуға болады. Бұл ретте, халық нақты жекешелендірудің бірінші толқыннағына қарай қозғалды. Алматыда да, өнірлерде де сәтті мысалдар болды. Мысалы, «Рахат» кондитерлік фабрикасында акцияларды сатып алу сатып алған сәтте қалыптасқан баға бойынша жүреді деп бірден шешілді және оның денін еңбек ұжымы сатып алды. Бұл ретте, ешқандай айырбас болған жоқ – тек ақшаға!

Бағалы қағаздар нарығына қатысты ҚБВҚБ жоспарлары 1995 жылы іске асты. Бұған қоса, қор нарығының критерийлеріне: заңдылыққа, өтімділікке және кірістілікке – ең көп дәрежеде сәйкес келетін тап осы мемлекеттік бағалы қағаздарға үміт артылды.

Биржада мемлекеттік қазынашылық вексельдердің және Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелерінің сауда-саттығы ережелерін өзірледі. Жұмысты Биржалық кеңес жүргізді, оның құзыретіне мыналар кірді: Биржада мүшелеріне қабылдау туралы шешім қабылдау, биржалық сауда-саттық, ережелерін әзірлеу және бекіту, Биржада төлеметтін комиссиялық алымдардың мөлшерін белгілеу, Есеп айырысу палатасының жұмысын үйімдастыру және қызметтің бақылау. Бұған қоса, БҚ акционерлердің өкілдерінен тұргандастықтан, шешім алқаптық және нарықтық болды.

Сондай-ақ биржада уәкілетті депозитарийлермен – ҚР Ұлттық Банкімен және «Қазкоммерцбанк» акционерлік банкімен мемлекеттік бағалы қағаздармен есеп айырысу тәртібін келісіп алды. Биржада мүшелік шарттары екі санатқа бөлініп айқындалды: «В» – шетел валюталары бойынша сауда-саттыққа қатысу құқығымен және «К» – мүшелері МБҚ сауда-саттығын жасау құқығына ие болды.

1995 жылдың 29 қыркүйегінде биржада мемлекеттік қазынашылық вексельдердің сауда-саттығын үйімдастыруға Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (БҚҰҚ) №1 лицензиясы берілді. 14 қарашада бұл қағаздардың алғашқы сауда-саттығы етті. Оны үйімдастыру үшін, Биржада валюталардың сауда-саттығында менгеріп алған және МБҚ эмиссиясының көптік сипатын ескере отырып түрлендірген етінімдерді электрондық енгізу және өндеу жүйесі қолданылды. 1995 жыл ішінде жалпы сомасы 5,5 млн теңгені құрайтын МБҚ бойынша барлығы төрт сауда-саттық өткізді.

Алайда мемлекеттің борыштық міндеттемелері нарығының биржалық сегменті сол кезде лайыкты жалғасын таппады. МБҚ қайталама нарығының азғанаға ғана қатысушылары оның ақпараттық айқындылығына мүдделі емес болып шықты және мәмілелерді тіркеу үшін Ұлттық Банктің сервисін МБҚ депозитарий

ретінде қолдана отырып, контрагентті тікелей іздеуді артық көрді. Мемлекеттік міндеттемелердің биржалық сауда-саттығы эпизодтық, тұрақсыз сипатқа ие болып, биржа оны бір жылдан кейін – 1996 жылдың 20 қыркүйегінде тоқтатуға мәжбүр болды.

Каржы министрлігінің қағаздар секторы да, Үлттық Банктің 1995 жылы пайда болған міндеттемелер сегменті де толықанды қор нарығын құру мәселе-сін шешпейтін түсінікті болды: экономиканы қалыпты қаржыландыру үшін онда корпоративтік қағаздар міндетті турде айналыста болуы керек. Осылай орай, 1995 жыл бойы МЕБҚ нарығы инфрақұрылымына мемлекеттік деңгейде талдау жүргізілді. Баға берілді, бірақ ол да қанағаттандырлық болмады.

Сондықтан 1996 жылдың 28 наурызында Үкіметтің қаулысымен Бағалы қағаздар нарығын дамыту бағдарламасы<sup>8</sup> бекітілді, ол басқа жайтармен қатар, нарықта бар қор биржаларының арасынан модельдік қор биржасын таңдау бойынша тендер өткізуі көзdedі. Жеңімпазға өркениетті, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін биржалық нарықты қалыптастырған кезде мемлекеттік колдау көрсетілетіні, сондай-ақ оның алаңында МБҚ және жекешелендіруге шығарылатын корпоративтік бағалы қағаздардың мемлекеттік пакеті бойынша сауда-саттық өткізілетіні уәде етілді.

Бұл уақытқа қарай бағалы қағаздар нарығында биржалық қызметті жүзеге асыруға құқық беретін БҚҰК лицензиясына үш биржа ие болды: Орталық Азиялық қор биржасы (ОАҚБ), Қазақстан банкаралық валюта-қор биржасы және Халықаралық Қазақстан қор биржасы (ХҚҚБ). Сол уақыттың техникалық талаптарына сай келетін, өз дамуын тоқтатпаған, заннамага сәйкес келетін, акционерлер қолдайтын мықты биржалық алаң ғана таяу жылдарда көшбасшы атанип, бәсекелестерді ысырып немесе мүлде ығыстырып, нарықта басым жайғасымға орналаса алатыны түсінікті.

ҚБВҚБ осы жарықса қосыла отырып, 1996 жылдың 12 сәуірінде атавын «Қазақстан қор биржасы» (KASE) деп өзгерти де, мемлекеттік қайта тіркеуден өтті, бұл жаңартылған заннаманың талаптарына және БҚҰК үсіністарына байланысты болды. 1996 жылдың 31 шілдесінде Биржалық кенес Бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығы ережелерін және оларға қосымшаларды, солардың ішінде Бағалы қағаздардың листингі туралы ережені, кейінірек, 13 қыркүйек күні мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша есеп айрысу регламентін мақұлдады. Бұл құжаттар бағалы қағаздар нарығында биржалық қызметті жүзеге асыру құқығын беретін шектелмеген лицензияны алу үшін қажет болды, ол биржага 13 қараша күні берілді.

«Бәрі қиын болды, – деп мойындаиды 1995 жылдан 1997 жылға дейін биржада кенесшіден бас директордың м.а. дейінгі түрлі қызметтерді аткарған **Азамат Жолдасбеков**. – Мысалы, қор биржасына арналған нормативтік база қалай құрылды: 1996 жыл – акцияларымыз жок, ал биржа алаң ретінде қалыптастып қойды. Оның ережелері болуы керек. Яғни, көлік әлі жүрмелі тұра бере алады, бірақ ол толығымен дайын – құрылған, тазартылған, майы құйылған болуы тиіс. Қажет болған жағдайда, оны кез келген сәтте іске қосып, жолға шығуға болады. Биржамен де дәл осылай болды –

козғалыстың тәжірибе жүзінде қалай өтетіні айқын болмаса да, болашақ қозғалысқа арналған ережелер, алғашқы листинглік талаптар жазылды. Қазіргі кезде листинглік талаптар дегеніміз – компания оларға сәйкес келуі үшін не істеуі керек екені туралы ұсақ қаріппен жазылған ондаған бет. Ал сол кезде қаржылық есептіліктің аудитін айтпаганда, бухгалтерлік есеп стандарттарынан бастап листинглік талаптардың негізі ретінде қолдануға болатын, барлық компаниялар үшін бірыңғай, қандай да бір сипаттамалар да болған жоқ...».

29 казанда Қаржы министрлігінің, Ұлттық Банктің және БҚҰК сараптама топттары биржаның сауда-саттық жүйелерінің тексерісін аяқтап, биржаның техникасы мен технологияларына жоғары баға берді.

24 желтоқсанда KASE және ХҚҚБ биржалық кеңестері модельдік биржа мәртебесін алу бойынша тендерге қатысу үшін ХҚҚБ биржалық қызметтің тоқтата отырып, биржаларды біріктіру туралы ортақ шешімге қол қойды. KASE осы біріктіруді есепке ала отырып, 1996 жылдың 31 желтоқсанында тендердің жеңімпазы деп танылды.

1996 жылдың соңына қарай бағалы қағаздар нарығында екі өзара бәсекелесүші қор биржасы – ОАҚБ және KASE қалса да, бұл жеңістен кейін екіншісінің жайғасымы біршама нығая түсті. Модельдік биржа шындығында қор биржасы инфрақұрылымының түйінді буынына айналды. Бұл келесі жылы айқын көрінді.

## «КӨГІЛДІР ФИШКАЛАР» ТУЫНЫҚ АСТЫНДА АСТЫНДА

1996 жылдың желтоқсанында – инвесторлардың қазақстандық қор биржасына қызығушылығын екі жылға бұрын қамтамасыз еткен тағы екі оқиға орын алды: 14 желтоқсанда – «Бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығын жаңдандыру жөніндегі шаралар туралы»<sup>9</sup>, ал 31 желтоқсанда «Мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігі қор биржасында сатылатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізбесін бекіту туралы»<sup>10</sup>. Үкімет қаулысы қабылданды. Сәл кейінрек бұл қаулыларда қарастырылған шараларға «Көгілдір фишкалар» бағдарламасы» деген шартты атау берілді. Оның басты бастамашысы мен жүзеге асырушысы Григорий Марченко<sup>11</sup> болды, ол 1996 жылдың қараша айында КР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының тәрағасы лауазымындағы Гүлжан Қарағұсова-ның<sup>12</sup> орнына тағайындалды.

Кейінрек **Григорий Марченко** өзінің «Шығармашылық ретіндеңігі қаржы. Қазақстандағы қаржы реформаларының хроникасы»<sup>13</sup> атты кітабында өткенді билай есіне алды: «Ұлттық қор нарығының тап осы корпоративтік сегментін дамыту үрдісін «сатушылар» мен «сатып алушыларды» нарыққа шығуға итермелей отырып, бір мезгілде екі жақтан ынталандыру керек деп

оилайтынмын. Бұл мақсатқа қалай жету керек екені туралы идея зейнетакы жүйесінің тұжырымдамасы әзірленген кезеңде туындағы. Біріншіден, жинақтаушы зейнетакы қорларын құру арқылы «сұранысты» ынталандыру, яғни институционалдық инвесторлар сыныбының құрылуына түрткі болу (белгілі болғандай, бүкіл әлемде ең ұзын ақша иелері дәл осы зейнетакы қорлары және өмірді сақтандыру жөніндегі компаниялар болып табылады); екіншіден, ірі ұлттық компаниялардың мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігін жекешелендіру жолымен «ұсынысты» ынталандыру, кейін олардың белгілі бір пайзын қор нарығына шыгару, яғни жаптай эмитенттің пайда болуына көмектесу; үшіншіден, «сұраныс» пен «ұсынысты» байланыстыру арқылы меншікті қор нарығының дамуын ынталандыру үйгарылды... ойымызда сызба өте айқын, әрі дұрыс болып табылатын: компаниялар өз акцияларының бір белгілі биржада сатады, зейнетакы қорлары оларды сатып алады, қор нарығы өсіп, оған түрлі санаттағы инвесторлар шығады, экономикаға инвестициялар салынып, экономиканың өсуінен жалпы халық үттеди.

Әңгіме тап осы акциялардың нарықта пайда болуында болды. Яғни едәуір ірі компаниялардың белгілі бір мөлшерін жекешелендіру керек болды. Мен ұлттық көлілдір фишкаларға айналуға жақсы мүмкіндіктері бар үздік қазақстандық кәсіпорындардан бастауды ұсындым».

Ұсынылған сыйбаның аясында қор нарығының жаңа бейнесі анық біліне бастады. 1997 жылдың наурыз айында «Бағалы қағаздар нарығы туралы» және «Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы»<sup>14</sup> еki негізгі Заң қабылданды. Олардың негізінде жылдың бірінші жартысында Үкімет бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті лицензиялауды және жүзеге асыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілер пакетін бекітті: брокерлік-дилерлік, кастодиалдық, Орталық депозитарий, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін жүргізу бойынша.

1997 жылдың жазында Ұлттық Банк пен KASE ортақ ұсынысы женғен тендердің нәтижелері бойынша, Қазақстан қор биржасымен бірге бағалы қағаздар бойынша есеп айрысу саласындағы іс жүзіндегі халықаралық стандарттың – «Отыз тобының» ұсыныстары бойынша құрылған қор нарығы инфрақұрылымының техникалық өзегіне айналған «Орталық бағалы қағаздар депозитарий» ЖАҚ, құрылды. Орталық депозитарийді Бақытжан Қапышев басқарды, ол 1993 жылы Әбен Әбектасовпен, Екатерина Ивченкомен және Андрей Корягинмен ҚРҰБ тапсырмасымен мемлекеттік бағалы қағаздар депозитарийінің бағдарламалық қамтуын әзірлеуге қатысқан.

«Сәті түсіп, мен еліміздің қор нарығын қалыптастырумен айналысқан мамандар мен басшылардың бірі болдым, – дейді сол жылдарды есіне алып 1995 жылдан 1999 жылға дейін КБВБ бас директоры, одан кейін Қазақстан қор биржасының президентті қызметтерін атқарған **АЗАТ НҮКІШЕВ**. – Біздің міндеттіміз оның инфрақұрылымын: биржаны, тіркеушілерді, мәмілелер бойынша сенімді есеп айрысу жүйесін және т.б. – құру болды. Әрине, қор нарығының бүкіл нормативтік базасын жасауға қатысу да осыларға

жатты... Биржаның әдіснамалық және технологиялық даярлығы, кадрлық және техникалық қамсыздандыру жеткілікті деңгейде болды. Және де бұл бізге алғашқы қундерден бастап электрондық биржалық есеп айрысында жүргізуге, бағалы қағаздардың жеткізілімдеріне қарсылық жедел, әрі тұрақты қаржылық есептегендегі жатса, оның есесі жылдам толтырылатын. Ерекше айта кететін жайт – КР Ұлттық Банкінің көмегі зор болды»<sup>15</sup>.

Күлшының нарықтың қасиби қатысушыларын да биледі. 1997 жылдың екінші жартысында брокер-дилерлердің саны белсенді өсеп бастады, алғашқы кастодиан банктер пайда болды.

1997 жылы өткен ең маңызды, әрі Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының одан кейінгі жылдардағы дамуын алдын ала белгілеген оқиға «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы»<sup>16</sup> Заңның қабылдануы болды, оған сәйкес 1998 жылдан бастап елде жинақтаушы зейнетақы жүйесі іске қосылды.

Биржашылар өздерінің алаңында корпоративтік эмитенттер акцияларының пайда болуына белсенді түрде дайындалды. KASE мүшелеңінің тізімі «Н» санаудың мен толықтырылды, ол мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың сауда-саттығын жасауға құқық берді. МЕБК сауда-саттықтағы айналысқа жіберудің төрт деңгейін қарастыратын листинглік талаптар қайта жасалды және қабылданды: бағалы қағаздардың «А» және «В» санатындағы ресми тізімдері, «Бағалы қағаздардың қосымша тізімі», сонымен қатар «Листинглік емес бағалы қағаздар» секторы.

Үкімет жаппай жекешелендіру аясында сатуға қойған бағалы қағаздардың мемлекеттік пакетіне маманданған ОАҚБ қарағанда, KASE листингі ең басынан «қөгілдір фишкаларға» – елдің экономикалық жағдайын айқындайтын, Қазақстандағы ең ірі компаниялардың акцияларына бет түзеді.

KASE эмитенттерге қойылған талаптар сол кезде орындау үшін күрделі болып шықты. Акцияларды биржаның «қөгілдір фишкалар» сауда-саттық тізімдеріне енгізу үрдісі өте баяу және зор қыншылықтармен өтті. Қөптеген акционерлік қоғамдардың басшылығы өз кәсіпорындарының ағымдағы жай-күйі туралы қажетті акпаратты ұсынуға ынталасыз көніп, биржаның акпаратты қажетті көлемде ашу туралы талаптарына күйзеле қарады. Сонымен бірге тәжірибе көрсеткендегі, бухгалтерлік есептің жаңа стандарттарына көшу үрдісі және толық масштабты халықаралық аудитті өткізу айтартықтай ұзақ мерзімге созылды.

Сол сәтке қарай банк секторының өкілдері бил мәселеде барынша «шындалған» болды. Сауда-саттығы KASE 1997 жылдың 19 қыркүйегінде ашылған бірінші корпоративтік бағалы қағаздар «Нефтехимбанк» ЕБ ААҚ<sup>17</sup> акциялары болғаны таңғалдырмайды. Ал акциялары «А» санатында айналысқа жіберілген жалғыз компания шетелдік биржалық аландарға өзінің ADR және GDR шығып қойған «Қазкоммерцбанк» ААҚ болды.

1997 жылдың соңына қарай KASE сауда-саттық тізімдерінде 13 компанияның 24 атаулы акциялары болды. Жаппай жекешелендіру аясындағы сауда-саттыққа акциялардың үш мемлекеттік пакеті жіберілді. Қыркүйек-желтоқсан ішінде дегі сауда-саттық көлемі 72 382 акцияны және жалпы сомасы 175 522 мың тең-

гені күрайтын бір мемлекеттік пакетті күрады, ал KASE бағалы қағаздар нарығын капиталдандыру 101,3 млрд теңгеге жетті.

Жаңа акцияларды биржаның бағалы қағаздар тізімдеріне қосуға қарай сауда-саттыққа қатысуышлардың белсенділігі есіп, қараша айында, жалпы соомасы 126,3 млн теңгени немесе жыл айналымының 72% күрайтын 20 мәміле жасалған кезде, ең жоғары шегіне жетті. 1997 жылдың қорытындысы бойынша KASE үлестік бағалы қағаздары ең өтімді болып шықкан компаниялар анықталды: «Қазхром» ТҰК жай акциялары (бұлук сауда-саттық көлемінің 45,5%, дегенмен олар бойынша небәрі бір мәмілеға жасалған) және «Қазақтелеком» АҚ мен «Манғыстаумұнайгаз» АҚ артықшылықты акциялары – мәмілелердің саны бойынша – сәйкес 16 және 17 абсолюттік көлемі бойынша көшбасшы болды.

Бәрі жақсы өтіп, биржалық сермер, күш салынса да, тезірек айнала бастағандай болып көрінді.

Сол арада Қазақстаның саяси топтарында «көгілдір фишкалар» бағдарламасының айналасында пікірталас қыза бастады. Жекешелендірудің оппоненттері биржа арқылы алуан түрлі дәлелдер келтірді: әлеуметтік әділдік («фишкалардағы» үлестерді шетел портфелдік инвесторларына сатпай, оларды дисkontпен қазақстандықтарға беру), көршілес Ресейдің кепілзаттық аукциондар тәжірибесі (активтерді жаппай сатудың орнына – кәсіпорындарды дамыту үшін акциялардың мемлекеттік пакеті кепілімен банктерден қарызға ақша алу) және сәттің мезгілсіздігі (бір-екі жылдан кейін бұл компаниялар қымбаттайды деген)<sup>18</sup>.

**Гүлжан Қарағұсованың** бағдарлама жөнінде өз ойы болды: «Менің ойымша, нарық ендіға қалыптаса бастаған кезде қате немесе асығыс іс-әрекеттер аз емес болды. Мысалы, 1997 жылы іске қосылатыны шешілген «көгілдір фишкалар» идеясы. Бұл дағдарыстың қарсаңында болған еді, біз ендіға өз-өзімізге келіп, экономика мен мемлекеттік институттарды құрып жатты...

Жалпы алғанда бұл дұрыс идея еді, бірақ оны жүзеге асыру үшін мықты, құны жоғары кәсіпорындарды құру қажет болды, олармен біз шынымен де көр нарығына «көгілдір фишкалар» болып шыға алушы едік. Алайда сол кезде елде бүндай кәсіпорындар болған жоқ, экономика да дағдарыстан кейінгі қүйде болды»<sup>19</sup>.

1997 жылдың екінші жартысында басталған Азиялық дағдарыс, сол кездерде еліміздің тікелей қозғамаса да, Үкіметтің бұл мәселеңегі сенімділігін арттырған жоқ. Ақыр соңында бағдарлама тоқтатылады деп шешілді.

Бірқатар ірі компаниялар акцияларының мемлекеттік пакетін портфелдік инвесторларға сатуды тоқтату қарастырылған 1997 жылғы 15 қарашадағы «Инвестициялық тендердің нәтижелері туралы» №1 558 Үкімет қаулысы жарияланған соң, МЕБҚ биржалық нарығының белсенділігі екпіндеп төмөндей бастады да, желтоқсан айының соңынан қарай ең тәмен шегіне жетті.

«Көгілдір фишкалар» бағдарламасы Бағалы қағаздар жөніндегі үлттық комиссиямен және Қазақстан қор биржасымен игерілді. Төрт қазақстандық компанияның – «Ақтөбемұнайгаз», «Манғыстаумұнайгаз», «Қазақтелеком», «Қаз-

цинк» қор биржасына шығуы дайындалды. Оларды Қазақстандағы қор биржасы – на шығаруды игерген банктердің бірі ABN AMRO банкі болды, инвесторлармен мәселелер пысықталды, KASE орналастыру талаптары, шарттары зерттелді. Техникалық, зандық және кәсіби тұрғыдан биржа бұған дайын болды. Нарық инфрақұрылымы құрылып койды: оны биржа, брокерлер, андеррайтерлер, депозитарий, тіркеушілер құрады. Бағдарламаны өзірлеуге USAID, Дүниежүзілік банк көп көмектесті. Компанияларды капиталдандыру жоғары емес болғандықтан, акцияларды сатудың жоспарланған көлемдері қазіргі өлшемдер бойынша үлкен емес болды. Осылайша, «Қазақтелең» 250 млн АҚШ долларына бағаланды.

Осы жұмысты есіне алған **Уміт Шаяхметова**, сол кезде ABN AMRO банкінде жұмыс істеген «Қазақстан Халық банкі» АҚ басқарма төрағасы келесі жөнінде баяндады: «Бәрі өз уақытымен салыстырылды және бәрі де мүмкін болған еді. Бұл жоба халықаралық портфельдік инвесторлардың, біздің отандық инвесторлардың, ең алдымен зейнетакы қорларының арасында зор қызығушылық тудырғанына қарамастан, екінішке орай, іске аспай қойды. Бұл тартымды компанияларды биржага шығару үшін және жекешелендіру үрдісін айқын ету үшін жақсы мүмкіндік еді. Жекешелендіру акцияларды биржа арқылы сату жолымен жүрсе, экономика өзге сценарий бойынша дамитын еді деп ойлаймын»<sup>20</sup>.

## МБҚ ҚАЙТАРУ ЖӘНЕ ЕУРОНОТАЛАРДЫҢ ИШКІ НАРЫҒЫНЫҢ СТАРТЫ

1998 жылдың басы елдің биржалық ландшафтындағы елеулі тектоникалық шәгүмен есте қалды. Ақпан айында ОАҚБ лицензиясының күші 30 қунге тоқтатыла тұрды, ал бұл мерзім өткен соң, ол кері шақырылды. БҚҰК осындай шешімді қабылдауына ОАҚБ заннаманың жаңа талаптарын сактамағаны негіз болды. Нәтижесінде, 1998 жылы KASE елдең жалғыз қор биржасы болып шықты.

Осы жылдың басты оқиғасы зейнетакы активтерін басқару жөніндегі сегіз компанияның (ЗАБК), солардың ішінде Мемлекеттік жинақтаушы зейнетакы корының (МЖЗК) зейнетакы қорларын инвестициялық басқарушы ретіндегі Үлттық Банктің пайда болғаны болды. Олар жиынтық активтері 23,5 млрд теңгени<sup>21</sup> құрайтын 13 ЖЗК қызмет көрсете отырып, тез арада қазақстандық, бірінші кезекте – мемлекеттік, бағалы қағаздар нарығындағы ең ірі институционалдық инвесторларға айналды, себебі ЗАБК портфель құрамы бойынша жалғыз «кем емес» шектелімін тап осы МБҚ үшін белгіледі. Басқа құралдарды инвестициялау шектелімдері «картық емес» қағидасы бойынша құрастырылды.

«Зейнетакы жүйесінің реформасы қажет болды, себебі ынтымақты жүйе банкротқа ұшырады, – деп санайды **Григорий Марченко**. Ол жиыр-

ма жыл бұрын болған оқиғаларға қатысты көзқарасын «Курсив»<sup>22</sup> газетіне берген сұхбатында баяндап берді. – Көбісі ұмытып кетсе да, 1997 жылы зейнетақы төлеудегі кідірістер алты айға дейінгі мерзімді, ал зейнетақы төлеу бойынша жалпы берешек баламада шамамен \$0,5 млрд құрады. Біздің еліміз үшін бұл өте үлкен сома еді. Қөп адамдар зейнетақы реформасының екі кезеңмен жүргенін де ұмытты. Бізде Парламент зейнеткерлік жасты арттыру туралы шешімді 1996 жылы қабылдады, сонымен бірге ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын құру туралы шешім қабылданды. Бұл кезде мен қадағалау үшін жауап берген Ұлттық Банк төрағасының орынбасары болып жұмыс істедім және бізге реформаны жүзеге асыру тапсырылды. Біз зейнетақы жүйелерін жарты жыл бойы бар жағынан зерттеп, ерікті қорлар болашақ зейнеткерлердің қызын мәселелерін шешпейді деген қорытынды жасадық. Сол кезде зейнетақы реформасы жөнінде бірнеше ел терең ойланып жүрді: Қазақстан, Қыргызстан, Ресей және Украина. Қыргызстан бір ерікті зейнетақы қорын құрды да, қазіргі 21 жыл өткен соң, оның ешқандай қыншылықтарды шешпегені түсінікті болды. Сол кезде мен президенттің атына хат дайындал, оны ҰБ Төрағасы Ораз Жандосовқа тапсырдым. Ол оны түзетіп, Елбасына берді. Одан кейін мен жеке барып, егжей-тегжейлерін түсіндіріп өттім, бұдан кейін президент үкіметке тапсырма берді. Бұл 1996 жылдың қараша-желтоқсан айлары еді. Кейін біз заң жобасымен Парламентке шықтық. Мәжілісте бұл тақырыпқа көп талқылаулар болды.

Зейнетақы реформасы – көпшілік сінірген еңбек. Бағтысы – біз саяси ерікке, оған қоса президенттің және үкіметтің қолдауына ие болдық. Демекші, сол кезде премьер барлық министрліктиң және Ұлттық Банктің өкілдерін құжатқа қол қояға мәжбүрледі. Сол жерде жиырма шақты адам болды. Оның сол кезде айтқан сөзі: егер 20 жылдан кейін әлдекім реформаны кім жасады деп сұраса, есімдер белгілі болады. 20 жылдан астам уақыт өтті – біз барлығын дұрыс жасадық.

«Зейнетақы жүйесі нарықтың дамуына негізгі түрткі болды, онда ақша пайда болды, жария саудаланатын активтерді сатып алууды қажет еткен ішкі инвесторлар табы пайда болды, – деп есептейді 1999 жылдан 2002 жылға дейін KASE басқарған **Дамир Қарасаев**. – Ең бірінші кезеңде жеке меншік зейнетақы қорларының инвестициялық қызметтің барабар реттеуі қаланды деп есептеймін. ЖЗҚ басқару сапасын бақылаудың бір нысаны қор биржасына жіберу болды. Осыған орай, биржа листингке шығатын компанияларды іріктеудің сапалы рәсімдерін құруға зейін қойды. Жалпы реттеу ЖЗҚ бағалы қағаздарды, тиянакталған табысы бар құралдарды сатып алуға ынталандыратындағы етіп құрылды».


1994 жылы, казакстандық МБҚ нарықының негізі қаланып, айналыста бірінші қазынашылық міндеттемелер пайда болғанда, Үкімет оларды шыгарған кезде ең алдымен елдегі жалғыз институционалдық инвестор ретіндегі банктерге бет ұстаса, 1998 жылдың басында жағдай өзгерді. Қазақстанда жаңа институционалдық

инвестор – ЖЗҚ, туындағы бастады, олар өз активтерінің кем дегенде 50% Қаржы министрлігі мен Ұлттық Банктің МБҚ салуы керек еді. Бұл өте орынды болып шықты.

Тек банктерге ғана сүйенетін МБҚ нарығы конъюнктураның түрлі ауытқулырақна өте сезімтал екендігін ресейлік дағдарыстың Қазақстанға тигізген әсері көрнекі түрде көрсетті. Ресей үкіметі азиялық дағдарыстың ықпалынан мемлекеттік борыш пирамидасын аман сақтап қалуға тырысып, өзінің ішкі облигацияларының кірістілігін жылдық 140% дейін көтерген кезде, Қазақстанның банктері МЕККАМ сатып алуды доғарды да. 1998 жылдың бірінші жартысында ресейлік нарықты артық көрді. Қазақстанның Қаржы министрлігі негізгі инвестордың МБҚ сұранысынан айырылды, бірақ ақылмен әрекет етіп, Ресейдің ізін шала өз қағаздарының кірістілігін айтартықтай көтерген жоқ. 1998 жылдың тамызында, Ресей әлемде бірінші болып ішкі мемлекеттік міндеттемелер бойынша дефолты жариялаған кезде орын алған оқиғалар бейрезиденттердің МБҚ қазақстандық нарықтан кетуіне әкеп соқты. Ал қазақстандық банктер «үйлеріне қайтып оралса» да, АҚШ долларына қатысты тенге девальвациясының жылдамдығы үш есе артқан жағдайларда, девальвация бойынша индекстелмеген МЕККАМ мен ноталарға қызығушылық тәнітпайды және шығарылатын облигациялардың бағасын төмендету мақсатында эмитенттерге қысым көрсетпекші болды.

Күш жинап, МБҚ түрінде шығарылған бүкіл ішкі мемлекеттік борыштың 30% дейін қадағалаған ЖЗҚ іске жарады. Олардың сұранысы Қаржы министрлігін қатты қолдады. KASE бүкіл МБҚ қайталама нарығының толық айқындылығын және бұл нарықта жұмыс істеген кезде барлық әлеуетті инвесторлардың тен мүмкіндіктерін қамтамасыз ете отырып, оны өз мойнына алуға дайын болды. Бұны 1998 жылдың қорытындысы дәлелдейді. Биржа ақпан айында МБҚ бойынша сауда-саттықты жаңадан ашып, олар бойынша мәмілелер көлемін сол айдағы 133,9 млн теңgedен желтоқсандағы 7 055,7 млн теңгеге дейін жеткізді. Бұған қо-

### МБҚ ТИІМДІ АУКЦИОНДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ ЖӘНЕ ТЕНГЕ ДЕВАЛЬВАЦИЯСЫНЫҢ 1998 ЖЫЛДАҒЫ ЖЫЛДАМДЫҒЫ




са, елдің бүкіл қайталама нарығындағы биржалық қураушының үлесі 1998 жылдың 11 айы ішінде 0,5% бастап 33% дейін өсті.

ЖЗК және ЗАБК республиканың ішкі егемен облигациялар нарығының пайдада болуында, сондай-ақ олардың халықаралық нарықтағы бағасын қалыптастыруда да негізгі рөлді ойнады.

«1998 жыл – «Көгілдір фишкалар» бағдарламасы іске аспағанын бәрі мойыннады. Алайда жинақтаушы зейнетакы жүйесі іске асты. Бұған қоса, әлемдік қаржы дағдарысы жайылып кеткен кезде, ол Қазақстанның эмитент ретіндеғі реномесін сақтауға мүмкіндік берді. – деп есептейді **Азамат Жолдасбеков**. – Сол уақытта Ресей бағалы қағаздарының және азиялық нарықтардың құлдырауы аясында қазақстандық еврооблигациялардың да (бұл олардың бірінші шығарылымдары еді) бағасы қатты төмендеді. Сол кезде шұғыл тәртіппен үш мемлекеттік орган бірікті: Үлттық комиссия еврооблигацияларға салынатын инвестицияларды мемлекеттік бағалы қағаздарға салынатын инвестицияларға теңестірді; Үлттық Банк еврооблигацияларды сатып алу капиталды әкету болып табылмайтынын растады; ал Қаржы министрлігі кірістер мемлекеттік қағаздар бойынша салық салудан толық босатылғандықтан, еврооблигацияларды сатып алу ешқандай салық міндеттемелеріне әкеп соқпайды деп түсіндірді. Қазақстан қор биржасы Орталық депозитариймен бірлесе отырып, еврооблигацияларды қалай Қазақстанға кері импорттая керек екені туралы жедел келісіп алды. Арна ашылып, отандық ЖЗК барлық қазақстандық қоғам облигацияларды лезде сатып алды. 1998 жылдың нәтижелері бойынша қазақстандық зейнетакы қорлары валютада 30% кірістілікті көрсетті. Бұл осы күнге дейін ешкім асып түспеген, тұңғыш және жалғыз рекорд болды».

## МЕККАМ МЕН НОТАЛАРҒА 1998 ЖЫЛДАҒЫ АУКЦИОНДЫҚ СҰРАНЫС



Шындығында да, Ресейдің сыртқы қарыз алу бойынша дефолты қазақстандық еuronota бағаларының құлдырап төмендеуіне әкелді. Бірінші және екінші шығарылым егемен облигацияларының «таза» бағалары тамыз айы ішінде 1 500 және 4 000 пайыздық пунктке төмендеді. Нәтижесінде Қазақстан Қаржы министрлігінің міндеттемелері ішкі нарыққа қараганда халықаралық нарықта анағұрлым көп кірістілік беретін болды. Екінші жағынан, 1998 жылдың тамыз айында ресейлік дағдарыстың ықпалынан Қазақстанның үлттық валютасы девальвациясының жылдамдығы айтарлықтай артты және отандық инвесторлардың салынған қаражатты девальвациядан қорғайтын қаржы құралындағы қажеттілігі шиеленісіп кетті.

Осылан орай, KASE мен БҚҰК бірлесе отырып, 1998 жылдың қыркүйек айының соңында қазақстандық еuronotalарды инвесторларға және ең алдымен ЗАБК үсіну үшін, бұл қаржы құралын ішкі нарыққа шығаруды дайындауға кірсті. Нарыққа кәсіпкөй қатысуышылардың көмегімен еuronotalарды сақтау және есепке алу сызбасы, мәмілелер бойынша есеп айырысу жүйесі және биржаның сауда-саттық жүйесінде еuronotalардың бағасын белгілеу әдістері әзірленді және жүзеге асырылды.

5 қазанда БҚҰК Директораты «Қазақстан Республикасының халықаралық мемлекеттік бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелер туралы» №158 қаулысын шығарды<sup>23</sup>, онда зейнетакы активтерінің қатысуымен жасалатын мәмілелердің міндетті түрде KASE тіркелуі, сонымен қатар контрагенттер ретінде Қазақстан резиденттері әрекет етсе, мәмілелердің міндетті түрде тек биржалық аланда өткізуі көзделді.

Қазақстанның еuronotalары бойынша ЖЗҚ активтерінің қатысуымен жасалған алғашқы мәміле биржадан тыс нарықта 19 қазан күні тіркелді: ЗАБК бірі қордың пайдасына KAZAKHSTAN-99 еuronotalары бойынша 290,5 мың АҚШ доллары көлемінде операция жасады. Бұл ретте сатып алушының кірістілігі жылдық 28,41% құрады. KASE еuronotalардың сауда-саттығын 1998 жылдың 19 қазанында іске қости, ал бірінші биржалық мәміле 23 қазанда өткізілді. Сауда-саттыққа қатысуышылар мәмілелерді автоматты түрде жасау тәртіппемесінде де, индикативтік баға белгілеулер тәртіппемесінде де жұмыс істей мүмкіндігіне ие болды. Еuronotalар бойынша барлығы 52 сауда сессиясы өткізілді, ал сауда-саттық көлемі 1998 жылдың кортындысы бойынша номиналды көрсетілімде 18,3 млн АҚШ долларын немесе женілдікті көрсетілімде 1 376,8 млн теңгені құрады.

Биржалық және биржадан тыс мәмілелер бағасының динамикасы әлемдік нарықта қалыптасқан баға белгілеулермен толық арақатынаста болды. Бұған коса, ішкі инвестордың (ЖЗҚ деп оқынғыз) тарапынан Қазақстан еuronotalарына тұрақты сұраныстың туындауы ISMA жариялайтын егемен облигациялардың баға белгілеулерінің жылдам өсуіне әкелді.

Ішкі нарыққа егемен euroоблигацияларды енгізу бойынша операцияның табысты болғаны соңшалық, кейінірек бұл сызба МЕБҚ нарығында колданылды. 1999 жылдың бірінші ақпанында биржаның ресми бағалы қағаздар тізімінде алғашқы корпоративтік облигациялар болып табылған «Kazkommerts International B.V.»<sup>24</sup> euroоблигациялары KASE листинг рәсімінен өтті.

Қазақстанның МЕБҚ нарығындағы жалпы жағдай жөнінде айтатын болсак, 1998 жылы оны дамытуға тікелей әсер ететін «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы»<sup>25</sup> және «Акционерлік қоғамдар туралы»<sup>26</sup> өте маңызды екі заң қабылданды. Бұл «өлі», жұмыс істемейтін заңды тұлғалар санының көп екендейгін, не болмаса эмитенттер үшін белгіленген міндеттерді орындаудағын акционерлік қоғамдардың бар екендігін көрсететін тіркелген АҚ жалпы саны мен өз акцияларының әмиссияларын тіркеген АҚ саны арасындағы екі еседен астам алшақтықтың шиеленіске мәселесін «тұптеуге» мүмкіндік берді. Жаңа заңнаманың нормалары БҰҰК 1998 жылыға акциялардың жиынтық номиналды құны 86 млрд астам тенгени құрайтын 2 264 әмиссиясын өткізілмеген деп тануға мүмкіндік берді.

Биржаның өзі «көгілдір фишкалар» бағдарламасы тоқтатылған жағдайларда «екінші әшелон» кәсіпорындарын тартуға кеп көніл бөле бастады. «В» санатына қойылатын талаптар біршама женілдетілді, предлистинг жойылды, ал «Листинг-глік емес бағалы қағаздар» секторы екі рұқсаттама деңгейіне бөлінді.

Биржа сауда-саттық процедураларын жетілдіре түсті. Осылайша 1998 жылдың 10 ақпанынна бастап Қазақстанның ішкі МБҚ алғашқы сауда-саттығы ашылды, сауда-саттықтың регламенті өзгерді. KASE Басқармасының шешіміне сәйкес және Биржалық кеңестің шешімі негізінде МБҚ жаңа регламенті белгіленді: бірінші биржалық сессия: алматылық уақытпен 11:30 – 13:00; екінші биржалық сессия: алматылық уақытпен 14:00 – 15:30; үшінші биржалық сессия: алматылық уақытпен 15:45 – 18:00. ББҚ бойынша есеп айырысу регламентіне де өзгертулер енгізілді. Сондай-ақ сәүір айында Биржалық кеңес Биржада мүшелік ету туралы типтік Келісім-шартты бекітті. Ал 18 маусымнан бастап ББҚ мен МБҚ сауда-саттықтарының барысы мен нәтижелері нақты уақыт тәртіптемесінде REUTERS терминалына беріле бастады. Бұл қаржы нарықтарының халықаралық акпараттық қауымдастығына маңызды интеграциялық қадам болды.

Шілде айында KASE мүшелерінің жалпы жиналысында, ББҚ нарығының бейнесін елеулі өзгерте алатын, құжаттар пакеті қабылданды. Жаңа листинг-глік талаптар мен сауда-саттық өткізуін ережелері мен оларға рұқсаттама алу туралы әнгіме қозғалды. Жиналыс, республиканың жаңнамалық базасының жаңартылуын ескере отырып («Акционерлік қоғамдар туралы» заңы), бір қатар жаңалықтарды енгізді.

Өзгертулер мыналарға қатысты болды: KASE листинг-глік талаптарын және нарыққа қасіби қатысушыларға қойылатын талаптарды либерализациялау, биржа мен өзін-өзі реттеуши орган ретінде БҚН БДА және басқаларының рөлін күшейту.


Сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы мүшелерінің тәлімдік әикасының кодексі» қабылданып, KASE Төрелік комиссиясының жұмыс негіздері қафиданұрысинан өзгерілді.

Сонымен қатар биржаның мамандары баға белгілеу сауда-саттық жүйесін (БСЖ) – брокерлere биржада индикативтік баға белгілеу тәртіптемесінде, яғни олар биржадан тыс нарықта үйренгендей жұмыс істеу мүмкіндігін беретін арнайы бағдарламалық блокты әзірледі: өтінімдерді автоматты түрде қанағаттандыру тетігінен өтіп, нақты контрагентпен келісімді баға бойынша. Бұл рет-

те әрбір қатысушы жүйеге өзінің авторланған өтінімдерін қойып, басқа қатысушылардың барлық өтінімдерін көріп, өз қалауы бойынша мәміледегі серіктесті тандай алды. Іске қосылуы Қазақстанда биржадан тыс баға белгілеу жүйесін құру мәселесін шешкен БСЖ бірінші тұрақты сауда-саттық 1998 жылдың 15 шілдесіндегі ашылды.

Биржалық сервистің жаңа деңгейі көп кешікпей нәтиже берді. Брокерлердің бастамасымен KASE сауда-саттығына шығарылған акциялардың саны 1998 жыл ішінде тоғыз есеге жуық артты, ал биржаның сауда-саттық алаңдарына әми-

### ИШКИ НАРЫҚТАҒЫ ЕУРОНОТАЛАРДЫҢ БАҒАСЫ МЕН АЙНАЛЫМЫ ЖӘНЕ ISMA БАҒА БЕЛГІЛЕУЛЕРІНІҢ 1998 ЖЫЛҒЫ ДИНАМИКАСЫ



тенттердің өздері шығарған қаржы құралдарының саны бір жарым есе көбейді. Бұған қоса, биржалық нарықты капиталдандыру 1 340,9 млн бастап баламамен 1 834,9 млн АҚШ долларына дейін өсті, ал KASE жасалған мәмілелердің жиынтық айналымы 11,3 есе артты.

## ЕҚАБ ЖӘНЕ БҚН

1999 жылдың 5 сәуірінде теңгенің АҚШ долларына қатысты еркін құбылымалы айырбас бағамын (ЕҚАБ) енгізу валюта нарығы үшін сияқты қор нарығы үшін де талықсытпалы болып шықты. Мысалға, ол 1999 жылдың сәуір және мамыр айларында Қазақстанның МБҚ қайтала маусым нарығын тоқырауға ұшыратты. Операциялар көлемі маусым айынан бастап қана біртіндеп қалпына келе бастады.

Дағдарысқа қарсы шараларды дереу қолдану қажеттілігі Үкіметті бұл секторға басқаша қарауға мәжбүр етті. Қаржы министрлігі МБҚ түрінде шығарылған ішкі және сыртқы борышты үздіксіз ұлғайтудан оны қайта құрылымдауға көшті. Атап айтқанда, Қаржы министрлігі және Ұлттық Банк нарыққа МЕКАМ мен ноталардың орнына МБҚ девальвациясы бойынша индекстелген, номиналды құны АҚШ долларымен есептелген жаңа қаржы құралдарын ұсынды, ал бұкіл қызмет көрсету АҚШ долларына шаққандағы реесми бағам бойынша теңгемен жүзеге асырылды (МЕКАМ және Ұлттық Банктің валюталық ноталары). Бұған қоса, Үкімет ЕҚАБ көшкен кезде туындаған девальвациядан ЖЗҚ активтерін қорғау мақсатында 9 сәуір күні АВМЕКАМ – Қазақстан Республикасының арнағы валюталық мемлекеттік облигацияларын шығарды. АВМЕКАМ ЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алған және 1999 жылдың 3 сәуіріндегі жағдай бойынша олардың портфелінде орналасқан, теңгемен номинацияланған МЕКАМ айырбастау жолымен шығарылды. Айырбас Қаржы министрлігінің МЕКАМ мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алуы және айырбасталатын МБҚ ағымдағы құны бойынша АВМЕКАМ ақысын төлеу үшін теңгемен түсінді пайдалану арқылы жүргізілді. АВМЕКАМ сатып алу ақысын төлеу бір АҚШ доллары үшін 88,3 теңге бағамы бойынша теңгемен жүргізілді. Нәтижесінде Қазақстанның зейнетақы жүйесінің салымшылары активтерінің едәуір бөлігі ЕҚАБ енгізу нәтижесінде туындаған теңгенің долларға шаққандағы бағамының өзгерісі бойынша индекстелді. Оның үстіне, кейінірек АВМЕКАМ KASE маркет-мейкер пайда болған алғашқы МБҚ айналды.

Алайда валюталық нарықтағы дәл осы уақығалар, АҚШ долларына теңге бағамының өзгеруіне қатысты индекстелген, мемлекеттік облигациялардың ішкі шығарылымдарын іске қосуға себеп болды. Бұл, шетел валютасында деноминацияланған, бағалы қағаздар секторының дамуына түрткі болып, жергілікті атқарушы органдардың орта мерзімдік индекстелген облигацияларын шығаруға негіз құрады.

Өз кезегінде, Биржа бұл нарықтың биржалық сегментін кеңейту бойынша жұмысты жалғастырды. Басты мақсат МБҚ сауда-саттығына қатысуышылар үшін

барынша жайлыштырған жағдай жасау, соның ішінде сауда-саттық, және есеп айрысынан сервиси болып табылды. Сонымен қатар нормативтік база да жетілдірілді. Биржаның сауда-саттықта қашықтан кіру рұқсаттамасын беру бойынша қызметтерін көнектізу, сауда-саттық жүйесін, есеп айрысын жеделдігін қамтамасыз ету және мәмілелерді растау жүйесін ұдайы түрлендіру 1999 жылы нарықтың ең ірі операторларын алаңға әкелді.

Дәл сол кезде БҚҰК бірлесе отырып, қазақстандық МБҚ қайталама нарығының ескірген мәселесі шешілді: 1999 жылдың 5 шілдесінде KASE репо-операциялар секторы ашылды, ал 1999 жылдың 2 тамызынан бастап МБҚ сатып алу-сату секторында (үздіксіз қарсылама аукцион әдісін қолданбай) тікелей мәміле жүргізуге тыым салынды. Осының арқасында, 2 тамыздан бастап, қазақстандық нарық екі ете маңызды объективті нарықтық индикаторға: «қысқа» ақшаның шынайы құнына және қайталама нарықтағы өтеуге қатысты МБҚ шынайы нарықтық кірістілігіне – ие болды.

Осыған дейін бұл индикаторларды объективті есептеуге іс жүзінде қарапайым инвестордың қолы жетпейтін, себебі МБҚ бағаларының басым көвшілігі мәмілелеге қатысушыларға ғана белгілі репо мөлшерлемелерін қамтитын. Бұл индикаторлар туралы түсінік (ол да онша нақты емес) нарықта үнемі жұмыс істейтін дилерлерде ғана болды. KASE ақпараттық қызметінің және биржа үй-шындастырыған «ИРБИС» қаржы нарықтарының ақпараттық агенттілігін арқасында, 1999 жылы Қазақстандық МБҚ қайталама нарығының барынша жоғары ақпараттық айқындылығына қол жеткізілді.

1999 жыл ішінде KASE өзінің алаңында МБҚ сауда-саттығын жасағаны үшін қатысушылардан жиналатын комиссиялық алымды енгізбегенін де атап өткен жән. Комиссия осы облигациялардың маркет-мейкерін көтермелеу мақсатында ғана енгізген АВМЕКАМ сауда-саттығы ерекшелік болып табылады.

Жоғарыда айтылғанды жалпылай отырып, 1999 жыл ішінде KASE басты міндетті: қазақстандық МБҚ нарығын таңдаулы және көп жағдайда өзімен-өзі томага-түйік сектордан ақпараттық түрғыдан айқын, өтімді және қарапайым (соның ішінде көвшілік) инвесторларға қолжетімді, институционалдық, инвесторлардың активтері барынша жоғары тиімділікпен қолданыла алатын мемлекеттік бағалы қағаздардың айналыс нарығына айналдыруды дәйекті түрде шешті деп айтуда болады.

Бұл жұмыс МБҚ нарығы үшін анағұрлым тыныш болған 2 000 жылы жалғасын таптты. МБҚ өтеу көлемі алғаш рет оларды орналастыру көлемінен асып түсті, ал қысқа мерзімді қағаздар бойынша кірістілік екі еседен астам азайды. Бұл елдің мемлекеттік бюджеттінің қарызы алушада қажеттілігі салыстырмалы төмен болғанына байланысты болды. Жалпы ахуал да септігін тигізді: долларға қатысты теңге девальвациясы қаркынының (64,2%-дан 5,2% дейін) айтарлықтай төмендеуі екінші тоқсанда девальвацияға индекстелген МЕКАВМ шығарылымынан бас тартуға мүмкіндік берді. Қаржы министрлігі қарызы алу көлемін азайтип, МҚМ орналастыру мерзімін ұлғайтты.

Орташа мерзімді қағаздарды арттыру тренді 1997 жылы басталды. Бұған дейін айналыс мерзімі үш, алты және 12 айды құрайтын «қысқа» қағаздар ғана шығарылатын.


Жалпы жыл ішінде Қазақстанның ішкі және сыртқы нарықта МБҚ түрінде шығарылған мемлекеттік борыш сомасы номиналды көрсетілімде 1,434 миллиардтан 1,818 млрд АҚШ долларына дейін есті. Қаржы министрлігінің және муниципалды органдардың МБҚ номиналды құны жылдың басында 105,5 млрд теңгені құрады, ал соңында бұл көрсеткіш 68,9 млрд дейін төмендеді.

2000 жылдың мамыр айында девальвацияға қатысты индекстелген, айналыста болған орташа мерзімді барлық АВМЕКАМ төртінші эмиссиядағы Қазақстан егемен борышының, еуроноталарына айырбасталды. Нәтижесінде доллар құнының өзгерісіне байлаулы ішкі МБҚ үлесі бір жыл ішінде Қаржы министрлігінің бүкіл ішкі борышының 44,5%-нан 9,1% дейін азайды.

МБҚ қайтала нарығы да толығымен қалпына келді. 2000 жылы оның көлемі 2,64 есе –625,4 млрд теңгеге дейін есті. Нарықтың кеңеоіне негізінен екі фактор әсер етті. Бастысы – 2000 жылдың соңы токсанында ерекше білінген қаржы секторындағы жоғары өтімділік. Нарықты капиталдандырудың өсуі де белгілі бір рөл атқарды.

Нарықтың осы сегментінде тағы бір оқиға орын алды. Мамыр айында KASE Биржалық кенесі 3 шілдеде ашылған Ұсақ лоттар секторын үйімдастыру туралы шешім қабылдады. Бір жыл ішінде мұнда борыштың номиналды құнының 7,4 млн АҚШ доллары сомасын құрайтын Қазақстан еуроноталарымен 60 мәміле жүргізілді. Мәмілелер көлемі 1,2 млрд теңгені – KASE бүкіл МБҚ айналымының 0,27% және KASE МБҚ сатып алу-сату секторындағы бүкіл айналымның 0,73% құрады. Өкінішке орай, еуроноталардың кірістілігі төмен және секторда жұмыс істеген кездегі транзакциялық шығындар елеулі болғандықтан, бөлшек сауда инвесторы секторға келмей қойды. Әйтте де, KASE МБҚ нарығы әзірленген нормативтік база, жасалған инфрақұрылым және есеп айырысу құраушысы түрғысынан да, қатысушылар құрамы түрғысынан да қалыптасты.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ БИРЖАЛЫҚ НАРЫҒЫНЫҢ 2000 ЖЫЛҒЫ КӨЛЕМІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ




## «ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ СЕРПІЛІС» ҚАРСАҢЫНДА

Нарық МБК-ға да, корпоративтік сектордың бағалы қағаздарына дайын болды. Ең алдымен сенімдірек облигацияларға.

«1999 жылы іле шала орын алған «облигациялық серпілістің» алғашқы «қарлығаштары» – біздің тізімдерімізде Казкоммерцбанктің еуроноталары пайда болды, деп әнгімелейді **Галина Цалюк**, басқарушы директор, KASE листинг департаментінің директоры. – Жаңа қазақстандық институционалдық инвесторлар – жинақташы зейнетакы корларының – зейнетақылық жинақтарды инвестициялауға мұқтажы қарқындан өсіп келе жатты. «Облигациялық серпілістің» негізгі себебі сол болды. Ең алдымен биржада белсенді түрде муниципалдық облигациялар, ал олардан кейін корпоративтік облигациялар да орналастырыла бастады. Бағалы қағаздарға сұраным ұсынымнан әлде қайда артатын»<sup>27</sup>.

2000 жылы Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының дамығаны соңшалық, біріншіден, мемлекеттік бюджеттің орнын инфляциялық емес толтыру мәселесін, ал екіншіден, нақты секторды бейбанктік қаржыландыру мәселесін шешуге мүмкіндік беретін экономика құраушысы ретінде көзге түсе бастады. Құралдар тізбесі кеңеиді. Шетел валюталары, МБК, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар және мерзімдік валюталық келісімшарттар бойынша мәмілелер жасалды, муниципалды бағалы қағаздар мен мемлекеттік корпоративтік облигациялар орналастырылды. Барлық ұйымдастырылған қаржы нарығы секторларының жиынтық айналымы 1999 жылмен салыстырғанда ЖІӨ 27,9% дейін 1,64 есе өсті

### МБҚ ТҮРІНДЕ ШЫҒАРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОРЫШТЫҢ ҚӨЛЕМІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ (КЕЗЕҢНІҢ Соңында)




(1999 жылы – 21,9%), республикада қаржы нарығының үйымдастырылған құрамашысы соншама жоғары ақша айналымын өлі ешқашан қадағаламаған еді. Биржашылар бұл көрсеткіштерді ең алдымен Қазақстанның экономикалық дамудағы жетістіктерімен байланыстырды.

Нарық секторларының қөпшілігі тұрақты өрлеумен сипатталды. Ең үлкен есім – 7,1 есе – корпоративтік облигациялар нарығының серпінді дамуын айқындаған көрсететін МЕБҚ секторында анықталды. ЗАБҚ оларға қызығушылық танытты. Қазақстанның зейнетакы қорлары активтерінің және ЕДБ ресурстық базасының үздіксіз өсуі экономиканың нақты секторына салынатын инвестициялар көлемін үлгайтуды қажет етті және бұндай мүмкіндік ішінара пайдаланылды.

**«Биржада корпоративтік облигациялардың листингін өткізу қажеттілігі зейнетакылық қорлардың пайда келуімен бірге туындағы, – деп санайды Дамир Қарасаев, 1999 жылдың сәуір айынан 2002 жылдың сәуір айына дейінгі «Қазақстан қор биржасы» ЖАҚ Президенті. – Бәрінен де есте қалғаны «Алматы Құс» облигацияларының шығарылымы болды. «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ шығарылымды дайындау бойынша үлкен жұмысты атқарды – компания туралы жақсы меморандум әзірленді. «Алматы Құс» бағалы қағаздарына сұраным жақсы болып, жалпы облигациялар банктік депозитке түрарлық альтернатива болды. Көлемдер азғантай болса да. Дәл есімде жоқ, бірақ менің ойымша, сол кезде шығарылымның көлемі 15 млн долларды құрады. Қазіргімен салыстырғанда сол кездегі көлемдердің бірнеше есе айырмашылықтары бар еди. Облигациялар доллармен номинацияланған болатын, алайда барлық есеп айрысулар биржалық бағамға сәйкес теңгемен жүргізілді.**

### ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ МЕН МУНИЦИПАЛДЫ ОРГАНДАРДЫҢ 2000 ЖЫЛДАҒЫ ИШКІ БОРЫШЫНЫҢ КӨЛЕМІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ (КЕЗЕҢНІҢ СОҢЫНДА)



Биржада кәсілкөй қызметкерлер командасты еңбек етті, олардың күш-жігірі жұмсалған сегментте жасаған жұмысы дұрыс болса, нарықтық жағдайға қарай, осы сегмент жақсы дамитынын көрсетті. Бүгінгі таңда биржада, зейнетакылық қорлары құрылғаннан кейін, өзінің бағалы қағаздар сегментін дамытуды билетінін көрсетуге тарихи мүмкіндік туды<sup>28</sup>.

2000 жылдың ең маңызды тренді – корпоративтік облигацияларға жоғары сұраныс, ол кейінірек ТМД Қазақстандық облигациялық серпіліс деп атаған құбылысқа әкеп соқты. Банктер мен кәсіпорындар республика тарихында алғаш рет тек өздерінің бастамасымен ғана өз облигацияларын «А» санатындағы KASE ресми тізіміне шығара отырып, осы арқылы зейнетакы қорларының активтеріне қол жеткізуге тырысты. Мұнда «Көмірбанк» ААҚ<sup>29</sup> ізашар атанды. 18 ақпан күні биржада ашық тәсілмен өткізілген аукцион аясында теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамының өзгерісі бойынша индекстелген жылдық купондық атаулы облигациялары жылдық 12,26% мөлшерлемесі бойынша орналастырылды.

Алайда серпілістің өзі нарықта сол кездер үшін ете улкен сомаға – 25 млн АҚШ долларына шығарылған «Қазақойл» ҰМК<sup>30</sup> ЖАҚ қағаздарын орналастырғаннан басталды. Оларды орналастыру KASE 2000 жылдың 23 маусымында өтті және «Көмірбанк» ААҚ мен «Алматы Құс» ААҚ кейін үшінші болды. Кейбіреулердің ойынша, «Қазақойл» бүндай қарыз алуды қажет етпеді. Эмиссия негізінен елдің қор нарығына қолдау көрсету және ЖЗҚ инвестициялар үшін сапалы объектіні ұсыну мақсатында үйімдастырылды.

Корпоративтік облигацияларға жоғары сұраныс олардың кірістілік деңгейіне жағымды әсерін тигізді және банктерді облигациялық нарық тарапынан бәсекелестік қысымы астында несиелеу мөлшерлемесін төмendetуге мәжбурледі. Осының бәрі инвесторлардың ақшасын ірі компанияларға ғана емес, сондай-ақ орта кәсіпорындарға да қолжетімді етті. Олардың кейбіреулері өз міндеттемелерін қор нарығында табысты орналастырып, өндірісті дамыту үшін біршама арзан ақша ала алды.

Осылайша, KASE МЕБК секторында 2000 жылды облигациялық шығарылымдар жылы деп орынды атауға болады, себебі жоғарыда аталған сектор кеңеюі негізінен корпоративтік облигациялар нарығының жылдам дамығаны арқасында болды.

Жылдың соңында облигациялардың биржалық нарығын жалпы капиталдандыру номиналды көрсетілімде 176,8 млн АҚШ долларына бағаланды. Бір жыл ішінде өсу 5,8 есеге жетті, бұл қазақстандық облигациялық серпіліс туралы айтуда негіз болды. Ресейді қосқанда ТМД ешбір жерінде осыған үқсас ештеңе болмады. Қазақстан дағдарыстық 2 009 жылға дейін осы нарықта кешбасшы болды. Компаниялардың «А» санатындағы KASE ресми тізіміне ену үәждемесі түсінікті болды: ол ЖЗҚ инвестициялық қорларына жол ашатын. Сондықтан нарық, дәл осы бағытқа қарай кеңейтілді. Және де сол кезде ЖЗҚ тек Қазақстанда ғана болды.

Биржада корпоративтік облигациялардың пайда болуына байланысты KASE бес сауда-саттық тізімдерінің әрқайсысы акциялар секторына және облигациялар секторына бөлінді. Жылдың соңында биржаның сауда-саттық тізімдерін-

де барлығы 54 эмитенттің 81 атаулы бағалы қағаздары болды. Солардың ішінде ресми тізімде – 39, ал «Листинглік емес БҚ» тізімінде – 42 атау. Жылдың сонында акциялары KASE бағалы қағаздар тізімдерінде болған компанияларды жалпы капиталдандыру 1 342,3 млн АҚШ долларына немесе 195,2 млрд теңгеге бағаланды.

Дегенімен, активтерді қарқынды өсіріп келе жатқан, зейнетакы қорлары үшін бұл көлемдер жеткілікті болмады.

**«Негізінен біз облигацияларға назар аудардық. Консервативтік инвесторлар болғандықтан, зейнетакылық қорлар үшін бұл ең үздік құрал болды. Сол кезде «Ұлар» қорымыздың портфелінде 99% облигациялар болды, – деп еске алады **Дмитрий Жеребятьев**, сол уақытта «Жетісу» ЗАБК еңбек еткен, Finastracomпаниясының аймақтық менеджері. – Жинақтаушы зейнетакы жүйесін іске қосқанда, мемлекет зейнетакылық активтерге инвестициялауға мүмкіндік беретін, құралдар жүйесін жан-жақты қараша керектігін түсіне бастадық. Бастапқыда «көгілдір фишкаларға» зейнетакылық активтерді инвестициялау туралы шешім қабылданған. Ал банктік депозиттер, көрісінше, тіпті салық салуға дейін шектеу жоспарланған.**

**Бұл іске аспады: дамыған инвестициялық жүйе қалыптаспады да, зейнетакылық ақшалар бірте-бірте банктік секторға жолдана бастады».**

Алайда, бұл реттеудің, қор биржасының проблемасы емес, жоспарлық мөдельден нарықтық модельге көшкен, жаңа нарықтық институттардың қажеттілігін қамтуға үлгермей жатқан, трансформацияланған экономиканың проблемасы еді.

Ережелер, регламенттер үздіксіз және барлық секторларда өндөлді. Сірә, сырттай бақылайтын адамдар үшін мүлде түсініксіз, бірақ биржаның өзінде-гі рәсімдерді, үрдістерді жақсартатын өзгерістер орын алды. Осылайша, 2000 жылдың 1 шілдесінде бағалы қағаздардың сауда-саттығы қорытындысы бойынша есеп айрысууды регламенттейтін KASE ішкі құжатының жаңа редакциясы занды күшіне енді. Оnda KASE алғаш рет неттингті қолдана отырып, МЕБҚ сауда-саттығының нәтижелері бойынша есеп айрысуға мүмкіндік беретін құқықтық негіз әзірленді. Регламенттің жаңа редакциясында МЕБҚ бойынша есеп айрысу жүргізудің құқықтық негізі де қаланды.

Жылдың түйінді қорытындыларына МЕБҚ бастапқы нарығының және корпоративтік облигациялар қайталама нарығының қалыптастып біткенін, сонымен қатар репо операциялар секторының пайда болғанын жатқызуға болады. KASE МЕБҚ бойынша репо секторы ресми түрде ашылған жоқ. Сектор брокерлердің бастамасымен 2000 жылдың наурыз айында жұмыс істей бастады, алайда тіпті 2000 жылдың сонында да оны кемелденген деп айтуда болмайтын еді. Колданылатын құралдардың спектрі өте таяз болды, репо мерзімдері қатты құбылды, ал мөлшерлемелер жиі нақты нарықтық деңгейге сый келмеді. МЕБҚ бойынша бірінші «ресми» репо мәмілесі биржада 14 наурызда өткізілді, барлығы жыл ішінде жалпы сомасы 3 168,7 млн теңгени құрайтын 40 репо-мәміле өтті.

## БРЕНДТИҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Өз қызметтінің алғашқы алты жылы ішінде KASE бірқатар қайта атайды, қайта тіркеуді және қайта құруды бастаң өткізуге, тіпті екі жылға жуық уақыт бойы бірден екі заңды негізде болуға тұра келді. Сонымен бірге бұл «іірімдердің» көп бөлігі қор нарығы мен оның нормативтік-құқықтық базасының пайда болуына және қалыптасуына тікелей байланысты болды. Барынша қысқа хронологиялық түрде биржада атапталған өволюциясы мынадай болып келеді.

- 1993 жылдың 30 желтоқсанында «Қазақ банкаралық валюта биржасы» жабық типті дербес акционерлік қоғамы тіркелді.
- 1994 жылдың 3 наурызында биржа «Қазақстан банкаралық валюта биржасы» ретінде қайта тіркелді.
- 1995 жылдың 12 шілдесінде жаңа атап - «Қазақстан банкаралық валюта-қор биржасы» тіркелді. Биржаның атапталғанда «қор» деген құраушының пайда болуы оның қызметтің бағалы қағаздар нарығына жао туралы акционерлердің жалпы жиналышы қабылданған шешімді қамтый көрсетті.
- 1996 жылдың 12 сәуірінде Алматы қаласының Әділет басқармасы биржаның атапу «Қазақстан қор биржасы» ЖАҚ (КҚБ) дег өзгеруіне байланысты оны қайта тіркеуді жүзеге асырды, дәл осы күні биржаның еншілес кәсіпорны – «Қазақстан валюта биржасы» ЖШС тіркелді, оның сауда-саттық алаңына шетел валюталары бойынша сауда-саттықты ауыстыру жоспарланды. Осылай қайта құруды биржаның атапу мен қызметтің 1995 жылғы 21 сәуірдегі «Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы» КР Президенттің Жарлығының нормаларына сәйкес келтіру жөніндегі БҚҰК ұсынысы тудырды, оның мазмұнында қор биржаларына тауарлық биржаның функцияларын орындауға тыйым салынды.
- 1996 жылдың 13 маусымында Биржаның дирекциясы «Қазақстан валюта биржасы» ЖШС жоюды шешті, өйткені Биржа-
- лық кеңес акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіне ҚҚБ құрамынан «Қазақстан валюта биржасы» шартты атап берілген акционерлік қоғамды шығару туралы мәселені енгізді.
- 1997 жылдың 5 наурызында «Бағалы қағаздар нарығы туралы» КР жаңа Заңы қор биржасына «әзге биржалардың қызметтің» жүзеге асыруға мүмкіндік бермегендіктен, 1997 жылдың 12 сәуірінде акционерлердің жалпы жиналышы жеке заңды тұлғаға – «Алматы қаржы құралдарының биржасы» ЖАҚ (AFINEX) шығару жолымен ҚҚБ қайта құруды аяқтау туралы шешім қабылдады.
- 1997 жылдың 3 шілдесінде ҚҚБ акцияларының бір бөлігін AFINEX акцияларына трансформациялауға байланысты «Қазақстан қор биржасы» ЖАҚ (KASE<sup>31</sup>) КР Әділет министрлігінің кезекті қайта тіркеуінен өтті, ал 1997 жылдың 30 шілдесінде «Алматы қаржы құралдарының биржасы» ЖАҚ – шетел валюталары мен шетел валюталарына мерзімдік келісімшарттар сауда-саттығының мамандандырылған үйымдастырушысы мемлекеттік тіркеу туралы күзілкіт алды. Осылай бөлу нақ заңды және жасанды сипатта ие болды. Іс жүзінде екі биржаның ұжымы бұрынғыша біртұтас команда болып табылды, бір сауда-саттық жүйесін, материалдық-техникалық базаны және технологияларды қолданды.
- 1998 жылдың 10 шілдесінде, көбінесе биржашылардың күш-жігері арқасында, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Занға анықтаулар енгізілді: қор биржасы үшін «әзге биржалар» қызметтіне салынған тыйым «тауарлық биржалар» қызметтіне дейін тарайды. Валюталар биржалық тауарлардың реесми тізіміне кірмегендіктен, KASE және AFINEX қайта косылу құқығын алды.
- 1999 жылдың 1 сәуірінде қарай биржалық аландарды қосу бойынша барлық зангерлік рәсімдер аяқталды және «Қазақстан қор биржасы» атапу, бәріне белгілі KASE абревиатурасы сияқты, осы күнге дейін өзгеріссіз қалуда.

2000 жылы биржада МЕБК нарығындағы 1999 жылдың теріс беталыстарының бірін – келісімді мәмілелер санының көп болуын жеңе алды, оларды жасаған кезде нарықтық баға белгілеу болған жоқ. Бұндай мәмілелер тікелей мәмілелер деп аталатын. Сонымен бірге әкімшілік шараларды қолданбау мүмкін болды: KASE сауда-саттық жүйесінде қарсылама аукцион әдісімен жасалған нарықтық мәмілелердің үлесі өсіп, жылдың соңында 90% асты.

\* \* \*

Қазақстан қор нарығының аяғынан тұруының бірінші кезеңі артта қалды. Бұл іздену, сынақ көрү және қателесу, бірінші женістер мен жеңілістер, жеке сектор мен мемлекеттің бірлесіп жұмыс жасауының уақыты еді. Ақ парақтан басталған, нарық, оның әрі қарай дамуына қажетті, негізгі элементтерге иеленді: базалық заңнама және тәуелсіз реттеуші, бірінші әмбенттер мен институционалдық инвесторлар, кәсіби қатысуышылар мен бірыңғай әмбебап биржалық алаң.

2000 жылдың қорытындысы бойынша KASE әсерлі нәтижелерге қол жеткізді. Ұйымдастырылған қаржы нарығының барлық секторларындағы жиынтық айналым еліміздің ЖІӨ 27,9% құрады. Биржадағы операциялар көлемдерінің өсімі нарық секторларының басым бөлігінде байқалды. Ең үлкен өмсім – 613,1% немесе 7,1 есе – ББҚ секторында тіркелді. Бұл өсім, ең алдымен, корпоративтік облигациялар нарығының динамикалық даму қарқынымен қамтамасыз етілді. ББҚ, биржалық айналымының кеңеюі репо операциялары көлемінің артуына ықпал етті, олар ББҚ-мен жасалған мәмілелердің жалпы көлемінен 16% және Биржадағы ББҚ қайталама нарығының көлемінен 18,6% құрады.

Тұқымдар егіліп, өсірілді. «Нөлдік жылдардың» берекелі түсімінің кезі келді...



ҚБВҚБ акционерлерінің жылдық жалпы жиналышы, 1995 жыл



Қазақстанның бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылардың семинары, 1997 жыл



KASE



# З тарау ӨСҮ ТРАЕКТОРИЯСЫ

МБҚ НАРЫФЫ: «ҚЫЗЫП КЕТУ» УАҚЫТЫ  
ЖӘНЕ АУЫРТПАЛЫФЫ

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫФЫ:  
«ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ СЕРПІЛІС» ТОЛҚЫНЫНДА

МАП САУДА-САТТЫҒЫНЫҢ СЕКТОРЫ:  
«СТРАТЕГТЕРГЕ» ФАНА ЕМЕС

АКЦИЯЛАР НАРЫФЫ: СКЕПСИСТЕН ЭЙФОРИЯГА ДЕЙІН

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ НАРЫФЫ:  
БАСТАЙДЫ Да ҰТАДЫ

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫФЫ:  
ТЕҢГЕНИҢ ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТІ

### 3 тарау.

## ӨСҮ ТРАЕКТОРИЯСЫ

Жаңа ғасырдың бірінші жылы қазақстандық экономиканың сенімді өсу сатысына анық қадам жасағанын көрсетті, ол 2007 жылға дейін созылды. ЖІӨ өсімінің орташа жылдық қарқыны бұл кезеңде 10% жетті, сондықтан көпте-ген сарапшылар оны «құнарлы жылдар» деп атайды.

Елдің инвестициялық ахуалы өте жағымды болды. Шетел инвестиациялары күркіреген өзенше құйылды<sup>1</sup>. Алада бұл ағындар, әдette, шетел қатысатын қазақстандық кәсіпорындардың акционерлік капиталына жіберілетін. Қарыз капиталының нарығы туралы айттын болсақ, мұнда оның қысқа мерзімді не-сиелеу жағына ауғаны анық байқалды, ал нақты экономика ұзак мерзімді қаржы-ландыруды қажет етті. Сұраныс пен ұсыныстың осы диспропорциясы нарықты басымдықтарды жаңартуға мәжбүрледі. Сол кезеңде Григорий Марченко бас-шылық еткен Ұлттық Банк ұзын ақшаны іздеуге көніл бөлді. Ишкі нарықта оның қайнар көзі өсіп келе жатқан ЖЗҚ активтері болды. Қазақстандық ЖЗҚ шетелдік заңнамаға сәйкес шығарылған қазақстандық борыштық бағалы қағаздардың ақырығы инвесторы ретінде әрекет ете отырып, шетелдік қарыз алу құнына да елеулі ықпалын тигізді.

Банктер белсенді түрде шетелден несие ала бастады, себебі капиталдың халықаралық нарықтарында қарыз алу құны төмендегей түсті. Мұнай құнының өсуі аясында еврооблигациялардың қазақстандық эмитенттеріне де қымбат емес, ұзын ақшаны ынталана бере бастады. Сондай-ақ мұнай секторының түсімі де артты.

Сонымен қатар отандық экономиканың үлгайған ақша ағының игеруге шамасы болған жоқ. Нәтижесінде оның қызып кетуінің алғашқы симптомдары анығырақ білінді. Бұл мемлекеттік бағалы қағаздардың мөлшерлемесі экономиканың даму деңгейіне де, оның тәуекелдеріне де, инфляцияның қарқынына де сай келмейтін деңгейге дейін төмендеген кезде мейлінше айқын байқалды. Бұл мәселе 2002 жылы айқын болды да, 2003 жылы республика алдындағы ши-еленіске мәселелеге айналды.

Ақшаны стерилизациялау технологиясы Қазақстанның монетарлық өкіметі үшін жаңа мәселе болған жоқ. Сірә, оның көлемі жаңа болған шығар. Сол сәтте экономиканың қызып кетуімен күресудің бірнеше әдісі ішінде екеуі ең қол-жетімді болып шықты: шикізат экспорттын түсken үстеме кірісті Қазақстанда 2001 жылдың мамыр айында норвег үлгісі бойынша құрылған Ұлттық қордың «жинақ сандықшасына» алу, сонымен қатар мемлекеттік институттардың, ең алдымен, Ұлттық Банктің жогары эмиссиялық белсенділігі. Экономиканың қызып кетуімен күресу әдісі ретіндегі әртаратандыруға көбірек уақыт, жаңа секторларды дамытуға дайын бизнес және бірден пайда болып, тиімді жұмыс істеп кете алмайтын көптеген басқа да нәрселер қажет еді.

Сипатталған жағдайларда Қазақстан бюджетінің тапшылығын қаржыландыру қажеттілігі күрт азайды, ал 2005 және 2006 жылдары ол тіпті профицитті бюджетке айналды. Сондықтан Қаржы министрлігінің нарықтағы жүргіс-тұрыс бағыты өзгерді – ол қайта-қайта жаңа МБҚ шығарылымын қысқартуға тырысты. Сонымен бірге болашакта нарық пен инвесторлардан айырылу тәуекелі және лайыкты қаржы бөлу объектілерін талап ететін үнемі өсіп жатқан зейнетақы активтерінің болуы Қаржы министрлігін өз борышын ұзартуға және арзандатуға назар аудартқызыды. Өсіпелі ақша массасымен бетпе-бет қалған Ұлттық Банк эмиссиялық белсенділікті күрт арттыруға мәжбүр болды, себебі оның басты мақсаты елдегі инфляцияны басқару еді. Ноталар талап етілмеген ақшаның инфляцияға қысым түсірмейу үшін оны нарықтан алып тастауға мүмкін берді.

Осылайша, артып келе жатқан салауаттылық аясында, «акша өзендей ағылған» кезде, Қазақстан экономикасында тәуекелдер мен үйлесімсіздік көбейе бастады...

## МБҚ НАРЫҒЫ «ҚЫЗЫП КЕТУ» КЕЗІ МЕН ОНЫҢ АУЫРТПАЛЫҒЫ

2001–2006 жылдары МБҚ түрінде шығарылған мемлекеттік борыштың динамикасы оның 1,6 млрд АҚШ долларынан 7,6 млрд АҚШ долларына дейін шамамен бес есе өскенін көрсетті. Жеті «құнарлы жыл» ішінде экономикалық жағдайдың әсерінен оның құрылымы, негізгі параметрлері және МБҚ эмиссияларының басымдықтары түбекегілі өзгерістерге ұшырады. Ақыр аяғында Қаржы министрлігі облигацияларын өз алаңында бастапқы орналастыра алған KASE бұл нарықтағы рөлі де тап осылай өзгерді.

### Өзекті инвестициялық құрал...

2001 жылдың басына қарай Қаржы министрлігінің бюджетті қаржыландыру үшін қарыз қаражатын тартудағы қажеттілігі біршама азайды. Әлемдік шикізат нарықтарының Қазақстан үшін жағымды конъюнктурасы қазынаға қажетті түсімдерді қамтамасыз етті.

Тәнгелік өтімділіктің өсу жағдайларында институционалдық инвесторлардың саны және олардың активтерінің мөлшері өсті, ал инвестиция обьектілерінің тапшылығы сақталып тұрды.

Бұл Қаржы министрлігіне орташа мерзімді облигациялар эмиссияларының көлемін біртіндеп ұлғайта отырып және нарыққа жаңа құралдарды шығара отырып, өз борышын ұзартуға қарай қайта құрылымдаумен айналысуга мүмкіндік берді. Қаржы министрлігі өз қағаздарына жоғары сұранысты пайдалана отырып, эмиссияланатын борышқа қызмет көрсету құнын жылдам төмендетіп, купондық сыйақы мөлшерлемесін бекіте алды.

Ақыр соңында Үлттық Банктің ноталары мен МЕКАМ бастапқы нарығы өзін-дік «депозиттік дүкенге» айналды, мұнда нарықтың кәсіпқой қатысуышылары ақшаны алдын ала белгілі кірістілік бойынша орналастыру үшін жүгінетін болды. ЖЗҚ қағаздарды орналастыруда өзара бәсекеге түсіп, осы арқылы олардың нақты кірістілігін теріс аймаққа қарай түсірді.

Мемлекеттік қаржы саласындағы тұрақтануды мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығында Қаржы министрлігімен 12,5 млрд теңге сомасына 2002 жылдың 29 желтоқсанында шығарылған МАОКО – арнайы өтемақылық қазынашылық облигациялардың пайда болу фактісі де дәлелдей алады. Бұл бұрынғы КСРО Қазақ республикалық жинақ банкінің шоттарында сақталған халық салымдарына өтемақы төлеу құралы болды. Қаржы министрлігі бұл облигацияларды өзінің қаржы агентіне – Халық банкінеш<sup>2</sup> тапсырды, ал ол 2003 жылдың 1 наурызынан бастап салымдардың қалдықтарын облигацияларға қайта рәсімдеуге кірісті. Осылайша, мемлекет азаматтар әл-ауқатының қамын ойлауға және рубльдегі салымдарды өтеуге ииетті екенін дәлелдеді.

МБҚ бастапқы нарығының есүі және өзгеруі негізінен ҚРҰБ эмиссияланған ноталары мен Қаржы министрлігінің орташа мерзімді МЕКАМ көлемінің үлғаяуы есебінен орын алды. Еурооблигациялар түріндегі егемен борыштың өсімін тоқтатты – үкімет МЕОКАМ эмиссияларын өсіріп, аразанырақ, әрі ұзағырақ мерзімге қарыз алу мүмкін болған ішкі нарықтың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сыртқы қарыз алушан бас тартудың белгіленген стратегиясын ұстанды. Бұл қайталама нарықтағы сатып алушы үшін еурооблигациялар кірістілігінің үздіксіз тәмендеуіне әкеп соқты. Бұл қағаздарды сыртқы нарықтағы аллокациясынан кейін бірден қазақстандық ЖЗҚ сатып алатын еді. Нәтижесі ретінде, тұрақты «қызып кету» жағдайларындағы осы МБҚ қайталама нарығы және Қазақстан еuronotalары мен америкалық МБҚ кірістіліктері арасындағы спрэд екпіндеп азайды да, қаншалықты қарама-қайши болып көрінсе де, теріс мәнге ие бола бастады. Бұған қоса, 2003 жылы теңгенің АҚШ долларына қарағанда нығаюы Қазақстанның егемен еурооблигациялары қайталама нарығының күрт қысқа-руына әкелді – бұл қағаздарды ағымдағы бағалар бойынша сату тиімсіз болды.

Кезінде кірісті болған құралдан айрылу, сондай-ақ Қаржы министрлігінің 2003 жылы МЕАКАМ мерзімінен бұрын сатып алуы зейнетақы активтерін басқа-рушылардың инвестициялық «аштығын» күштейтіп жіберді.

2003 жылдың 25 қыркүйегінен бастап ҚР Үлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 маусымдағы № 264 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызметті жүзеге асыру ережелері занды қүшіне енді. Бұдан былай активтерді басқарушылар, соның ішінде МЖЗҚ, басқаруындағы зейнетақы активтерін өз бетімен орналастыра алды, бірақ портфель әртраптандырылған болып, барынша сенімді мемлекеттік емес бағалы қағаздарды қамтуы тиіс еді.


Бір жағынан, бұл ең ірі қазақстандық зейнетақы қоры болып табылатын МЖЗҚ тарапынан Қаржы министрлігі мен Үлттық Банктің МБҚ деген сұранысты азайтуға әлеуетті мүмкіндіктері беретін еді. Бірақ іс жүзінде жаңа енгізілімнің нарыққа тигізген әсері болмаша болды. Екінші жағынан, бұл қаулы ЗАИБЖҰ алты айлық мерзімде олардың инвестициялық портфелиндегі акционерлері Қа-

заксттан Республикасының үйымдары ғана болып табылатын шетел эмитенттерімен шығарылған мемлекеттік емес облигацияларды (SPV («Special Purpose Vehicles»)<sup>3)</sup> сатуға өкім етті. SPV облигациялары ЖЭҚ кең таралғандықтан, оларды зейнетақы активтері есебінен сатып алуға тыым салу келесі жылдары КМ және ҰБ ішкі МБҚ сұраныстың өсуіне әкелді.

Қаржы нарығында банктердің үстем болуы МБҚ сатып алу-сату нарығындағы KASE биржалық үлесін біртіндеп төмендеді. Мысалға, 2001 жылы ол 64,8% құраса, 2002 жылы 57,8% дейін төмендеді, ал 2003 жылы 49,8%<sup>4</sup> дейін құлдырап төмендеді. Бұл KASE МБҚ сауда-саттығына қатысушылардан комиссиялық алымдар төлеңегеніне қарамастан орын алды. Бұл негізінен мемлекеттік облигациялардың банктердің қаржылық сызбаларына белсенді түрде тартылуына байланысты болды, себебі МБҚ жүргізілетін операцияларға салық салынбайтын еді. Бұндай мәмілелер, әдетте, биржадан тыс өткізілтін. Бұған қоса, Қаржы министрлігінің Бастапқы дилерлері тізімін көп жағдайда банктер ұсынатын. Тап осылар облигацияларды бастапқы нарықта женілдікті шарттармен сатып алып, одан кейін оларды биржадан тыс оқиғаларды қосқанда, басқа инвесторларға қайта сататын. Теңгенің артық өтімділігі жағдайының дамуы жаппай алаңдаушылық факторы болып қала берді және Қаржы министрлігіне шешілуі осы мемлекеттік органдың тікелей міндеттеріне жатпайтын мәселелерге көбірек назар аударуға тұра келді. Ол мемлекеттік бюджеттің кірісті бөлігін қаржыландыруда қыншылық көрмеген бола тұра, Үлттых Банкке – нарықты «артық» ақшадан стерилдеуде, ал инвесторларға қаржы құралдарының тапшылығы мәселесін шешуде көмектесуге мәжбүр болды.

ҚРҰБ теңгені тым нығаудан сақтауға және Қазақстанның ЖЭҚ ұзақ мерзімді тенгелік құралдармен қамтамасыз етуге көмектесу үшін МБҚ ішкі нарығын бел-

### **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕУРООБЛИГАЦИЯЛАРЫ: 2001–2007 ЖЫЛДАРДАҒЫ КАСЫП АЛУ-САТУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ОРТАША САРАЛАНГАН ОРТАША КІРІСТІЛІГІ МЕН КӨЛЕМІ)**



сенді турде дамыту қажеттілігі туралы қаржы министрі Ерболат Досаев<sup>5</sup> 2004 жылдың ақпан айында айта бастады. Бұл «аса маңызды» міндеп болды және оны Қаржы министрлігінің сыртқы қарыз алушан бас тартуы және Қазақстанның ішкі нарығына инфляция деңгейі бойынша индекстелген ұзак мерзімді (15–20 жыл) жинақ облигацияларын арнайы ЖЗҚ қажеттіліктері үшін шығару арқылы шешу үйфарылды. Бұған қоса, Қаржы министрлігі МБҚ нарығында облигацияларды орналастыратын Бастапқы дилерлер институтынан бас тартып, орналастырудың өзін KASE өткізу инетін білдірді.

2004 жыл бойы Қаржы министрлігі, Ұлттық Банк және KASE жыл бойы үлкен дайындық жұмысын жүргізді, оның нәтижесі ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 8 қыркүйектегі № 941 қаулысымен бекітілген және 1 қантардан бастап әрекет ете бастаған жаңа Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынашылық міндептемелерін шығару, орналастыру, қызмет көрсету және өтеу ережелері, сондай-ақ, Қаржы министрлігінің облигацияларын KASE орналастыру тартібін регламенттейтін биржаның ішкі құжаттар пакеті болды. Дайындық жүргізілгенше, үкімет өтімділіктің алынуын басқа тетік – ипотекалық несиелеуді дамыту бағдарламасы арқылы жүзеге асырды. Оған сәйкес Қазақстан ипотекалық компаниясы жиынтық номиналды құны 25 млрд теңгені құрайтын қамтамасыз етілген облигациялардың бес жаңа шығарылымын өткізді.

KASE технологиялық түрғыдан да, ұйымдастырушылық түрғыдан да МБҚ бастапқы сауда-саттығын өз алаңына көшіруге дайын болды – биржа сауда жүйесін түрлендіріп, МЕКАМ орналастыру бойынша сауда-саттық нәтижелері бойынша есеп айырысу рәсімдерін өзірледі. Оның үстінен Биржаның өзі жаңа енгізілімдердің бастамашысы ретінде әрекет етті. 2002 жылдың сәуір айында Қазақстан қор биржасына жетекшілік ете бастаған **Азamat Жолдасбеков** өзінің KASE екінші рет келгенін есіне түсіріп, бірден Қаржы министрлігінің облигацияларын биржада орналастыруға қол жеткізуге талпынғанын айтты, өйткені бұл қаржы институттарының есебінен облигацияларды дедалдардың сатып алуға дайын қатысушылардың санын ұлғайта түсіп, биржалық сауда-саттық көлемдеріне жағымды әсерін тигізуі еді. Бұған қоса, өтінімдерді жинаған кезде де, есеп айырысуды жүргізген кезде де ілгерішіл биржалық технологияларды қолдану мүмкін болды.

«Мен Қаржы министрлігіне бардым да, біз қазір Ұлттық Банк арқылы сатылатын мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруға арналған алаңды іске қосқымыз келеді, біз қағаздарды биржа арқылы сатудың нарықтық, айқын, өте жақсы игерілген тәсілдерін ұсынамыз деп айттым. Ойдағыдай болды – Қаржы министрлігі келісті. Ал бастапқы сауда-саттық бар жерде, қайталама сауда-саттық іске қосылуы тиіс. Кейінірек осы қайталама сауда-саттыққа біз репо операцияларын қостық. Дәлірек айтқанда, бұл операциялар одан бұрын іске қосылып, тетіктің өзі құрылып қойған. Бірақ онда бүтін бар, ертең жоқ болатын корпоративтік қағаздарды саудалау – бір іс, ал мемлекеттік облигацияларды саудалау – мүлде басқа іс. Сол кезден бастап қазіргі уақытқа дейін репо мен МБҚ секторы – биржадағы ең белсенді секторы»<sup>6</sup>.

Тарихи сәт 2005 жылдың 27 қаңтарында, Қаржы министрлігі Қазақстан қор биржасында ЖЗК арналған МЕУЖКАМ алғашқы орналастыруын өткізген кезде орын алды.

Жалпы алғанда, 2001–2006 жылдары МБҚ түрінде шығарылған Қазақстанның мемлекеттік борышының көбеюі жиғе республикалық бюджеттің мұқтаждықтарына емес, нарықтағы артық тенгелік өтімділікті байланыстыру және отандық институционалдық инвесторларға қолдау көрсету қажеттілігіне байланысты болды. Қаржы министрлігінің МБҚ ел ішіндегі активтердің елеулі көлемі үшін «мәжбүрлі инвестициялау құралдарына» айналды, бұл көбінесе осындағы көлемде басқа ешбір жерге инвестициялау мүмкін емес болған зейнетақы қорларының активтеріне қатысты болды – корпоративтік сектор құралдардың инвестициялық сапасының қажетті деңгейін қамтамасыз еткен жок. Нәтижесінде, 2006 жылы бюджеттің тұрақты профицитіне қарамастан, Қаржы министрлігі шығарған борыштың жалпы көлемі 2001 жылғы 1,47 млрд көрсеткішінен 2006 жылы 3,3 млрд АҚШ долларына дейін немесе 2,3 есе өсті.

2007 жылдың соңында қарай бюджеттің жетіспеушілігін қаржыландыру қажеттілігі күн тәртібіне оралды, бұл Қаржы министрлігін өз бағалы қағаздарының инвесторлар үшін тартымдылығын арттыруға мәжбүр етті. Орта- және ұзак мерзімді МЕКАМ мөлшерлемелері бастапқы нарықта 300–400 базистің нүктеге көтерілді, ол несиелік дағдарыспен және инфляцияның өсу қарқынымен шарттарлған болатын.

## ...және күту құралы

Артық тенгелік өтімділікпен қуресе отырып, 2006 жылы өз борышының көлемін 35 еседен астам – 0,12 млрд көрсеткішінен 4,21 млрд АҚШ долларына дейін арттыруға мәжбүр болған Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталары көлемінің динамикасы әлдеқайда қайғылы болып көрінді.


Ішкі нарықта экспорттаушылардың валюталық түсімін сату көлемдерінің өсүі тенгенің Қазақстанның негізгі сауда-саттық серіктес елдерінің валюталарына, сондай-ақ АҚШ долларына шаққандағы тенденстірліген нақты айырбас бағамын сақтап қалу үшін Ұлттық Банктің ұлттық валютаны сатып алу қажеттілігіне әкелді. Экономиканың нақты секторы осылайша айналысқа шығарылған тенгенің жылдам қорыта алмады. Қалыптасқан жағдайда инфляциялық тәуекелдерді азайту үшін және отандық институционалдық инвесторларды еркін ақша салу объектілерімен қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк әмиссиялық белсенділік-ті құрт арттыруға мәжбүр болды. Нotalар шығарылымының көлемі арифметикалық прогрессияда өсті. Жеке жылдары МБҚ түрінде шығарылған мемлекеттік борыштың жартысы ҚРҰБ өтелмеген ноталары болып табылған бірегей жағдай қалыптасып отырды. Ұлттық Банктің іс-әрекеттері Қаржы министрлігінің жаңа облигацияларды айналысқа жүйелі түрде шығармайтынымен түсіндірілді, сондықтан оған нарықты еркін тенгеден стерилдеумен біршама жиғе және әлдеқайда қысқа мерзімдерде айналысуға тұра келді.

2002 жылдың 21 ақпанынан бастап ҚР Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу ережелері<sup>17</sup> алдыңғы редакциямен салыстырғанда айтарлықтай қайта өндөлген, жаңа редакцияда әрекет ете бастады. Осының арқасында эмитент бастапқы нарықта өз мүмкіндіктерін кеңейтті, атап айтқанда, ноталарды мерзімінен бұрын өтеуді заңдастырды. Негізінен ноталарды орналастырудың бес жылдық тәжірибесін ескеретін жаңа ережелер Ұлттық Банкке ақша агрегаттарының өзгерістеріне бірталай жедел жауап беру мүмкіндігін берді, алайда нарықта қалыптасқан тәртіпті түбебейлі өзгерткен жоқ.

2003 жылдың 31 мамырынан бастап ҚХБ Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі № 109 қаулысымен бекітілген ҚР Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу ережелеріне өзгертулер мен толькытурулар занды күшіне енді, оларға сәйкес ноталардың 91 күнди құрайтын максималды айналыс мерзіміне шектеу алып тасталды. Нәтижесінде Ұлттық Банк нарық, конъюнктурасының өзгерүіне жедел жауап қайтара отырып, өз борышын тиімдірек басқара алды, сонымен қатар «ұзыннырақ» қағаздардың әмиссиясы есебінен қарыз алу көлемін айтарлықтай ұлғайтты.

Аукциондарда сатылатын ноталардың безбенделген орташа мерзімінің үзару беталысы «құнарлы жылдардың» бүкіл кезеңі бойы байқалғанын айтып өткен жөн: бұл көрсеткіш 2001 жылғы 65 күннен 2002 жылы 78 күнге дейін, 2003 жылды 155 күнге дейін өсіп, 2004 жылы 244 күнге жетті. Мысалға, Ұлттық Банктің қағаздарына сұраныс деңгейі әмитенттің 2003 жылы өз ноталарының жеке орналастыруларында 20 млрд астам теңгені тартқанын көрсетеді, ал ноталардың бір орналастырылған шығарылымының орташа көлемі тап осы жылы 5 014 млн теңgedен астам болды. Бұл ретте, аукциондарда сатылатын қағаздардың нақты кірістілігі инфляцияның ағымдағы деңгейімен салыстырғанда төмен болған.

### **МБҚ ТҮРІНДЕ ШЫҒАРЫЛГАН ҚАЗАҚСТАН БОРЫШЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ, КЕЗЕҢНІҢ СОҢЫНДА БОРЫШТЫҢ НОМИНАЛДЫ ҚӨРІНІСІНДЕ**



Ұлттық Банктің айналыстағы борышы құрылымының өзгеруі қайталама биржалық нарыққа да ықпалын тигізді. Инвесторлар ең қысқа «күту құралы» ретіндегі осы қағаздарға көп активтер салды. Банктердің аукциондарда сатып алынған осы ноталарды орналастырудан кейін бір-үш күн ішінде зейнетакы нарығының субъектілеріне қайта сатуы ең кең таралған операция болды. Бұл ретте баға айырмасы болмаша болды және сатып алушы үшін облигациялардың кірістілігін өтеуге қатысты дерлік өзгерткен жоқ, алайда сатушы үшін кірістілік өте жоғары болды.

Әйтсе де, Қаржы министрлігінің МБҚ болған жағдайда сияқты, «сатушы» нарығы Ұлттық Банкке ойын шарттарын ұсынуға және өз ноталарының кірістілігін үнемі төмендетуге мүмкіндік берді. Әсіресе, бұл соншалықты көлемді борышқа қызмет көрсету 2004 жылдың қорытындылары бойынша бірнеше жыл ішінде алғаш рет ҚРҰБ залалдарына әкеп соққан кезде айқын білінді. Осылан орай, орталық банк қызмет көрсету құнын арзандату үшін өзі орнатқан ақша нарығының индикативтік мәлшерлемесін елемей, сұранысты белсенді турде қолданды. Егер 2001 жылы қысқа мерзімді ноталар бойынша безбенделген орташа тиімді кірістілік жылдық 8% құраса, 2005 жылы ол 2,31% дейін төмендеді.

Тап осы 2005 жылы мұнай бағаларының жалғасып жатқан өсуі, АҚШ доларының теңгеге шаққандағы тұрақты, кейде төмендейтін бағамы, сонымен қатар азаматтардың әл-ауқатының артуы аясында жеке тұлғаларды валюталық несиелеу көлемінің өскені анық біліне бастады. Бұл өсу халықтағы валюталық өтімділіктен және валюталық депозиттердің динамикасынан әлдекайда жоғары болды. Банктер шетелдегі арзан ақшага еркін қолжетімділікке ие бола тұра, халықтың валюталық кірістері олардың несиeler бойынша болашақ төлемдерін өтемейтінін түсіне отырып, валютада несиелеуді көбейте түсті. Валюталық тәуекел жете бағаланбады да, мемлекет банктерді осы тәуекелге көбірек көніл бөлүгे мәжбурлеуді шешті. 2005 жылдың 30 мамырында Парламенттің төменгі палатасында сөз сөйлеген Қаржы министрі Арман Дунаев<sup>8</sup> таяуда сыртқы қарыз алу көлемін шектеу мақсатында екінші деңгейдегі банктерге қойылатын резервтік талаптарды арттырумен байланысты шарапалардың қолданылатыны туралы мәлімдеді. Жаңа ережелер сактық қорда сактаудың өзгермейтін нормасы (ағымдағы міндеттемелердің 6%) кезінде 1 қазаннан бастап занды құшіне енетіні жөнінде 16 маусымда белгілі болды. Тап сол кезде ҚРА басшысы Болат Жәмішев<sup>9</sup> жаңа енгізілімдердің мәнісін түсіндіріп берді, оларға сәйкес банктердің резервтік талаптарын есептеуге арналған база оған сыртқы міндеттемелерді қосу арқылы кеңейтіледі. Бұл ретте бұның алдында көзделген ҚРҰБ төленетін салымдар, Ұлттық Банк ұсынған «овернайт» несиelerі және тазартылған алтын резервтік активтерден шығарылады. Сонымен қатар резервтік активтердің жаңа тізбесі қолма-қол тенгени және Ұлттық Банктің коршоттарындағы ақшаны қамтитын болды. Реттеушілердің пікірі бойынша, осының бәрі казақстандық банктер үшін сыртқы қарыз аудың тартымдылығын азайтуы тиіс еді.

Нарық алынған ақпаратқа 2005 жылдың маусымында және ішінара шілдесінде, яғни жаңа ережелерді қабылдаудан (1 қазан) бұрын америкалық валютаға сұраныстың күрт артуымен жауап қайтарды. Бұл Ұлттық Банкке есептік мәлшерлемелер, ақша нарығындағы нақты мәлшерлемелер арқылы, сондай-ақ ЕДБ қойылатын резервтік талаптарды өзгерту арқылы нарықты реттеп көруге

мүмкіндік берді. Ақыр сонында 2005 жылы Ұлттық Банктің МБҚ нарығындағы нетто-қарыз алу сальdosы минус 250 млрд теңгені құрады.

Алайда келесі жыл осы жетістікті «жоққа» шығарды – Ұлттық Банктің өтелмен-ген борышының көлемі 4,1 млрд АҚШ долларына дейін 3,5 есе артты, сонымен бірге қысқа мерзімді ноталардың тиімді кірістілігі біртіндеп көбейіп, желтоқсан айының соңғы аукционы бойынша ол жылдық 4,41% құрады. Ал 2007 жылы нарық, пен мемлекетке мұлде басқа мәселелерді шешуге тұра келді. Басымдықтар қаржы жүйесіндегі өтімділікті сақтауға қарай ығысты. Бұл Ұлттық Банкті өз облигацияларын қайтала марапаттауда анықталған болып, оларды мерзімінен бұрын өтеуге мәжбүр етті. Нәтижесінде Ұлттық Банктің айналыстағы борышының құны 2007 жылғы тамыз айындағы 7 млрд АҚШ долларынан желтоқсан айында 2 млрд АҚШ долларына дейін төмен түсті.

## Муниципалды облигациялар: бірінші акт

2000-шы жылдардың басында KASE Қазақстанның жергілікті атқарушы, қаржыгерлер «муниципалды» деп атаған, органдарының облигацияларының тұнғыш пайда болу толқыны етті.

Әкімдіктер облигацияларды шығару арқылы қарыз алу тәжірибесін анағұр-лым ерте алып қойғанын айтып өткен жөн. 1996 жылдың 18 наурызында Павлодар облысының 1995–1997 жылдардағы «Халықты әлеуметтік қолдау» атты алғашқы облыстық қарыз шығарылымының бірінші сериясы орналастырыла бастады. Жалпы көлемі 100 млн теңгені құрайтын облигациялар эмиссиясының андатпасы Қаржы министрлігінде № 001 астында тіркелген. Бұл қағаз түрінде шығарылған және үйімдастырылған биржалық нарықтан тыс орналастырылған, мағлұмданатын кірістілігі жылдық 35% мөлшерінде болған, номиналы 1 000 тең-гені құраған купондық облигациялар болды.

Жергілікті атқарушы билік органдарының (ЖАО) борыштық қағаздарының биржалық тарихы 1999 жылдың 29 маусымында, Маңыстау облысы әкімдігінің муниципалды облигациялары KASE айналысына жіберілген кезде басталды. Бұл аукционды – мамандандырылған деп атапталып сауда-саттықты үйімдастыру жолымен KASE сатылған алғашқы бағалы қағаздар және биржада айналысқа жіберілген алғашқы қазақстандық муниципалды бағалы қағаздар болды.

Осы уақытқа қарай ЖАО Өңірлік инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру үшін бағалы қағаздарды шығару құқығы «Бюджеттік жүйе туралы»<sup>10</sup> Заңмен, кейінірек «Мемлекеттік және мемлекет кепілдігі берілген қарыз алу және борыш туралы»<sup>11</sup> Заңмен бекітілді.

Биржалық нарықтың жаңа сегментінің үйімдастырушылық негіздері екі нормативтік құжат түрінде қаланды: 1999 жылдың 21 маусымында KASE мүшелерінің жалпы жиналышында және 29 маусымдағы № 358 БҚҰК қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік бағалы қағаздарды биржада айналысқа жіберу ережелері» және «Бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру бойынша аукциондарды өткізу ережелері». Ал әкімдіктердің KASE алаңына шығуының басты триггері 1999 жылғы 24 маусымдағы № 36 БҚҰК қаулысы болды, ол Қазақстанның жергілікті атқарушы орган-

## KASE ЛИСТИНГЛІК КОМИССИЯСЫ ЖӘНЕ БИРЖАДАҒЫ ЛИСТИНГ

Биржада айналысқа рұксат алу және биржаның ресми тізіміне енгізу үшін бағалы қағаздар листинг процедурасынан өтуі тиіс. Бұл процедуралық колданысы барлық уақытта да маңызды болған. Бірақ Қазақстанның қаржы нарығының калыптасуы кезеңінде бұл процедура ерекше маңызы зор болды, себебі нарықтың реттеуі босаң еді, және листинг инвесторлар үшін рейтинг сымак болған. Бұған коса, листинг өткен кезде биржаның мамандары әмитентпен және қаржылық кенесшімен қарым-қатынаста болып, әмитент үйренбекен болса, шын мәнінде, әмитентті үйымдастырылған нарыққа шығу бойынша оқыту жргізілді.

2007 жылға дейін Биржадағы листинг, делистинг және бағалы қағаздардың санатын ауыстыру Биржапалық кеңестің құзіретіндегі болған. Листингтің мақсаттары үшін әмитент немесе биржа мүшесі (олардың рұқсаттама бастамашысы деп атайды) ұсынған құжаттарды KASE құрылымнан тыс алқалық органды – Листинглік комиссия тексереді. Осы комиссия бағалы қағаздардың және олардың әмитенттің листинглік талаптарға сәйкестігі туралы тұжырым дайындауды, сондай-ақ Биржалық кенеске әр нақты бағалы қағаз бойынша, олардың листинглік талаптарға сәйкестігінен және осы бағалы қағаздардың тәуекелінен шыға отырып, нұсқаулар берген.

2006 жылы Биржалық кеңестің мүшелері листинг, делистинг және бағалы қағаздың санатын ауыстыру сұраптары бойынша өкілеттілікті Биржалық кеңестен Биржаның қандай да бір басқа органына беру туралы сұрап көтерілді. Басқа биржаларды тәжірибесін зерделегеннен кейін, Листинглік комиссия беру, бірақ оның функциясы өзгерту ұсынылды. Листинглік комиссия бүрінғайдалы алқалық орган болып қалады, бірақ құжаттарды тексермеліді және тұжырымдар дайындаімайды, тек жоғарыда аталған сұраптар бойынша шешім қабылдайды. Осы органының құрамына Биржалық кеңестің (кейін – Директорлар кеңесінің) мүшелері, реттеушінің өкілі және, листингке жетекшілік ететін, KASE Баскармасының мүшесі кіретін болды.

Листинглік комиссияның осы күйіндеғі құрамы Биржаның бастамасымен 2007 жылдың басында «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының 84 бабында, ал Листинглік комиссияның құрамы – реттеушінің нормативтік құқықтық актіндегі анықталып, осы құжатқа сәйкес KASE Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі. Бағалы қағаздардың листингі мақсатында осы бағалы қағаздардың және олардың әмитенттерінің листинглік талапқа сәйкестігі туралы тұжырымды дайындау және Листинглік комиссияның отырыстарын ұйымдастыру KASE Листинг департаментінің құзіреттілігіне жатқызылатын болды.

Бастапқыда Листинглік комиссия кемінде тоғыз мүшеден, содан кейін – кемінде жеті адамнан тұруы тиіс болған. 2017 жылдың наурыз айында осы нормативтік құқықтық актіге түзетулер енгізілді, комиссияның саны мен сапасы өзгерілді. Листинглік комиссия кемінде бес мүшеден тұруы тиіс, ал оның құрамы KASE Баскармасының, Директорлар кеңесінің және Қазақстан қаржыгерлерінің ассоциациясының өкілдерінен қалыптастырылады. Осы күйінде Листинглік комиссия осы күнге дейін қызмет етеді.

Листинглік комиссияның маңыздылығын асура бағалау мүмкін емес, асіресе бағалы қағаздарды зейнетқақтық активтер есебінен сатып алуға рұқсаттама туралы шешім қабылданған жылдарды. Басынан бастап осы органға тұрлі, көп жағдайда өзара бәсекелес қаржы-өндірістік топтар өкілдерінен сайланатын, бұл обьектівті шешім қабылдауды тіпті мүмкін емес ететін. Листинглік комиссия қалыптастып келе жаткан Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында шынайы нарықтық институтқа айналып, осы күнге дейін маңызын жоғалтқан жок. Листинглік комиссияның әр мүшесі өзі аткаратын ролін түсінеді, себебі компанияның және оның бағалы қағаздарының ресми түрде сәйкестігі көзінде де, осы бағалы қағаздардың инвестициялық сапасының төмендігіне немесе әмитенттің орынсыз жоғары тәуекеліне сенімді болған жағдайда, комиссия мүшесі қарсы дауыс беруге құқылы.

дары шығарған МБҚ – KASE сауда жүйелерінде айналысқа рұқсаттаманы, ал ЗАБҚ өздері оларды зейнетақы активтері есебінен сатып алуға БҚҰК директорының рұқсатын алыу шартымен ЗАБҚ осы қағаздарға инвестициялау мүмкіндігін берді.

Биржада тіркелу фактісі бойынша автоматты түрде биржаға жіберілген басқа МБҚ қараганда, муниципалды қағаздарды KASE сауда-саттықа жіберу үшін арнайы рәсім әзірленді және енгізілді. Бұл нарық та, реттеуши де бір жағынан – Қаржы министрлігінің және Ұлттық Банктің МБҚ, екінші жағынан муниципалды облигациялардың инвестициялық сапасындағы айырмашылықтарды түсінімеп түсіндірілді. Жергілікті атқарушы билік органдарының облигациялары мемлекеттік мәртебесіне қарамастан, нарықта қатысушылардың пікірі бойынша, объективті себептер бойынша, субъективті себептер бойынша да анағұрлым көп инвестиациялық тәуекелді көрсетті.

Листинглік комиссия муниципалды МБҚ KASE айналысқа жіберген кезде муниципалитеттің қаржылық жай-күйі туралы ақпаратты барынша толық ашу мақсатында әкімдіктер ұсынған материалдарға ерекше көңіл бөлді. Сонымен бірге биржа KASE мен «ИРБИС» агенттігіне қолжетімді барлық ақпаратты тарату инфрақұрылымын қолдана отырып, қоғамды жобалардың инвестиациялық, меморандумдарымен таныстыруды. Бұндай тәсілдеме ақпараттық айқындылықты, тәуекелдердің, тәуелсіз сараптамалық бағалауын ұйымдастыруды қамтамасыз етті және Қазақстандағы инвестиациялық жобалардың алғашқы мүқият, әрі ашық талқылауы болып табылды.

Сонымен, Маңғыстау облысының облигацияларын KASE сауда жүйесінде орналастыру бойынша бірінші аукцион 1999 жылдың 7 шілдесінде өткізілді, бірақ Қаржы министрлігі оның нәтижелерінің күшін жойды, себебі инвесторлар тым жоғары кірістілікті мәлімдеді. Іс сәтсіз басталғанына қарамастан, есесіне ол KASE осындағы аукциондарды өткізуге толық технологиялық әзірлігін көрсетті. Бастапқы орналастырудың екінші талпынысы 28 шілдеде жасалды және сәтті болып шықты, жылдық қағаздардың кірістілігі өтеуге қатысты жылдық 14,71% құрады.

2000 жылдың басына қарай биржалық аланда жергілікті атқарушы органдардың МБҚ орналастыру бойынша нәтижелі үш аукцион өткізілді: аталған Маңғыстау облысының облигациялары, сонымен қатар Алматы және Астана қалаларының қағаздары. Олардың бәрі тенгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамының өзгеруі бойынша индекстелді, себебі олардың номиналды құны 100 АҚШ доллары болды және оларға ағымдағы бағам бойынша тенгемен қызмет көрсетілді. Өткізілген эмиссиялардың жалпы сомасы номиналды қөріністе 7 824 мың АҚШ доллары бағамасына немесе тарту сомасы бойынша 949 662,1 мың тенгеге тең болды<sup>12</sup>.

2000 жыл «тыныс жасау» уақыты болып шықты. KASE сауда жүйесінде Атырау облысының облигацияларын орналастыру бойынша жалғыз ғана аукцион (7 шілде) өткізілді.

Муниципалды облигациялардың қайтала маңызынан оңша қуантпады. KASE жалпы сомасы 483,4 млн тенгені құрайтын 36 580 облигациямен барлығы 28 мәміле жасалды, бұл МБҚ жалпы биржалық айналымының 0,108% ғана құрады.

Алайда биржа осы нарықтың будан әрі жаңдандыруды көздеді, себебі тап осы жылдың соңында және 2001 жылы Қазақстанның өнірлері алғаш рет әлемнің жетекші агенттіктерінен несиелік рейтингтер алды, болашақ жоспар-

ларын анонстады. Биржа күте отырып, сервисті жетілдірге кірсті. 2000 жылдың 15 тамызынан бастап жаңа нормативтік құжат – «Жергілікті атқарушы органдар облигацияларының маркет-мейкері мәртебесіне ие «К» санатындағы KASE мүшшелерінің міндеттері мен құқықтары»<sup>13</sup> заңды құшіне енді, ал 25 қыркүйек қүні осы қағаздар бойынша маркет-мейкердің міндетті түрде бар болу ережесі енгізіліп, міндетті листинглік алым белгіленді.


Муниципалды облигациялар нарығын кеңейтуге инвесторлар да дайын болды. Банктердің ресурстық базасының және Қазақстанның жинақтаушы зейнетакы қорлары активтерінің үздіксіз өсуі, бір жағынан, муниципалды облигацияларға сұраныстың пайда болуын, екінші жағынан, оларды салыстырмалы тәмен мәлшерлеме бойынша орналастыру мүмкіндігін алдын ала айқындал берді.

Нәтижесі ретінде, 2001 жылы атқарушы органдар орналастырган бағалы қағаздардың көлемі номиналды құны бойынша 2000 жылдың сәйкес көрсеткішінен – 8,5 есе, 1999 жылдың сәйкес көрсеткішінен 4,9 есе астам болды. Нарықты капиталдандыры 38,7 млн АҚШ долларына жетті. Қарыз алу мерзімдері айтарлықтай ұзарды, нәтижесінде 2001 жылы биржада орналастырылған барлық бес шығарылымның эмитенттері (солардың ішінде жаңадан келген Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі) борышқа қызмет көрсетудің дисконттық тетігінен гөрі купондық тетікті артық көрді. Қызмет көрсету құны 1999 жылмен салыстырғанда (девальвацияны ескергенде) екі есеге жуық тәмендеді.

Бастапқы орналастыру кезінде муниципалды облигациялардың негізгі сатып алушылары екінші деңгейдегі банктер болды (70,3%), ал ЗАБК екінші орынды ғана иеленді (16,5%).

2001 жылы бұл қағаздардың қайталама нарығында да айқын ілгерілік байқалды. Мәмілелердің жалпы сомасы (repo операцияларын қоспағанда) 22 014,1 млн теңгені құрап, алдыңғы жылға қарағанда 43 есе артты. Алайда оның биржа-

### **1999–2005 ЖЫЛДАРДАҒЫ КАПИТАЛДАНДЫРУ ДИНАМИКАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МУНИЦИПАЛДЫ ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (КЕЗЕҢНІҢ СОҢЫНДА)**



лық сегментінің көрсеткіштерінің әсерлілігі әлдеқайда аз болды – KASE сауда жүйесі арқылы көлемдік көріністе мәмілелердің 20,4% ғана жүргізілді, ал қалғандары биржадан тыс жасалды.

2002 жылы Астана қаласының және Шығыс Қазақстан облысының әкімдіктері шығарған жаңа төрт әмиссия облигациялары KASE айналысқа жіберу рәсімінен өтті. Алайда барлық алдынғы шығарылымдарға қарағанда, жаңа төрт облигациялардың біреуін де ЖЭЗҚ зейнетқы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілmedi. Бұл үкіметтің осындай қарыз алу түріне көзқарасын қайта қарауына байланысты болды. Атап айтқанда, КР бірінші қаржы вице-министрі Қайрат Келімбетов<sup>14</sup>, үкімет отырысында сөз сөйлей отырып, Қазақстанның қаражат тарту қымбат болғандықтан, жергілікті атқарушы органдардың қарыз алу көлемін қысқартуға ниетті екенін айтты.

Белгі беріліп, 2002 жылы, бір жағынан, жергілікті атқарушы органдардың әмиссиялық белсенділігі төмендеді, екінші жағынан, бастапқы нарықта муниципалды облигацияларға сұраныс азайды. Орналастыруға ұсынылған облигациялардың кірістілігі Қаржы министрлігінің қысымы астында өте төмен болды және инвесторлардың пікірі бойынша, әмитенттердің өнірлік инвестициялық бағдарламаларының шарттарынан туындағыны объективті жоғары инвестициялық тәуекелдердің орнын толтырмады.

Муниципалды қағаздардың биржалық қайталама нарығы да күрт тарайды. Бұкіл жыл ішінде 85,3 млн теңге (2001 жылы 3 087,7 млн теңге) сомасына үш мәміле ғана жасалды. Елеулі қысқаруды негізінен ЗАБК муниципалды облигациялармен жұмыс істеуге қызығушылығын жоғалтқаны тудырды.

Бұл беталыстар 2003 жылы да жалғасты. Нарыққа муниципалды облигациялардың жаңа екі шығарылымымен бірге оң несие тарихына ие, тексерілген әмитенттер ғана шықты. Алайда шығарылған облигацияларды ЖЭЗҚ активтері есебінен сатып алуға КРҰБ рұқсатын Атырау облысының төртінші әмиссия бағалы қағаздары жөніндегі қаржы кеңесшісі ала алды.

Биржа өзінің жылдық есебінде 2004 жылды «қазақстанның муниципалды облигациялар нарығының қандай да бір дамуы туралы айтуға болатын соңғы жыл» деп атады. Әкімдіктер бұның алдында шығарылған қағаздарға қызмет көрсету және өтеу бойынша өз міндеттемелеріне мүқият қараса да (2002 жылы Атырау облысында облигациялар бойынша төлемеқиңін тәуліктік, бір реттік, нағыз техникалық кірірту ерекшелік болды), үкіметтің осы бағалы қағаздарға көзқарасы жағымсыз жаққа қарай өзгере бастады. Бұл 2005 жылдың 1 қантарынан бастап әрекет ете бастаған КР жаңа Бюджеттік кодексіне де ықпалын тиғізді, оған сәйкес жергілікті атқарушы органдар қарыз алууды бұдан былай Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыз алу түрінде ғана жүзеге асыруы тиіс еді. Іс жүзінде, бұл муниципалды облигацияларға тыйым салынғанын білдірді.

Сондықтан 2004 жылы олар KASE орналастырылмады, тіпті айналыста қалған сегіз шығарылымның ішінде екеуі өтеді. Нәтижесінде муниципалды облигациялар нарығын жалпы капиталдандыру номиналды көріністе 2004 жылы – 19,2%, ал 2005 жылы (тағы екі шығарылым өтелгеннен кейін) 25,8% азайды.

Осымен биржалық муниципалды қағаздар нарығы тарихының бірінші актісі аяқталды, ал бірнеше жыл өткен соң – 2010 жылы ол жаңа деңгейде өз жалғасын тапты.

## КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫФЫ: «ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ СЕРПІЛІС» ТОЛҚЫНЫНДА

2000 жылдың басы басталған «Облигациялық серпіліс» «құнарлы жылдары» қарқынды түрде дамыды. Келесі алты жыл бойы корпоративтік облигациялар нарыфы (бастапқы нарыфы да, қайталама нарыфы да) Қазақстан қор нарығының ең серпінді сегменттерінің бірі болып қалған еді. Эртүрлі кезеңдерде, экономикалық жағдайға, мемлекеттің ақша-несие саясатындағы және сыртқы конъюнктурадағы өзгерістерге жауап қайтарғанда, оның ойыншыларының мінезд-құлғығы мен артықшылық беретін жайттары ерекше болғанымен, соңшалықты екпінді өсідің басты қозғайтын күші жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық әлеуетінің нығайғаны болды.

Қазақстандықтардың аударымдарымен жүйелі түрде толтырылатын ЖЗҚ активтерін үнемі бір жерге, ақылға қонымды тәуекелмен салып отыру қажет болды және үл тұрғыдан корпоративтік облигациялар, бір жағынан, кепілді кірістің түсінің дәмелендірген, екінші жағынан, Қазақстанның егemen облигацияларына әжептәуір сыйлықақыны ұсынған оңтайлы құрал болды. Бұған қоса, ақша тікелей немесе банктер арқылы нақты секторға жіберілді. Үл «А» санатындағы KASE ресми тізімінің кеңеюіне тиісті түрде әсерін тигізді.

### **«CBonds» АА және KASE**

«Облигациялық серпіліс» сол уақытта Қазақстанның Ресейді нарықтың осы секторы бойынша айтартылғатай басып озуына жеткізді, және осы тәжірибе ресейлік әріптестерді қызықтырмай қоймады. 2002 жылдың ресейлік ақпараттық агенттірі (сол кезде көпшілігіне түсінікті болмаған облигациялар нарыфы бойынша ақпараттар ұсыну бойынша маманданған) «Сбондс.ру» ЖШҚ басшысы және иесі Сергей Лялин әрі иесі Сергей Лялин бағалы қағаздар нарығының қасиеттің қатысуышларының Ұшінші ыстық Қөл халықаралық конференциясына мейман болып келді. Осы сәттен бастап «CBonds» агенттігінің еншілес «ИРБИС» АА ынтымақтастық, басталды. Облигациялар нарыфы бойынша ақпарат алмасу реттеліп, KASE өкілдері, «Сбондс.ру» ЖШҚ, түрлі елдерде үнемі өткізетін, ТМД және Балтық елдеріндегі облигациялық конгресстерге қатыса бастады. 2003 жылдан бастап «Сбондс.ру» ЖШҚ, бастап KASE ақпаратын тарату бойынша ресми вендоры болып, көлісім-шарттың бір тарабыға болып қоймай, ынтымақтастықты кеңеуту әрдайым өзір, серікteske айналды.

KASE және «CBonds» бірлесіп үйімдастырған және серікtes болған, Қазақстанда бірқатар іш-шаралар жүзеге асырылды, соның ішінде ТМД елдерінің Облигациялық конгрессі (2005 жылдың мамыры, Алматы), Қор нарығына қатысуышларды қазақстандық конгрессі (2008 жылдың наурыз айы, Алматы) және ТМД және Балтық елдерінің XV облигациялық конгрессі (2018 жылдың 31 мамыры–1 маусымы, Астана).

## Жоғарылай тұсу...

Жалпы алғанда 2001 жылдың басынан 2006 жылдың сонына дейінгі кезең ішінде KASE айналысқа қолжетімді корпоративтік борыштың көлемі 70 (!) есе – 25,7 млрд теңgedен 1 788,6 млрд теңгеге дейін өсті. Қурделі пайзызы (CAGR) есепке алғанда, бұл қөрсеткіш орта есеппен жыл сайын екі есе артып отырды. Біртіндеп өркениетті биржалық нарықта бәрі – шикізат алыптары да, монополисттер де, орта өнеркәсіптік қасіпорындар да және әрине, банктер де бондтарды шығару арқылы қор жинаудың тиімділігін бағалағы. Эмитенттердің және олардың KASE облигацияларының ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздарының саны қарқынды түрде өсті (2001 жылдың басындағы 22 бастап 2007 жылдың сонындағы 89 дейін және тиісінше 24 бастап 230 дейін), ал ертерек шығарылымдар қосымша немесе жаңа орналастырулармен өтеді.

Алайда бондтардың ресми тізімінің салалық құрылымы біртіндеп өзгере бастады: Қазақстан мен оның «көйлір фишкалары» шикізаттық коньюнктураның арқасында сыртқы қаржы нарықтарына жағымды болды да, ірі қәсіпорындар шетелден жиі қарыз ала бастады, ал KASE орташа деңгейлі компаниялардың эмиссиялық белсенділігі олардың инвестициялық бағдарламаларының капитал сиындылығымен шектеулі еді. Сол уақытта банктер орташа мерзімді облигациялық қарыздарды экономиканың нақты секторын, құрылым саласын және халықты несиелеу мерзімдерін ұзарту және арзандату үшін қуана-куана қолданды. Сонымен бірге тәртіптелген облигацияларды орналастыру (әсіресе, алғашқы жылдары) өршіл банк ойыншыларына Ұлттық Банктің капиталданыру деңгейі жөніндегі талаптарын орындауға мүмкіндік берді. Нәтижесі ретінде, 2001 жылы екінші орыннан бастаған (мұнайшылардың 48,2% қарсы 37,7%) банктер 2007 жылы өз үлесін номиналды көріністе 87,5% дейін көбейтіп, тез арада KASE корпоративтік борыш құрылымындағы сөзсіз көшбасшы атанды.

## Зейнетақылық шаңсорғыш

Корпоративтік облигацияларды капиталданырудың өсүіне шешуші әсерді бағалы қағаздардың тізімдеріне жаңа бондтарды енгізу тигізді. Мысалға, 2001 жылы KASE орналастырылған корпоративтік борыштың артуы жаңа шығарылымдардың дәл осы «A» санаты бойынша листинг рәсімінен өті арқылы толығымен қамтамасыз етілді деуге болады. Зейнетақы активтеріне рұқсаттама алу мүмкіндігінің еліктірігендегі соншалық, тіпті қатаң талаптар да еш қорқытпады. «A» санатына бір рет түскен соң, эмитент болашақ шығарылымдар үшін женілдетілген процедуралар мен женілдіктер болады деп үміттene алды. Осы себеппен 2003 жылы листингтен өткен 27 бағалы қағаздар атауының ішінде тоғыз атадағы қағаз фана жаңа жаңа эмитенттерге тиесілі болды.

Дегенімен, зейнетақы корларының ақшасына қызығушылық жоғары болғанына қарамастан, қаржы құралдардың жеткіліксіздігін жіті сезіне бастады.

Корпоративтік облигацияларға сұраныстың ұсыныска қарағанда басым болуы, бір жағынан, эмитенттерге, МБҚ болған жағдайда сияқты, айналыс мерзім-

дерін жоспарлы түрде созуга және өз бондтары бойынша кірістілікті арттыруға мүмкіндік берді. Сонда да бұл кірістілік егемен облигацияларға қарағанда жоғары болып қалды. Мысалы, 2002 жылы – ең жоғары шегіне жеткен кезде – корпоративтік қағаздар оларды ұстаушыларға егемен борыш кірістілігінен 400–600 базистік пунктке жоғары мөлшердегі сыйлықақыны қамтамасыз етті.


Екінші жағынан, ЖЗҚ даму фазасының өзі корпоративтік борыштық қағаздардың қайталама сауда-саттығының өтімділігін арттырыған жок. 2004–2005 жылдары ҚРА басқарған, ал қазіргі кезде Қазақстан Даму банкінің Басқарма Төрағасы **Болат Жәмішев** сол кездерді есіне алып, ЖЗҚ мен ЗАБК нарықта жүргізген жұмысына айқын сипаттама берді:

«ҰТЖ қор нарығын дамытуға жағдай жасағанымен, алдымен оның өзі кемелдену шағына өтуі керек еді. Ал зейнетакы жарналары түріндегі кіріс ақша ағындары зейнетакы жарналары түріндегі шығыс ағындарымен өзара қатынаста болуы үшін бұған кемінде 20-25 жыл қажет. Әйтпесе зейнетакы жүйесі шаңсорыш рөлін ойнай бастайды: инвесторлар қағаздарды өтеуге дейін ұстап, қор нарығындағы өтімділікке кери әсерін тигізеді<sup>15</sup>.

Дегенмен облигацияларды сатып алу-сату секторындағы белсенділік, әдетте, акциялар нарығындағы белсенділікке қарағанда жоғары болды және жылдан жылға өсіп отырды. Мысалы, 2004 жылы KASE бондтармен жасалған мәмілелердің саны 1 710 дейін бір жарым еседен астам көбейді, операциялар көлемі 97,9 млрд теңгеғе дейін 21,03 млрд теңгеғе (1,3 есе), ал мәмілелерге тартылған облигация атауларының саны 2003 жылғы 57 салыстырғанда 83 жетті.

Әдетте, ең жоғары өтімділікке «А» санаты үшін міндетті маркет-мейкерлермен қатар бағалы қағаздардың мамандары жұмыс істеген облигациялар ие

## 2001–2007 ЖЫЛДАРЫ АЙНАЛЫСТА БОЛҒАН КОРПОРАТИВТІК БОРЫШТЫҢ МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР КІРІСТІЛІГІНІҢ ИНДЕКСІ



болды. Биржа қараптайым маркет-мейкерлерге қараганда оларға міндетті баға белгілеулер арасындағы спред бойынша әлдеқайда қатаң талаптар қойды. Және бұл талаптар үнемі артып отырды. 2001 жылы мамандар үшін максималды спред сатып алуға баға белгілеу мәнінің 3% аспауы керек болса, 2005 жылы ол бір пайыздық пунктке дейін тарайды. Оның орнына маркет-мейкерлердің бұл салаты биржада жұмыс жасаудың тиімді шарттарын күтіп, комиссиялық алымдар бойынша женілдіктер ала алды.


## Теңге бағамының кильватерінде

KASE айналыста болған корпоративтік облигациялардың бір немесе екінші түрінің кірістілігі мен танымалдығы акша және валюта нарықтарындағы жағдайға тікелей байланысты болды. Демекші, 2001 жылдың 11 наурызынан бастап биржа арнағы бондтар нарығы үшін үш индекстің күнделікті есептеп, жариялай бастады: KASE\_BC («таза баға»), KASE\_BP («лас баға») және KASE\_BY (безбенделген орташа кірістілік).

Басында нарықтағы белсенділіктің басты драйвері халықаралық корпоративтік облигациялар мен индекстеген доллар қағаздар болды. Атап айтқанда, 2002 жылы халықаралық корпоративтік облигациялардың – Kazkommerts International B.V., «Қазақстан Даму банкі», TuranAlem Finance B.V, «Қазақмыс» корпорациясы» ірі шығарылымдарының биржага шығарылуы күшті өсерін тигізді.

Алайда 2003 жылы ішкі нарықта теңгенің АҚШ долларына қараганда үздіксіз нығаюы инвесторларды қатаң жағдайға ұшыратты. KASE саудаланатын міндеттемелердің негізгі массасы доллар қағаздар немесе теңгенің долларға шаққандағы

## 2001–2007 ЖЫЛДАРЫ KASE АЙНАЛЫСТА БОЛҒАН КОРПОРАТИВТІК БОРЫШТЫҢ САЛАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



девальвация деңгейі бойынша индекстеген қағаздар болып табылды. Нарықта айналыста болған корпоративтік борыш бағасының инвестиция объектілерінің тапшылығы салдарынан номиналды құнға қарағанда пайыздық көріністе өсүі тенгенің долларға қарағанда нығаюна байланысты шығындардың орнын дерлік толтырмады. Нәтижесінде орташаландырылған валюталық облигацияның тенгемен «лас» бағасының артуы тіпті KASE ең көп саудаланатын қағаздар бойынша теріс мәнге ие болды. ЖЗҚ кірістілігі айтартылған тәмендейді бастады.

Валюталық және валюта бағамына байланыстырылған тенгелік облигацийлар тартымдылығының тәмендеуі эмитенттердің тенгемен номинацияланған, кірісінде инфляциядан корғалған, индекстеген облигацияларды шығаруға мәжбүр етті. Егер жаңа облигациялардың номиналды құны, бұрынғыдан, тенгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамының өзгеруі бойынша индекстегетін болса, эмитенттердің көпшілігі облигацияларды шығару шарттарына инвесторлардың кірісін тенгенің нығаюынан қорғауды енгізуге мәжбүр болды. Басқаша айтқанда,

## Корпоративтік облигациялар нарығының индикаторлары

KASE корпоративтік облигациялар нарығының индикаторларын, KASE\_B\* сериясының индекстерін, 2001 жылдың 11 наурызынан бастап жариялады.

Бұл индикаторлар KASE саудаланатын ең сапалы борыштық құралдардың (KASE\_BY индикаторы) безбенделген орташа кірістілігін, сондай-ақ жиналған мүдде – «таза» бағалар есепке алынбаған бағаларының (**KASE\_BC индексі**) және жиналған мүдде мен төленген купондар – «лас» баға есепке алынған бағаларының (**KASE\_BP индексі**) өзгеруін көрсетті.

KASE\_B\*сериясының индикаторларын есептеу үшін облигацияларды өкілдік тізімге іріктеудің негізгі өлшемшарттары мынадай болды:

- облигацияны қазақстандық заңнамаға сәйкес шығару;
- биржада орналастырылған облигациялардың саны туралы ақпараттың бар болуы;
- облигацияда маркет-мейкердің бар болуы;
- облигацияда индекстеген атаулы құнның жоқ болуы;
- облигациялардың немесе олардың эмитентінің белгілі бір рейтингілік бағалауденгейіне ие болуы;
- KASE сауда жүйесінде облигациялардың бағасын «таза» бағалармен белгілеу;
- эмитентте купондық сыйақыны және/немесе шығарылған облигациялар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша реттелмеген берешек облигацияларының жоқ болуы.

KASE\_B\* сериясы индикаторларын есептеу бағалы қағаздар тізімінің жаңа құрылымын енгізуге және облигацияларды индикаторлардың өкілдік тізіміне енгізу және осы тізімде болу өлшемшарттарын елеулі түрде өзгерту қажеттілігіне байланысты 2017 жылдың қазан айында тоқтатылды. KASE\_B\* сериясының индикаторларының орнына жаңа индикаторлар – негізгі алаң үшін – KASE\_BM\* сериясы және альтернативтік алаң үшін – KASE\_BA\* сериясы әзірленді.

облигациялар айналысқа жіберіле бастаған күні қолданылған тенгенің АҚШ доларына шаққандағы бағамы ағымдағы бағамнан жоғары болса, жиналған сыйақы сомасын есептөу үшін негіз болып табылатын осы облигациялардың индекстелген номиналды құны ағымдағы бағам бойынша емес, бағалы қағаздар айналысқа жіберіле бастаған күні қолданылған бағам бойынша есептелді. Жаңа облигацияларды шығаруға осындай көзқарас 2003 жылдың ерекшелігіне айналып, инвесторларға өз тәуекелдерін өттараптандыру мүмкіндігін берді.

2004 жылы KASE облигациялардың кірістілік трендіне Standard & Poor's агенттігінің мамыр айында Қазақстанға инвестициялық деңгейдегі несие рейтингін бергені зор ықпалын тигізді. Биржаның талдаушылары атап өткендей, «дәл осы жағдай нарықтың уақытша «қамдалуынан» туындаған қысқа мерзімді сәуір раллииңен кейін KASE\_BY индексін тәмен қарай бағыттады. Рейтингтің берілгені ең алғын әсерін тигізген қазақстандық әмитенттердің халықаралық облигациялар баға белгілеудерінің өзгергені трендтің бетбұрысын тудырды»<sup>16</sup>. Осы типтің жаңа облигациялары бұрынғыша «A» санатындағы KASE реңми тізімінде орналасса да, бұл ең алдымен реттеушінің нысандық талаптарын қанағаттандыру қажеттілігімен байланысты болды, олар нақты сұранысқа ие болған жоқ және олар бойынша өтімділік те болмады. Бұл беталыс 2005 жылы да жалғасты – нарыққа қатысушылар купон мөлшерлемесі Қазақстандағы тұтынушылық бағаларға байланысты болатын облигацияларға көп қызығушылық танытты.

Сол кезеңде нарықтағы ең көп әңгімелердің тақырыбы зейнетакы активтердің инвестициялық қызметтің тәмен нәтижелері үшін тап осы активтердің басқарушыларды сөгу болды, ал ЖЗҚ өкілдері бағалы қағаздардың жеткіліксіз кірістілігіне және оны арттырудың ықтимал жолдарына қынжылды.

2006 жыл KASE жаңа бонд түрлерінің пайда болуымен есте қалды. Бираның сауда-саттық тізімдеріне алғаш рет шетелдік мемлекеттік емес борыштық міндеттемелер – JP Morgan Chase Bank, National Association және Merrill Lynch & Co., Inc облигациялары, сонымен қатар мемлекеттің қатысуымен концессиялық жобаларды жүзеге ассыру аясында шығарылған «Досжан темір жолы» АҚ және «Батыс транзит» АҚ алғашқы инфрақұрылымдық облигациялары енгізілді.

Соңғылары ЖЗҚ арасында орналастыруға арналды және нарыққа қатысушылардың кейбірі осы құралды дамытуды үміт етті. Алайда Қазақстанның және биржаның тарихындағы келесі дағдарыстық кезеңнің одан кейінгі оқиғалары бұл үміттерді үзді.

## Өсү аурулары

Корпоративтік облигациялар нарығының қарқынды өсүі жағымсyz өнегесіз өтпеді, себебі көп мөлшердегі зейнетакы ақшасы тек адал қарыз алушылардың назарын аудартпады. Сол жылдардың тарихындағы жарқын болмаса да, алғын дақ 2001 жылдың 19 қантарында биржаның «A» санатындағы реңми тізіміне енгізілген «Шахармұнайгаз» компаниясының облигацияларымен болған оқиға болды. Бұл KASE әлеуетті әмитенттің бизнес-моделінде елеулі тәуекелдерді көрген соң, бұны болдырмау үшін ең басынан бар күш-жігерін салған биржа

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (ХҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ**

Зейнетақы активтерінің өсүі 2001–2007 жылдары корпоративтік облигациялар нарығына жағымды әсерін тигізді. Алайда нарыққа қатысушиларда өз портфельдерін әртараптандыру қажеттілігі болды. Осыған орай, МЖЗК тарапынан KASE Халықаралық қаржы ұйымдары (ХҚҰ) облигацияларының сауда-саттығын ұйымдастыру үсінісьті түсті, көрсөнде қағаздардың ішкі нарыққа жеткізуши ретінде әрекет етуге инет білдірді. Биржасы секторды іске қосу үшін қажетті іс-шараларды өткізді, алайда соңында бұл БҚҰК Директоратының 2001 жылғы 31 қаңтардағы қаулысымен белгілген және 17 қаңтарда KASE мүшеселері жиналысының шешімімен мақұлданған Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарын биржада айналысқа жіберу ережелеріне үқапталып тигізді. Ережелерде ХҚҰ бағалы қағаздарын жіберу бастамашысының – «K» санатындағы биржа мүшесінің өтініші және бір KASE мүшесінің айналысқа жіберілетін қағаздардың маркет-мейкері функцияларын атқаруға өтініші бар болған кезде KASE Басқармасының шешімімен биржада айналысқа жіберіледі деп көзделді. Маркет-мейкерлер үшін міндettі шарт KASE сауда жүйесінде міндettі баға белгілеулер бойынша регламенттелген минималды спрэдтерге қолдау көрсету болып табылды. Ережелерге сәйкес, ХҚҰ ретінде сегіз ұйым, соның ішінде Азия даму банкі, Африка даму банкі, Халықаралық есеп айрысу банкі, Еуропа қайта құру және даму банкі, Ислам даму банкі, Америкааралық даму банкі, Халықаралық қаржы корпорациясы және Халықаралық қайта құру және даму банкі тағайындалды.

2001 жылдың ақпан айында KASE сауда-саттығына бірінші болып екі эмиссияның IBRD облигациялары жіберілді. Бір аптадан кейін оларға – IFC облигациялары, ал 20 қыркүйек күні IBRD еурооблигациялары қосылды.

Бүкіл биржалық айналымда ХҚҰ облигацияларының сауда-саттық көлемінің үлесі аз болса да, сол жылы нәтижелер сектордың өзі үшін үміттендіретін болды. 2001 жылы жалпы сомасы 862,9 млн теңгені немесе 5 902,5 мың АҚШ долларын құрайтын барлығы 41 мәміле жүргізілді. Ақпан және қыркүйек ең белсенді айлар – жаңа құралдар айналысқа жіберілген айлар болды.

Нарыққа қатысушилар 2001 жылы осы секторды беріктігін «тістеп» көріп, одан кейінгі жылдарды ХҚҰ облигацияларын саудалаған жок десе де болады. 2002–2003 жылдары орын алған екі жылдық тыныштықтан кейін 2004 жылдан бастап 2006 жылға дейін KASE жылына бірнеше мәмілеға жасалды. Жылдық есептерде негізгі себеп ретінде ТА басқарушылары кәсіпқойлығының өскені және шетелдік брокерлермен байланыс жөнделгені аталауды, бұл оларға қазакстандық дедалдарсыз ХҚҰ облигацияларын саудалауда мүмкіндік берді.

Небәрі алты жыл ішінде KASE жалпы сомасы 902,7 млн теңгені немесе 6 193,4 мың АҚШ долларын құрайтын 46 мәмілені жасады, ал жіберу бастамашылары алаңға жиынтық күні 3 007 млн АҚШ долларын және 3 млн неміс маркасын құрайтын төрт ХҚҰ облигацияларының жеті шығарылымын шығарды.

тәжірибесіндегі алғашқы оқиға еді. Әйтсе де, компанияның активтері, капиталы және өзге де көрсеткіштері сол кездегі листингілік талаптарға нысандық жағынан сай келді, іске шенеуніктер араласып, дегенімен, листинг өткізілді.

Бұл облигациялар ресми тізімге өнгілгеннен кейін биржа сайтта компанияның қағаздарына инвестиция салу өте жоғары тәуекелдерге ие және олар бойынша дефолт болуы ықтимал екені жөніндегі ескертудерді ауық-ауық жариялады. Өкінішке орай, нарықтық әйфорияның толқынында осы өтініштерге ешкім құлақ аспады – 2001 жылдың сонына қарай оның алты миллион АҚШ долларынан астам соманы құрайтын облигацияларының жалпы көлемінің 46,7% ЖЗҚ портфельдерінде болды.

2002 жылдың наурыз айында Биржалық кеңес «А» санатындағы листингілік талаптарды күшейтіп, «Шахармұнайгаз» оларға сай келе алмай қалды: жылдық өнімдерді сату көлемін бір млрд теңге дейін жеткізуге компанияның шамасы болмады. Тіпті ол осы көрсеткішті талап етілетін деңгейге дейін арттыру жоспарын да ұсынды, ал бұл оған жаңа листингілік талаптарды қолданудың мерзімін кейінге шегеретін еді. 2002 жылдың тамыз айында Биржалық кеңес «Шахармұнайгаз» ААҚ алты айдан кейін өз көрсеткіштерін нормаға сәйкес келтірмесе, оның облигациялары «А» санатынан «В» санатына ауыстырылады деген шешімді қабылдады. Компания, өз кезегінде, бүндай шешімнің заңдылығына келіспей, сотқа берді, сейтіп бір ғана жылға созылмаған сот талқылаударының кезеңі басталды. Ақыр сонында компания биржаның тарихындағы алғашқы дефолтқа жол берді, ал бұл оқиға биржашылар үшін де, реттеуші үшін де, инвесторлар үшін де үлкен сабак болды.

## МАП САУДА-САТТЫҒЫНЫҢ СЕКТОРЫ: «СТРАТЕГТЕРГЕ» ФАНА ЕМЕС

2001–2007 жылдары, жаппай жекешелендіру объектілерінен және «екінші эшелон» компанияларынан кейін, үйімдастырылған биржалық нарықта Қазақстанның «көгілдір фишкалар» акцияларының мемлекеттік пакеттері сатыла бастады.

Бұл уақытқа қарай KASE алаңындағы МАП сауда-саттығы ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен келісілген биржаның ішкі құжатымен – «Акциялардың мемлекеттік пакеттері. Сауда-саттықта сатуға рұқсат беру және сауда-саттық қорытындылары бойынша есеп айырысу тәртібі» реттелетін болды. Осы құжатқа сәйкес МАП екі типке бөлінді:

- Орталық депозитарийдегі депо шотында номиналды ұсталатын МАП. Олар сауда жүйесінде «NZ» («NZ» сериясы) таңбаларынан басталатын кодпен белгіленді; ал оларды сатуға ОД шоттарында алдын ала оқшаулау шартымен ғана рұқсат етілді.
- ОД шотқа аударылмаған МАП. Олардың коды «Z» («Z» сериясы) таңбасынан басталды, ал сату алдында акцияларды алдын ала оқшаулау қажет емес еді.

«Z» сериясының алғашкы МАП KASE алаңында 1997 жылдың 5 қарашасында шағын және орта компанияларды жаппай жекешелендіру аясында сатылды. Бұл серияның МАП үшін биржада жеке сауда-саттық алаңы ашылды, онда мәмілелер өтінімдерді автоматты түрде қанағаттандыру тәртіптемесінде жүргізілді. Бұл ретте қатысушылар толық бағаны көрсете отырып, пакетке бірыңғай лотпен баға белгіледі. Ал бұл бірнеше сатып алушының МАП бөлшектеп сатып алу мүмкіндігін жоққа шығарды. 1997 жылдан бастап биржада жалпы сомасы 2 522,5 млн теңгені (20,5 млн АҚШ долларын) құрайтын «Z» сериясының барлығы 27 МАП сатылды. 1999 жылы жаппай жекешелендіру бағдарламасы осындай жекешелендірудің көптеген объектілері коммуналдық меншікке тапсырылғанына байланысты дерлік тоқтатылды. Бұл ретте әкімдіктер қайта алынған активтерді биржа арқылы сатуға қызығушылық тәнітпады. «Z» сериясының соңғы пакеті – «Ұлттық заң қызметі» ЖАҚ МАП – KASE 2000 жылдың 29 желтоқсанында сатылды және бұл 2000 жылы МАП жасалған жалғыз мәміле болды. «NZ» сериясының МАП KASE 1998 жылдың 20 қарашасында пайда болды. Әлемдік қаржы дағдарысының жағдайларында Қазақстан алтын-валюта резервтерін толықтыруды жіті қажет етті, бұны аз емес дәрежеде жекешелендіру арқылы жүзеге асыруға болды. Бұл ретте портфельдік инвесторлар капиталының жылыштауы үкіметті стратегиялық инвесторларға бет түзеуге мәжбүр етті.

«NZ» сериясының алғашкы пакеттері биржада «Листинглік емес бағалы қағаздар» секторы арқылы құрылды және де, әдетте, технологиялық түрғыдан «көгілдір фишкалармен» байланысты «екінші әшелон» кәсіпорындары болды, демек, олардың жаңа иелерін қызықтыруы мүмкін еді. 1998 жылдың 1 желтоқсанында Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру жөніндегі департаменті брокерлік-дилерлік компаниялар белсенді қатысқан бағалы қағаздардың үйымдастырылған нарығы арқылы МАП орналастыру құқығына тендер жүргізді. Бұл МАП сауда-саттығының күрт жандануына әкелді, бұның нәтижесінде осы қаржы құралы бойынша мәмілелердің жиынтық көлемі 1998 жылы 22 690,3 мың АҚШ долларына жетті. Бірталай тартымды акциялар пакеттерін шығару нарықтың жандануын тудырды. Пакеттерге күн сайын баға белгілеудің аркасында сауда-саттық нағыз сауда-саттыққа айналды, ал брокерлік-дилерлік компаниялардың клиенттері пайда болды. Осымен бір мезгілде ҰБҚ нарығы да жанданып, биржалық мәмілелердің саны мен көлемі өссе бастады.

Осы жанданудың жаңғырығы KASE 1999 жылдың алғашкы екі тоқсанында да сезілді. Алайда бұл уақытқа қарай мемлекеттік бюджетті толықтыру мәселелерінің үдемелі кезі өтіп, 1999 жылдың 1 маусымында Үкімет «1999–2000 жылға арналған Жекешелендіру және мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін арттыру бағдарламасын бекіту туралы» № 683 Қаулыны қабылдады. Бір жағынан, осы құжаттың пайда болуы келесі екі жыл бойы жаппай жекешелендіру бағдарламасының қысқартылуына және KASE МАП секторының тоқырауына әкеп соқты. Екінші жағынан, мемлекет құжатта акциялары Қазақстан қор биржасының «A» листингіне кірген (немесе кіруі мүмкін) және бағалы қағаздардың отандық және/немесе халықаралық нарықтарында жеткілікті көлемдерде айналатын «көгілдір фишкаларды» жекешелендіру ниетін бекітті. «Көгілдір фишкаларды» жекешелендірудің екінші кезеңі аясында үкімет осы компанияларға экономиканың

тиісті секторында танылған операторлар болып табылатын қосымша стратегиялық инвесторларды тартуға ерекше назар аударды.

2001 жылы бұл ниет іске аса бастады. Қаржы министрлігі KASE сауда жүйесі арқылы ашық сауда-саттық әдісімен «Қазақмыс корпорациясы» ААҚ екі ірі акцилар пакетін сату туралы шешім қабылдады. 19 қараша күні отандық инвесторларға бірыңғай лоттепен сатылған он пайыздық пакет ұсынылды. Ал 20 қараша күні бас пайыздық МАП сауда-саттығы ашылды, оларға Қазақстанның зейнетақы нарығының субъектілері фана қатыса алды. Бұл пакетті сату үшін оны әрбіреуі 1 000 акциядан тұратын бөлшектелді. 19 қарашадағы сауда-саттықтың қорытындысы бойынша (оған екі әлеуетті сатып алушы қатысты) он пайыздық пакетті уәкілдепті брокер арқылы «Қазақмыс корпорациясы» ААҚ өзі 63 млн АҚШ долларына сатып алды. Сол сәтте бұл KASE тарихында жасалған барлық мәмілелердің ішіндегі ең ірі мәміле болды.

ЖЗҚ арналған пакеттің сауда-саттығы да нәтижелі болды. Мемлекет «Қазақмыс корпорациясы» ААҚ жай акциялары үшін сұраған бағаға тиенақталған және кепілді кіріс әкелетін қағаздарды сынағ көрген ЗАБК үшін тым жоғары болып шықты. 20 қараша күні биржада бір акция үшін 122,16 доллар бағасы бойынша барлығы 17 лот (17 мың акция) сатылды. Жасалған мәміленің сомасы

## 2001–2007 ЖЫЛДАРЫ БИРЖАДАҒЫ ЕҢ МАҢЫЗДЫ МАП САТЫЛЫМДАРЫ

Сауда-саттық күні	Эмитенттің қысқаша атауы	МАП акциялардың саны	Акциялардың жалпы санының улесі (%)	1 акцияның бағасы (безбенделген орташа)		Букіл пакеттің үлесі (%)	Бағасы
				млн тенге	мың доллар АҚШ		
19.11.01	«Қазақмыс корпорациясы» ААҚ	491 153	10,00	128,58	9 384,8	63 150,5	
20.11.01	«Қазақмыс корпорациясы» ААҚ	17 000	5,00	122,16	308,4	2 076,7	
27.12.02	«Қазақмыс корпорациясы» ААҚ	982 307	20,00	29 179,00	28 662,7	184 018,6	
27.12.02	«Қазақмыс корпорациясы» ААҚ	228 577	4,65	10 300,00	2 354,3	15 115,2	
29.05.03	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» ААҚ	2 236 619	22,61	9 100,00	20 353,2	135 156,6	
29.05.03	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» ААҚ	98 904	1,00	9 110,00	901,0	5 983,2	
29.05.03	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» ААҚ	98 904	1,00	9 110,00	901,0	5 983,2	
29.05.03	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» ААҚ	50 226	0,51	9 110,00	457,6	3 038,4	
26.01.04	ӨТМК*	107 910	10,00	7 202,00	777,2	5 571,1	
28.01.04-30.01.04	ӨТМК	59 350	5,50	9 133,33	540,9	3 880,1	
15.12.04	«Альянс Банк» АҚ	12 955	1,99	9 600,00	124,4	956,5	
05.08.05	«Қазмырыш» АҚ	206 436	1,00	3 308,50	683,0	5 038,3	

\* «Өскемен титан-магний комбинаты» ААҚ (ӨТМК)

2 млн АҚШ долларынан арен асты. KASE қалған лоттарды сату талпыныстарын 2001 жылдың 4 желтоқсанына дейін жасаса да, тараптар баға жөнінде келісе алмай қойды. Ал 2002 жылы бұл пакет (қалған 4,65%) «Атон» ресейлік компаниясы бастаған портфельдік инвесторлар консорциумына сатылды. Тап осы кезде үкімет «Қазақмыстағы» жиырма пайыздық соңғы үлесін стратегиялық инвесторларға сатып, ол үшін 31 млрд теңге пайда тапты, бұл 199,1 млн АҚШ доллары баламасына сәйкес келеді.

Одан әрі «көгілдір фишкалар» МАП сауда-саттыққа сирек шығарылды, де-генмен бұл өте тартымды пакеттер еди. 2003 жылы – «СНПС-Ақтебемұнайгаз» ААҚ, 2004 жылы – «Өскемен титан-магний комбинаты» ААҚ, және «Альянс Банк» АҚ, 2005 жылы «Васильковское золото» БҚ» акцияларымен нәтижелі төрт мәміле жасалды. «Құнарлы жылдары» KASE сатылған соңғы МАП 2005 жылдың 5 тамызында бөлінбейтін екі лотпен сатып алынған «Қазмырыш» АҚ, үлесі болды. Жалпы алғанда 1998 жылдың 15 желтоқсанынан бастап (дәл осы кезде KASE осы серияның МАП алғашқы сауда-саттығы өтті) KASE 66 907,2 млн теңге (447,4 млн АҚШ доллары) сомасына 34 «NZ» пакеті сатылды.

Әрине, бұл пакеттердің бәрі бірінші кезекте стратегиялық инвесторларға бағытталды және оларды сату акционерлер құрылымын әртаратандырудан бастап маркетингтік мақсаттарға дейінші біржақты мамандандырылған міндеттерді ғана шешті. Солай болса да, акциялардың бір бөлігі биржада еркін айналысқа түсті, жекешелендіру портфельдік инвесторлардың қызығушылығын сақтап тұрды, ал ірі МАП сауда-саттығының нәтижелері бойынша тиянақтатылын бағалар ең тартымды листинглік компаниялардың жете бағаланбағаны туралы нарыққа белгі берді. Биржа МАП сауда-саттығын үйімдастыра отырып, оған 2007 жылы қажет болған тәжірибелі жинағаны да өте маңызды дерек болып табылады, бұл кезде де-факто мемлекетке тиесілі акцияларды нарықта сатудың тағы бір нысаны пайда болды.

## АКЦИЯЛАР НАРЫФЫ: СКЕПСИСТЕН ЭЙФОРИЯГА ДЕЙИН

2001–2007 жж. үлестік бағалы қағаздардың биржалық нарығының дамуын екі кезеңге бөлуге болады. Олардың біріншісін – 2001–2003 жж. – KASE талдаушылары орындалмаған үміт пен іске аспаған жоспарлар кезеңі деп атайдын. Сол кезде акциялар нарығының сапалы өсуі үшін алғышарттар жеткілікті еди: зейнетакы қорларының және банктердің тұлғасындағы институционалдық инвесторлар қажетті активтерге ие болды, халықаралық инвесторлар да белгілі бір қызығушылық танытты. Биржа сауда-саттық алаңы ретінде бағалы қағаздарды орналастыруды үйімдастырудың және олармен жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізудің тәжірибесіне ие болды. Орталық депозитарииден, тіркеушілерден және брокерлік-дилерлік компаниялардан тұратын нарықтың инфрақұрылымы толығымен қалыптасты.

Алайда, нарықтың ірі жеке меншік компаниялардың акцияларымен көрсетілген корпоративтік секторсыз тіршілік ете алмайтыны аңғарылғанына қарамастан, акциялар сегменті таяз және «сүлбалы» болып қала берді. «Көгілдір фишкаларды» жекешелендіру KASE өте қысқартылған түрде жетті, ал биржаның тізімдеріне жаппай жекешелендіру аясында шыгарылатын шағын және орта компаниялардың акцияларын енгізу ештеңе шешпеді. «Ұлттық компаниялар болып табылмайтын қоғамдардың акцияларын сату кор нарығы ушін ешқандай рөл атқармайды, – деп ескертті 2002 жылдың шілде айында «Бағалы қағаздар нарығы» журналына берген сұхбатында **Азамат Жолдасбеков** – Қор нарығы осы қағаздарды сатудан ала алатын барынша мол пайда – осы ұйымдар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы арқылы жекешелендірілген жағдайда KASE сауда жүйесінің жүктелуі. Бірақ бұл аса тартымды болып табылмады. Жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, ірі емес кәсіпорындардың акциялары өз сатып алушысын таптай, KASE сауда-саттық алаңында айлап «тенселіп» түруы мүмкін».

Акциялар нарығын капиталдандыру басқа секторлардың жалпы беталыстарын қайталап, үнемі өсіп отырды, алайда» әдette, бұл KASE реcми тіzімдеріне жаңа бағалы қағаздарды енгізу және листингілік компаниялардың жарғылық капиталының артуы есебінен орын алды. Мысалға, 2002 жылы ғана акциялардың тіркелген эмиссияларының көлемі 2001 жылмен салыстырганда 157,1% артты. Алайда баға қатынасында нарық әмитент-компаниялардың қаржы жағдайына, жетістіктеріне немесе сәтсіздіктеріне, сондай-ақ жалпы Қазақстан экономикасының жағдайына толық байланыссыз болды. Биржалық маркет-мейкерлердің бар болғанына қарамастан, акциялардың тәмен өтімділігі әлеуетті инвесторларды бұрынғыша қорқытты, олар үлестік бағалы қағаздарды әрі кетсе репо операцияларын жүргізуге арналған құрал ретінде қарастырды. KASE акциялардың биржалық нарықтың баға индикаторы ретінде KASE\_Shares индексін қолданды. Биржа бұл индекті 2000 жылдың 12 шілдесінен бастап жүйелі түрде есептеді және «A» санатындағы реcми тіzім акцияларының әмитенттерін нарықтық капиталдандыруды ескере отырып, оларға сұранысқа баға белгілеу динамикасын қамтып көрсетті. Алғашқы жылдары оның мінез-құлғығы жоғары құбылмалылықпен ерекшеленді және қандай да бір айқын трендке ие болмады. Әдette, бағалардың динамикасын акцияларды кепіл құралы немесе өзара есеп айырысу обьектісі ретінде қолданған акционерлердің мұдделері қалыптастыруды. Бұны акциялармен жасалатын нарықтық емес (тікелей) биржалық мәмілелер көлемінің және үлесінің өсуі де дәлелдеді. 2003 жылы ғана KASE акциялар айналымының 75,6% (199,1 млн АҚШ доллары) осы мәмілелерге тиесілі болды.

«Құнарлы жылдары» акциялар нарығы дамуының екінші кезеңінің басы деп санауға болатын 2004 жылы келісімді мәмілелердің жағдайы одан әрі қыындан түсті. Сонымен бірге бұл жылдың алдыңғы жылдардан айқын өзгешелігі саудаланатын акциялар бағаларының өзгеруі есебінен секторды капиталдандырудың өскені болды. Биржаның бағалауы бойынша бұл фактордың салмағы 72% жетті. Бұл маркет-мейкерлердің баға белгілеулерінде жете бағаланбаған қазақстандық әмитенттердің акциялары бағамының өлеулі өсу әлеуетін көрсетті. Ал 2005 жылы


акциялар нарығында нағыз бағалар раллі басталды. Жеке қағаздардың баға белглеулер динамикасының қарқынды болғаны соншалық, 2006 жылы нарықтың асыра бағалануы және қызып кетуі туралы айтуға болатын еді.

## Қазақмыс факторы

«Құнарлы жылдардың» тарихында KASE алаңында Қазақстанның бірқатар ірі компанияларының мемлекеттік пакеттерін сату ерекше орынға ие болды. МАП сауда-саттығына қатысу нарық ойыншыларынан үлкен ақша сомаларын қайта бөлуді қажет етті, бұл, өз кезегінде, жалпы бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығын жандандырды. Ал сауда-саттық нәтижелері МАП эмитент-компанияларының ғана емес, осы экономика секторының басқа да кәсіпорындарының акцияларының одан кейінгі сауда-саттығына арналған жаңа, шындыққа негізделген, баға бағдарларын берді.

Мысалға, 2001 жылы жай акциялардың «Қазақмыс корпорациясы» ААҚ он пайыздық МАП сатқан кездеңі сауда-саттықтың нәтижелері бойынша тиянақталған жаңа бағасы биржаның ресми тізіміндегі компанияларды капиталдандырудың бірден 37,7% немесе 391,5 млн АҚШ долларына өсуіне әкелді. Бұған қосса, осыдан кейін «Қазақмыс корпорациясы» ААҚ артықшылықты акцияларының бағасы да өсті. 2002 жылы осы компаниядағы соңғы улестерді сату, сонымен қатар эмитенттің жарғылық капиталдың күрылымын өзгертуі төртінші тоқсандан мыс алыбының жай акцияларының сауда-саттығын, соның ішінде – жеке түлғалардың өтінімдері бойынша жандануын тудырды. Келесі үш жыл бойы «Қазақмыс» акциялары биржалық алаңда ең белсенді саудаланған жалғыз құрал болып қалды. Олардың баға белгелеулерінің (және нәтижесі ретінде – бағаларының) мінез-құлғығы көп жағдайда KASE\_Shares индексінің динамикасына шешуші ықпал

### KASE\_SHARES ИНДЕКСІНІҢ 2001–2007 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДИНАМИКАСЫ




тигізді. KASE ҰБҚ сауда-саттығының белсенділігін көбінесе дәл осы құралдың өтімділігі сақтаң түрдү. 2004 жылдың қорытындысы бойынша оның үлесіне ҰБҚ сатып алу-сату қайталама нарығының биржалық айналымында – 19,2%, ал акцияларды сатып алу-сату қайталама нарығының биржалық айналымында 33,9% тиді.

Тағдырдың тәлкегі бойынша осы жылы «Қазақмыс корпорациясы» АҚ ЖШС болып қайта үйімдастырылды да, бірақ уақыттан кейін қайта құрылған Kazakhmys PLC холдингінің құрамына Ұлыбританиядағы тіркеліммен енді. Нәтижесінде қазақстандық қаржы нарығы екі жылдан астам уақытқа (ақырында атаву KAZ Minerals PLC деп өзгертіліп қайта үйімдастырылған Kazakhmys PLC жай акциялары KASE листингінен өткенге дейін) акциялардың ішкі нарығын капиталдандырудың шамамен бір миллиард долларынан ғана емес, сонымен бірге ең өтімді мемлекеттік емес бағалы қағаз және бірнеше жыл бойы инвесторлардың жалпы белсенділігінің катализаторы болып табылған құралдан да айрылды.

## Жете бағаланбаудан – қызып кетуге дейін

«Қазақмыс» қазақстандық акциялар нарығынан кетсе де, оған тиғизетін жа нама әсерінен айрылған жоқ. 2005 жылдың қыркүйек айында Kazakhmys PLC өз акцияларын Лондон қор биржасында (LSE) орналастырған, қазақстандық активтері бар тұңғыш компания болды, ал 2005 жылдың желтоқсан айында ол LSE – FTSE 100 жетекші индексінің өкілдік тізіміне енгізілді. Жоғары баға және шетел инвесторларының «Қазақмыс» және одан кейін лондондық алаңға шыққан «Қазақалтын тау-кен металлургиялық концерні» АҚ қағаздарын сатып алуға деген құлшынысы KASE листингіленетін басқа компаниялардың бағалы қағаз-

### АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ КАПИТАЛИЗАЦИЯСЫНЫҢ 2001–2007 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӨСҮ ДИНАМИКАСЫ



дарының алып-сатарлық әлеуетінің кезекті растамасы болды. Қазақстандық нарықтың маркет-мейкерлердің міндепті баға белгілеудерінде жете бағаланбауы арбитраж үшін мүмкіндік берді, бұны брокерлік компаниялар мен олардың клиенттері – қазақстандық биржада жұмыс істейтін жеке тұлғалар қолдануды жөн көрді. Қалай болғанда да, қор нарығының сарапшылары бұл факторды KASE\_Shares индексінің күрт өсуі себептерінің бірі деп атады.

Акциялар нарығында орнаған жағдайдағы бетбұрыс 2004 жылы орын алды, оның қорытындысы бойынша KASE\_Shares индексі 149,55 бастап 213,37 дейін (+63,82 пункт) 42,7% есті. Ал 2005 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық ұйымдастырылған акциялар нарығының сапалық жаңа деңгейге шыққаны туралы айтуға болатын еді. Сауда-саттық көлемі 1 млрд АҚШ долларынан асты. KASE\_Shares индексі 11,1 есе есті (2005 жылдың қантарынан бастап 2006 жылдың желтоқсанына дейінгі кезең ішінде). Акциялар нарығы бөлшек сауда инвесторлары үшін анағұрлым тартымды бола бастады, олардың үлесі акциялар сауда-саттығының брутто айналымының 38% жетті. Листвингілік акциялар бағаларының оң динамикасы 2005 жылы үш есе (10,5 млрд АҚШ долларына дейін) артқан және 2006 жылдың желтоқсанында рекордтық 56,6 млрд АҚШ доллары деңгейіне жеткен капиталдандыру көрсеткішінің динамикасына әсерін тигізді.

Сонымен бірге акциялар нарығындағы күшті жанданудың және оған қатарлы қазақстандық инвесторлар тарапынан өскен қызығушылықтың бір осал жері болды – бірінші сыныпты әмитенттер тізімі бұрынғыша шектеулі, ал олардың еркін айналыстағы акциялар үлесі өте аз болды. Акциялардың шектеулі санының айналасында туындаған алып-сатарлық дүрлікпесі, олардың бағасын көтеру ойыны үшін «тікелей» репо нарығын қолдану және бағалы қағазды салыстырмалы шағын мәмілелер арқылы орнынан қозғау мүмкіндігі талдаушыларда «қызып кетудің» дәйекті қаупін тудырды.

«Қазақстандық акциялар нарығының негізгі қозғауши күші бұрынғыша алып-сатарлық мүддесі болып табылады, – деп түсіндірді 2006 жылдың сәуір айында **Андрей Цалюк**. – Акциялар кепілді дивиденттерді алу үшін емес, олардың нарықтың құны өседі деген үмітпен сатып алынады... Қазір акциялар нарығының құлдырауы ешкімге де қолайлы емес. Үрдіске институционалдық инвесторлар қосылды. KASE\_Shares индексі жоғары қарай қозғалып жатыр. Бірақ ол артқан кезде осындағы инвестициялардың тәуекшелік дәрежесі де артады. Мениң ойымша, көптеген компаниялар акцияларының жете бағаланбағаны туралы айту, жүқалап айтқанда, қажет емес. Бәрі өзінің баланстық құнынан бірнеше есе жоғары саудаланған кезде бұған сақтықпен қарау қажет. Бірақ нарыққа бағаларға оң әсерін тигізетін жаңалықтар мен ұсыныстар келіп түседі... «Қарапайым халыққа» қарағанда, нарыққа кәсіпқой қатысушылар жағдайды талдап, өздерінің тәуекелдерін есептеуге талпынады. Сондықтан кәсіпқой мамандардың сұранысы көпіршіктің кабыргаларын нығайтады!»<sup>17</sup>.

Алайда ралли жалғаса берді. 2006 жылы биржалық акциялар нарығы өзінің бүкіл тарихы ішінде инвесторларға ең тартымды нарық болып көрінді. Жылдың соңына

## **РЕТТЕУ ЖӘНЕ БҚН ЗАҢНАМАСЫ: ЖАҢА ДЕНГЕЙГЕ ҚӨШУ**

Бағалы қағаздар нарығы үшін 2001–2007 жылдар кезеңі реттеу және заңнама-лық база салаларындағы өзгерістермен ерекшеленді.

Барлық қадағалаушы және реттеуші функциялардың мамандандырылған бір органның асасында біріктірілуін көздейтін қаржы институттарының қызметін мемлекеттік реттеудің жаңа жүйесі Қазақстанда 1998 жылдан бастап қалыптаса бастады. Үкімет осындай саяси шешімді қабылдай отырып, нарықтың түрлі сегменттерінде қаржы конгломераты қызмет ететін шағын қаржы жүйесі бар елдер үшін қаржылық қадағалаудың бірыңғай органдың құрып бірталай ұнамды деп санаған жетекші халықаралық сарапшылардың бағалауына бет түзеді.

Бірнеше жыл ішінде КР Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау департаментінің (1998 жылы), Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар – бағалы қағаздар нарығын реттеу жөніндегі үлттық комиссиясының (2001 жылы), КР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің жинақтаушы зейнетакы қорларының қызметін реттеу – жинақтаушы зейнетакы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеттің (2002 жылы) функциялары мен өкілдептіктері Үлттық Банкке тапсырылды. Бірінші кезеңде бұл үйімдардың функцияларының құқықтық мирасқоры 2002 жылдың қыркүйегінде құрылған КР Үлттық Банкінің Қаржылық қадағалау департаменті болды. Ал 2004 жылдың 1 қаңтарында оның негізінде Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы үйімдарын реттеу жөні қадағалау жөніндегі жеке агенттігі құрылды, ол тікелей Қазақстан Республикасының Президентіне бағынышты болды. Мемлекеттік реттеу реформасының негізгі мақсаты қаржы қызметтерін тұтынушылардың мұдделерін қорғау деңгейін арттыру және қазақстандық қаржы нарығының тұрақты инфрақұрылымын дамыту үшін тиімді және тәуелсіз шоғырландырылған қадағалау жүйесін деп мәлімделді.

Оған қол жеткізу үшін ҚҚА алдына көлесі міндеттер қойылды: 1) қаржы үйімдары қызметтерінің стандарттарын белгілеу, қаржы үйімдарын корпоративтік басқаруды жақсарту үшін тұртқи жасау; 2) қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтау үшін қаржы нарығын және қаржы үйімдарын бақылау; 3) қаржы орнықтылығын сақтау мақсатында қадағалау ресурстарын тәуекелге бейім қаржы нарығының салаларында шоғырландыру; 4) заманауи технологияларды енгізуі ынталандыру, қаржы үйімдарының қызметі және олар көрсететін қаржы қызметтері туралы ақпараттың тұтынушылар үшін толықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Өз кезеңінде, Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі, дамыған елдердің орталық банктері сияқты, классикалық функцияларды атқаруға зейін қойды.

Осы кезеңде заңнамалық база да елеулі жаңғыруға ұшырады. 2003 жылдың ең маңызды оқиғасы қор нарығының құқықтық инфрақұрылымын белгілейтін еki заңының – алдыңғы (1997–1998 жылғы) буынның аттас заңдарын алмастырган «Акционерлік қоғамдар туралы» және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңдардың қабылдануы болды. Оларды әзірлеуге Елена Бахмутова, Азамат Жолдасбеков, Наталья Максимова, Мұрат Байсинов және Мария Хаджиева белсene қатысты.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Зәң әкелген елеулі өзгерістерге мыналарды жатқызуға болады:

- Акционерлік қоғамдардың ашық және жабық деп белініуін жою. Заңда бұрын болған ашық акционерлік қоғам типіне үқсас тек бір типті акционерлік қоғамды құру мүмкіндігін қарастырылған.
- Минималды жарғылық капитал мөлшерін 43 600 000 теңгеге дейін арттыру.

- Құрылтайшылар жарғылық капиталды қалыптастыру үшін ғана қолданатын акциялардың номиналды құны түсінігін жою.
- Эмиссиялар аңдатпасын тіркеусін және жабық және жеке меншік тәсілдермен орналастырусыз акцияларды шыгару мүмкіндігін жою.

Бұған қоса, 2003 жылдың нұсқасы бойынша Заң акционерлік қоғамдарға бірқатар жаңа талаптар қойды: ішкі аудит қызметін құру, акционерлерге және үәкілдегі органдың қызметіне қатысты маңызды ақпаратты ұсыну, үлестес тұлғалар туралы мәліметтерді ашу. Осы арқылы жаңа заңнама акционерлік қоғамдардың құрылтайшылары және компанияның негізін сала отырып, инвесторлардың кең тобын тартуды ойламаған тұлғалар арасында шекара белгіледі. Инвесторларға заңнама бірталай либералды болған серіктестіктер ретінде қызмет ету оңайырак болушы еді. Ақыр сонында жарғылық капиталға және АҚ біртіндеп азайған акционерлік қоғамдар санының азаяуына әкеп соқты.

АҚ туралы Заңда және оған келесі түзетулерде акционерлік қоғамдарда өздігінен реттеу элементтерін шыгару талпындыстары, атап айтқанда, Корпоративтік басқару кодексі жасалды. Акционерлік қоғамдарға корпоративтік басқару кодексінің дайындау және енгізу үрдісін женілдету үшін Қазақстан қаржыгерлер қауымдастырының жұмыс тобы АФН қатысуымен Корпоративтік басқару кодексінің жобасын дайындады, ол Эмитенттер кеңесінің 2005 жылдың 21 ақпандағы алғашқы отырысында қабылданды.

Кейін заңға тәуелді құқықтық актілердің деңгейінде жоғары санаттағы листинглік компанияларға 2006 жылдың 1 қазанына дейінгі мерзімде олардың акционерлерінің жалпы жиналышымен осы үлгілік Кодектің ережелерін қамтитын корпоративтік басқару кодексін бекіту талабы қойылды.

Өз кезеңінде 2003 жылдың 2 шілдесінде қабылданған «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заң еткій-тегжейлі бола түсті және қор нарығын реттеудің барлығын біріктірді. Бірінші нұсқаны қабылдаған сәттен бастап нарықта орын алған өзгерістерді қоса алғанда, ондағы бағалы қағаздарды шыгару, айналыска жіберу және өтеу, олармен жасалған мәмілелерді тіркеу тәртібін, бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын құрайтын нарықты және үйымдарды құруды және оларға кәсіпқой қатысушылардың қызметін, реттеуші органдың құқықтық мәртебесін және құзыретін реттейтін нормалар жетілдірілді. Заңда, ең алдымен, бағалы қағаздар бойынша табыс табу құқықтарын қамтамасыз етуге, бағалы қағаздардың әмітенттері туралы ақпаратпен танысуға, инсайдерлік мәмілелерден коргауға бағытталған, қасақылық пен жосықсыз іс-әрекеттерді болдырмауға арналған бірқатар тығымдар мен шектеулер қарастырылды.

2004 жылы қабылданған тағы бір маңызды нормативтік-құқықтық акт «Инвестициялық қорлар туралы» Қазақстан Республикасы заңының жаңа нұсқасы болды, оның арқасында нарықта негізгі институционалдық инвесторлармен – ЕДБ және ЖЭК қатар, инвесторлардың жаңа тобы пайда болды. Орынсыз реттеушілік нормаларды жеңілдету және инвестициялық қорларды толыққанды акционерлік қоғамдар түрінде үйимдастырудан бас тарту үлеспұлдық инвестициялық қорлардың екпінді дамуына әкелді. Егер 2004 жылдың соңына дейін Қазақстанда небәрі екі ҮИҚ – «Compass Портфельдік Инвестициялар» және «Compass Тікелей Инвестициялар» тіркелсе, 2007 жылдың қорытындысы бойынша елде 183 үлеспұлдық инвестициялық қор, солардың ішінде 146 – жабық, 19 – ашық және 18 – интервалды қор әрекетті етті. Бұған қоса, олардың жиынтық активтері шамамен 200 млрд теңгени құрады.

қарай KASE\_Shares индексінің мәні 3,8 есе жылдық өсуімен 2 418,08 мәніне жетті. Және бұл үlestік құралдардың үйымдастырылған нарығын 2006 жылы әлемдегі ең кірісті нарықтардың бірі ретінде қарастыруға негіз болды. 2007 жылдың шілде айына қарай оны капиталдандыру 70 млрд АҚШ доллары максималды белгісіне жетіп, осы сәттен бастап акциялар нарығы «қызыл аймаққа» бата бастады.

## IPO нарықтың сыйымдылығын өлшеу құралы ретінде

KASE акциялар нарығында бағалар шуының алып-сатарлық табиғаты тәмен өтімділік аясында әлеуетті әмитенттерде оның ірі акциялар пакеттерін лайықты баға бойынша орналастыруды «қорыту» даярлығына қатысты күмән туздыратын еді. Алайда «құнарлы» жылдардың шымылдыры түскен кезде соншама күмәншіл бағаның негізділігінде құдік тудырган оқиға орын алды.

2006 жылдың қыркүйек айында Қазақстанның ең ірі мұнай өндіру компаниялары үштігіне кіретін «ҚазМұнайГаз Барлау Өндірү» АҚ бір мәзгілде LSE және KASE өткен IPO жүргізді. Бастапқы орналастыру өте сәтті болып шықты – жалпы алғанда әмитент 2,03 млрд АҚШ долларын тарта алды. Бұл ретте қазақстандық инвесторлар ұсынылған барлық акциялардың 67,4% сатып алды. Жазылымды Қазақстандағы компаниялардың жаңа акцияларының ұсынысын жетекші басқарушы, яғни андеррайтер мәртебесіне ие болған Visor Capital жүргізді. Ішкі нарықтағы жазылым биржаның өзінде жүргізілген жоқ, себебі акцияларды сатып алуға өтінімдер KASE сауда жүйесіне берілмейтін. Бұл тәжірибе кейінірек, «Халықтық IPO» бағдарламасын жүзеге асырған кезде, пайда болды. Бірақ есеп айырысқан кезде KASE инфрақұрлымы қолданылды. Осы инфрақұрлыым арқылы өткен орналастыру бойынша мәмілелердің көлемі бір жарым миллиард теңgeden астам болды, ал бір акцияның бағасы 11 163,39 теңге деңгейінде қалыптасты. Шамамен 9,2 миллион акция бұдан бүрын «ҚазМұнайГаз» БФ АҚ еншілес қаржы компаниясының облигацияларына ие болған инвесторлардың арасында орналастырылды, 7,4 млн акцияны 15 қазақстандық зейнетақы қорлары мен зейнетақы қорларын басқаруды жүзеге асырған компаниялар сатып алды, ал қалған 1,3 миллион қалған инвесторлардың арасында тепе-тен бөлінді. Бұл ретте Қазақстанда бөлшек сауда инвесторларын тарту үшін аз-кем болсын ауқымды роуд-шоу жүргізілген жоқ.

Сол жылдары биржаның вице-президенті, қазіргі кезде «Цесна Капитал» АҚ, Директорлар кенесінің мүшесі Болат Бабеновтың еске алуы бойынша, KASE орналастыруды өтеп жақсы орынданап шықты:

«Бізде сауда-саттықты үйымдастырумен ерекше қыншылықтар болған жоқ. Бұл уақытқа қарай арнайы сауда-саттықта бастапқы орналастыру технологиялары менгеріліп койды және облигациялар жазылым әдісімен ойдағыдай орналастырылып жатты. Бұның акцияларды ауқымды бастапқы орналастыру және Лондонмен синхронда болғаны жаңаңыз болды. Биржа үшін бұл орналастыру басқа жетекші қазақстандық компаниялар акцияларды ашық нарықта орналастырады деген үмітті білдірді. Өкінішке орай, одан әрі біздің үмітіміз, жүқалап айтқанда, толығымен ақталмады<sup>18</sup>.

Мұнайлы «көлілдір фишканың» бағалы қағаздарына қызығушылық аяғына дейін қанағаттандырылмай қалды. «ҚМГ» БФ» қағаздарының алғашқы сауда-саттығы барысында KASE қайталама нарығындағы мәмілелердің жиынтық көлемі 156 млн теңгеден асты. Сауда-саттықты жапқан кезде де акциялардың бағасы жа-салған соңғы мәмілелер бойынша бір қағаз үшін 12 600 теңгені қурады, бұл ішкі нарықта IPO аясында акцияларды орналастыру бағасынан 12,9% жоғары болды. Осындай бастапқы өтінім бағалы қағаздардың жоғары өтімділігін көрсетті.

Нарық, кесіпкөй қатысуышылар, институционалдық және бөлшек сауда инвесторлары алып-сатарлық ойындарынан түйінді сауда-саттыққа көшуге әбден дайын екенін дәлелдеді. Ал жүргізілген «ҚМГ» БФ» IPO тұнғыш рет қазақстандық нарықтың сыйымдылығы туралы түсінік алуға мүмкіндік берді. Басқа мәселе, компаниялардың өздері KASE шығуға қаншалықты дайын болды? Дегенмен, елдің екі ен ірі ЕДБ – «Қазкоммерцбанк» АҚ және «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ тап осы 2006 жылы жүргізген лондондық IPO бұл сұрақты риторикалық сұраққа айналдырып, Азамат Жолдасбековтың KASE үlestік нарығының сапалық өсуі үшін онда ұлттық компаниялардың акцияларын сату керек деген төрт жыл бұрынғы тезисін раставды.

## «Халықтық IPO» прототипі

Ұлттық компаниялардың акцияларын сату идеясы 2005–2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын дамыту бағдарламасында<sup>19</sup> қаланды, онда қазақстандық компаниялар мен олардың еншілес құрылымдарының МАП бір бөлігін кейін ішкі үйімдастырылған нарықта сата отырып, мемлекеттік холдингтік компанияның басқаруына тапсыру көзделді. «Самұрық» деген әуезді атауға ие болған холдинг 2006 жылдың 13 наурызында құрылып, тап осы жылдың қыркүйек айында «Қазақтелеком» АҚ мемлекеттік акциялар пакетінің 4,6% орналастыру бойынша бірінші экспериментті жүргізді. Бұл пакеттің 90% үйімдастырылмаған нарықта халық арасында жазылым жолымен сату, ал қалған бөлігін ЖЗК-ға биржа арқылы ұсыну шешілгені ерекше жайт болды.

Жеке тұлғалар арасындағы жазылым «Қазпошта» АҚ бөлімшелері арқылы 2006 жылдың 30 қарашасынан бастап 10 желтоқсанына дейінгі кезеңде жүргізді. Бір өтінімде бір акция үшін 25 мың теңгеден 33 мың теңгеге дейінгі дәлізде орналасқан баға бойынша шектелмеген акциялар мөлшеріне талаптану мүмкін болды. Жеке тұлғалардан 6 800 өтінім түсті, олардың 6 477 қабылданады. Бұл ретте олар бойынша акциялардың саны 2 943 575 дананы құрады, яғни сұраныс ұсыныстан 6,5 есе көп болды. Теленген қағаздарды орналастырудың орташа бағасы 30 560 теңге деңгейінде қалыптасты, ал бір айдан кейін қайталама нарықта KZTK бағасы 52 000 теңгеден асып, осы акциялар әлі күнге дейін жете алмай жүрген тарихи максимумға жетті.

«Қазақтелекомның» МАП орналастырудың осы негізгі бөлігі биржалиқ нарықтан тыс өткеніне қарамастан, ол «Халықтық IPO» сериясының түпбейнесіне айналды, олардың біріншісі Қазақстан жаһандық дағдарыстың ең жіті сатысынан өткеннен кейін – 2012 жылы өтті.

## РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫң НАРЫФЫ: БАСТАЙДЫ Да ҮТАДЫ

Репо нарыфы – XXI ғасырдың басындағы ең серпінді дамуши KASE секторы. Ол іске қосылған сәттен бастап, қазақстандық биржалық нарыкты айтарлықтай жаңырытып, оның биржадан тыс сауда алдындағы бәсекелік артықшылығын ұзак жылдарға қамтамасыз етті. Небәрі алты «құнарлы» жыл ішінде биржаның негізгі секторлары ішіндегі ең жас сектор сөзсіз көшбасшыға айналды: 2001 жылы оның айналымы 871,6 млрд теңгені немесе баламамен 5,9 млрд АҚШ долларын құрады (Қазақстанның ЖІӨ 26,6%), ал 2007 жылы бұл көрсеткіш 114 млрд АҚШ долларына жетті (сәйкес – 148%). Тіпті қазіргі кездің өзінде абсолют көрсеткіштері мен KASE айналымының жалпы құрылымындағы үлесі бойынша репо операциялары нарығының бәсекелестері жок.

1996 жылды Қазақстандық репо операциялары нарығының тарихындағы есептеу нүктесі деп тануға болады, бұл кезде банктер мемлекеттік қазынашылық вексельдермен тікелей (келісімді) мәмілелерді жүйелі түрде биржадан тыс жүргізе бастады. Біршама қысқа уақыттан кейін ол репо заттарының жақсы өтімділігі арқасында қысқа банкаралық несиeler нарығын алмастыра алды.

Репо заттары ретінде операцияларына салық салынбайтын МБҚ әрекет етті. Сол уақытта ОД репо мәмілелерін тіркеген кезде қатысуышылар оларды мағлұмдамайтын еді, олар МБҚ, сатып алу-сату мәмілелері болып табылды. Алайда бұндай мәмілелер кезінде облигациялардың сатып алушы үшін өтеуге қатысты кірістілігі және сатушы үшін орналастыруға қатысты кірістілігі мүлде өзгеше болды, осының арқасында мәмілелерді статистикада сәйкестендіру мүмкін болды. 1998 жылы жинақтаушы зейнетакы қорының дамуынан туындаған МБҚ саудасының жандануымен қатар KASE тап осындей жасырын түрде репо нарығы келді.

Алғаш рет репо нарығы биржада ресми мәртебені 1999 жылдың 5 шілдесінде, KASE тиісті сауда секторы ашылған кезде алды. Алайда іс жүзінде бұл алан 1999 жылдың 2 тамызында, МБҚ сатып алу-сату секторында тікелей мәмілелер жасауға тығым салынған кезде жұмыс істей бастады. Нәтижесінде қазақстандық нарык екі маңызды индикаторға: «қысқа» ақшаның шынайы құнына және сатып алу-сату секторының қайталама нарығындағы МБҚ репо мөлшерлемесінің ықпалынан «тазартылған» шынайы нарыктың кірістілігіне – ие болды. Сол кезде репо операцияларының заты ретінде МБҚ, әрекет етті, ал ашық сектордағы барлық мәмілелер келісімді немесе оларды сол кезде және қазір аттайтындей, тікелей болды.

Ұйымдастырылған қазақстандық қысқа ақша нарығын дамытуда негізгі рөлді ЖЗҚ ойнады. Заңнамага сәйкес зейнетакы қорларына тек кері репо операцияларын жүргізуге, яғни, бағалы қағаздар кепілзатымен қарызға ақша беруге рұқсат етілді. Бұған қоса, басқаруға алынған зейнетакы активтерін қатаң шектелген мерзімдерде каржы құралдарына инвестициялауға болды. Бул МБҚ және корпоративтік облигациялардың төменде бара жатқан кірістілігімен бірге ЖЗҚ тарапынан ішкі нарықта қысқа ақшаның тұрақты ұсынысын алдын ала белгілеп берді және бұл ұсыныстың көлемі үздіксіз артып отырды. Банктер осыны ескере оты-

рып, өздерінің қысқа мерзімді өтімділігін қолдау тактикасын өзгертіп, оны ақшаны әрқашан минималды мөлшерлеме бойынша ашық және жасырын сауда-саттық барысында сатып алуға болатын репо биржалық алаңына қайта бағдарлады. Аталмыш факторлардың әсері қазақстандық репо нарығының ұйымдастырылған құраушысының және автоматты репо деп атаптын сектордың дамуына әкелді. Сектор танымалдығының жылдам өскені және келесі 20 жылға жуық уақыт бойы нарыққа қатысушылар тарапынан авторепо секторының құралдарына сұраныстың сақталуы оның уақытында ашылғанын раставиды.

## Жаңа көшбасшы – авторепо

2001 жылдың 1 тамызынан бастап KASE мамандандырылған репо секторы ашылды, мұнда кепілзат, яғни, репо заты ретінде Қаржы министрлігінің және Ұлттық Банктың МБҚ қолданылды, ал ақша ресурстарының сауда-саттығы биржаның негізгі әдісімен – үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен өткізілді. Сауда-саттық заты репо мөлшерлемесінің мәндері – жылдық пайыздармен көрсетілген 1, 2, 3, 7, 14 және 28 күн болды. Биржалық стақанда сатуға және сатып алуға МБҚ емес, 5 млн теңге лотына еселенген ақша сомалары қойылды. Бұл ретте мәмілелеге қатысу үшін қажетті осы МБҚ бағасы мен санын KASE сауда жүйесі автоматты түрде анықтады. Сектордың атавы да осыған байланысты туында-

### Репо операциялары

«Репо» сөзі ағылшын тілінің «hero» – «repurchase agreement» деген сөз тіркесінің жалпы қабылданған қысқартуынан туындаған, аудармасы «кейін сатып алу құқығымен сату туралы келісім» деген мағына береді. Репо операциясы бағалы қағаздармен жасалатын, бір атаулы, бір тұлғалар тараптары болып әрекет ететін, өзара байланысты екі мәмілениң жиынтығы болып табылады. Бұл ретте:

- репоны ашу мәмілесі – бұл ақшаны репо операциясына қатысушылардың біріншісінен екіншісіне аударуды және репо операциясының екінші қатысушысының біріншісіне бағалы қағаздардың белгіленген мөлшерін тапсыруын көздөйтін сатып алу-сату мәмілесі;
- репоны жабу мәмілесі – бұл ақшаны репо операциясына қатысушылардың екіншісінен біріншісіне тапсыруын және репо операциясының бірінші қатысушысының екіншісіне репоны ашу мәмілесіндегі бағалы қағаздардың мөлшерін қайтасыруын көздөйтін бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі.

Шын мәнінде, репо операциясы операцияға бір қатысушының екіншісін бағалы қағаздар кепілімен несиелеу болып табылады. Бұл ретте несиелеу мөлшерлемесі – репо мөлшерлемесі – репоны жабу және репоны ашу мәмілелері бағаларының айырмашылығынан және репоны ашу және репоны жабу мәмілелерінің арасындағы күндер санына тән репо мерзімінен қосылып есептеледі. Әдетте, репо мөлшерлемесі жылдық пайызben көрсетіледі.

ды – автоматты репо секторы немесе қыскаша – авторепо. Репо заты ретінде мемлекеттің бағалы қағаздары әрекет еткендіктен, ондағы операциялар дәлірек МБҚ автоматты репо операциялары деп аталды.

Репо заты ретінде қандай да бір нақты қағаздар емес, олардың себеті әрекет етті. Қарызға ақша беретін нарыққа қатысушы кепілзат ретінде құны бойынша барабар МБҚ мөлшерін алатын, бірақ қандай МБҚ екенін нақты білмейтін. Әйтсе де, бұл маңызды болған жок, себебі бұл қағаздардың инвестициялық сапасы да, олардың әмитенттерінің өте төмен несие тәуекелі де бірдей болды.

Бұл құралдың тағы бір маңызды ерекшелігі болды. Тікелей (келісімді) репо-да кепілзатқа (яғни, репо затына) меншік құқығы мәміле ашылғаннан кейін қарызға ақша беретін сауда-саттыққа қатысушыға (кредиторға) өтетін де, ол бұл қағаздармен қалағанының барлығын жасай алды – тіпті сатып жіберуге дейін. Автоматты репо жағдайында басқаша болды – бағалы қағаздар ОД кредитордың шотына көшірілетін және репоны жабу мәмілесі жасалғанға дейін оқшauландырылатын. Егер осы мәміле сәтті орындалса, репо заты ақшаны қайтарған тұлғаның шотына көшірілетін, ал егер борышкер ақшаны қайтармаса, қағаздар кредитордың шотында оқшauландырудан шығарылатын болды. Яғни, автоматты репо операциясы кезінде репо затына меншік құқығы борышкер дефолтқа ұшыраған жағдайда фана кредиторға өтетін еди.

**Сол кезде KASE президенті болған *Дамир Қарасаевтың* айтуы бойынша, биржалық сервистің авторепо секторында жұмыс істеу қағидасын ол ыстамбұл қор биржасына барған кезде «көріп қойды»: «Мен бұны міндettі түрде бізде енгізу қажет екенін түсіндім... Көп кешікпей біз бұл операцияларды іске қостық. Ең бастысы – біз бұның корпоративтік облигациялар кепілімен іске қосылады деп сендік, ал шынында даму мемлекеттік бағалы қағаздар кепілімен репо нарығында жүріп жатты. Негізінде, репо операциялары жана бірдене бола қойған жок. Репо нарығы Қазақстанда әрдайым болған. Жалпы алғанда, ол мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылғаннан кейінгі қуні қалыптасты. Банктер өздерінің қысқа мерзімді өтімділігін реттеу үшін әрқашан МБҚ портфелін қолданатын. Ұлттық Банктің ноталары, Қаржы министрлігінің облигациялары пайда бола салысымен, банктер өз өтімділігін реттеу үшін кепілзат ретінде үнемі мемлекеттік бағалы қағаздарды қолданатын. Біз үшін оны автоматтандыру және қандай да бір биржалық тауарға айналдыру маңызды болды. Біз әрқашан нарықтың қайда екенін түсінетінбіз және оған биржа ретінде қатысымыз келетін. Бірақ мен бұны қалай ұйымдастыруға болатынын ұзақ уақыт бойы түсіне алмадым, біз бұның ыстамбұл қор биржасында қалай жұмыс істейтінін көріп, бұны қалай істеуге болатынын түсіндік»<sup>20</sup>.**

МБҚ автоматты репо секторының ашылуы арқасында KASE мүшелеірі толық ақпараттық айқындылық кезінде нарықтың негізделгі қыска ақшамен жұмыс істей бастады. Сектордың жас болғанына қарамастан, автоматты репо операцияларының көлемі 2001 жылдың соңына қарай тікелей (келісімді) репо мәмілелерінің көлемімен фана емес, АҚШ долларының нарығындағы айналыммен де салы-

стырымды болды. Оның үстіне, Үлттық Банк ашық нарықтағы қысқа мерзімді өтімділікті реттеудің тиімді, бұғінгі күнге дейін қолданылатын құралына ие болды. Сондықтан тап осы Үлттық Банктің бұл секторды дамытуға себепші болғанында таңғалатын ештеңе жоқ.

2002 жылдың 11 қаңтарынан бастап, БҚҰК Директоратының 1999 жылғы 24 маусымдағы № 352 «Бағалы қағаздардың үйымдастырылған нарықтарында зейнетакы активтерінің қатысуымен сатып алу-сату мәмілелерін жүргізу туралы» қаулысына өзгертулер енгізген ҚРҰБ Басқармасының 2001 жылғы 19 қазандығы № 410 қаулысы қолданысьқа енгізілді. Осы өзгертулерге сәйкес зейнетакы активтері қатыстырылатын кері репо мәмілелері тек ашық сауда-саттық әдісімен ғана жасалуы тиіс еді. Бұл сатып алушы ретінде ЗАБК, МЖЭК, немесе ЗАБК KASE репо операцияларын жүзеге асыруға үекілтті еткен биржа мүшелері әрекет еткен репоны ашудың барлық мәмілелері енді KASE автоматты репо секторында ғана жасалуы тиіс болды.

Осы қаулы Үлттық Банктің реcми репо мәлшерлемесіне (PPM) көшу бойынша бағдарламасының бөлігіне – таяудағы екі жылға арналған нарықты реттеудің негізге алынатын қағидасы ретінде таңдалған инфляциялық таргеттеу жағдайларында негізгі нарықтық индикаторға айналды. Иә, иә. Инфляциялық таргеттеу Қазақстанда алғаш рет бәрі ойлағандай 2015 жылы емес, 2002 жылы енгізілді. Бірақ 2008–2009 жылдардың дағдарысынан кейін ол ұмыт қалды.

PPM өту бағдарламасы 2002 жылдың 20 акпанында жарияланды. Оның бірінші кезеңінде Үлттық Банк тікелей және кері репо операциялары бойынша пайыздық мәлшерлемелер дәлізін апта сайын жариялай бастады және банктерге осы дәліздің шегіндегі мәлшерлемелер бойынша өзімен репо операцияларын жүргізуге көн рұқсаттаманы қамтамасыз етті. ҚРҰБ репо операцияларының негізгі мерзімдері өтпелі кезең бойы «овернайт», жеті және 14 күн болды. Бұған қоса, Үлттық Банк репо операциялары кірістілігінің безбенделген орташа мәлшерлемесін атальыш дәліздің ортасына таман ұстап қалуға тырысты. Мәлшерлеме оның кез келген шекарасына қауіпті жақындаған жағдайда, Үлттық Банк, ығысу факторларына қарай, өз ноталарын шығару, депозиттерді тарту, репо операцияларын жүргізу немесе, қажет болған жағдайда, дәліздің шекараларын қайта қарau арқылы өтімділікті түзетіп отырды.

2003 жылдың қыркүйек айының ортасынан бастап ҚРҰБ репо нарығында ЕДБ қысқа мерзімді өтімділігін қолдаудан бас тартып, нарықты стерилдеу арқылы ақша тартумен ғана шектелді. Осы стратегия 2004 жылы да сақталды. Қазақстанға экспорттық түсім, қарызы қарражаты және тікелей шетелдік инвестициялар түрінде түскен шетел валютасының айтарлықтай көбеюі экономиканың «қызып кетуі» қаупіне әкеп соқты, бұл жыл соңында Үлттық Банкті ақша-несие саясатын, соның ішінде есептік мәлшерлемелерді арттыру арқылы қүшеттүге мәжбүр етті. Оның қайта қаржыландыру мәлшерлемесін арттыру ниеті 2004 жылдың соңына қарай жүзеге аспай, ол жылдың 7% деңгейінде қалса да, ҚРҰБ репо операциялары бойынша бірыңғай мәлшерлемені (РБМ) біртіндеп төмendetуден бас тартуға тұра келді. 2004 жылдың басында осы индикативтік мәлшерлеме жылдық 4,5% +/- 150 базистік пунктті құрады. 1 тамыздан бастап РБМ жылдық 3,5% (+/- 200 базистік пунктке) дейін төмendetілді, 1 қазаннан

бастап ол жылдық 4% дейін арттырылып, ал 1 желтоқсаннан бастап жылдық 4,25% дейін өсті.

Осылайша, теңгенің артық өтімділігі ең «қысқа» ақша бағасының үздіксіз тәмендеуіне себепші болды. Бұл 2004 жылдың қазан және қараша айларында, мұнайдың әлемдік нарықтағы жоғары бағалары және қазақстандық компаниялардың шетелде борыштық бағалары қағаздарды орналастыруының жаңа толқыны салдарынан елдің ішкі нарығында АҚШ долларының үлкен сомалары сатылған кезде ерекше байқалды. ҚРҰБ осы валютаның едәуір бөлігін сатып алғаны ақша массасының өсуіне әкеп соқты, нәтижесінде жеке «овернайт» репосын ашу мәмілелері KASE жылдық 0,15%-бен ашылды. Яғни, іс жүзінде репо мөлшерлемесі нөлге қарай үмтүлды.

## Көбірек қағаз, жақсысы мен түрлісі

KASE ақша нарығын дамытудағы тағы бір сапалы қадам 2002 жылы, биржа МБҚ, автоматты репо мамандандырылған секторын ашқан кезде жасалды. МБҚ автоматты репо секторындағы құралдар «Автоматты репо нарығының маманданымы» атты KASE ішкі құжатының жаңа редакциясына сәйкес, бағалы қағаздардың әмитенттері мен типтері бойынша топтастырылды. Ол Биржа Басқармасының шешімімен бекітіліп, 2002 жылғы 28 ақпандың қолданысқа енгізілді.

МБҚ репо заты ретінде биржаның «A» санатындағы ресми тізіміне енгізілген, әмитенттері оның листинглік талаптарына толығымен сай келетін акциялар мен корпоративтік облигациялар ғана қолданылды. Осы сектордың МБҚ, авторепо секторынан түбектегілі айырмашылығы репо заты болып қағаздар себеті емес, қандай да нақты атаялы бағалы қағаз әрекет еткені болды<sup>21</sup>.

2002 жылдың 15 наурызында ашылған МБҚ, автоматты репо секторындағы сауда-саттық зейнетақы активтері қатыстырылатын репо операцияларының әлеуетті заттарының тізімін біртіндеп кеңейтті. Осы репо сегментінде операциялардың кірістілік мөлшерлемесі ақшаны тарту мерзіміне емес, ең алдымен, акциялардың және корпоративтік облигациялардың типіне байланысты болды. Сауда-саттыққа қатысушылар, ең алдымен, қолданылатын МБҚ нарығының өтімділік дәрежесін және кепілге алынатын акциялар мен облигациялардың инвестициялық тәуекелдерін бағалады.

2002 жылдың соңында байқалған автоматты репо операцияларына МБҚ белсенді түрде тарту беталысы одан кейінгі жылдары күшті дамып кетті. Сектор өмірінің алғашқы жылы мәмілелер тиісті бес құралмен ғана жасалса, 2003 жылы олардың саны – 45 дейін, ал 2004 жылы 85 дейін артты. Сәйкес операциялардың көлемі де үлғайды. Осындағы динамика нарық 2002–2003 жылдары игерген он тәжірибелемен, KASE листинг рәсімінен еткен МБҚ тізімінің кеңеюімен, сонымен қатар авторепо операцияларының заты ретінде қолданылатын МБҚ нарықтық бағалау әдістемесін түрлендірумен байланысты болды.

Автоматты репо секторындағы кірістілік мөлшерлемесінің динамикасы тыныш болды. Бұл жайт нарықта теңге тапшылығының жоқтығымен түсіндірілді. Репо мөлшерлемесінің құбылмалылығы айтартылғатай азайды, ал олардың опе-

рация мерзіміне тәуелділігі із-түзсіз жоғалды. «Овернайт» репосының мөлшерлемесі жи ұзынырақ ақшаның бағасына қарағанда жоғары болып шығатын еді, себебі банктердің кассалық алшақтығы қысқарып, олар ең қысқа теңгені ғана қатты қажет етті.

Бұның дәлелі KASE Ұлттық Банктің ұсынысы бойынша 2001 жылдың қыркүйек айынан бастап МҚБ «овернайт» автоматты репосының мөлшерлемесі бойынша есептей бастаған және қазіргі кезде елдің қаржы нарығының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылатын TONIA (Tenge OverNight Index Average) индикаторының динамикасы болды. TONIA мінез-құлығы, әдетте, нарық өз шарттарын ұсынған жағдайларды қослағанда, бюджеттік төлемдер кестесімен шартталған, айқын білінген айлық ырғақтылықты көрсетті. Кейбір кезендерде қаржы нарығына қатысушылардың және олардың клиенттерінің тенге бойынша өтімділігі жоғары болғаны соншалық, банктер «салық апталарын» «қысқа» ақшаны тартпай игерді.

2005 жылға қарай «овернайт» репосының мөлшерлемесі ең төменгі шегіне жетті. Бұны, бір жағынан – Ұлттық Банктің ақша-несие саясатының күшінен, ал екінші жағынан, мөлшерлеменің өте төмен деңгейі тудырды. Бұл кезенде ақша жылдық 0,001–0,01% бір тәулікке жи орналастырылды.

## «Тікелей» репоның жаңа миссиясы

Автоматты репо секторымен бір мезгілде 2001–2006 жылдары «тікелей» репо деп аталатын сектор жұмысын жалғастырды, мұнда операциялар қатысушылардың мәміле параметрлерін алдын ала келісіп алуы бойынша жүргізілді. Еске сала кетсек, осы сектор 1999 жылдың 5 шілдесінде ашылды, бірақ брокерлердің бастамасы бойынша 2000 жылдың наурызы айында ғана нақты жұмыс істей бастады. Сол кезден «тікелей» репо операцияларының қолемі үздіксіз есіп, 2007 жылы 15,6 млрд АҚШ долларына жетті.

Шын мәнінде Ұлттық Банк мөлшерлемелер дәлізінің қолдауы арқылы реттеген автоматты репо секторына қарағанда, «тікелей» репо нарығына қатысушылар өз мәмілелерінің параметрлерін белгілеуде әлдекайда еркін болды. Операцияларды кез келген кірістілік бойынша, кез келген қағаздармен, соның ішінде МБҚ және кез келген мерзімдерге жүргізуге болды, дегенмен, алғашқы жылдары автоматты репо секторында сияқты «овернайт» репосы ең кең таралған болды.

«Тікелей» репо секторында операциялар заты ретінде қолданылатын бағалы қағаздар тұрғысынан айналым құрылымы да автореподагы айналым құрылымынан айтарлықтай өзгеше болғаны танғалдырымайды. Қатысушылар Қазақстан-ның еурооблигацияларын жиірек қолданды, жергілікті атқарушы органдардың облигациялары жұмысқа тартылды, ҰБҚ үлесі біршама жоғары болды. Автоматты репо секторынан ең ерекше айырмашылығы – репо-операцияларының заты ретінде МЕАКАМ шектеулі қолданылуы – бұл әдетте осы МБҚ жұмыс істейтін Ұлттық Банктің аздал осы секторға қатысуына байланысты болды. Бұған қоса, 2005 жылдың 1 шілдесінен бастап ҚРҰБ тікелей репо операцияларын өткізуден тіпті бас тартты, бұл туралы оның тәрағасы Әнуар Сәйденов реңсі түрде жары-


ялады. Бұндай шешімнің себептері – Ұлттық Банктің портфелінде бағалы қағаздардың жеткіліксіздігі және осындағы операциялардыңrepo мөлшерлемесіне тиғизетін әлсіз әсері.

МБҚ жүргізілетін операциялар туралы айтатын болса, мұнда корпоративтік халықаралық облигациялар мен «A» санатындағы KASE ресми тізімінің облигацияларына артықшылық берілді.

Қалыптасты жатқан мөлшерлеменің келістілігі түрғысынан «тікелей» repo секторының жағымсыз қасиеті олардың онша нарықтық емес табиғаты болып табылды. Бірқатар жағдайларда қатысуыштарға (жіе үлестес тұлғаларға) өздерінің қаржылық қарым-қатынастарын шешіп, тікелей мәмілелер арқылы жұмыс істеу тиімді болды. Репоны ашу мәмілелерінің бағасы еркін қалыптастырылатынын ескерсек, құрал бұл мақсаттар үшін қолайлы болды. Теориялық түрғыдан ол кез келген бола алды және repo затын сатып алу-сату нарығындағы оның бағасына байланыстырылмады.

2005 жылға қарай МБҚ «тікелей» repo операцияларының заты ретінде кеңін қолданылуы ерекше сипатта айналды. Бұл брокерлердің нарықты акциялар нарығында алып-сатарлық сұранысты қалыптастыруға мүмкіндік беретін ақша көзі ретінде жиі қолданатынымен түсіндірілді. 2006 жылдың басына қарай биржада мүшелерінің көпшілігі «тікелей» repo операцияларының заты ретінде бір не-

## 2001–2007 ЖЫЛДАРДАҒЫ REPO НАРЫФЫ АЙНАЛЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ OVERNIGHT TONIA РЕПОСЫНЫҢ ОРТАША САРАЛАНГАН КІРІСТІЛІГІ



месе басқа акцияларды қолдана отырып, тап осы акциялардың спот-нарығын «айналдыру» технологиясын игерді. Және 2006 жылы KASE\_Shares индексінің бұрын-сонды болмаған өсімі белгілі бір дәрежеде осы технологияны қолданумен байланысты болды.

Жалпы 2001–2007 жылдары автоматты репо секторын негізінен биржалық нарыққа қатысушылар дәстүрлі мақсаттарда қолданса, «Тікелей» репо секторын жаңа және әте ерекше мақсаттарда қолданды деуге болады. Мұнда мөлшерлеменің динамикасын көп факторлар, солардың ішінде сатып алу-сату секторындағы репо затының ашық нарықтағы және келісімді мәмілелер нарығындағы құны анықтап белгіледі. «Тікелей» репо нарығының жаңа қыр-сыры мұнда бағытты банктер емес, брокерлік-дилерлік компаниялар бергенімен білінді. Мысалға, 2005 жылдың қорытындысы бойынша осы KASE мүшелерінің үлесіне операциялардың брутто-айналымының 49,6% тиді.

## Ойын шарттарын тәжірибе белгілейтін кезде

Репо биржалық нарығының салыстырмалы жастыры KASE оның нормативтік базасына сынни қарауға мәжбүр етті. Сауда-саттық пен есеп айрысу өткізген кезде туындастырылған түрлі өнеге оқиғалар биржа ішкі құжаттарды үнемі өзгертіп, толықтыратын негізге айналды. Мысалға, 1999–2002 жылдары репо нарығын үйімдастыру бойынша тәжірибе 2002 жылдың 24 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілген және бұның алдында қолданыста болған KASE үқас ашкі құжаттарын алмастырган «Репо операцияларын жүргізу ережелерінде»<sup>22</sup> және «Автоматты репо нарығының маманданымында»<sup>23</sup> ескеріліп, жинақтап қорытылды.

Репо нарығының нормативтік базасын жаңғырту нарықтың дамуына қарай жүзеге асырылды және сауда кезінде оңтайлы лоттарды анықтауды, репо заты ретінде қолданылатын қағаздарды нарықтық бағалау әдістемесін жетілдіруді, сонымен қатар репоны жабу мәмілелерін бұзған жағдайда, нарыққа қатысушылардың жауапкершілігін күштейтуді қамтыды.

2003 жылғы 25 наурыздағы KASE Басқармасының шешімімен 2003 жылдың 19 ақпанынан бастап KASE жаңа ішкі құжаты – «Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесі» қолданысқа енгізілді, ол автоматты репо операцияларының заты ретінде қолданылатын акциялар мен облигацияларды және сауда-саттыққа қатысушылардың биржаның алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз етуге арналған оқшаулап объектілерін нарықтық бағалау тәртібін белгіледі. Жаңа әдістеме KASE толығымен қайта өндөлген ішкі құжаттарын – 2001 жылғы 17 сәуірдегі «Мемлекеттік бағалы қағаздарды бағалау әдістемесін» және 2002 жылғы 28 ақпандағы «Мемлекеттік емес бағалы қағаздарды бағалау әдістемесін» қамтыды. Акциялар – бағалау қүнінің алдындағы бір ай ішінде қалыптаскан, маркет-мейкердің сатып алуға берген орташа баға белгілеуіне, ал облигациялар үқас азырғынде қалыптаскан, маркет-мейкердің сатып алуға берген баға белгілеуінің орташа кірістілік мөлшерлемесіне сүйене отырып бағаланды.

Тап осы жылдың 12 наурызынан бастап KASE өзінің веб-сайтының басты бетінде акциялар мен облигацияларды ағымдағы бағалау бойынша ақпаратты апта сайын жариялай бастады, бағалау жаңа әдістемеге сәйкес орындалды. Нарыққа қатысушылар осы деректерді өздерінің портфельдерін тестілеу үшін қолдана алды. Бұған қоса, Ұлттық Банк ЖЭҚ портфельдерін нарықтық бағалау үшін бағалы қағаздарды бағалаудың биржалық әдістемесін негізге алады деп көзделді. Бұл ниет 2003 жылдың 28 мамырында ҚРҰБ хатымен іске асырылды, бұл хатта ол ЖЭҚ және ЗАИБЖҰ 2003 жылдың 1 маусымынан бастап өздерінің бағалы қағаздар портфельдерінің бағалауын олардың нарықтық құны бойынша жүргізуі үсінди. Бұл ретте Қазақстан Республикасының МБҚ және отандық әмбенттердің ҰБҚ бағалауын апта сайын жүзеге асыру үсінілди.

Биржалық кенес мәмілелердің бұзылуы орын алатын өнеге оқиғалармен күресе отырып, 2003 жылдың 30 желтоқсанында Репо операцияларын жүргізу ережелеріне толықтыруды бекітті. Құжат 2004 жылдың 1 қантарынан бастап қолданысқа енгізілді және «тікелей» тәсілмен жүзеге асырылатын репо операцияларына қатысушылар жабу мәмілелерін орындау бойынша міндеттерін бұзған жағдайда, олардың жауапкершілігін регламенттеді. Жаңа енгізілім мәміленің бұзылғанына кінәлі қатысушыны өзінің контрагентіне оның сомасының 5% көлеміндегі тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттеді. Ал 2004 жылдың 1 наурызынан бастап заты KASE айналысқа жіберілген бағалы қағаздар қатарынан шығарылған қағаз болып табылатын «тікелей» репо операциясы бұзылған жағдайда, кінәлі тұлға оның екінші қатысушысына репоны жабу мәмілесі сомасының 50% дейін төлеуге тиіс болды. Тағы бір маңызды өзгеріс «тікелей» тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясына жататын репоны жабу мәмілесінің параметрлеріне (жабу күніне немесе жабу бағасына) қатысты болды.

KASE репо биржалық нарығына қатысушылардың контрагенттер алдында өз міндеттерін орындаған кезде жауапкершілігін арттыру бойынша жұмысы 2004 жылдың 20 қазанында Биржалық кенеспен бекітілген Репо операцияларын жүргізу ережелеріне толықтырулар мен өзгертулерді тұдырды. Түзетулер тап осы жылдың 22 желтоқсанынан бастап занды қүшіне енді. Егер оған қатысты ашу және жабу мәмілелерін жасаған сәтте осы репо операциясының болжамды мерзімі ішінде операция заты ретінде қолданылатын бағалы қағаздардың толькі немесе ішінара өтелетін белгілі болса, олар репо операцияларын кез келген тәсілмен жүргізуге тыбым салды.

Одан кейін биржа Ережелерге толықтыруларды тағы екі рет енгізді. 2005 жылдың 28 қантарынан бастап репо операцияларының рұқсат етілген заттары тізімінен МЕУЖКАМ алып тасталды. Ал 2006 жылдың 1 ақпанынан бастап «А» санатындағы KASE реєсми тізіміне енгізілген және репо операциясының заты ретінде қолданылатын мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаз бойынша репо операцияларының жалпы саны бестен аспауы керек екені (KASE мүшелерінің өтініштерінде көрсетілген мерзімдердің санына және осындағы өтініштердің санына қарамастан), ал осы бағалы қағаз бойынша репо операцияларының максималды мерзімі 90 күннен астам бола алмайтыны белгіленді.


## ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫФЫ: ТЕҢГЕНІҢ ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТІ

Қазақстанның валюталық нарыфы үшін 2001–2006 жылдар кезеңі теңге нығаюының туы астында етті. Бұл бірден бола қойған жоқ. Алғашқы екі жыл бойы үлттық валюта АҚШ долларына қарсы баяу болса да, әлсірей берді: безбенделген орташа бағамға қарағанда, 2001 жылы оның доллармен салыстырғанда құнсыздануы 3,8% құрады, ал 2002 жылы девальвация қарқыны 3,3% дейін азайды. Нарықтағы жағдайды тұрақтандыруға Үлттық Банктің валюталық интервенциялары емес, экономиканың нақты дамуы және кешеннің импортты алмастыруы қызмет етті. Бұған қоса, доллардың алып-сатарлық әлеуеті ақшаны реттеу әдістерімен алынды, бұл бағамның өзгерістерін әлдеқайда болжамды және жатық етті. USD/KZT кестесі 2003 жылды жоғарғы – бір АҚШ доллары үшін 156 теңге нұктесінде қарсы алды, осыдан баға белгілеулері үздіксіз құлдырап төмөндей бастады. Теңге күш жинай бастады.

Бұған ішкі нарыққа ағылған, негізгі көзі қазақстандық экспорттаушылардың түсімі (олардың кірістері энергия ресурстарының әлемдік жоғары бағаларының есебінен есті), мемлекеттік меншік үлестерін жекешелендіруден түскен түсімдер («Қазақмыс» корпорациясы» АҚ және «Ақтөбемұнайгаз» АҚ), сонымен қатар корпоративтік сектор мен екінші деңгейдегі банктердің сыртқы нарықтардан қарыз алуды болып табылған шетел валютасының артқан түсімі себептесті. Ақыр сонында теңге өз тарихында алғаш рет 2003 жылы номиналды көріністе де, нақты көріністе де (сәйкес 8,03 және 12,4%) нығайды.

2004 жылды нарықтың валюталық градусы драйверлермен қыздырылып, одан әрі жоғарылады. Brent маркалы мұнайын жеткізуге фьючерстердің бағасы

### АҚША-НЕСИЕ ЖҮЙЕСІНІҢ 2001–2007 ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕРИ



долларлық көріністе 29,8% өсті. Қазақстанның сауда балансының сальдосы бір жыл ішінде 7,3 млрд АҚШ долларына дейін (алдыңғы жылғы 4,6 млрд қарсы) өсті. Экспорт көлемі – 20,1 млрд АҚШ долларына дейін 55,8%. Сыртқы қарыздар да өсүін жалғастырды. 2004 жылы қазақстандық банктар мен компаниялар халықаралық облигацияларды орналастыру арқылыға 3,4 млрд АҚШ долларын тартты, бұл алдыңғы жылдың көрсеткішінен 3,5 есе артық. Бұның бәрі Қазақстанның валюта айырбастау операциялары көлемінің анағұрлым өсүіне, теңгенің АҚШ долларына, евроға және ресейлік рубльге қарағанда одан әрі дамуына әкелді. Сонымен қатар Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтері мен активтерін көбейтүге мүмкіндік берді.

Алайда валютаның беріктігі үшін қуанышты қазақстандық тауарлардың мен шікіті нарықтағы бәсекеге қабілеттілігінің төмендерегін түнертті. Бір жағынан, болжамды инфляция деңгейінің сақталуы Ұлттық Банктен ашық валюталық нарықтағы оқиғаларға АҚШ долларының сатып алушысы ретінде барынша аз қатысуын талап етті. Екінші жағынан, экспортқа бағдарланған экономиканың мұddeлері теңгенің негізгі сауда серіктес елдердің валюта себетіне қарағанда үйлестірілген бағамын талап етті. Дәл осы себеппен 2004 жылдың соңында, теңгенің Қазақстанның сауда серіктестерінің валюталарына қарағанда нығаюы нақты көрініste сыни шамаларға жеткен кезде, КРҰБ валюталық реттеуді күшайту туралы шешім қабылдап, нарықта төмендерен белсенді түрде қолдау қөрсете бастады.

Сауда-саттық объектілеріне қарағанда, 2004 жылдың соңғы төрт айы ерекше белсенді болып шықты, бұл қазақстандық экспорттаушылар жазғы демалыс уақыты ішінде жиналған валюталық түсімді ішкі нарыққа шығарған кез болды. Ал 2004 жылдың қазан айында мұнайдың әлемдік бағасының тарихи максимумға жетуі қараша және желтоқсан айларында KASE АҚШ долларын сатудың рекордтық жоғары көлемдеріне әкелді. 2004 жылдың қараша айына дейін теңгенің долларға қарағанда нығаюы жоғары болғаны соншалық, тіпті қазақстандық банктарге өз борышына теріс нақты мәлшерлеме бойынша американлық валютамен қызмет қөрсетуге мүмкіндік берді.

Банк еuronotalарды орналастыру немесе синдикаттау арқылы шетелден кезекті қарызды алып, валютаны ішкі нарықта айырбастайтын да, пайыздарды төлеу уақыты келген кезде, KASE айтарлықтай арзандаған долларын қажетті мәлшерін сатып алып, өз міндеттемелерін орындастырып. Сондықтан жылдың екінші жартысында АҚШ доллары нарығындағы банк трейдерлерінің мінезд-құлығындағы алып-сатарлық құраушы бірталай өсті. 2004 жылдың соңында KASE бір доллар 130 теңге түрді, ал 24 елдің – Қазақстанның сауда серіктестерінің валюта себетіне қарағанда ол нақты көрініste 6,1% нығайды.

2005 жылы ішкі валюталық нарықтың конъюнктурасын көп жағдайда тікелей шетелдік инвестицияларды қоспағанда, Ұлттық Банк пен ҚҚА экономиканың қызып кетуін азайтуға және Қазақстанға доллардың ағылуын қыскартуға бағытталған іс-шаралары белгіледі. Бұған қоса, жергілікті нарық әлемде АҚШ доллары жайғасмының нығайғанына жауап кайтара бастады, өнірдегі геосаяси тәуекелдер «БТА Банкі» АҚ бастаған қазақстандық банктар капиталының шетелге экспансиясы сияқты өсті. Нәтижесі ретінде, ұлттық валютаның АҚШ долларына шаққандағы бағамы трендті аз уақытқа ауыстырыды – 2005 жылы теңге 2,91%

құнсызданды. Алайда 2006 жылы, әлемдік нарыктарда АҚШ долларының жалпы құлдырауы болжамдарының аясында, Қазақстанның үлттық валютасының нығаюы қайта басталды. 20 шілдеге қарай USD/KZT бағамы рекордтық төмен белгіге жетті – бұл күні биржада бір доллар үшін небәрі 117 теңге берілді.

Жалпы 2001–2007 жылдар ішінде тенгениң номиналды нығаюы америкалық долларға қарағанда – 16,5%, ресейлік рубльге қарағанда – 5%, ал euroға қарағанда теңге, керісінше, 26,7% әлсіреді.

Қазақстанның қаржы тұрақтылығы тұрғысынан елдің экономикалық өрлеу кезеңінің маңызды оң нәтижелерінің бірі халықаралық активтерді айтарлықтай өсіру мүмкіндігі болды. Үлттық Банктің ішкі нарықа шетел валютасын сатып алушы ретінде белсенді қатысуы алтын-валюта резервтерін толықтыруға көмектесті. Жеті жыл ішінде олардың көлемі сегіз есе – 2 318 млрд доллардан 17 629 млрд АҚШ долларына дейін артты, ал Үлттық Банктің активтерін 660 млн доллардан 21 006 млн АҚШ долларына дейін көбейту мүмкін болды.

Екінші жағынан, тенгениң нығаюы Қазақстанға көптеген шетел инвесторларын, солардың ішінде тікелей және портфельдік инвесторларды тартты. Қаржы ағындарын нақты секторға және экономиканы қайта құрылымдауға бағыттап, осы мол ресурсты «қорыту» керек болды. Сондықтан биржаның қаржы инфрақұрылымының түйінді орталығы ретіндеңі маңыздылығы да артып бара жатты.

## KASE – қолайлы валюталық «хаб»

KASE шетел валюталары секторының даму динамикасы жеті «құннарлы жыл» бойы экономиканың және қаржы нарығының жалпы кеңеюі трендіне толығымен сәйкес келді. Екінші деңгейдегі банктар арасындағы биржалық валюталық сауда-саттық көлемі 2001 жылғы 288,8 млрд теңгеден 2005 жылы 1 606,3 млрд теңгеге дейін, яғни 5,6 есе өсті. Ал 2006 жылдың корытындылары бойынша бұл көрсеткіш үш есе артып, 5 277,3 млрд теңгеге жетті. Дегенмен соңғы рекорд көп дәрежеде жүйелі емес факторға байланысты болды. Күрт өсу көбінесе 2006 жылдың ортасында Үлттық қорды қалыптастыру жүйесінің өзгеруі арқасында орын алды, осының нәтижесінде «мұнай долларлары» KASE екі рет айырбасталатын болды: алдымен экспорттаушылар Үлттық қордың теңгелік шоғына есепке алу үшін, одан кейін Үлттық Банк осы ақшаны валюталық баламаға аударған кездे. Бұған қоса, КРҰБ және ҚҚА ЕДБ үшін резервтік талаптарды қүштейту бойынша жасаған қадамдарына қарамастан, банктар мен корпоративтік сектордың сыртқы қарызы алу көлемінің кезекті жарқылы орын алды. 2007 жылы 2006 жылтың рекордты қайталau мүмкін болмағанымен, валюталар нарығын айналымы қайтадан екі еседен астам – 11 199,2 млрд теңгеге дейін көбейді.

KASE қарағанда қазақстандық банктар бір-бірінің арасында, сондай-ақ бейрезиденттермен валюталық операцияларды өткізе алған биржадан тыс банкаралық нарық салыстыруға келетін қарқынмен өсті. Жеті жыл ішінде оның айналымы 1 088 млрд теңгеден 21 189,0 млрд теңгеге дейін өсті. Бейрезиденттермен жасалған мәмілелерді есепке алмағанда, KASE валю-

талық мәмілелерінің улесі орта есеппен валюталық операциялардың жалпы көлемінің 55–60% деңгейінде орналасты, ал 2007 жылдың соңына қарай ол 70% жетті.

Үлттүк валютаның мықты жайғасымы мен инфляцияның біршама тұрақты деңгейі (2001–2006 жылдары ол 4,8–10% аралығында ауытқып отырды) ҳа-лықтың, отандық және шетел инвесторларының тенгеге сенімін нығайтуға көмектесті. Бұған қоса, әдетте, KASE валютаны сату биржадан тыс нарықта сатқаннан гөрі тиімді, әрі қолайлай болды.

Валюталық биржалық алаңың құралдар желісі долларды, евроны, рубльді және ГФР маркасын қамтыды. Алайда 2002 жылдың басынан бастап айналысқа евроны енгізіп, марканы шығаруға байланысты соңғысының сауда-саттығы 2001 жылдың 1 казанында тоқтатылды. KASE шетел валюталары секторындағы біріншілікті дәстүрлі түрде америкалық доллар сақтап қалды: оның үлесінде орта есеппен бүкіл биржалық мәмілелер көлемінің 90% астамы тиді. Шетел валюташары бойынша сессиялардың бәрі KASE электрондық сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен жүргізілді. Биржаның жоспарлы дамуға және СЖ жаңғыруға алған бағыты 2006 жылы шетел валюталары секторына қатысушыларға әртүрлі есеп айрысу сызбаларын тандауға мүмкіндік берді. Долларды – T+0 (USD\_TOD), T+1 (USD\_TOM) және T+2 (USD\_SPT) сызбалары бойынша, евроны – T+0 (EUR\_TOD) және T+1 (EUR\_TOM) сызбасы бойынша, ал рубльді мәміле жасалатын күні есеп айрысумен ғана (RUB\_TOD) саудалауға болды. Әйттесе де, форвардтық есеп айрысу бойынша сауда-саттық көлемі аз болып қалды – нарыққа қатысушылар T+1 және T+2 сызбалары бойынша мәмілелерді мейрам күндері ғана, есеп айрысуды дәл айтылған күні жүзеге асыру мүмкін емес болған кезде қолданды.

### ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ НАРЫҚЫ АЙНАЛЫМЫНЫҢ 2001–2007 ЖЫЛДАРДАҒЫ СЕКТОРЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



Ұйымдастырушылық түрғыдан сектордың қызметі келесідей болып көрінді. KASE күн сайын шетел валюталары бойынша үш сауда сессиясы өткізілді: таңғы (10:15 – 11:00 ALT), мұнда USD\_TOD құралы үшін негізгі сауда-саттық өткізілді; USD\_TOD құралы үшін қосымша және EUR\_TOD, RUB\_TOD негізгі болып табылатын күндізгі (11:30 – 15:30 ALT); кешкі (14:00 – 18:00 ALT), ол USD\_TOM, USD\_SPT және EUR\_TOM құралдары үшін негізгі болып табылды.

## ЫРЫҚТАНДЫРУҒА БЕТ АЛУ

Бұғынгі таңда Қазақстанның валюталық тәртіптемесінде капиталдың қозғалысына қандай да бір шектеулер қарастырылмаған. Ырықтандырудың негізі тап осы 2001–2007 жылдары қаланды. Осы сәтке қарай Үлттық Банктің капиталды сыртқа шығаруға қойылатын шектеулердің сақталуы экономикадағы капитал ағындарының үйлесімсіздігін тудыра алатының және тенгенің айырбас бағамына оның номиналды, демек нақты өсу жағына қарай қысым көрсететінін айқын түсіне бастады.

2002 жылы Қазақстан Республикасында Валюталық тәртіптемені ырықтандыру тұжырымдамасы қабылданды, ол Үлттық Банк Басқармасының 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 369 қаулысымен мақұлданды және валюталық операцияларды жүргізуге қойылған шектеулерді кезең-кезеңімен жоюды көзdedі. Оның негізінде 2003 жылды 2003–2004 жылдарға арналған Валюталық тәртіптемені ырықтандыру бағдарламасы қабылданды<sup>24</sup>, 2004 жылды ол 2005–2007 жылдар

## 2001–2007 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚШ ДОЛЛАРЫНЫҢ KASE БИРЖАЛЫҚ НАРЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРИ



кезеңіне өзекті етілді<sup>25</sup>. Үріктандырудын бірінші кезеңін жузеге асырудын базы 2003 жылғы 8 мамырдағы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметі, валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңың қүшіне енгенінен басталды<sup>26</sup>. Бірінші кезеңің негізі мақсаты қазақстандық бизнестің инвестициялық мүмкіндіктерін көңейтү есебінен валюталық қарожатты пайдаланудың тиімділігін арттыру болды. Атап айтқанда, ол Қазақстанның өндірістік әлеуетін көңейтетін, жаңа келешегі бар нарықтарға ен үшін жағдай жасайтын және инвестициялау объектілерін бақылаудың қажетті деңгейін ұсынатын бейрекіндердің шетелге тікелей инвестиацияларын валюталық реттеу тәртіптемесін жөнілдетуді көзdedi.

Екінші және үшінші кезеңде валюталық операцияларды жүргізуге қойылған шектеулерді жою және үлттық, валютаның, толық, айырбасталымдылығы қағидаларына көшу үшін жағдай жасау керек болды. Осылан орай 2005 жылдың 18 желтоқсанында «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» жаңа Зан қолданысқа енгізілді<sup>27</sup>. Құжат валюталық шектеулердің едәуір бөлігін жоюмен қатар, 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап сыртқы сауда келісімшарттары белгілеген мерзімдердің ішінде валюталық операцияларды жүргізуін толық және шетел банктерінде шот ашудың рұқсат етілетін тәртібін жоюды және валюталық түсімді репатриациялау қағидаларына көшүді белгіледі. Капиталдық шотты ырықтандырумен байланысты тәуекелдерді барынша азайту үшін және ықтимал дағдарыстық жағдайларға уақытыны және барабар жауап қайтару шараларын құру үшін жүргізілетін валюталық операциялардың ауқымы мен сипаты, капиталдың трансшекаралық ағындары саласындағы беталыстар туралы анық көрініске ие болу керек еді. Сондықтан ырықтандырудың 2006 жылы аяқталған екінші кезеңінің маңызды міндеттерінің бірі валюталық операциялардың статистикалық мониторинг жүйесін қүшету болды. Үлттық Банк тіркеу және хабарландыру тәртіптемелері аясында, сондай-ақ экспорттық-импорттық валюталық бақылау аясында алған олар жөніндегі деректер статистикалық мониторингті жүргізу және валюталық реттеуді талдау үшін ақпараттық негізді қалыптастырыды. Жақында осы жүйені әлемдік қаржы дағдарысымен тиімділікке тексеріс күтіп тұрды.

## KASE ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ (АӨҚО) ЖОБАСЫ

2007 жылдың 7 қаңтарында Биржка АӨҚО арнағы сауда-саттық алаңының операторы болып анықталды, бұның алдында Оңтүстік астанада қаржы орталығының өзін құру бойынша дүбірлі дайындық жұмысы жүргізілді.

Казақстан Басшысының Алматыға қаржы орталығы мәртебесін беру идеясы 90-шы жылдардың ортасынан бастап айтылып, талқыланды. Алайда барлық алғышарттар, ең алдымен, экономикалық алғышарттар жаңа фасырда қалыптасты. Тап осы кезде Boston Consulting Group халықаралық консалтингтік компа-

ниясы тартылған жоба тұжырымдамасын пысықтау жұмысы басталды. BCG Қазақстан үшін қолайлы қаржы орталығының үлгісін әзірлеуде үкіметтің кеңесшісі болды. BCG компаниясы Сингапур мен Тайландтың қаржы орталықтарын құру бойынша жобаларға қатысқанына байланысты таңдалды. Жобада қазақстандық тараптан Экономика министрлігінің жаңындағы Маркетингтік-аналитикалық зерттеулер орталығы әрекет етті.

Әзірлеушілер орталықтың екі қағидалық үлгісін қарастырды – халықаралық және өнірлік. Және де дәл осы BCG өнірлік қаржы орталығының пайдасына ұсыныс пен негіздеме берdi.

2006 жылдың 5 шілдесінде Президент «Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығы туралы» Занға қол қойды, оған сәйкес АӨҚО қаржы орталығына қатысуышылардың қарым-қатынастарын реттейтін ерекше құқықтық тәртіптеме берілді. Қаржы орталығының уәкілді органы КР Қаржы орталығының қызметтің реттеу жөніндегі агенттігі болды – АӨҚО КРА. Орталықты дамытумен арнайы құрылған «Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығы» АҚ, қысқаша – «АӨҚО» АҚ айналысты.

Тұжырымдаманың даму барысында АӨҚО аумағында дербес қор биржасы болып табылмайтын, бірақ Алматы аумағында қызмет ететін қор биржасы операция жүргізген (басқарған және қызмет көрсеткен) арнайы сауда-саттық алаңы қарастырылды. АӨҚО КРА бұйрығына сәйкес арнайы сауда-саттық алаңы (АӨҚО ACA) ретінде KASE тағайындалды<sup>28</sup>. Қаржы орталығының субъектілері оған қатысуышылар – АӨҚО заңды тұлға ретінде тіркелген және БҚН брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға ҚҚА лицензияларына ие үйімдар.

АӨҚО обьектілері АӨҚО ACA айналысқа жіберілген бағалы қағаздар болды. Заң бойынша қаржы орталығына қатысуышылардың дауларын мамандандырылған қаржы сотымен шешіліу тиіс еді. Бұл ретте АӨҚО КРА қаржы орталығына қатысуышыларға қатысты басқа мемлекеттік органдардың жеке функцияларын жүзеге асырды. Ал «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексте АӨҚО және оған қатысуышыларға қатысты бірқатар арнайы салық жөнілдіктері қарастырылды.

АӨҚО құру жобасы кәсіби қауымдастықта тудырған барлық қарама-қайшылықтар мен дауларға қарамастан, бұл жаңартпаның жағымды жақтарын ескермеуге болмайды.

АӨҚО пайда болуы заңнамалық базаны жетілдіруге, қор нарығының инфрақұрылымын қалыптастыруға, 2006 жылдың соңында «Қазақтелеком» АҚ акцияларын жария орналастырғаннан кейін және «АӨҚО» АҚ өнірлердегі халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бағдарламасын жүзеге асырғаннан кейін халықтың сапалық тұргыдан жаңа инвестициялық белсенділік деңгейіне көшуіне себептесті.

АӨҚО ACA нарықтық үлгісі мен техникалық инфрақұрылымын бағалау үшін OMX Technology AB атты швед компаниясы – скандинавиялық және Балтық маңы қор биржаларының операторы тартылды. 2006–2007 жылдары жүргізілген ауқымды және обьективті техникалық тексерістің нәтижелері бойынша, KASE сауда жүйесін түрлендіру туралы шешім қабылданды. Әңгіме жүйенің тұрақтылығы мен мұлтікіздігін арттыру, оның өнімділігін үнемі бақылауды жү-

## **КASE КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҰЙЫМ МӘРТЕБЕСІНЕ ҚАЛАЙ ИЕ БОЛДЫ**

KASE алаңының АӘҚО мойындағын биржада ретінде қызмет ету туралы мәселелерді талқылау аясында KASE коммерцияландыру қажеттілігі туралы мәселе туды. 2007 жылдың 29 наурызында Биржаның кеңес KASE мен АӘҚО КРА өзара арекеттесу жолдарын табу үшін Келісім комиссиясын құрды, ол агенттікten басшылығымен үш кездесуді өткізді, олардың нәтижелері бойынша 2007 жылғы 25 маңырдағы акырынчы хаттама жасалды. Онда KASE коммерцияландыруға, Биржаның акциялары бойынша дауыс беру қағидастын өзгертуге, оның акцияларын кез келген мудделе тұлғаның сатып алуына қойылған шектеуді алып тастауға ортақ ықылас білдірілді, сонымен бірге АӘҚО КРА ведомстволық бағынышты «АӘҚО» АҚ Биржаның қосымша шығарылған акциялары толық орналастырылmasa, KASE акциялары жария орналастырылған кезде олардың 25 % сатып алуға (600 млн теңге сомасына дейін) ниет білдірді.

2007 жылдың 8 тамызында 2007 жылғы 21 шілдедегі «Қазақстан Республикасының кейір заңнамалық актілеріне Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығын дамыту мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңы құшіне енді, оған сәйкес «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңы қор биржасының құқықтық жағдайын және оны басқару жүйесін белгілеуге қатысты өзгертілді. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында коммерциялық емес үйымдарға заңнамада карастырылған жағдайларда ғана акционерлік қоғам үйымдық-құқықтық нысанында қызмет етуге рұқсат етілгендейтін, 2007 жылдың 8 тамызынан бастап KASE де-юре коммерциялық үйым атанды, ал оның акциялары шекшелмеген инвесторлар тобына коллежтімді болды.

Дәл осы заңға сәйкес, KASE акционерлерінің жалпы жиналышында дауыс беру

қағидасы «бір акционер – бір дауыстан» «бір акция – бір дауысқа» өзгертілді, ал KASE жана басқару жүйесіне қара- ма-қарсы жалғыз акционермен бірге оның үлестес тұлғаларына тиесілі болу мүмкін. Биржа акцияларының максималды санына 5%-дык шектеу қойылды. Тек «АӘҚО» АҚ үшін фана шарттар өзгеше болды, ол KASE дауыс беретін акцияларының жалпы санының 25 % ие бола алады.

2007 жылдың 23 тамызында Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналасысы оның жарғысына коммерцияландырумен байланысты түзетулерді енгізді, KASE жа-рияланған акцияларының санын 5 млн дейін (қолда бар акциялардың 11 000 пропорциясында сплиттін және қосымша шығарылған акцияларды орналастыруды қосқанда) арттыры шешімін қабылдады және Биржалық кеңес 2007 жылдың 26 шілдесінде алдын ала мақұлдаған 2007–2010 жылдарға арналған KASE Даму стратегиясын бекітті. Атамыш Стратегия Биржаны даму бағыттарын және осы бағыттардың аясында жүзеге асырылуы тиіс ен маңызды іс-шараларды белгілейтін KASE тарихындағы алғашқы нысандық құжат болды.

Биржалық кеңестің 2007 жылғы 29 тамыздағы шешімімен жұмыс тобы құрылды, оның міндеті ретінде Биржаның акцияларын 2007-2010 жылдарға арналған Дағы стратегиясына сәйкес орналастыру үшін қаржы кеңесшісін таңдау бойынша тендердің шарттары мен өлшемшарттарын жасап шығару белгіленді. Осымен бір мезгілде Биржалық кеңес 2007 жылдың 10 қыркүйегінен бастап KASE акцияларын орналастыру үшін қаржы кеңесшісін таңдау бойынша тендердің жариялауды шешті. 2007 жылдың 16 қарашасында Биржа атальмыш тендердің нәтижелері бойынша оның женимпазы «VISOR Capital» (ВИЗОР Капитал) АҚ және «Сентрас Секьюритиз» АҚ консорциумы екенін жариялады, бұл консорциум Биржамен бірлесе отырып, KASE акцияларын

орналастыру бойынша дайындық жұмысна кірісті.

2007 жылды 21 шілдедегі дәл осы Заңмен АӨҚО қатысушысы деген мәртебеге ие жауапкершілігі шектеулі серікtestіктер «негізгі» санаттар бойынша KASE мүшесі болып кіру құқығына ие болды. KASE негізгі сауда-саттық алаңдарын төмөн капиталданған брокер-дилерлерден сақтап қалу үшін 2007 жылдың 17 тамызында Биржалиқ кенес акционерлік қоғам үйімдік-құқықтық нысанында жұмыс істейтін заңды тұлғаларға ғана бұл санаттар бойынша биржа мүшелері бола алатынын белгіледі. Бұдан кейін биржа «Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығының арнайы сауда-саттық

алаңын үйлемдастыру және қызмет ету ережелері» атты KASE ішкі құжатына түзетулерді әзірлеуге кірісті, олар «негізгі» санаттар бойынша биржа мүшесі болып табыладын және АӨҚО қатысушы ретінде аккредиттеген үйымдарға «А» санаты бойынша KASE мүшелік алуға, яғни АӨҚО ACA операторы ретінде мүшесі атануға мүмкіндік беретін еді. KASE сауда-саттық алаңдарын біріктіру бойынша алғашқы қадам болған осы түзетулер 2008 жылдың 15 қаңтарында қолданысқа енгізілді. Биржаның одан кейінгі күш-жігері KASE НСА және АӨҚО ACA айналысқа жиберілген қаржы құралдары жинақтарының барабарлығын қамтамасыз етуге және екі алаң тұтас болып саналатын жағдайға қол жеткізуға бағытталды.



Әйтке би к-сі, 67 мекенжайында орналасқан KASE сауда-саттық залы, 2007 жыл

зеге асыру, сервистердің алуан түрлілігін, соның ішінде оған графикалық акпаратты қосу арқылы қамтамасыз ету, сауда жүйесіне бөгде сауда-саттық терминалдарын қосу үшін қолданылатын сауда FIX-хаттамасын қолдау жөнінде болды. Дәл осы міндеттер биржаның сауда жүйесінің келесі жылдары одан әрі дамуын белгіледі.

«АӘҚО» АҚ қазақстандық бағалы қағаздар нарығының тарихында тұнғыш рет бағалы қағаздары үйимдастырылған нарыққа шығарыла алатын компаниялардың дерекқоры жасалды. Бұл компаниялармен кездесулер және түсіндіру жұмысы жүргіzlді. Іс жүзінде, дәл осы АӘҚО жобасының аясында биржа өз алаңына бағалы қағаздар әмитеттерін, инвесторларды тарту бойынша маркетингтік қызметті бастады. Кейінрек, дағдарыстан кейін, 2016 жылы KASE өнірлерге ерекше назар аудара отырып, бұл қызметті түбебейлі жаңа деңгейде жаңартты да, оны әлі күнгө дейін жалғастырып келеді.

АӘҚО базасында корпоративтік несие рейтингі мен корпоративтік басқару рейтингін бере отырып, жергілікті компанияларды тәуелсіз бағалау саласында қызмет көрсететін Қазақстандағы тұнғыш ұлттық рейтинглік агенттік те құрылды. Алғаш рет ішкі әмитеттер мен инвесторларға арналған меншікті рейтингілеу жүйесін құру әрекеті жасалды. АӘҚО РА стратегиялық серікtesі Малайзия Рейтинглік агенттігі болды.

АӘҚО РТС ресейлік биржасымен бірлесе отырып, оның озық технологияларының негізінде жүзеге асырған тағы бір жоба – Алматыда «Еуразия сауда жүйесі» (ЕСЖ) тауар биржасын құру. Бүгінгі таңда бұл Қазақстанның ең ірі тауар биржаларының бірі, мұнда негізінен ауыл шаруашылығы өнімдері саудаланады: бидай, қара бидай, арпа, құнбағыс дәндери, үн және құнбағыс майы. Фьючерстердің тиімді сауда-саттығын жүзеге асыру үшін осы биржада нарыққа қатысушылардың мәмілелерін орындауға кепілдік беру үшін клирингтік орталық, техникалық база және тәуекелдерді басқару жүйесі құрылды.

Сонда да АӘҚО құрылған кезде көзделген барлық функцияларын орындаі алмады. Оның пайда болған уақыты қолайсыз болды: 2007–2008 жылдары әлемдік экономикада нақты экономика секторына да, Қазақстанның қаржы секторының барлық сегменттеріне де соққы берген қаржы дағдарысы күшіе бастады. Бағалы қағаздар нарығы да шетте қалған жоқ, инвесторлар жылыстай бастады, биржалық сауда-саттық қөлемдері азайды. Екі сауда-саттық алаңының – АӘҚО АСА және KASE HCA – қызмет етуі бұндай жағдайларда қолайсыз болды.

Екінші жағынан, олардың бірігін әтіжесінде жеңілдетілген листинглік талаптары бар бірыңғай алаң пайда болды, бұл қор нарығына әмитеттер ретінде екінші эшелон компаниялары дәп аталатын шағын капиталдандыру компанияларын тартуға мүмкіндік берді. Бастамашысы, негізінен, «АӘҚО» АҚ болған осы жоба біршама тәуекелді болып шықты, себебі кейінрек, 2009 жылы, бұндай компаниялардың көбісі өз міндеттемелері бойынша дефолтқа үшірады. Дегенмен, бұл дефолттарды өңдеу, соның ішінде KASE ресми тізімінің «буферлік санатын» құру түрінде өңдеу, биржага баға жетпес тәжірибе берді, ол он жылға жуық уақыт өткен соң, биржада альтернативтік алаң құрылған кезде ескерілді.



Қазақстан қор нарығының қаржы нарығы жөніндегі II жыл  
сайынғы конференциясы, 2008 жыл



KASE



4 тарау

# ДАҒДАРЫСПЕН СЫНАЛУ

АЛГАШҚЫ ТОЛҚЫННЫҢ ХАБАРШЫЛАРЫ

БАРЛЫҚ БАҒЫТТАР БОЙЫНША СОҚҚЫ

ДЕВАЛЬВАЦИЯ МЕН ДЕФОЛТТАР АРҚЫЛЫ  
ҚАЛПЫНА КЕЛТИРУ МЕН ӨСҮГЕ ҚАРАЙ

4 тарау.

## ДАҒДАРЫСПЕН СЫНАЛУ

2007 жылдың басында «құнарлы жылдардың» инерциясымен бәрі салаттылықтың жалғасы сияқты болып көрінді, дәлірек айтқанда, солай болып қабылданды. Бірақ қауіптің ісі әлдеқашан сезіле бастады. Кәсіби қоғамдастық дағдарыстың болатыны даусыз екенін түсінді. Алайда біздің экономика әлемдік оқиғаларға біршама кешеуілдеумен жауап қайтаратындықтан, әлі тылды тасалау мүмкіндігі болды.

2007 жылдың қантар айында өткен бірінші баспасөз-конференциясында Каржы қадағалау агенттігі ресми түрде қаржы саласында, әсірере банктік секторда, тәуекелдердің есүіне алғандауын растиды. Сол кездеңі КҚА<sup>1</sup> басшысы Арман Дұнаев<sup>2</sup> реттеуішінің туындаған жағдайға аяусыз жауап қытап, алдын алу шаралар стратегиясын әзірлейтінін мәлімдеді.

2006 жылда, КҚА мәліметтері бойынша банктік сектордың резидент емендердің алдындағы жиынтық міндеттерінің көлемі шамамен екі есе көбейген. Жылдың басында олардың міндеттемелерінің сомасы 4 125,1 млрд теңге болса, ал екінші деңгейдегі банктердің жалпы көлемдегі үлесі 51,6% құраған. Сол кездеңі КҚА жетекшілігі сырттан несие тарту бойынша талаптар қатайтқаннан кейін, банктердің сыртқы қысқа мерзімді жиынтық қарыздарының үлесі тіпті екі есеге төмендеген. Агенттік жеке тұлғаларды несиелендіру аясында бақылауды қүшетуді ойластырган.

## АЛҒАШҚЫ ТОЛҚЫННЫҢ ХАБАРШЫЛАРЫ

Жыл басталған сәтте елдің халықаралық резервтері өсіп жатты – қантар айының қорытындысы бойынша АВР 35 639,4 млн АҚШ долларын құрады (+ 7,4%). Банктер еуропалық астаналар мен каржы орталықтары бойынша роуд-шоуды жалғастырып, ұзын ақша жинағы. Ақпан айының басында Альянс Банкі<sup>3</sup> 750 млн еуробаға<sup>4</sup> еуробоблигациялардың дебюттік шығарылымын сәтті орналастырганы туралы зор мақтандышиен хабарлады, бұл мәмілелеге 235 астам инвестор қатысты. Ал бұның алдында «банктің таза пайдасы 14 млрд теңгеге жетті» деп хабарланды.

Тап осы кезде елдің ішінде Валют-Транзит Банкімен болған оқиға қарқынды түрде өршіді. 2007 жылдың 14 ақпанында БАҚ, банктің лицензиясы кері шақырылғанына байланысты КҚА қуынны бойынша банктің мәжбурлі таратылуы туралы хабарлады<sup>5</sup>. Банк өзінің клиенттеріне 21 млрд теңге қарызданды. Алайда, кейінірек Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры<sup>6</sup> хабарлагандай, Валют-Транзит Банкінің жеке тұлғаларына төленетін кепілді төлемдердің сомасы шамамен 16 млрд теңгени құрайды.

7 қаңтар күні АӘҚО қызметтің реттеу жөніндегі КР Агенттігі тәрағасының бұйрығы күшіне енді<sup>7</sup>, ол KASE орталықтың арнағы сауда-саттық алаңының (ACA) операторы етіп тағайыннады. Ал АӘҚО КРА өзі өңірлердегі жұмысын жандандырып, ынтымақтастық туралы меморандумдар жасасты. ACA үйымдастыру және қызмет ету ережелері келісілді: бұл алаңда мәмілелерді жүзеге асыра алатын биржа мүшелері; сауда-саттыққа қатысу ережелері; бағалы қағаз түрлері; оларды айналысқа жіберу тәртібі, листинг және делистинг рәсімдері белгіленді. 27 ақпан күні АӘҚО ACA алғашқы сауда-саттық өтті.

Наурыз айында «ҚазМұнайГаз» БТ басшылығы өткен жыл ішіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну үшін европалық road-show-ға жөнелді.

Сәуір айында ING Bank, Standard Chartered Bank және Sumitomo Mitsui Banking Corporation Europe Limited БТА тобына 500 млн АҚШ долларына ба-ламалы йиғмен синдикатталған қарыз берді<sup>8</sup>. Ал мамырда ЕБРР акциялардың жалпы санының 9,99% сатып алып, МЖЗҚ зейнетакы қорының құрамына енді<sup>9</sup>...

2007 жылы қаржы секторының суреті осындағы теңбіл, келеңсіздік дақтапы бар, бірақ соңда да жағымды болды. Дегенмен сарапшылар, атап айтқанда, Standard & Poor's талдаушысы **Екатерина Трофимова** «Эксперт» журнальына қазақстандық банктердің төмен капиталдануы туралы айтқан болатын, бұл нарықтағы жағымсыз конъюнтуралық қозғалыстар кезінде оларды осал етеді.

**«Капитал қауіпсіздік жастағы болып табылады, ол сапасы жағынан неғұрлым жұқа және нашар болса, өлімге ұшырау қаупі соғұрлым жоғары болады. Осы көктемде Қазақстанда енгізілтін шетелдік қарыз алу бойынша шектеулер банктердің капиталын көбейтуге бағытталған, бірақ біз капиталдандыру көрсеткіштері жақын арада тубегелі өзгереді деп күтпейміз».**

КРҰБ және ҚҚА қауіп тудыратын ішкі және сыртқы индикаторларға жа-уап қайтара отырып, 2006 жылдан бастап қаржы тұрақтылығы бойынша жыл сайынғы есептерді дайыннады. «Біздің міндеттіміз – индикаторларды белгілеу, өйткені олардың сынни күйге етуі нарықта дағдарыс алды жағдай екенін білдіреді, – деп сол кездегі жағдайды түсіндірді Үлттық Банктің бас-шысы **Әнвар Сәйденов**. Бірнеше жыл бойы жыптылықтан тұрган индикаторлардың бірі – жалпы сыртқы борыштың көлемі және оның ЖІӨ қатынасы. 30 маусымдағы жағдай бойынша сыртқы борыш 91 млрд АҚШ долларын қурап, ЖІӨ мөлшеріне жақыннады. Оның жартысына жуығы – 45,4 млрд – барлық екінші деңгейдегі банктердің 3 млрд АҚШ долларынан астам соманы өтеуі керек болды. Төртінші тоқсанда – тағы осыған жуық<sup>10</sup>. Сондықтан ҚҚА және Үлттық Банк банктерді белгілі бір «өтемдеу мүмкіндітерімен» қамтама-сыз өткен бірқатар шараларды қолданды.

Бірақ жаздың соңғы уикендінде АҚШ долларына дүрлікпе сұраныс туында-ды. Ол Қазақстанға шетелден келген дағдарыс туралы қауіп тудыратын дабыл-дардың нәтижесі болды. Әнвар Сәйденовтің сол күндерді еске алуы бойынша,

бақытына орай, сол жағдайда Үлттық қордың қаражатын қолдану қажет болған жоқ, бірақ дағдарыстық құбылыстар ең жоғарғы шегіне жеткен кезде Үлттық Банктің АВР 23 млрд АҚШ долларынан 17 млрд көрсеткішіне дейін түсті. Тамыз айының екінші жартысында Үлттық Банк нарықта 4,5 миллиардты, тағы 1,6 млрд АҚШ долларын – 2007 жылдың күркүйек айында сатты. Бұл нарықты тыныштандырып, айырбас бағамының тұрақтылығын қолдау үшін жасалды. ҚРҰБ қолданған шараларының аясында үлттық валюта тез нығайды – бір АҚШ долларына 126 доллардан 121 теңгеге дейін.

Сарапшылардың пікірінше, валюта бағамының күрт өзгеру себептерінің бірі дағдарыс туралы хабарламаларлар тудырған халықтың зобалаңыға емес, сондай-ақ шетел инвесторларының Қазақстаннан капиталды шығаруы болды. Олар қысқа мерзімді тенгелік депозиттерді шешіп, елден кеткенде валютаны шығарып әкетті. Үлттық Банк бұл «флеш-капиталдың» мөлшерін 4–5 млрд АҚШ долларына бағалады. Сол кезде ҚРҰБ қолданған шаралардың бірі – 2007 жылдың екінші жарты жылдығынан бастап банктердің несие саясатын елеулі түрде күшетті. Үлттық Банктің басқа шараларының қатарында мыналар болды: өтімділікті ұсыну (repo); минималды резервтік талаптарды (MPT) қалыптастыру тетігін қайта қаралу – өзгерістер резервтік міндеттемелер базасын қысқартуға және резервтік активтердің құрылымын кеңейтуге бағытталды. Бұл ЕДБ шамамен 150 млрд теңгені қосымша босатуға мүмкіндік берді.

**Бұл оқиғалардың бәрі биржаның жұмыс үрдісімен қатар жүрді.**  
**Азамат Жолдасбеков** 2007 жыл ішіндегі KASE есебінің кіріспесінде былай деп жазған: «Міне, басталып та кетті. Әлемдік қаржы дағдарысы. Онымен бірге жеті «нәрлі» жыл да бітті. Бұл жолы, 1997–1998 жылдардың дағдарысы-

## 2007 ЖЫЛЫ АҚШ ДОЛЛАРЫ БАҒАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫНА ӘСЕР ЕТКЕН НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



## 2007–2009 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ Дағдарысы

Қазақстан алғашқы талықсytпланы және, кейін белгілі болғандай, әлемдік қаржы дағдарысының алғашқы хабаршысын жөніп шықты. Осындай хабаршылар барлық жерде – Еуропада да, Азияда да, АҚШ да болды. Мысалы, Еуропада 2007 жылдың қыркүйек айында Ұльбританияның ең ірі банкі Northern Rock бірінші құрбан болды.

Қазіргі кезде көптеген елдердің қаржы жүйелеріндегі жасырын тәуекелдердің іске қосқан ағықтыш тартпа, триgger АҚШ «subprime» жоғары тәуекелдік ипотекалық несиelerдің дағдарысы болып саналады. Ипотекалық несиeler бойынша мерзімі кешіктірілген төлемдердің көлемі үлгая түсті, банктер кепілге салынған жылжымайтын мүлкіті жаппай иеліктен шығарада бастады, осындай несиelerдің қайта қаржыландыру мүмкіндіктері тарылып қалды, субстандартты кепілхаттармен қамтамасыз етілген бағалы қағаздардың бағалары төмен түсті.

Жаһандық қаржы дағдарысының есептегу нүктесі деп 2008 жылдың 15 қыркүйегі есептеледі, бұл кезде АҚШ жүйе түзетін банктерінің бірі Lehman Brothers банкроттығын жариялады. Әлемдік нарықтар бұл оқиғаға баға белгілеудерінің құлдырауымен жауап берді: Dow Jones индексі – 504,48 пунктке (4,42%); S&P 500 – 59 пунктке (4,71%); NASDAQ – 81,36 пунктке (3,6%); МБВБ индексі бойынша шығындар 10% дейін болды. Lehman Brothers артынан American International Group сақтандыру холдингі тенселе бастады. Тап сол қыркүйек айында Merrill Lynch инвестициялық банкі

сатылды. Оны Bank of America сатып алды. Morgan Stanley және Goldman Sachs деп аталағын америкалық инвестициялық банктер сол кезде ФРЖ реттеуіне өтті.

Орын алған жағдайда инвесторлар дамуши елдерге қатысты өз ұстанымдарын қайта қарады. Әлемдік нарықтағы өтімділік дағдарысы дамуши нарықтың, соның ішінде қазақстандық банктердің субъектілерін несиелеу шарттарының қүшіеюне әкеп соқты. Жағдайдың Қазақстанның ішкі экономикасына қандай да бір ықпалын болдырмау біздің экономиканың әлемдік экономикаға бірігуінің жоғары дәрежесіне байланысты мүмкін емес еді, деп есептеді 2008 жылдың тамызы айында Ұлттық Банктің басшысы Әнур Сәйденов. Қазақстандық банктер де жағдайдың өзгеруіне жауап кайтады: екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық несиелеу өсу қарқыны 2008 жылдың бірінші жарты жылдығында 27%-дан 3,4% дейін төмендеді.

Жалпы сарапшылар әлемдік дағдарыстың уш кезеңін бөліп көрсетеді: бірінші – 2007 жылдың 10 тамызынан бастап 2008 жылдың 15 қыркүйегіне дейін; екінші – 2008 жылдың 15 қыркүйегінен бастап 2009 жылдың 1–2 сәуіріне дейін (Лондонда G-20 өткізгеннен бастап әлемдік экономиканың қайта бағдарлауы және трендтің бетбұрысы басталды деп есептеледі); үшінші – 2009 жылдың 1–2 сәуірінен кейін<sup>1</sup>. Алайда көптеген талдаушылар ол жасырын қүйге өтіп, әлі қүнге дейін созылуда деген пікірді ұстанады.

на қараганда, жаңа дағдарыс қазақстандық қаржы нарығын айналып өткен жоқ. Демек, ол есейіл, әлемдік қаржы жүйесіне енді, жалпы алғанда бұл жаман емес. Екінші жағынан, біздің нарық әзірше тұрақтанбаган болып шықты: негізінде сауда айналымы тіпті шиеленіс жағдайларында да сақталуы туіс. Қазақстанда ол бағалардың құлауынан қорықтан кәсілкөй емес инвесторлардың «қашуы» себебімен төмөндеді. Бұған қоса, нарықта мемлекет инвестициялық бағдарларды өзгерктен зейнетақы активтерінің үлесі күрт азайды. Сондықтан артықшылықтар да, кемшиліктер де бар. Шарықтау да, құлау да бар. «Өмір» деп аталағын жайт бар. KASE де тіпті қаржы дағдарысы тоқтата алмайтын өз өмірін сүруде».

Биржа қаржы тұрақсыздығы жағдайларындағы жұмыс тәртібіне көшті. Бұрынғыша доллар үстемдік өткен шетел валюталарының нарығы ауыр сынақтарға тап болды. Дәстүрлі факторлар мамыр айының бірінші декадасынан соына дейін нарықтағы конъюнктураны қалыптастырды. Бірақ дағдылы мәннәтінге өзге оқиғалар қоса енгізіле бастады: 2007 жылдың акпан айында әлемдік қор индекстерінің құлдырауы, бейрезиденттердің қашуы, сыртқы қарыз алуға ҚҚА шектелімдер енгізуі. Сондай-ақ Ұлттық Банктің басшысы атап өткен оқиғалар.

2007 жылдың мамыр айының екінші декадасынан бастап нарық 2006 жылдың қорытындысы бойынша бюджеттік төлемдер кезеңінде туындаған АҚШ долларының артық «қайта сатылуын» түсіріп, түзетімді дәстүрлі түрде менгере бастады. Алайда түзетім тым алыс кетіп, нарықтың жаһандық өркендеуіне үқсай бастады, нәтижесінде Ұлттық Банк маусым айының ортасында нарыққа бәсекеттешүші әсер тигізуге мәжбүр болды.

## 2007 ЖЫЛЫ KASE АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ ИНДЕКСІНІҢ ДИНАМИКАСЫНА ӘСЕР ЕТКЕН НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



Тамыз айындағы дүрлікпе KASE есебінде былай деп сипатталған: «Жеке және заңды тұлғалар банк шоттарынан депозиттерді шешіп, алынған ақшаны АҚШ долларына немесе евроға ауыстыруға үмтүлді. Ақша нарығындағы мөлшерлемелердің өсуі және банктік несиелеген бағдарламаларының күрт азаюы жағдайды одан әрі қиындалты. Тамыз айының соңына қарай жағдайдың ауырлағаны соншалық, тіпті Ұлттық Банк KASE көлемді валюталық интервенцияларды жүргізуғе мәжбүр болды, олардың нәтижесінде теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамын дағдарысқа дейінгі белгілерге қайтару мүмкін болды. Қазан айының ортасынан бастап 2007 жылдың соңына дейін АҚШ долларының қазақстандық нарығы объективті бағалық қатынаста терең-тең және тұрақты болып көрінді. Оның ойыншылары үкімет және Ұлттық Банк қолданған дағдарысқа қарсы шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ бағамды тұрақсыздандыру әрекеттерінің нәтижесіздігіне сенді». Яғни, реттеуішлік тұтқалар бұл жолы іске қосылды.

Акциялар нарығында да өзгеріс болды. Жазға қарай KASE\_Shares Индексінің 2005 жылдың ортасынан басталған өсу үрдісі тоқтады, ал 2007 жылы биржа тізімдерінің өзгеруіне емес, негізінен улестік құралдардың бағалары на тәуелді болған биржалық акциялар нарығын капиталдандыру шілде айында 70 млрд АҚШ долларын құрайтын ең жоғарғы мәніне жетіп, темендей бастады. Қазақстандық банктердің шетелдік қаржыландаудырауға тәуелділігінен, сондай-ақ олардың активтерінің сапасынан мазасыздандыған шетел инвесторлары қазақстандық қағаздар бойынша ұзын жайғасымдарды жаба бастады да, осы арқылы отандық банктердің акциялары мен облигациялары бағаларының шетелде және Қазақстанда құлдырап тәмендеуін тудырды. Нарықтың құлдырауына арзандап кеткен акцияларды сатып алған инвесторлардың құлшынысы кедергі жасады. Әрине, олар әлемдік «сапаға қарай қашу» беталысын жене алмады, бірақ олардың іс-әрекеттері қазақстандық нарықты елеулі түрде тұрақтандырыды.

Үрей, экономикалық жағдайдың біртіндеп нашарлауы акциялар нарығының одан әрі даму әлеуетінен айырылуына әкеп соқты, дегенмен айқын құлдырау әлі бола қойған жоқ, 2007 жыл ішінде KASE нарықты капиталдандыруы 4,91%

## KASE\_Shares индексі және KASE Индексі

2007 жылдың 1 қазанынан бастап KASE өзінің акциялар нарығының жаңа индексін – KASE Индексін іске қости. Бұл акциялар нарығының сапалық тұрғыдан жаңа даму деңгейіне шығуына байланысты болды. Биржаның релизиінде көрсетілгендей, «KASE Индексі KASE\_Shares индексіне қарағанда отандық үйімдастырылған нарықтағы жағдайды анағұрлым барабар көрсетуге қабілетті, биржаның пікірі бойынша, бұл индекстік корларды және де мүмкін, тиісті деривативтер нарығын құру үшін тұрткі болады». KASE Индексінің KASE\_Shares индексінен түбекейлі айырмашылығы – жаңа индекс мәмілелердің бәғасы бойынша есептелді, ал ескі индекте мәмілелер жоқ болған жағдайда, сұраныс пен ұсыныстың баға белгілеулері бойынша есеп айырысуга рұқсат етілді. Басқаша айтқанда, 2007 жылы KASE акциялар нарығының өтімділік деңгейі индекті әлемде қабылданған стандарттарға сәйкес есептей бастау үшін жеткілікті болып шықты. Бұл ретте KASE Индексінің мәндері KASE\_Shares индексінің мезгілдік қатарын жалғастырды.

төмөндейді, ал акциялар нарығы индекстерінің (алдымен KASE\_Shares, одан кейін KASE Индексінің) өсү 9,1% аспады. Барлық қазақстандық банктердің акциялары төмөн түсті, ал экономиканың өндіруші секторы инвесторлар үшін «панда» болды.


Жылдың өзіндік ерекшелігі артықшылықты акциялардың жайғасымдары күшті болды. Жылдың қорытындысы бойынша олардың құнының өсімі орта есеппен 58% асты, ал айналым жыл ішінде 3,5 есе өсіп, акциялар нарығындағы бүкіл айналымының 19,3% куралды.

Әлемдік дағдарыстың сокылары астында корпоративтік облигациялар нарығы да мазасызданды. 2007 жылдың тамызында биржалық операциялардың минималды көлемі анықталды. Қыркүйек айында жаңандыру басталғанымен, мәмілелер бағалардың айқын төмендеуімен және кірстіліктің артуымен жүрді.

Орташа айлық белгілерде тұрақтану жылдың соңында байқалды. Бұған қоса, шетелде қайта қаржылану мүмкіндігінен айырылған банктер жергілікті инвесторлардың ақшасын қарызыга алуға тырысқан бастапқы нарық айтартылғатай жандана тусти. Алайда инфляцияның ағымдағы деңгейі бұны қолайлы баға бойынша жасауға мүмкіндік бермеді. Нәтижесінде ұсынылатын облигацияларды сатып алушылар ретінде ЕДБ тәуекелдерді еріксіз бөліскең банктеге үлестес құрылымдар ғана болды. Бұл қазақстандық ЖЗК биржалық нарыққа қатысу улесінің жылдың соңына қарай өссе бастауының негізгі себебі болды.

2007 жылдың төртінші тоқсанында Қаржы министрлігі корпоративтік облигациялармен бәсекеге түсіп, іске белсene араласа бастады. Егер жылдың басында бұл ведомство оған қолайлы мөлшерлеме бойынша орналастырылып, ақшаны тартуда мүддесіздікті көрсетсе, жылдың екінші жартысында оны пайдал болған бюджет тапшылығын қаржыландыру қажеттілігі ынталандырды.

## **КASE БИРЖАЛЫҚ АЙНАЛЫМНЫҢ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР КІРІСТІЛІГІНІҢ 2007 ЖЫЛҒЫ ДИНАМИКАСЫ**



Қаржы министрлігі инфляция бойынша индекстелген облигацияларды жөне дисконттық МЕККАМ – яғни ЖЗҚ үшін ең ұнамды құралдардың шығарылымын артық көрді. Және инвесторлар осы МБҚ ынталана сатып алды. 2007 жылдың соңына қарай бастапқы нарықтағы Қаржы министрлігінің орта және ұзак мерзімді облигациялары бойынша мөлшерлемелер 300–400 базистік пунктке көтеріліп кетті. МБҚ қайталама нарығы дағдарыстың әсерінен 2007 жылдың соңына қарай қызметін тоқтатты деуге болады.

Ұлттық Банктің уәждемесі қарама-қайшы болды. Егер 2007 жылдың бірінші жартысында ҚРҰБ нарықты ноталар шығарылымының арқасында стерилдесе, тамыз айындағы оқигалардан кейін ол қаржы жүйесіндегі өтімділікті сақтау жөнінде көбірек уайымдады. Ұлттық Банк облигацияларды мерзімінен бұрын өтей бастады. Нәтижесінде айналыстағы ноталардың көлемі тамыз айындағы 7 млрд бастап желтоқсан айында 2 млрд АҚШ долларына дейін азайды.

Репо операцияларының нарығы дағдарыс пен дағдарысқа қарсы шаралардың арасындағы «шайқасты» толық көлемде сезді. Қарсы әрекет ететін еki трендтік нәтижесінде репо операциялары нарығының KASE белсенделігі айтарлықтай төмендеді, ал біршама «ұзынырақ» ақшаның бағасы Қазақстанның экономикасына әлемдік өтімділік дағдарысымен тигізілген әсердің күштегінен көрсете отырып, өсуін жалғастырды.

2007 жылы репо операциялары нарығының үлесіне KASE жиынтық айналымының 65,1% тиді. Бұл нарық, бұрынғыдай, бір жағынан – биржа мүшелері үшін қысқа мерзімді өтімділік көзі, екінші жағынан – олардың уақытша бос ақшаны орналастыру орны, үшінші жағынан, ҚРҰБ нарыққа ақша-несие саясатының құралдарымен тиімді ықпал ете алатын алаң болды.

Биржалық нарыққа әсер еткен тағы бірнеше оқиғаны атап өткен жөн.

1 қаңтардан бастап Салық кодексіне тузетулер қолданысқа енгізілді, оларға сәйкес МЕБҚ сатқан кезде құнның өсіміне қолданылатын салық женілдіктері өзгертилді. KASE тузытулерді Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастыры арқылы табанды түрде алға жылжытты<sup>12</sup>. Салық тәртіптемесінің өзгеруі 2007 жылы ашық сауда-саттық барысында жасалған «нарықтық» мәмілелер басым бола бастаған елдің биржалық қор нарығына әсерін тигізді. Бұған дейін KASE бірнеше жыл бойы қатысушыларды нарықтық баға белгіленімін ұйымдастыруға ынталандыруға тырысып, тікелей (келісімді) мәмілелердің жоғары үлесімен күресті.

1 наурыздан бастап биржа ең танымал листинглік акцияларды саудалаған кезде франкfurtтық сауда-саттық әдісінен бас тартты, себебі олардың өтімділік дәрежесі сырттай нарықтық болып көрінетін келісімді мәмілелердің өткізілуін біршама қынданатты.

2006 жылдың 23 желтоқсанында – Зейнетакы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызметті жүзеге асыру ережелері<sup>13</sup>, ал 15 желтоқсан күні Зейнетакы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулық<sup>14</sup> қолданысқа енгізілді. Осы нормативтік құқықтық актілер бұның алдында әрекет еткен актілерді алмастырды және жеті жыл бойы ұлттық қор нарығының қозғаушы күші және қазақстандық «облигациялық серпілістің» негізгі себебі болған зейнетакы активтерін инвестициялаудың жаңа жүйесін де-факто құрды.

Егер бұның алдында жергілікті мемлекеттік емес бағалы қағаздардың «А» санатындағы KASE ресми тізімінде орналасуы олардың эмитенттерінің зейнеткағи активтеріне қолжетімділігін білдіре, жаңа жүйеде ЗА басқарушылар үшін жағызың өлшемшарт бағалы қағаздарды немесе олардың эмитенттерінде рейтинглік бағалардың болуы болды. Нәтижесінде қазақстандық компаниялардың, әсіресе жинақтаушы зейнеткағи қорларының ресурстарын тартуға бағдарланған компаниялардың өз бағалы қағаздарын KASE листинглеуге қызығушылығы жылдам азайды.

ҚҚА зейнеткағи активтерін басқарушылардың инвестициялық журіс-тұрысындағы парадигманы аудиностыру үшін қандай да бір өтпелі кезенді белгілемегені назар аудартады: 2007 жылдың 1 қарандырылған бастап зейнеткағи активтерінің тиісті рейтинглік бағаларға ие (соның ішінде эмитенттері тиісті рейтинглік бағаларға ие) бағалы қағаздарға инвестиацияларының іс жүзіндегі көлемі әрбір ЖЗК жиынтық зейнеткағи активтерінің кем дегенде 30% құрұры туғызғандықтан еді. Ал 2008 жылдың 1 шілдесінде бұл үлесті сатылы түрде 70% дейін жеткізу талап етілді.

Зейнеткағи активтерін басқарушылардың KASE листингіден өткен бағалы қағаздарға қатысты жасанды селкостығы жаңа листинглік компаниялардың санына ғана әсер етпеді: инвестиацияларға зейнеткағи активтерінің есебінен келетін KASE қайталама акциялар нарығының брутто-айналым үлесі 2006 жылғы 11,8%-дан 2007 жылы 5,4% дейін (2,2 есе) азайды. Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында сәйкес көрсеткіштің мәні де 2,2 есе – 25,9%-дан 11,6% дейін азайды.

Уақыттың көрсетуі бойынша, 2007 жыл дағдарыстың хабаршысы ғана болған. Дағдарыстың өзі 2008 жылы келіп, кең қанат жайды. Және одан кейінгі екі жыл бойы қайтуға асықпады.

## БАРЛЫҚ БАҒЫТТАР БОЙЫНША СОҚҚЫ

KASE сынақтарға дайындала отырып, өзінің он бес жылдығына қадам басты. «2008 жыл күрделі жыл болатыны ықтимал, – деді сол жылдың қантар айында «Казахстанская правда» газетіне берген сұхбатында ҚР Үлттық Банкінің төрағасы **Әнуар Сәйденов**. – Үлттық Банк Қазақстан экономикасының екі даму сценариийін қарастыруды: базалық және пессимистік. Үшінші – оптимистік сценариийін қарастырылған жоқ. Біріншіден, оның жүзеге асу ықтималдығы онша жоғары емес... Үлттық Банк әлемдік қаржы нарығындағы жағдай күрт нашарлаған жағдайда, отандық банк жүйесін қолдаудың шұғыл шаралары қажет болатынын тусланады».

ҚРҰБ алдын ала бағалауы бойынша, жылдың басында банктердің жиынтық сыртқы борышы шамамен 46 млрд АҚШ долларын құрады. Және де банктер халықаралық капитал нарығында қайта қаржыландыруды жалғастыруды. Яғни,

ескі борыштарды жабу үшін қарыз алды. 2008 жылы олар үшін борыштардың өзін азайтудан гөрі қымбаттырақ болса да, ресурстарды қалайда табу маңызды болды.

Қаңтар айында Ұлттық Банк «Ақша-несие саясатының 2008–2009 жылдарға арналған негізгі бағыттарын» ұсынды. АНС басты мақсаты базалық және пессимистік сценарийлерді іске асырган кезде жылдық инфляцияны 2008 жылы 7,9–9,9% шегінде (іс жүзінде 9,48% болып шықты) және 2009 жылы 7,5–9,5% шегінде ұстап қалу болды. Сонымен қатар құжатта банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар кешеніне ерекше көніл бөлінді.

**Жаһандық дағдарыстың өрістеуі сәтінен бастап, ҚҚА атқаратын рөлінің өсіуі көзге түсे бастады.** «Үкіметке, Ұлттық Банкіне, Қаржы қадағалау агенттігіне қаржылық тұрақсыздық қауіпіне мемлекет тарарапынан жүйелі және жедел жауап қайтарудың қолданымды механизмдерін қалыптастыру және халықаралық нарықтардың Қазақстанның экономикасына деген сенімін нығайту қажет, – деп, **Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаев** 2018 жылдың 6 ақпанында Халықта жолдауында ескертті – Қаржы қадағалау агенттігінің жұмысын жүйелі түрде қүшейту керек. Агенттіктің басты мақсаты Ұлттық Банк пен Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, еліміздің қаржылық жүйесінің, әсіресе банктік сектордың бәсекеге қабілеттілігін және тұрақтылығын арттыру болып табылады. Біздің банктерімізге елеулі ықпалын тигізген, АҚШ-тағы ипотекалық дағдарыстың сабактарын ескеру қажет. ҚҚА әр банктегі жағдайда жан-жақты қарап, қажет болған жағдайда алдын алу және қолданымды шараларды қолдану қажет. Мемлекеттік қолдау бір тарапты болмау керек, және банктер тәуекелдің өз үлесін өздері көтеруі керек. Еген банктердің акционерлері өздерінің дамуына қажетті қосымша ресурстарды тартуға қабілетті болмаса, мемлекет қажетті шаралар қолдануға әзір болуы тиіс. Бұл ретте, реттеуішлік кірісушілік барынша айқын және барлық банктік сектор үшін болжанатындей болуы тиіс».<sup>15</sup>

2008 жылдың ақпанында ҚҚА төрағасы ретінде Fitch Ratings рейтингілік агенттігінің «Қазақстан дүниежүзілік өтімділік дағдарысы жағдайында: тәуекелдер мен қарсы тұру амалдары» конференциясының трибунасынан сөз ала отырып, **Елена Баҳмутова**<sup>16</sup> нарықтағы өзара қатынастардың шектерін және «ойын шарттарын» анық және нақты белгіледі: талап пен бақылау күшейеді. Әсіресе тәуекелдерді басқару жүйелеріне жауап беретін қызметтерге қатысты.

«Қатаң реттеуішлікке бағытталуымен әрі қарай жалғасады, біздің басты приоритетіміз – қаржы үйімдарының тәуекел-менеджментін инспекциялау және бағалау болады, – деді Елена Баҳмутова. – ҚҚА құрылымында техникалық комитет құрылып, жедел жауап қайтару үшін техникалық комитет құрылады, ол қадағалау процедураларын жетілдіреді»<sup>17</sup>.

Банктік сектордың ең ауыр сезігіш жақтарына жатқызылды: резидент еместерге берілген несиelerдің жоғарғы көрсеткіштері (15,9%), бір жылда (2007


жылдың 1 қаңтарынан бастап) стандарттық несиeler улесінің 52,6%-дан 39,8%-ға дейін азаюы; күдікті несиелердің 45,8%-дан 58,7%-ға дейін өсуі.

Бірақ сыртқы әсерге біз ғана жауап қайтарған жоқпыш. Еш дақпыртсыз айтқанда, жылдың басынан бастап бұқіл планета мұнды күйде болды. Ақпан айындағы Давостан біршама уақыт бұрын әлемдік қаржы элитасы көшбасшыларының кездесі «пессимистер форумы» деп аталып кетті.

ДЭФ тапсырысы бойынша 60 елде зерттеу жүргізген Gallup International компаниясының қорытындысына сәйкес, әлемнің экономикалық болашағы жөніндегі мәселеде 54% батыс европалықтар мен 43% американалықтар келесі үрпақ ең нашар экономикалық жағдайларда өмір сүреді деп есептеді. Дегенмен, сол сәтте 71% африкалықтар, бәлкім, бұдан да нашар болмайды деп ойлад, экономикалық өркендеуді күтті. Посткеңестік кеңістікте де белгілі бір оптимизм байқалды, ол біздің нарықтық экономикаға жаңа келгенімізben түсінірілді.

Бір апта өткен соң, құлдырауға қарсы жалпы рецептілер бермеген Давос форумын ешкім дерлік еске түсірmedі: негізінен жағымсыз болған оқиғалар қарқынды түрде алmasып отырды. Қыркүйек айының басында Құрама Штаттырында елдің тарихындағы ең ірі үлттандыру жарияланды: Қаржы министрлігі мен ФРЖ Fannie Mae және Freddie Mac федералды ипотекалық агенттіктеріне 188 млрд АҚШ долларын жіберді. Қор нарығында осы екі агенттіктің акциялары құлдырап кетті – олардың баға белгілеулері 75–80% төмендеді. Тап осы айдың ортасында Lehman Brothers инвестициялық банкі сотқа банкроттық туралы өтінішті берді. Жалпы әлемдік тоқырау, ал одан кейін әлемдік қаржы дағдарысының екінші толқыны басталды. Таяуда өткен Давостан Wal-Mart ең ірі халықаралық желісінің негізін салушы Сэм Уолтонның кеңесі ғана 2008 жылдың өзекті

## 2009 ЖЫЛЫ KASE ИНДЕКСІНІҢ ДИНАМИКАСЫНА ӘСЕР ЕТКЕН ОҚИҒАЛАР



ұраны болып қалды: «Бәсекелестеріңізге қараганда шығындарынызды көбірек бақылаңыз. Ағынға қарсы жүзіп, өз жолыңызды табыңыз».

Бір жыл ішінде тек АҚШ өзіндеғанда 25 банк банкротқа ұшырады. Жылдың соңында президент Джордж Буштың экономикалық құлдырау үшін жауапкершілік сөзеттінін айтып, кешірім сұрағанында таңғалатын ештеңе жоқ. Алайда бұл 2009 жылы 140 және 2010 жылы 157 американалық банктін банкротқа ұшырағанымен салыстырғанда мardымсыз жайт болды<sup>18</sup>. Және де бұрын Қазақстан жергілікті дерлік, тыныш айлақта орналасса, енді елге бүкіл теніздің күш-куатына тап болып, әлемде орын алған барлық зардалтардың жағымсыздығын сезуге тұра келді.

2008 жылдың сәуірінде қаржы реттеушісі баспасөз-конференциясында агенттікің қаржы нарығындағы жағымсыз тенденцияларға шүғыл жауап қайта-руының жаңа стратегиясының тұжырымдамалық қағидаларын ұсынды, бұл ретте алдын ала шаралардың үлкен компоненттік құрамымен. Бұл құжаттың жобасы нарыққа қатысушыларымен және ҚҚА техникалық комитетінде талқыланды.

**«Біз қабылдан жатқан жауап қайтару шаралары ағымдағы сәтте актуалды болып көрінбеуі де мүмкін, бірақ болашақта болатын шектер мен тенденцияларын ескертеді, – дед ҚҚА басшысы Елена Бахмутова мәлімдеді. – Ертерек жауап қайтару жүйесі болатын уақығаны күтіп отырмай, болжамды шабуылға дайын тұру үшін енгізіледі. Құрылатын жүйе даму мен тәуекелдің арасындағы тепе-тендік тәсілдемені түспалдауы тиіс. Бұл – бүгін атқарып жатқан жумыстың лейтмотиві болу керек. Біз акционерлердің, банктердің менеджментін басқару органдарының және қаржы үйімдарының ынталандырылуын тенденстіру туралы, сондай-ақ қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілік туралы айтып отырмыз. Бірақ ҚҚА әрекеттері де түсінікті, балжанатын сипатта және айқын болуы тиіс, сондықтан реттешілік сипаттағы барлық шаралар алдын ала жарияланып, нарыққа қатысушылардың тиісті талқылауынан өтіп, банктер оған ыңғайланған алуы тиіс».**

Жауап қайтару, реттеу жүйесі, ҚҚА қадағалауына жататын, барлық институттар бойынша құрылды. Бастапқысы – тек қаржылық секторға емес, жалпы мақроэкономикалық индикаторлар көрсеткіштерінің, олардың өзара ықпалын ескерумен, тұрақты мониторингі. Қалыптасып жатқан жағдай мен жауап қайтару шарасына қарай. Бірінші кезенде: реттеуші орындауын нұсқаған, нұсқауларды әзірлеу – қаржы институттарымен диалог (ықпалшара емес!). Үйқапшаралар – бұл екінші кезең. Нормативтерді бұзған кезде – санкциялар мен ықпал шаралар.

Еліміздің экономикасы үшін ең маңызды жүйелік шешімді Елбасшы Нұрсұлтан Назарбаев 2008 жылдың 13 қазанында айтып кетті. Үкіметтің отырысында сөз ала отырып, Президент Ұлттық қордың қаржылары есебінен 10 миллиард АҚШ долларын дүниежүзілік қаржылық дағдарыстан туындаған, проблемаларды еңсеруеге жұмсауды<sup>19</sup> тапсырды. Үш өзекті бағыттар белгіленді: макроэкономикалық тұрақтылықты, қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайын және экономиканың модернизациясын қамтамасыз ету. Үкіметке экономика мен қаржы жүйесін тұрақтандыру бағдарламасын іске асыруға карт-бланш берілді.

KASE талдаушылары 2008 жылдың трендтерін сипаттай отырып, бетбұрысты сәтпен межеленген екі кезеңді атап көрсетті. Жылдың бірінші жартысында – қазақстандық биржалық нарықтың және де бүкіл қаржы нарығының конъюнктурасы әлемдік тауар нарықтарының бұрын-соңды болмаған өсүінен, екінші жартысында Еуропа мен АҚШ елдерінен келіп түскен жағымсыз экономикалық хабарлардан туындаған оптимизмге бөледі. Біріншісінде капиталдардың қаржы нарықтарынан тауар нарықтарына ағылуы байқалды. Бұл республикаға елдің төлем балансы үшіраған жағдайды түзетуге, ал банктеге акша нарығының операцияларын қолданбай, қосымша өтімділік алуға мүмкіндік береді. Нәтиже-сі ретінде репо операцияларының қажеттілігі азайып, биржалық сауда-саттық көлемі және нарықтың осы сегментіндегі мөлшерлемелер мамыр айында жылдық, ең төменгі шегіне жетті, ал шетел валюталарының нарығындағы сауда-саттық көлемі үлғаюын жалғастырды.

Бірінші жарты жылдықта қазақстандық шикізат компаниялары үстеме пайда туралы хабарлады, ал қазақстандық банктег өтімділік тапшылығын жөнгөндөй болды. Акциялар нарығында тұрақтану орын алды. Осының бәрі жергілікті нарыққа белгілі бір дәрежеде оптимизмді қайтарды, алайда 2008 жылдың шілде айында қызып кеткен әлемдік тауар нарығындағы бағалық «көпіршік» жарылып қалды. Онымен бірге бізде оптимизм тудырғаның бәрі жарылды. Казақстандық экспорт флагмандары өз тауарларының бағалары қалай төмendet жатқанын ғана бақылай алды. Мысалы, Brent таңбалы мұнай бір баррель үшін шілде айындағы 145 доллардан желтоқсанның сонында 35 долларға дейін төмен түсті.

«Қазақстандық нарыққа тигізген әсерімен есімде қалған оқиға, әрине, 2007–2008 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысы болды. Бұның әлемдік экономиканы дүр сілкіндіргені соншалық, инвесторлар және нарыққа өзге қатысушылар әлі күнге дейін бұндай жарқылдардан қауіптеніп жүр», – деп есіне алды сол жылдары Ұлттық Банкте жұмыс істеген «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқаруши директоры **Есжан Біртанов**<sup>20</sup>. «Біз ушін ең үйреншікіз жайт АҚШ ипотекалық дағдарыс күндері болды. Сол кезде мен Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары болып жұмыс істедім, халықаралық нарықтарда Ұлттық Банктің және Ұлттық көрдің инвестициялық портфельдерін басқару мәселелеріне жетекшілік еттім. Біздің портфельде АҚШ доллары, евро, фунт, йена және тағы басқа валюталар болды. Ішкі басқарудағы акциялар портфельдерінде Lehman Brothers акциялары болды, бірақ біз дағдарысты күні бұрын жорамалдап, 2006 жылы америкалық және еуропалық қаржы компанияларының акциялары бойынша барлық жайғасымдарды жойдық. Қаржы компанияларының корпоративтік облигациялары бойынша жайғасымдар алдын ала жойылды. Сондай-ақ ипотекамен (MBS) қамтамасыз етілген бағалы қағаздар бойынша жайғасымдар да жойылды. Осылайша, біз аса үлкен залалдардың болуына жол бермедік. Бұл кадам біздің нарықта дәлдеп жүргізген жұмысымыздың және нетворкингтің нәтижесі болды. Біз ірі банктегімен өзара әрекеттесіп, түрлі серіктестерден – америкалық, жапондық және басқа банктегіден ақпарат жинадық. Мысалы, жапондық инвесторлардың ипотекалық қағаздар бойынша қатты

алаңдағаны есімде бар. Акциялар бойынша біз нақты банк бойынша тәуекелдерді болжап білген жоқпзыз, біз жайғана портфельдердің банк акциялары бойынша барлық жайғасымдарды жабуға тырыстық, себебі жағымсыз сыйбистар тез тарады және бізге олардан озық журу қажет болды. Ақыр соңында біз қыын мәселелерден күтүлдік. Дегенмен, шындығын айтқанда, шығындар болғаны сөзсіз. Бұл портфельдердің бір бөлігін сыртқы басқарушылар басқарды, біз олардың тиісті нарықтардағы жайғасымдарды жабуын талап еттік және кенес бердік.

Батыс елдерінде өтімділіктің жіті жеткіліксіздігі инвесторлардың үрэйлі көңіл-күйімен бірге дамушы нарықтардың активтерін ең тәуекелді активтер ретінде жаппай сатылуына әкеп соқты. Қазақстандық компаниялардың акциялары мен депозитарлық қолхаттарының бағамы шетелде күрт төмөн бастады, ал арбитраж қазақстандық биржалық акциялар нарығындағы бағалардың осыған баламалы төмөндеуіне әкелді.

Жағдай 2 тамызда, «Досжан темір жолы» АҚ – Қазақстандағы алғашқы инфрақұрылымдық облигациялардың эмитенті – осы облигациялар бойынша көзекті купондық сыйақыны төлеу бойынша дефолтқа жол берген кезде қыындей түсті. Инвесторлар жылдам артып келе жатқан корпоративтер арасындағы берешектің аясында онай болжанатын жаңа дефолттарды күте отырып, қазақстандық эмитенттердің облигацияларын сатуға асықты және тәуекелділігі аздау қаржы құралдарына кетті. Осы үрдістің әсерінен корпоративтің облигациялардың кірістілігі тамыз айында жылдам жоғары көтерілді. «Сапага жүгірудің» ақтық бекеті негізінен Қазақстан Қаржы министрлігінің облигациялары, кейде АҚШ қазынашылық облигациялары болды.

Тәуекел аймағына еліміздің зейнетқазылық жүйесі де кірді. 2008 жылдың қазан айының бірінші жұлдыззындағы жағдай бойынша Қаржы қадағалау агенттігі ЖЗҚ таза инвестициялық кірістер көлемінің ағымдағы жылдың шілдесімен салыстырғанда төмөндеуін растады. Осы кезеңдегі инвестициялық кірістің сомасы 286 миллиард теңгенен 2 239 миллиард тенгеге дейін төмөнделді, бұл былтырығы жылдың көрсеткішімен салыстырғанда бір миллиардқа кем. Баспасөз конференциясында жағдайға түсініктеме бере отырып, ҚҚА тәрағасының орынбасары Алина Алдамберген, трендтің төмсендегі «қазақстандық және шетелдік эмитенттердің қазақстандық және шетелдік қор биржаларында саудаланатын бағалы қағаздары бағаларының төмөндеуі. Сондай-ақ KASE Индексіне кіретін, акциялардың құны, ағымдағы жылдың қыркүйек айында 26%-ға арзандауы» себептерімен шартталған.<sup>21</sup>

Олардың ішінде «Газпром», «Сбербанк России», «ЛУКОЙЛ», «JP Morgan», «Альянс Банк», сияқты эмитенттердің қазақстандық және шетелдік қор биржаларында саудаланатын акциялары бар.

2008 жылдың қыркүйегіндегі KASE Индексінің төмөндеуі индекске кіретін KAZAKHMY PLC акцияларының 52% арзандауы, «ҚазМұнай Газ» Барлау Өн-діру» акцияларының – 30%, депозиттік қолхаттары Лондон қор биржасында саулаланатын, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ – 31% арзандауы себебінен болды. ЖЗҚ портфельдеріне кіретін, бағалы қағаздардың көбі, жеткілікті бағаланбаған

каржы құралдары болғанымен, ең өтімді деп санай отырып, Алина Алдамберген «ЖЗК кірістіліктері төмендеген жағдайда, қорлар салымшылардың шығындарын заңнамаға сәйкес өз қаржылары есебінен өтеуі тиіс. ҚҚА оларға қойылатын талаптарды қүшейтеді. Соның ішінде капиталдың жеткіліктілігі бойынша» деп ескертті.

Репо операцияларының заттары ретінде қолданылатын акциялар мен облигациялар құнының KASE күрт төмендеген өте маңызды жағдай болып табылды. Репо нарығының қарызы қаражатына құрылған инвестициялық портфельдердің нарықтық құны олар бойынша міндеттемелердің номиналды құнынан анағұрлым төмөн болып шықты. Бұндай портфельдер залалды, ал оларды құрушуылар төлем төлеуге қабілетсіз болып шықты. Олардың кейіреулері бағаларды түзету үмітімен мерзімі өтіп бара жатқан репо операцияларының мерзімін үздіксіз ұзартуды қолданды, не болмаса осылай құрылған «пирамиданы» одан да тәуекелді қарыздармен қайта қаржыландырыды. Занды нәтиже күзде репо мөлшерлемелерінің күрт есү және 2008 жылдың желтоқсан айында репо нарығындағы дефолттар тізбегі болды, келесі жылы KASE және ҚҚА олар бойынша шараларды қолдануға мәжбүр болды.

Жоғарыда сипатталған жайттың аясында 2008 жылы ең болжамды және тұрақты биржалық сектор МБҚ нарығы болды. Үлттық Банктың өз ноталары нарығындағы эмиссиялық белсенділігінің төмендеуі МЕКАМ шығарылымдарымен өспелі бюджет тапшылығын қаржыландырган Қаржы министрлігі тартуларының елеулі түрде артуымен өттеді. KASE бағалауы бойынша, биржадағы МБҚ бастапқы нарығының көлемі бір жыл ішінде өткен жылмен салыстырғанда 2,9 есе өсті.

Бұған қоса, елде Үлескерлерді қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Бірнеше бағыт бойынша құрылышқа нақты ақша жұмысалды. Қолданылған шаралардың нәтижесінде 2008 жыл ішінде коммерциялық тұрғын үй құрылышының көлемі 55% – 1,8 млн м<sup>2</sup> бастап 2,8 млн м<sup>2</sup> дейін өсті, оның ішінде үлескерлік құрылыш 2,4 млн м<sup>2</sup> құрады. Бұл экономиканы да, еңбек нарығын да жандандырыды.

Алайда жылдың соңында девальвациялық болжалдар арта бастады. Олар рубльдің долларға шаққандағы бағамының жеделдетілген әлсіреу үрдісі күзде басталып қойған Ресеймен қатар жүрді. Бұның бәрі тенгелік борыштық құралдар нарығына және ақша нарығына ықпалын тигізді.

Кең өріс алып жатқан дағдарысқа қарамастан, тіпті кей жағдайларда оның арқасында, биржа жаңғыртылуын жалғастыруды.

KASE негізгі және арнайы (екінші атаяу алтернативті) сауда-саттық аланда-рында АӘҚО іске қосуға байланысты нарықты бөлудің тиімсіздігіне сене тұра, 2007 жылы осы бағытта АӘҚО ҚРА бірлесе бастаған жұмысын жалғастыруды. Алғашқы маңызды нәтиже 2008 жылдың басында KASE мүшелеріне биржаның алтернативті алаңында арнайы ұйымды тіркемей жұмыс істеу мүмкіндігін беру болды. KASE нарықты қайта қосу бойынша бұдан кейінгі күш-жігері негізінен бағалы қағаздарға және олардың әмбитеттеріне KASE НСА және АӘҚО АСА қойылатын листинглік талаптардың сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталды, ақыры соңында бұл аталмыш алаңдарды біркітруге мүмкіндік берер еді. Бұл жұмыстың нәтижесі екі нормативтік актіні қолданысқа енгізу болды, олар АӘҚО

ACA және KASE НСА үшін тіркеушилердің жаңа листинглік талаптарын белгілеп қана қоймай, сонымен қатар екі алаңың ресми тізімдерінің жаңа, анағұрлым күрделі құрылымын анықтады.

Жаңа ережелер қолданысқа енгізілгеннен кейін KASE ресми тізімі жеті сектордан тұратын болды. Маусым айында АФҚО ACA Саралтама кеңесі және KASE Биржалық кеңесі аландардың ресми тізімдерінде орналасқан бағалы қағаздардың қайта жіктелуін бекітті. Бұның алдында әрекет еткен талаптармен салыстырғанда жаңа листинглік талаптар ең жоғары инвестициялық сапаға ие қағаздар мен олардың әмитенттері үшін анағұрлым жоғары болды. Бір мезгілде акциялардың ресми тізіміне «ену шегі» төмөндөтілді, осының арқасында енди бұл санатта бастаушы және салыстырмалы шағын компаниялардың үlestік құралдары саудалана алатын болды, бұған дейін бұл көзделмеген еді. Тубегейлі жаңа құбылыстарға белгілі рейтинглік агенттіктердің несие рейтинглерін борыштық бағалы қағаздарды ресми тізімнің ең жоғары санатына іріктеу өлшемшарты ретінде қолданылғанын жатқызуға болды.

Листинглік талаптардың тубегейлі өзгеру KASE ресми тізіміндегі бірқатар бағалы қағаздар мен олардың әмитенттерінің ҚҚА қаулысымен белгіленген листинглік талаптарға сәйкесіздігін тудырды. Бұл ретте, ҚҚА қаулысына сәйкес, 24 әмитенттің бірде-бір санаттың (санатшаның) листинглік талаптарына сәйкес келмеген 25 атаулы облигациясы «Рейтинглік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатының екінші санатшасына ауыстырылды, ал 33 әмитенттің маркет-мейкері жоқ 39 атаулы акциясы KASE ресми тізімінен тыс қалды.

Осы қағаздарды ресми тізімде сақтап қалу үшін KASE, ҚҚА және АФҚО ҚРА бірлесе отырып, ҚҚА Басқармасының қаулысын әзірледі, оған сәйкес «Акциониялар» секторының үшінші санаты үшін маркет-мейкердің бар болуына және «Рейтинглік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатының екінші санатшасы үшін таза пайда мәлшеріне қойылатын талаптар жойылды. Осыған орай, 30 әмитенттің қайта жіктеу нәтижесінде KASE тізімдерінен тыс қалған 36 атаулы акциясы 2008 жылдың қыркүйек айында биржаның ресми тізімінің үшінші санатына ауыстырылды.

Дағдарыс KASE листингіден өткен бағалы қағаздардың санына кері әсерін тигізді. Егер 2007 жылы KASE НСА бұл рәсімнен 75 атаулы бағалы қағаз өтсе, 2008 жылы тек 56 атаулы қағаз ғана өтті. АФҚО ACA үшін сәйкес көрсеткіштер 66 және 32 құрады, алайда мұнда листинглердің дені KASE НСА ресми тізімінде орналасқан бағалы қағаздарға қатысты жүзеге асырылды. Делистинглер де болды...

KASE әмитенттер мен инвесторларға қолдау көрсету, сондай-ақ тәуекелдердің азайту бойынша жұмысты жүйелі түрде жүргізді. Атап айтқанда, 2008 жылдың басында биржаның ішкі құжатына түзетулер қолданыска енгізілді, оларда кейбір санаттардың бағалы қағаздары бойынша соңғы мәміле бағасының 30% мәлшеріндегі қағаздың баға ауытқуындағы еңсерілетін шектелім белгіленді. Сонымен бірге биржа биржалық сауда-сатыққа катысуышардың бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері және репо операциялары бойынша міндеттемелерін орындағаны үшін жауапкершілікті арттыру бойынша жұмысты жандандырды. Ұсынылған түзетулер жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерін орында майтын

мүшелеріне қойылған биржа талаптарын түбебейлі турде күшейтіп, пікірталастар мен келіспеушіліктер тудырды. Сондықтан биржа оларды біршама түзетілген түрде 2008 жылдың қазан айында (Мүшелік туралы ереже<sup>22</sup>) және желтоқсан айында (Репо операцияларын жүзеге асыру ережелері<sup>23</sup>) фана қолдана алды.

Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне<sup>24</sup> өте маңызды түзетулер енгізілді. Тап осы құжат басталған дефолттардың қайыры тәжірибесін жиынтықтаған репо операциялары заттарының бағаларын дисконттаудың сатылы жүйесін енгізді. Әзгертулер 2008 жылдың 25 желтоқсанында қолданысқа енгізілді, ал 30 желтоқсан күні KASE Басқармасы Автоматты репо нарығының маманданымына түзетулерді<sup>25</sup> қабылдады, олар 2009 жылдың 1 қантарынан бастап автоматты репо операцияларының максималды мерзімін 90 күннен 30 күнге дейін қысқартты. Қолданылған шараларға қарамастан, репо операциялары нарығында қалыптасқан жағдай жылдың соңына қарай да жағымсыз болды. Бұл KASE мен ҚҚА 2009 жылы осы секторды қаржы пирамидаларынан «тазарту» және биржалық сауда-саттыққа қатысушылардың міндеттемелерін орандама тәуекелдерін түбебейлі шектеу мақсатында ережелерді одан әрі қатайтуға мәжбур етті.

Биржаның өзі үшін маңызды тағы бір оқиға 2008 жылы орын алды. KASE өз акцияларының IPO дайындалып, өзінің тарихында алғаш рет 2007, 2006 және 2005 жылдар ішіндегі аудиттеген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті әзірледі. 25 тамыз күні ҚҚА биржаның жарияланған жай акцияларының шығарылымын тіркеді. Эмиссия көлемі 5 млн дананы құрады және олардың 1:1 000 пропорциясында бөлшектенетінін ескергенде, бұның алдында жарияланған және толық орналастырылған KASE 450 акциясын қамтыды.

Нәтижесінде KASE 4 550 000 орналастырылмаған жай акциялары бөлшек сауда инвесторлары үшін әлеуетті турде қолжетімді болды. Алайда KASE IPO өткізу үшін қажетті рәсімдерді аяқтау нарық конъюнктурасының күрт нашарлауына сай келді. Сондықтан 2008 жылдың 25 желтоқсанында Биржалық кенес 2008 жылы жария орналастырудан бас тарту туралы шешім қабылдап, бұдан кейін ешқашан бұл мәселені қайта қарамады.

2008 жылдың басында KASE Корпоративтік басқару кодексі<sup>26</sup> бекітілді, ал одан кейін Биржалық кенестің шешімімен Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет құрылды. Жылдың шымылдығы түсетін кезде KASE өзінің веб-сайтының жаңа нұсқасын ресми түрде іске қосты. Ал KASE мүшелеріне қолжетімді қаржы құралдарының тізбесін кеңейту үшін 26 қараша күні, АӘҚО ҚРА бастамасымен, KASE тазартылған құйма алтынға жеткізілім фьючерсінің алғашқы сауда-саттығын өткізді. Алайда жоба өте күрделі болып шығып, бірқатар себептермен биржа мүшелерінің арасында табысқа жетпеді.

Биржаның басқа жобасы дамығы, тіпті он жыл өткеннен кейін өте танымал құрал болып калуда. 2008 жылдың 29 желтоқсанында шетел валюталарының биржалық нарығына қатысушылар арнайы салықтар мен комиссиялық алымдар төлемей, қысқа мерзімді өтімділікті тарту немесе орналастыру арқылы KASE валюталық своп операцияларын жүргізу мүмкіндігіне ие болды. Биржадан тыс ақша нарығындағы контрагенттерге сенім дағдарысы және банктер өздерінің валюталық жайғасымын қысқартуға мүдделі болмаган жоғары девальвациялық болжадар жағдайында жаңа енгізілім үақтылы болып шықты.

KASE біртіндегі халықаралық биржалық қоғамдастыққа қосылды. 2008 жылы ірі халықаралық қаржы институттарының бірімен биржа тарихындағы алғашқы KASE акцияларының индексін пайдалануға лицензиялық келісімге қол қойылды. Бұған қоса, WFE (World Federation of Exchanges, Дүниежүзілік биржалар федерациясы)<sup>27</sup> KASE мәртебесі корреспондент-мүшеден үлестес мүшеге дейін көтерілді.

2008 жылдың соңына қарай KASE келесі жылдың одан да қындау болуы мүмкін екенін түсінді. Және бастысы инвесторлар сенімсіздігінің өсуіне және көптеген бағалы қағаздар әмбенттерінің қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің нашарлауына байланысты жаңа листингілік компаниялардың саны азаяды деген болжал болды. Сондықтан 2009 жыл қауіппен күтілді.

## ДЕВАЛЬВАЦИЯ МЕН ДЕФОЛТТАР АРҚЫЛЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ МЕН ӨСҮГЕ ҚАРАЙ

2009 жыл әлемдік және қазақстандық экономикалар үшін бетбұрысты жыл болып шықты. Экономикалық құлдырау мен стагфляцияның екі жылдық кезеңін кейін 2009 жылы негізгі жаһандық және қазақстандық экономикалық индикаторлар өздерінің минималды экстремумдеріне жетіп, осы арқылы қалпына келу циклінің басталғанын белгіледі. 2009 жылдың қызы мен көктемі Қазақстанда және әлемде қалған үш тоқсандағы оқиғалардың жағымды дамуын алдын ала белгілеп берді.

Жылдың басында ең ірі әлемдік экономикалар өндіріс пен сыртқа сауда көрсеткіштерінің төмендеуін көрсетті. 2008 жылдың төртінші тоқсанының қорытындысы бойынша АҚШ ЖІӨ 6,2% азайды, бұл талдаушылардың болжалдарынан әлдеқайда кем болды. Корпоративтік сектордың қаржылық есептілігі және ең ірі банктерді үлттандыру теріс макроэкономикалық статистиканы дәлелдеді.

Талдаушылар жағымсыз жаңалықтардың әсерінен тұтыну және өндіру көрсеткіштері бойынша болжалдарын төмендедті, ал инвесторлар сол кезде үлестік және борыштық құралдарды, көмірсүтектер мен негізгі металдарға келісімшарттарды сатты. S&P 500 индексі 684 пункт белгісіндегі 12 жылдық минимумына жетті, Brent таңбалы мұнайдың бағасы бір баррель үшін 40 АҚШ долларынан, ал мысқа үш айлық фьючерстік келісімшарттың бағасы бір тонна үшін 3 000 АҚШ долларынан төмен түсті.

Экспорттық валюталық түсім көлемінің қысқаруы қазақстандық сыртқы сауда статистикасы көрсеткіштерінің нашарлауына әкеп соқты. Қазақстан төлем балансының ағымдағы шот тапшылығы 2009 жылдың екінші тоқсанында 2,4 млрд АҚШ долларына жетті, сауда балансының сальdosы 2,1 млрд АҚШ долларына дейін азайды. 2008 жылдың соңында басталған Қазақстаннан шетел валютасының нетто-жылыстауы тенгенің жайғасымын әлсіретті, нәтижесінде 4 ақпан күні Үлттық Банк 25%<sup>28</sup> бір мезеттік девальвацияны жүргізуге мәжбүр болды.

Тенгенің девальвациясы туралы Ұлттық Банктің басшысы лауазымына таяуда қайтып оралған Григорий Марченко жариялады. ҚР ҰБ тенгені әуелгі күнгірт дәлізде сақтаудан кетеді және ұлттық валютаның жаңа айырбас бағамының деңгейін қажет деп есептейді деп мәлімденді. Тенгенің айырбас бағамының дәлізі  $\pm 3\%$  немесе 5 теңге ауытқуымен бір доллар үшін 150 теңге деңгейінде белгіленеді.

Ұлттық Банктің ұстанымы ұлттық валютаның айырбас бағамына түсірілген қысымын артуы жағдайларында соңғы жылдары ҚРҰБ оның тұрақтылығын қамтамасыз ету және күнгірт дәлізді бір АҚШ доллары үшін 117–123 теңге (120 теңге  $\pm 2\%$ ) шегінде сақтауға айтарлықтай күш салғанымен байланысты болды. Бұл экономикалық және қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Алайда, «АВР ағымдағы деңгейін сақтау және отандық өндірүшілердің бәсекеге қабілеттігін қолдау қажеттілігі Ұлттық Банктің валюталық нарықта тәсілдемелердің қайта қарауын қажет етеді». Ресми деректерге сәйкес, 2008 жылдың тәртінші тоқсанынан бастап 4 ақпанға дейін ҚРҰБ валюталық нарықта тұрақтылықты қамтамасыз етуге және айырбас бағамын әрекет еткен диапазонда сақтауға 6 млрд АҚШ долларын (соның ішінде 2,9 млрд 2009 жылдың қаңтар айындаған) жұмсады<sup>29</sup>.

Сонымен бірге Ұлттық Банк валюталық нарықтағы алып-сатарлық мінез-құлыштың әрекеттерін қатаң түрде тоқтатыны жөнінде мәлімдеді. Ал алып-сатарлық көңіл-күйді азайту үшін ол теңге бағамының нығаюы алып-сатарларды шығынға ұшыратуы үшін дәліздің төменгі шекарасынан шығу құқығын өзіне қалдырыды. ҚРҰБ валюталық операциялардың қолданыстағы тәртіптемесіне шектеулер енгізу әлі көзdemесе де, онтайлы болжалдардан асатын бағам ауытқуларына жол бермейтінін анық білдірді.

Девальвацияның бірнеше себебі болды. Бірінші – Қазақстанның бүкіл экспортының шамамен 60% құрайтын мұнай бағаларының төмендеуі. Екінші – Қазақстанның сауда серікtesi болып табылатын елдерде ұлттық валюталардың девальвациясы. Бұл фактор тенгенің сауда серікtesi елдерінің валюталарына қа тысты нақты тиімді айырбас бағамының 2008 жылдың 11 айы ішінде – 13%, 2009 жылдың қаңтар айын қосқанда – 16% және 2000 жылдан бастап 30% нығаюына себептесті.

Ұлттық валюта девальвациясының тағы бір маңызды себебі – отандық тауар өндірүшілердің қорғау. Оларға талай қынышлықтан өтүге жоқ. Корпоративтік сектор компанияларының нашарлай түсken жай-күйі мен шетелдік қаржыландыруды тарту мүмкінсіздігі жағдайларында екінші деңгейдегі банктер 2009 жылы экономиканы несиелеуді тоқтатты деуге болады. Бұдан кейін орын алған корпоративтер арасындағы берешектің есүі ірі қарыз алушыларда төлем төлеуге қабілетсіздікі тудырды, жұмыс істемейтін несиelerдің үлесін одан әрі көбейтті және қазақстанның облигациялық нарықта дефолттардың туындауына әкеп соқты.

Төлем төлемеудің үдемелі кезі көктем-жаз маусымдарына дәп келді. 2009 жылдың сонына қарай KASE 22 листинглік компаниясы облигациялар бойынша өз міндеттемелерін орындауы туралы жариялады, жылдың қорытындысы бойынша дефолтқа 58 атаулы облигация ұшырады. Жылдың сонында бұл листинглік құралдардың жалпы санының 14% құрады. Корпоративтік об-

лигациялар нарығын жалпы капиталдандыруда бұндай құралдардың үлесі шамамен 25% жетті. Бұл ретте 2009 жылдың соңына қарай мерзімі кешіктірілген берешектің тек 13,7% ғана өтеді.

Қалыптастан жағдайда ҚҚА және АФҚО ҚРА биржамен бірлесе отырып, нормативтік құқықтық актілерге түзетулерді әзірледі. Олар қолданысқа енгізілгеннен бастап KASE бағалы қағаздарының ресми тізімі борыштық құралдарға арналған жаңа – буферлік санатпен толықтырылды. Эмитенттің қағаздары осы санатқа ауыстырылатын барлық жағдайлар анық белгіленді. Бұған қоса, 2009 жылы бағалы қағаздарды оған ауыстыру KASE Листинглік комиссиясы<sup>30</sup> осындаш шешімді қабылдаған кезде ғана жүзеге асырылды. Әйтпесе бағалы қағаздар KASE делистингке жатты.

Жаңарту, ең алдымен, инвесторлардың мүдделерін қорғауға бағытталды, себебі бағалы қағаздардың «буферлік» санатта орналасуы олардың эмитенттерін листинглік талаптарды сақтау міндетінен босатпады. Осындаи бағалы қағаздар және олардың эмитенті туралы акпарат – жария, ал қағаздардың өздері үйімдастырылған нарықта қолжетімді болып қалды.

KASE басқарушы директоры, Листинг департаментінің директоры **Галина Цалюк** сол қызын жылды былай деп есіне алды:

«Соңғы дағдарыс кезеңінде биржада листингіленетін бірқатар қағаздар бойынша дефолттар басталған кезде, бұнымен не істеу керек деген сұрап туыннады. Бұл сұраптың жауабы соншалықты оңай болып көрінді – оларды алып, делистинглеу. Бірақ олардың инвесторлары – зейнетакы қорлары, брокерлік компаниялар және олардың клиенттері қалып қояды ғой. Егер біз эмитенттің бағалы қағаздарын делистингіден өткізсек, онда осы эмитентті емес, оның инвесторларын жазалаймыз.

Осындаи бағалы қағаздар үшін карантин тәрізді бірдене құру идеясы пайда болды. Дағдарыс тек бізді ғана қозғамағандықтан, біз Лондон биржасының үқсас жағдайда не істегенін қарадық. Ол жақта да өз тізімдерінде күмәнді қағаздар белгіленген мерзімге оранластырылып, бақылауға алынған аймақтарды құра бастаған. Біз инвесторларға компаниямен не болып жатқанын, оның қыншылықтарды қалай женеңіп жатқанын, оның жоспарлары қандай екенін және оның менеджменті қалай жұмыс істейтінін бақылау мүмкіндігін қалдыру ен дұрыс нұсқа деп шештік.

Осындаи санатты құрып, оны «буферлік» деп атадық – негізгі тізім мен шығу арасындағы уақытша орналасатын жер. Біз осындаи бағалы қағаздардың эмитенттеріне мәселені шешуге 12 ай бердік. Кез келген жағдайда, оларға кредиторлармен міндеттемелерді қайта құрылымда туралы келісу қажет болды. Бұл көмектесті. Кейбір компаниялар өздерінің қағаздарын буферлік санаттан шығарып ала алды және бұғынгі таңда KASE саудалануын жалғастырып келеді. Бір компания екі рет «буферге құлады», бірақ қайтып оралып, қазіргі кезде де жұмыс істейді. Дегенмен біздің буферлік санат көптеген компанияны аман сақтап қалды. Бұндай санат әлі күнге дейін негізгі алаңда да, альтернативті алаңда да сақталып тұр – дефолттар жиі болмаса да қазіргі кезде де болып жатады».

2009 жылы KASE Листинглік комиссиясы барлығы 20 листинглік компанияның бағалы қағаздарды «буферлік» санатқа ауыстыру үшін негіздерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын қарастырды, бұл ретте бес әмитенттің қағаздары делистингке ұшырады, ал 15 компания «буферлік» санатқа ауыстырылды.

Листинглік ережелердің жаңа редакциясы «буферлік» санатты енгізгенден басқа рейтинглік бағалаудың деңгейі мен рейтинглік агенттіктерге биржамен қойылатын талаптарды қарастырган. Осы туралы ҚҚА «Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығы» АҚ және KASE өкілдері 2009 жылдың қазанында Алматы қаласында өткен баспасөз конференциясында мәлімдеді. Бұл норма 2010 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілуі тиіс болған. Бірақ рейтингтің бар болуы бойынша талап листингке шығатын компанияларға қақтысты қойылатын. Листингке ең кем дегенде дефолттық емес деңгейдегі рейтингі бар компанияларды алу тұспалданған.

Сол кезде «Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығы» АҚ, тәрағасының орынбасары лауазымын атқарған, **Айгүл Тасболаттың** айтуы бойынша, рейтинг бірінші кезекте индикатор ретінде қажет болған, осы индикатордың көмегімен инвесторлар «бағдар алып, таңдау жасайды».

Егер 2009 жылдың басындағы қыыншылықтарға қайта оралатын болсак, банк секторында олар үлтая түсті. 2008 жылдың соңында «Самұрық-Қазына» үлттық әл-ауқат қоры» АҚ жүйе түзүші екінші деңгейдегі төрт банкпен өзара

## KAZPRIME (КАЗПРАЙМ) БАНКАРАЛЫҚ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНЫҢ ИНДИКАТОРЫ

KazPrime (КазПрайм) индикаторы ақшаны Қазақстан үшін үздік несие сапасына ие банктер арасында банкаралық нарықтың депозиттерінде орналастырган кездегі ақша құнының көрсеткіші болып табылады және 2007 жылдың 27 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

Индикаторды есептеу жобасына «ABN AMRO Банк Қазақстан» ЕАБ» АҚ баста-машылық етті, оны қазақстанның банктар KASE бірлесе отырып, Қазақстан қаржы-герлері қауымдастырының, Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің және Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкінің қолдауымен жүзеге асырды.

KazPrime индикаторы ақшаны осы индикаторды қалыптастыру туралы Келісімге қа-тысушы банктар KASE сауда-саттық жүйесіне ұсынатын баға белгілеулеріне сәйкес орналастыру мөлшерлемелерінің орташа арифметикалық мәні ретінде күн сайын есептеледі. Бұл баға белгілеулерінің әрқайсысы ақшаны бірыңғайланған мерзімі үш айды (KazPrime-3M) құрайтын банкаралық депозиттерге тарту және орналастыру мөлшерлемелері мен көлемдерін қамтиды.

Келісімде KazPrime индикаторын бекіткеннен кейін 30 минут ішінде Келісімге қа-тысушылар мәмілете қандай да бір басқа қатысушының тиісті сауалы бар болған кезде ол қойған баға белгілеулері бойынша мәмілелерді жасауға міндетті екені қарастырылған. Қойылған баға белгілеуін міндетті түрде қанағаттандыру дәл осы жағдайда бұл индикаторды көрнекі етеді.

түсіністік туралы меморандумдарға қол қойды, бұл құжаттарда оларды ақырына дейін капиталдандырудың негізгі қағидалары ескертілді. 2009 жылдың қаңтар айында «Қазкоммерцбанк» АҚ және «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ шоттарында 120 млрд теңgedен депозиттер орналастырылды. 2 ақпан күні ҚҚА қорға қосымша орналастырылған 29,9 млн акцияларды 251,3 млрд теңге (орналастырылған акциялардың 78,14%) сомасына сатып алу арқылы «БТА Банкі» АҚ ақырына дейін капиталдандыруға кеңес берді. Тап осы қуні «Самұрық-Қазына» «Сеймір Альянс Қаржы Корпорациясы» акционерлік қоғамынан «Альянс банкі» АҚ акцияларының 76% сатып алатыны және банктің шоттында оның қаржы орнықтылығын сақтауға және кейін ақырына дейін капиталдандыруға арналған депозит ретінде қосымша 24 млрд теңге орналастыратыны жөннінде жариялады.

Қазақстандық, экономиқаның қынышлықтары қазақстандық ақша нарығында ықпалын тигізді. 2008 жылдың сонында – 2009 жылдың басында ұлттық валютаның құнсыздануына қатысты алып-сатарлық, сонымен қатар шетелдік қор жинаудың қолжетімсіздігі қысқа мерзімді теңге өтімділігінің тапшылығын қыннада түсті. 2009 жылдың бірінші тоқсанында ақша нарығының мөлшерлемелері тарихи ең жоғары мәндеріне жетті: ақпан айында TONIA индикаторы – жылдық 19%, үш айлық KazPrime жылдық 15% асты.

Келіп түсken жағымсыз ақпарат пен өтімділіктің жіті жеткіліксіздігі аясында инвесторлар сол кезде жоғары тәуекелді болған қазақстандық акциялар мен облигациялар бойынша ұзын жайғасымдарды жапты. 2009 жылдың ақпан айына қарай KASE Индексі 2006 жылдан бастап ең тәменгі мәніне – 576,89 пунктіне жетті. «Қазақтелеком» АҚ жай акциялары (жылдың басынан бастап –56,6%) және «Қазкоммерцбанк» АҚ жай акциялары (–45,9%) бойынша ең жағымсыз динамика байқалды. Нарыққа қарағанда KAZAKHMYS PLC (–5,1%) және «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (–7,6%) кен өндіруші компанияларының жай акцияларының жағдайы жақсырақ болды.

Қор нарығындағы бағалардың құлдырап тәмендеуі репо операцияларының көмегімен жасалған портфельдер құнның олар бойынша міндеттемелердің құннынан әлдеқайта тәмен болып шыққанына әкелді. Мұнда алғашқы тұрақты қауіп-қатер дабылдары 2008 жылдың күзінде, акциялар нарығындағы бағалардың күрт тәмендеуінен туындаған қысым астында мерзім ұзартылған репо операцияларының үлесі айтарлықтай өсken кезде естілді. 2008 жылдың 18 желтоқсанында жоғарыда аталған себеппен репо операциясын жабу мәмілесін орында-маудың бірінші жағдайы тіркелді.

KASE жағдайға жауап қайтара отырып, 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап биржалық нарықтағы автоматты репо операцияларының максималды рұқсат етілген мерзімін 30 күнге дейін қысқартты. Ал 8 қаңтар күні Биржалық кеңес Репо операцияларын жүзеге асыру ережелеріне түзетулерді бекітті және 25 қаңтардан бастап колданыска енгізді, олар «тікелей» тәсілмен жүзеге асырылатын репо операцияларының максималды мерзімін барлық ықтимал ұзартуларды қосқанда 90 күн деңгейінде белгіледі (бұған дейін осындағы репоның мерзімі шектелмеген). Сонымен қатар «автоматты» тәсілмен жүзеге асырылатын репо операцияларының мерзімін ұзартуға тыбым салынды.

Жаңа енгізілімдер сапасыз портфель иелерінің проблемалы міндеттемелерінің мерзімін ұзарту мүмкіндігінен айырылуына және дефолтқа ұшыраудың әкелді. Нәтижесінде «тікелей» репо операцияларының қазақстандық нарығы төлем төлемеу тізбегіне тап болды, олардың үдемелі кезі 2009 жылдың ақпан-наурыз айларына, мерзімі кешіктірілген міндеттемелердің үлесі сол кезде қазақстандық ақша нарығының осы секторында ашылған операциялардың жалпы көлемінің 25%, ал мерзімі ұзартылған міндеттемелердің үлесі 13% асқан кезіне сәйкес келді.

Сипатталған шаралар өте ауыртпалы, бірақ қажетті болды.

Алайда биржа одан әрі барды. 2009 жылдың 1 сәуірінде Автоматты репо нарығының маманданымына түзетулерді қолданысқа енгізді, олар репо операциясы заттарының сапасынан туындаған тәуекелдерді азайтуға шақырылды. Бұл өзгертулердің қажеттілігі корпоративтік облигациялар эмитенттерінің дефолтқа ұшырау фактілеріне байланысты, сондай-ақ эмитенттермен ашылған ақпараттың ашықтық және сапа деңгейінің темендеуіне болды. Осы күннен бастап эмитенті өз борышына қызмет көрсету кезінде дефолтқа жол берген немесе артықшылықты акциялар бойынша дивидендерді төлемеген бағалы қағаздарды, сондай-ақ жіберілімінің бастамашысы оған ақпаратты ашу бойынша қойылған талаптарды елеулі түрде бұзған бағалы қағаздарды репо операцияларының заттары ретінде өлдандыға тыбым салынды.

2009 жылдың маңызы 28 мамыр күні Биржалық кенестің репо операцияларын «тікелей» тәсілмен жузеге асрырудың жалпы шарттары туралы келісімді – репо операцияларын жузеге асрыру ережелеріне қосымшаны бекіткени болды. Келісім 2010 жылы mark-to-market – «тікелей» репо операциялары бойынша міндеттемелерді репо затының нарықтық құнына сүйене отырып, үздіксіз қайта бағалау, сонымен қатар репо операцияларының бағасы сынни түрде өзгерген жағдайда осындағы операциялардың қатысуышларына компенсациялық төлемдерді есептөу және аудару жүйесін енгізуге арналған құқықтық негіз ретінде ойластырылды.

Mark-to-market жүйесі дамыған репо нарығының стандартты анықтауышы болып табылады және биржа оны енгізу арқылы «тікелей» репо операциялары нарығында туындағы тәуекел түрлерінің барлығын дерлік уақытылы анықтап, тиімді жоюды үміт етті. Алайда уақыт көрсеткендей, қазақстандық реалияларда жүйе өзін ақтап шықлады және нарыққа қатысуышлар осы сектордағы тәуекелдерін өз бетімен басқаруға қабілетсіз болып шықты. Бірақ бұл 2015–2016 жылдары ғана анық болды, ал 2009 жылы KASE және ҚҚА жогарыда сипатталған биржалық ақша нарығын реттеу бойынша шараларды жузеге асрыру олардың тиімді екенін дәлелдеді: сол жылы шілде айының ортасынан бастап биржалық нарықта репо операциялары бойынша міндеттемелерді орындау оқығалары тіркелген жоқ.

Басқа да дағдарысқа қарсы шаралар қолданылды. Атап айтқанда, 5 ақпан-нан бастап Ұлттық Банк қайта каржыландыру мөлшерлемесін 9,5% дейін төмendetti. З наурыздан бастап екінші деңгейдегі банктерге қойылатын минималды резервтік талаптар ішкі міндеттемелер бойынша – 2%-дан 1,5% дейін және өзге міндеттемелер бойынша 3%-дан 2,5% дейін төмendetdi. Мәлімдеме бойынша,

бұл «банк жүйесінде 50 млрд теңге мөлшеріндегі қосымша өтімділікті қамта-  
масыз етеді. Бұған коса, айырбастау пункттерінде банктер тарарапынан да, қосымша  
600 миллион АҚШ долларын әкеleген Үлттық Банктың тарарапынан да қолма-қол  
шетел валютасының жеткілікті көлемімен қамтамасыз етіletіn болды»<sup>31</sup>.


2009 жылдың наурыз айының ортасында Үлттық Банктың аса мұқтаж болған  
«Альянс Банкі» АҚ және «БТА Банкі» АҚ қосымша қысқа мерзімді өтімділікті  
беру тетігі іске қосылды. Екі банк өздерінің борыштық міндеттемелерінің ли-  
стингін ҚР ҰБ жасалатын репо операцияларының заты ретінде қолданатын  
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ облигацияларына кейінгі своппен өткізdi. Осы тетік-  
ті жүзеге асырган кезде биржалық инфрақұрылым толық дәрежеде қолданылды.

Жаһандық экономиканың жай-күй туралы алғашқы жағымды деректер  
АҚШ пен Еуропадан 2009 жылдың жазынан бастап келе бастады. Екінші, үшін-  
ші және төртінші тоқсандардың қорытындысы бойынша жетекші экономика-  
лық державалардың ЖІӨ өсуі мен инфляция көрсеткіштері жақсара бастады, ал  
АҚШ пен Еуропадағы жұмыссыздық көрсеткіші төртінші тоқсанда ең жоғары  
шегіне жетti.

Әлемдік нарықтардан келіп түсken жағымды жаңалықтар қебейген сай-  
ын және түрлі индикаторлар – мысалы, таяуда экономиканың нарықтық өсу  
болжалдарын белгілеп, тамыз айында алғаш рет 50 пункттен асқан Bloomberg  
Professional Confidence Index көніл-күйі артқан сайын – біздің нарықта да  
жағымдылық байқала бастады. Көп дәрежеде оған мемлекеттік қолдау шарапа-  
ры себепші болды. Үкіметтік ынталандыру шарапарының аясында ғана экономи-  
каға 10 млрд АҚШ долларынан астам сома түсті, оның бір бөлігі белгілі біr күide  
екінші деңгейдегі банктердің корреспонденттік шоттарында қалды.

Несиелеу қарқынының бәсендеуі аясында экономикаға мемлекеттік ақша-  
ның түсүi 2009 жылдың екінші жартысында ақша нарығының өтімділікпен мо-  
лдығуна, TONIA индикаторының жылдық 0,5–1,0% шеңберінде тұрақтануына

### KASE ИНДЕКСІНІҢ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ ТІЗІМНІҢ АКЦИЯЛАРЫ БАҒАЛАРЫНЫҢ 2008 ЖӘНЕ 2009 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДИНАМИКАСЫ, % (01.01.09=100)



және репо операциялары нарығында тарту көлемдерінің азауына әкелді. 2009 жылдың сәүір айынан бастап KazPrime индикаторы тұрақты төмендеп, жылдың сонына қарай жылдық 3% жетті.

Мемлекеттік бюджеттің 3,1% ЖІӨ мөлшеріндегі тапшылығы мемлекеттік борыш көрсеткішінің 6,3%-дан 10,1% ЖІӨ дейін өсуіне әкеп соқты. Қаржы министрлігі МЕКАМ әмиссиясын белсене арттырды, нәтижесінде 2009 жылы МБҚ нарығындағы сауда-саттық көлемі 50% өсіп, 1 408,1 млрд теңгені құрады.

Қазақстандық үлестік құралдар нарығы келіп түскен ішкі және сыртқы жаңалықтарға оң жауап қайтарды. Жылдың сонына қарай KASE Индексі 98,2% қосып (жылдық минимумге қарағанда 206,5%), акциялар нарығын капиталдандыру 84,3% өсті. KASE Индексінің өкілдік тізімінің барлық акциялары пайда тапты.

Жоғарыда сипатталған жайттың аясында KASE жаһандық деңгейі аздау міндеттермен де айналысты.

Мысалы, сауда-саттық алаңдарын жаңа листинглік талаптардың негізінде біріктіру мәселесін шешу қажет болды. Бұған дейін қазақстандық қор нарығы сияқты шағын нарық үшін екі сауда-саттық алаңы – тым көп деген пікірлер айттылды. Дағдарыс бұны іс жүзінде дәлелдеді: 2007 жылы АӘҚО ACA сауда-саттық көлемі акциялар мен корпоративтік облигациялар нарығындағы бүкіл биржалық сауда-саттық көлемінің 3,9% аспады, ал 2008 жылы ол 15,2% құрады.

АӘҚО ACA T+3 сызбасы бойынша бағалы қағаздардың сауда-саттығы бойынша есеп айырысу жүргізу фактісі де қызықты болып табылады. Алайда мәмілене жасағаннан кейін үшінші күні ақшаны ОД жеткізген кезде шарасыз туындастырылған есептік тәуекелдерді реттеу мәселелері мүлдем шешілмеді. Сатып алынған қағаз бағасының құбылмалығын өтеу үшін қажетті маржалауқ қамсыздандыруды сауда-саттықта қатысушылар енгізген жок, клирингтік рәсімдер мен клирингтік қорлар, сондай-ақ неттинг мүмкіндігі болған жок. АӘҚО ACA T+3 есеп айырысу сызбасы сауда-саттықта қатысушыларға ешқандай артықшылықтар бермей, көптеген қолайсыздықтарды, тіпті тәуекелдерді тудырды.

Бірдей қағаздар саудаланатын, құқықтық және салық тәртіптемелері әртүрлі екі алаңының болуы листинг және қазақстандық қор нарығында инвестициялау мәселелерінде көптеген даулы жағдайлар мен түсініксіздіктер тузырыды. Ақыр сонында бұл 2009 жылдың 9 қарашасынан бастап жүргізілген нормативтік-шығармашылық жұмыстар кейін KASE және АӘҚО екі сауда-саттық алаңының жойылып, бірынғайланған нормативтік құжаттармен реттелетін біріктірілген сауда-саттық алаңының пайда болуына әкелді. Онсыз да ең қын кезеңді бастан өткізіп жатқан нарықты әбігерлікке түсірген «қос өкіметтік» жойылды.

Сонымен қатар есептік рәсімдерді жетілдіру үрдісі жалғасын тапты, корпоративтік басқару деңгейін арттыру бойынша жұмыс жүргізілді. Негізгі бизнес-урдістерді жоспарлауға көшу орын алды. KASE Басқармасы 2009 жылға арналған Негізгі жұмыстардың жоспарын әзірледі және қабылдады. Яғни, биржаның тарихында алғаш рет оның қызметі басқару органды бекіткен жоспарға сәйкес жүзеге асырылды. Тап осы жылы – Ішкі аудит қызметі, ал одан кейін Ішкі аудит жөнніндегі комитет үйымдастырылды. Биржалық кеңес корпоративтік құрылымның ашықтығын арттыру мақсатында өзінің еншілес үйымдарында –

«eTrade.kz» ЖШС<sup>32</sup> және «ИРБИС» қаржы тәуекелдерінің ақпараттық агенттігі» ЖШС<sup>33</sup> үlestер сатып алу шешімін қабылдады. Екі мәміле дәл сол жылы жабылды.

Барлық ішкі үйымдастыруышлық өзгерістер мен қайта құрулар, регламенттерді түзету, листинглік ережелерді жетілдіру жұмыс істеп тұрған нарық тәртіптемесінде өтіп, оның нәтижелілігіне әсерін тигізді. Кейбір жаңартпалар – кідірмей, кейбірі белгілі бір кешеуілдеумен әсер етті. Бірақ бұл үрдістің өзі KASE селкөс болмағанын, оның қаржы нарығының ортасында болғанын және оған қатысуышлармен және инвесторлармен бірге қыын мәселелерді шешкенін көрсетті. Эрине, бұл қызыметті нарықта тигізетін әсері бойынша әлемде жүріп жатқан үрдістермен салыстыруға келмейді. Алайда елде мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылған ауқымды дағдарысқа қарсы бағдарламамен бірге үйлесімде табысқа жетуді көздеуге болды.

«2009 жыл Қазақстанның экономикасына, әсіресе, елдің қаржы нарығына тәзімділікке жаңа сыйнектар ғана емес, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шешімдерді қабылдау және жузеге асыру тәжірибесін әкелді, – деп жазған KASE жылдық есебінің алғы сөзінде 2009 жылдың 30 сәуірінде биржаны басқара бастаған Президент **Қадыржан Дамитов**. – Қаржы жүйесін сактау және одан әрі дамыту үшін, соның ішінде KASE тарапынан жүргізілген іс-шаралар 2009 жылы көбінесе максималды коммерциялық нәтижелерге қол жеткізуге емес, отандық қаржы нарығын тұрақтандыруға және оның сенімділігін арттыруға бағытталды... Жағымсыз макроэкономикалық факторлардың бірнеше жыл бойы біздің нарыққа әсерін тигізетіні сөзсіз. Бұл ретте дағдарыстың «түбі» өтіп кетті деп ойлауға негіз бар. Мемлекеттің, біздің акционерлердің қолдауы, KASE мамандарының және бүкіл қазақстандық қаржы қоғамдастырының кәсіпкөйлігі биржага осындай қыын жылы ауқымды жобаларды жузеге асыруды жалғастыруға себептесті және болашақта KASE тұрақты дамиды деп сенімділікпен айтуға мүмкіндік береді».

\* \* \*

Осылайша, 2009 жыл жағымды өзгерістер жылы болып шықты. Алғаш рет 2007 жылдың күзінен бастап экономикада және нарықтарда тұрақтану белгілері көрініп кана қоймай, сонымен қатар алдағы өсу мүмкіндігіне алғашқы үміт пайда болды.

Жаңа мыңжылдықтың бірінші он жылдығы барлық мүмкін және мүмкін емес экономикалық ауруларды «басынан өткізіп», акыр соңында шындалған болып шықты. Келесі – 2010 жылды – бұл жетістікті барлық бағыттарда бекіту жұмысы күтіп тұрды, олардың рөлін нарықтар, солардың ішінде – қазақстандық биржалық нарық атқарды.

## Биржевой рынок KASE



KASE

Подписка на IPO KASE



5 тарау  
**САБАҚ  
АЛА ОТЫРЫП**

ЖАҢА СЕРПІЛІС ҮШІН НЕГІЗ  
ЖОҒАРЫ ҚАРАЙ ЖЫЛЖУҒА ТАЛПЫНЫС  
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АЗАЙТУДЫҢ САЛМАҒЫ АСТЫНДА

5 тарау.

## САБАҚ АЛА ОТЫРЫП

Қазақстанның экономикасы жаңа он жылдықта үлкен үмітпен қадам басты. Мемлекеттік дағдарысқа қарсы шаралардың пакеті жұмысын әлі де жалғастырды, олардың уақтылы және тиімді болуының арқасында құлдырауды болдырмау мүмкін болды. Жалпы ішкі өнімнің нақты өсімі 2009 жылдың корытындысы бойынша 1,1% құрады, ал инфляция деңгейі 8–8,5% болжамды дәлізінен 6,2% төмен болып шықты. 2010 жылдың бірінші баспасаң конференциясында ҚРҰБ басшысы Григорий Марченко 5 ақпанға дейін Үлттық Банктің әрекет етуші валюталық дәлізді сақтайтынын растады<sup>1</sup>. Ал одан кейін – және 2011 жылдың 20 наурызына дейін ол +15 теңгеге (немесе 10%) және -22,5 теңгеге (немесе 15%) дейін кеңейтіледі. Яғни, доллардың құны 127,5–165 теңге аралығында ауытқиды.

Елдегі экономикалық жағдай бойынша бағалаулар мен түсіндірмелер әжептәуір көп болды, алайда 2010 жылдың бастапқы ұстанымының қорытқы және бірталай дәл сипаттамасы президент **Н.Ә. Назарбаев** Қазақстан халқына жолдауында берген баға болды<sup>2</sup>:

«Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс экономиканың өсу қарқынына әсерін тигізді, бірақ біздің дамуымызды тоқтатқан жоқ. Біз он өсу қарқыны бар елдердің «серіппелі тобына» жаттық. Үлттық қордың жалпы халықаралық резервтері мен активтері бүгіннің өзінде 50 миллиард доллардан асып түсіп, соңғы он жылда 25 еседен астамға өсті. Отken жылы біз қаржаттың бір бөлігін жұмсадық, ал бүгінде қордың көлемі өтken жылдың желтоқсан айындағы көрсеткіштен көп екенін атап өту маңызды».

Көптеген шетелдік сарапшылар Қазақстанға дағдарыстан шығудың нәтижелі стратегиясы үшін қошемет жасады. Бұған қоса, егер жылдың басында бағалардың жақсару тренді ғана байқалса, жазға қарай бұнда мақұлдау сазы білінді. Fitch Ratings елдің ұзақ мерзімді егемен рейтингі бойынша болжамды «тұракты» көрсеткішінен «жағымды» көрсеткішке дейін көтерді. «Тройка Диалог» беделді инвестициялық компаниясы Ресейте қарғанда Қазақстанның дағдарыстан жақсырап өткенін ерекше назар аударды. Бұл девальвацияның кейінірек болғанына және жергілікті банктер мен жылжымайтын мүлікке қатысушылардың несие саясаты анағұрлым тәуекелді болғанына қарамастан орын алды. «Қазақстанның экономикасы қауіпсіз аймақта орналасқан. Тәуекелдерге қарамастан, Қазақстанның нарығы инвесторларға ұнамды. Республикада жете бағаланбаған компаниялар бар, оларға қаржы бөлу инвесторлар үшін тиімді болуы мүмкін»<sup>3</sup>.

## ЖАҢА СЕРПІЛІС ҮШІН НЕГІЗ

### Қайта құрылымдаудың жетістігі

Қазақстанда қаржы дағдарысының шиеленіскең сатысын аяқталғанын 2010 жылы бұдан бір жыл бұрын өз міндеттемелері бойынша дефолт жариялаған үш ірі қазақстандық банктің берешегін қайта құрылымдау үрдісінің аяқталғаны ай-ғақтады. Әртүрлі бағалаулар бойынша, «Альянс Банкі» АҚ, «БТА Банкі» АҚ және «Темірбанк» АҚ есептен шығарылған берешегінің мәлшері 11 млрд доллардан 12 млрд АҚШ долларына дейінгі соманы құрады, ал қалған бөлігі осы банктердің акциялары мен жаңа облигацияларына айырбасталды.

Қайта құрылымда қорытындысына түсіндірме бере отырып, ҚР Қаржы нарығы мен қаржы үйімдарын реттеу және қадағалау бойынша агенттігінің Төрағасы **Елена Бахмутова** келесіні айтЫп ескертті:

*«Уш банкті қайта құрылымдау біздің елді бірнеше жылға кері лақтырады және біздің банктерге ақша берілмейді деген сын-пікірлер көп болды. Бірақ бұл ақиқатқа сәйкес келмейді. Қайта құрылымдау Қазақстанда ғана емес, бүкіл елде кең таралды. Бұл нақтылық және қаржы жүйесі тап болған қыын мәселелерге мемлекетің барабар жауп қайтаруы. Біздің банктерге қатысты журғізілген борыштың бөлігін кешіруді шетелдік инвесторлық қоғамдастық барабар қабылдады. Шын мәнінде инвесторлар нақты қаржы институтының тәуекелін бағалайды. Бүкіл қауіпті тым консерваторлық, тілті негізсіз деуге де болады».*

Қайта құрылымдаудың жетістігі банк секторындағы жағдайды оңалту үшін жағдай жасауға, сондай-ақ оның дағдарыстан кейінгі кезеңде даму алғышарттарының қалыптастыруға көмектесті. Осылайша, банк секторының жиынтық есептік мәншікти капиталы 2011 жылдың 1 қантарында 1 832,7 млрд теңгені құрап және 2010 жылдың басынан бастап 919,1 млрд теңгеге арта отырып, он мәндерге қайтып оралды. Бұл ретте банктердің жиынтық міндеттемелеріндегі сыртқы міндеттемелердің үлесі 33,6%-дан 23,9% дейін қысқарды. Ең бастысы – халықтың жалпы қаржы жүйесіне сенімін сақтап қалу мүмкін болды.

### Консервативтік стратегиялар үақыты

ҚҚА әлемдік қаржы дағдарысының салдарын және оның 2010 жыл ішінде бағалы қағаздар нарығы мен жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тигізген ықпалының бағалауын ескере отырып, жинақталған зейнетақы қаражатының барабар қорғанышын қамтамасыз етуге, инвестициялық басқарудың тиімділігін арттыруға, қаржы орнықтылығына қойылатын талаптарды қүшетуге және ЖЗҚ мен нарыққа кәсіпкөй қатысушылардың тәуекелдерін азайтуға ерекше мән берді.

Пруденциялық реттеу жүйесіне және ЖЗҚ тәуекелдері бағалауга, инвестициялық портфельдерде орналасқан өтімсіз борыштық бағалы қағаздардың әділ құнын бағалау әдістемесіне қойылатын талаптар жетілдірілді, ЖЗҚ және үлестес тұлғалары бар басқарушы компаниялардың зейнетақы және мәншікти


активтерінің есебінен мәміле жасауға қосымша шектеулер қойылды. Бұған қоса, реттеуші зейнетакы активтерінің көлемін ескере отырып, қаржы құралдарына инвестиляудың жаңа шектелімдер жүйесін енгізді.

Осылай «гайкаларды бұрау» үрдісі нарыққа қатысуышыларға әрдайым түсінікті болған жок, сонымен бірге ол ЖЭК, капиталының жеткіліктігін сақтауға, сондай-ақ жинақталған зейнетакы қаражатын және «таза» инвестициялық кірісті тұрақтандыруға, ал одан кейін он динамикаға шығаруға мүмкіндік берді. 2010 жылдың соынға карай эмитенттері бағалы қағаздардың шығарылымы бойынша дефолтқа жол берген бағалы қағаздардың үлесі алдыңғы жылдың 3,8% қарашаңда зейнетакы активтерінің жалпы көлемінің 1,54% дейін төмендеді.


ҚҚА және KASE бірлескен жұмысы, атап айтқанда, буферлік санатты құру қа-закстандық корпоративтік борыш нарығындағы жағдайды айтарлықтай тұрақтан-дыруға мүмкіндік берді. 2010 жылдың екінші жартысында реттелмеген берешек-тиң көлемі KASE бағалауы бойынша 54% – 94 млрд. тенгеге дейін төмендеді, ал оның қорытындылары бойынша биржаның реисми тізімінде дефолтқа жол берген тоғыз эмитенттің бағалы қағаздарыға ғана қалды. Олардың бірі өзінің берешегін то-лық өтеді, ал үшеуі облигациялық қарыздарды қайта құрылымдаудан өткізді. Бир-жа қалған борышкерлерге олардың міндеттемелерін реттеу барысы туралы баға-лы қағаздарды ұстаушылардың алдында тоқсан сайын есеп беруге міндеттеді.

Әйтсе де, корпоративтік сектордағы несие тәуекелдерінің айтарлықтай төмендегеніне қарамастан, бағалы қағаздардың биржалық нарығы үшін 2010 жыл консерваторлық стратегиялар жылы болып шықты. Институционалдық инвесторлар реттеушінің талаптарын орындал және жаңа дефолттардан қа-уітпене отырып, ең жоғары инвестициялық сапаға ие МБҚ және корпоративтік облигацияларды сатып алуды артық көрді. Қаржы министрлігінің қағаздарына – МЕКАМ артықшылық берілді. Олар жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ 2,89%

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖЗҚ, АГРЕГАТТАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛИНІҢ 2005-2010 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚҰРЫЛЫМЫ, %



### KASE ИНДЕКСІНІҢ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ШЕТЕЛДІК ИНДЕКСТЕРДІң, 2010 ЖЫЛҒЫ ДИНАМИКАСЫ, %



## МУНИЦИПАЛДЫ ОБЛИГАЦИЯЛАР: ЕКІНШІ АКТ

Жаңа ғасырдың бірінші он жылдықтың соңында муниципалды билік органдары облигациялар шыгаруға құқықа иеленди. Тиісті түзетулер Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне<sup>20</sup> енгізілді. 2007 жылдан бастап республикалық дәрежедегі қалалардың (Алматы) және астанасының (Астана) атқарушы органдарына ғана облигациялар шыгару рұқсат етілген болатын, онда да мынадай ескертумен – «республикалық дәрежедегі қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік бағалы қағаздары шығарылымының көлемі мен мақсаты міндettі турде Қазақстан Республикасының Үкіметімен келіследі. Бұл ретте жергілікті органдарының мемлекеттік борышының жынытық көлемі тиісті жергілікті атқарушы орган борышының белгіленген шектелімінен аспауы тиіс».

2007 жылға дейін алдында шығарылған облигациялардың тек екі муниципалдық облигациялары – Астана қаласының және Атырау облысының тиісінше өтөу мерзімі 2007 жылдың 24 маусымында және 2008 жылдың 13 мамырында, айналыста қалған.

Муниципалды облигациялардың жаңа шығарылымдары тек 2010 жылы пайда болды. Алматы қаласының әкімдігі 2010 жылдың 17 қыркүйегінде және 01 қазаңында сомасы 13,0 млн теңге бес жылдық бағалы қағаздардың 13 млн данасын орналастырды олардың орташа сараланған кірістілігі жылдық 6,1536% құрады. Эмитенттің қаржылық көнешшісі және арнайы мамандандырылған сауда-сат-

тықтың андеррайтері «БТА Банк» акционерлік қоғамының еншілес үйымы «БТА Секьюритис» АҚ, болды. МИО нарығындағы келесі орналастырулар тек 2017 жылы жүзеге асырылды: Алматы әкімдігі екі жылға 15 млрд теңгені жылдық 9,2% тартты.

2016 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 02 қазанындағы «Республикалық дәрежедегі, астананың жергілікті атқарушы органдарымен ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздар шыгару ережелері бекіту туралы» 2009 № 1520<sup>21</sup> қаулысына түзетулер жарық көрді. Түзетулерге сәйкес облыстардың жергілікті атқарушы орнандарына облигациялар шыгаруға оларды орналастыруға рұқсат етілді, бірақ тек мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларын жүзеге асыру шегінде түргын үй құрылышын қаржыландыруға. Осылайша, муниципалдық қарыз алу нарығы жаңа импульс берді, алайда осы сектордың дамуына біл ешкандаі катысы жоқ еді. Бұл жағдайда KASE инфракүрылымы мемлекеттің бағалы қағаздарды есепке алу үшін және сееспесу үшін колданылды. Екі жарым жылдан астам уақытта Ақтөбе, Жамбыл, Ақмола, Батыс-Қазақстан, Шығыс-Қазақстан, Манғыстау, Атырау, Қызылорда, Алматы, Караганды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік-Қазақстан, Оңтүстік-Қазақстан облыстарының, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларының жоғарыда атальыш бағдарлама аясында 200 млрд теңігеден астам қаражат тартты. Барлық облигацияларды өкілетті брокер арқылы «Бәйттерек» ҰБХ АҚ кері сатып алады.

құраған мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін шығарылды. Нәтижесінде МБҚ нарығы 2010 жылы жайғасымын сақтап қалып, мәмілелердің көлемі бойынша 1 431,4 млрд теңгеге дейін 1,7% қебейді.

Корпоративтік секторда инвесторларды, ең алдымен, мемлекеттік және мемлекеттік сыңайлы компаниялардың – «Қазатомпром» АҚ, «ҚазМұнайГаз» АҚ және «Қазақстан даму банкі» АҚ облигациялары қызықтырыды. KASE бағалауы бойынша, 2010 жылы қазақстанның бастапқы биржалық нарық арқылы ғана тар-тылған корпоративтік облигациялардың көлемі сол кездегі рекордтық мәнге – 64,8 млрд теңгеге жетті.

Сыртқы жағдай және қазақстанның экспорттың негізгі балтары шетел валюталары нарығы көрсеткіштерінің өсуіне септігін тигізді. 2010 жылы елдің сауда балансының он сальdosы 28,9 млрд АҚШ долларына жетті, ал төлем балансының ағымдағы шотының профіциті 4,32 млрд АҚШ долларын құрады. Валюталық нарықта қатысушылар арасындаға айырбасталым операцияларының қажеттілігі айтарлықтай өсті, нәтижесінде шетел валюталарының сауда-саттық көлемі алдыңғы жылдың үкісінен 59,4% асып түсіп, 2010 жылы 15,7 трлн теңгеге дейін артты. Валюталық нарықтың алып-сатарлық әле-уеті төмен деңгейде сақталды және АҚШ долларының бағамы Ұлттық Банкпен бақыланған біршама тар дәліздің (бір доллар үшін 146,5–148,0 теңге) аясында ауытқыды.

Жылдың өзіндік ерекшелігі банктарде талап етілмеген өтімділіктің үдемелі көлемі болды, бұл мөлшерлемелердің тәмендеуіне және ақша нарығындағы сауда-саттық көлемінің өсуіне әкелді. KazPrime 3М индикаторының мәні ма-усым айынан бастап жылдық 2% белгісінде тұрақтанды, ал TONIA индикаторы жыл ішінде жылдық 2,8% аспады. Репо операциялары нарығындағы сауда-сат-тық көлемі 2010 жылы 12,7 трлн теңгени құрады және 2009 жылға қарағанда 22% өсті – нарықтағы ақша шынымен де көп болды.

Сырттан жасалған ықпалға халықаралық қор және тауар-шикізат нарықта-рында орнаған тұрлаусыздыққа сергек жуаптап қайтарған қазақстанның акциялар нарығы болып шықты. Жылдың ортасында ЕО елдерінде туындаған қазыналық дағдарыстың аясында бүкіл әлемдегі инвесторлар европалық активтерді са-тып, дамуы елдердегі, солардың ішінде Қазақстандағы компаниялардың баға-лы қағаздары бойынша үзүн жайғасымдарды жаба бастады. Талдаушылардың жаһандық экономикалық қалыпқа келудін тұрақтылығындағы күмәні және қытай экономикасының қызып кету қаупі отқа май құйды. Мамырдың сонына – мау-сымының басына қарай, негізгі әлемдік қор индекстерінің артынан, KASE Индексі 1 349 пунктті құрайтын жылдық минимумғе дейін 23,7% тәмендеді. Жағдай тек күзде ғана, АҚШ ФРЖ келесі сегіз ай ішінде 600 млрд американлық доллар сома-сына мемлекеттік облигацияларды сатып алуды қөздейтін сандық женілдедүдің екінші кезеңінің басталғанын жариялаған кезде тұрақтанды.

Соңғы жағымды жаңалықпен, сондай-ақ Қазақстанның жақсы макроэко-номикалық көрсеткіштерінің әсерінен жылдың сонына қарай KASE Индексі өзінің құлдырауын 1 718 пункт деңгейіне дейін ішінера қайтарып алды. Өсу көш-басшылары ішінде Kazakhmys PLC (+18,1%), EURASIAN NATURAL RESOURCES CORPORATION PLC (+14,3%), «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ (+12,8%) жә-не «Қазақтелеком» АҚ (+8,7%) жай акциялары болды. Жылдың қорытындысы бойынша «Қазкоммерцбанк» АҚ (-33,5%), «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру АҚ

(-20,9%) және «Банк ЦентрКредит» АҚ (-22,6%) жай акциялары төмендеді. Алайда борыштық құралдар нарығы жұмысының жалпы қорытындысы жағымсыз болды сауда-саттық көлемі 280,6 млрд теңгеге дейін 56% азайды.

## **Бұрынғы мүшелерге арналған артықшылықтар және жаңа келгендегерге арналған кіру бонустары**

Акциялар нарығындағы оқиғалар KASE өтімділік тапшылығы мәселесінің жаһандық тұрақсыздық жағдайларында одан әрі тереңдей түскенін көрсетті. Бірақ биржа мен реттеушілер еңсесін түсірген жоқ. 2010 жылдың 9 маусымында KASE бағалы қағаздары биржада аса белсенді саудаланатын эмитенттер үшін қосымша женілдікті енгізу туралы шешімді қабылдады: егер өткен жыл ішінде қандай да бір атаулы акциялармен жасалған мәмілелер бойынша комиссиялық алымдардың сомасы АЕК 2 000 еселік мөлшерінен астам болса, онда осындай қағаздар бойынша жыл сайынғы листинглік алым АЕК 100 еселік мөлшеріне дейін азайтылады. Бұл артықшылық free float салыстырмалы жоғары денгейін сактайды және акционерлермен тұрақты байланысты қамтамасыз ететін және осы арқылы ашық нарықта өз акцияларының өтімділігін ынталандыратын компанияларды көтермелей ретінде әзірленді. Жылдың қорытындысы бойынша осындай женілдікті еki компания алды – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өнімдіру АҚ, және KAZAKHMY PLC.

Биржа АӨҚО ҚРА және «АӨҚО» АҚ күш-жігерін біріктіре отырып, ірі үлттыхық және мемлекеттік сыйайлы компаниялардың акцияларын KASE шығару идеясына Елбасының және үкіметтің тараپынан қолдау ала алды. Жұмыс Президент-министр Кәрім Мәсімовтың арнайы тапсырмасынан кейін 2010 жылдың мамыр айында Стратегиялық жоспар 2020 жүзеге асыру аясында жандана түсті, оны жүзеге асырудың негізгі шарттарының бірі дамыған отандық қор нарығы болуы тиіс еді. Қөп кешікпей арнайы жұмыс тобы құрылды, тамыз айында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ бірқатар еншілес компанияларының пакеттерін ішкі қор нарығында орналастыру туралы ұсыныстар жасалды, IPO шарттары әзірленді, сонымен қатар KASE негізгі сауда-саттық алаңы болып тағайындалды.

Биржа және АӨҚО ҚРА ізін сұытпай, KASE Листинглік ережелеріне акцияларды бастапкы жария орналастыруды жоспарлайтын компанияларды ынталандыруды қөздейтін өзгертулерді әзірледі және енгізді. Осылайша, 2010 жылдың 25 тамызынан бастап акцияларды биржада айналысқа жіберу бастамашылары кіру және бірінші жыл сайынғы листинглік алымдарды төлеуден келесі жағдайларда босатылды, егер: акциялар KASE ресми тізіміне алғаш рет енгізілсе; KASE орналастыруды ашық сауда-саттық әдістерінің бірі арқылы жүзеге асыраса; тарту көлемі IPO нәтижелері бойынша 1 млн АЕК кем емес болса; орналастырылатын акцияларды кемінде 50 инвестор сатып алса, ал олардың еркін айналыстағы саны әмитеттің жалпы акциялар санының 10% құраса. Бұған қоса, 2010 жылдың 13 тамызынан бастап жана әмитеттер өз қызметін инвесторлардың арасында тарату үшін биржалық IPO жүргізген кезде KASE тегін акпараттық қолдауына сене алды.

Биржа «сағаттарды салыстыра түзөу» және мемлекет пен іскерлік топтар арасында конструктивті диалогты ретке келтіру үшін қараша айында «АӨҚО» АҚ бірге «Қазақстан қор нарығы. KASE IPO» атты еki құндік форумды өткізді.

## Маркет-мейкерлер үшін жаңа ережелер

KASE бағалы қағаздардың өтімділігін арттыру үшін қолданылған ұйымдастырушылық шаралардың арасында Биржалық кеңес 2010 жылдың 25 маусымында бекіткен маркет-мейкерлер қызметінің жаңа ережелері ерекше көзге түседі. Негізгі енгізілім бағасы белгіленетін құралдардың тәуекелдері мен инвестициялық сапасын ескеретін ежей-тегжейлі спредтер жүйесі болды. KASE ресми тізімінің ең жоғарғы санатты акциялары бойынша сатып алуға және сатуға маркет-мейкердің үздік міндетті баға белгілеулерінің арасындағы спредтің максималды мәні өтімді акциялар бойынша – 7% деңгейінде, өтімсіз акциялар және үлеспұлдар бойынша – сатып алуға баға белгілеу мәнінің 10%; облигациялар бойынша – сатып алуға және сатуға баға белгілеулерінің кірістілік мәндері арасындағы айырмашылықтың 4%; KASE сауда жүйесі кірістілік есебін жүзеге асырмайтын облигациялар бойынша, – сатып алуға баға белгілеу бағасына қатысты сатуға және сатып алуға баға белгілеу бағаларының арасындағы айырмашылықтың 8%<sup>4</sup>.

Міндетті баға белгілеулерін жариялау және сақтау бойынша міндеттемелерді уақытыны орындағаны үшін маркет-мейкерлерге осындай орындаамаудың ұзақтығына қарай 20 АЕК бастап 200 АЕК дейінгі соманы құрайтын тұрақсыздық айыбын төлеу міндетті жүктелді<sup>5</sup>. Сонымен бірге оларға «тайм-ауттарды» – міндетті баға белгілеулерін сақтамауға рұқсат етілетін баға белгілеулерінің жаңа мәндерін қоюға арналған сауда күнінің шегіндегі уақыт аралықтарын қолдану мүмкіндігі берілді. Тайм-ауттардың жалпы ұзақтығы өтімді акциялар, үлеспұлдар және облигациялар бойынша – 30 минуттан, өтімсіз акциялар бойынша 15 минуттан аспауы тиис.

Жаңа ережелерде жеңілдіктер және маркет-мейкерлерді әрбір ай ішіндеңі қызметінің нәтижелері бойынша көтермелегу жүйесі де қарастырылды. Бұл ретте корпоративтік БҚ нарығының қалыптасу және қарқынды өсу кезеңінде түйінді рөлдердің бірін атқарған мамандар санаты өзгерген жағдайларда биржа мүшелерінің қажет етпегеніне байланысты қысқартылды. Құжаттың жаңа редакциясы ҚҚА 2010 жылдың 17 қыркүйегінде келісімді және 2011 жылдың 17 қаңтарында қолданысқа енгізілді.

## Мерзімдік нарық: қайта жүктеу

Тап осы 2010 жылы KASE фьючерстердің сауда-саттығын жаңарту бойынша жоба жүзеге асырылды. Биржа мерзімдік нарықты іске қосу талпыныстарапын бұның алдында да жасаған. 1996 және 1999 жылдары – АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамына фьючерстердің, 2001 жылы – АҚШ долларының евроға шаққандағы бағамына фьючерстердің, 2002 жылы – Қазақстан Республикасының халықаралық бағалы қағаздарының кірістілігіне фьючерстердің, 2008 жылы тазартылған құйма алтынға фьючерстердің сауда-саттығы ашылды. 1999 жылдан бастап 2004 жылға дейін АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамына фьючерстердің сауда-саттығына қатысушылардың ауық-ауық туындастырын өз тіршілігін тоқтатты.

Фьючерстік нарықты тірілту жобасында биржада үшін тарихи маңызды жайтының алғаш рет орталық контрагенттің функцияларын өзіне алғаны және клирингтік қорлардың мөлшері аясында жасалған мәмілелердің орындалатынына кепіл бере бастағаны болды. Қазақстандық нарық үшін тубегейлі жаңа, халықаралық стандарттарға сай келетін тәуекел-менеджмент жүйесі үш элементті қамтыйды: жайғасымдарды ашуға және қатысушының шотындағы қаражаттың жеткіліктігіне қарай бағаларды өзгертуге шектелімдер жүйесі, баға өзгерісінің тәуекелдерін жабуға арналған маржалдау жүйесін, сондай-ақ бір немесе бірнеше қатысушы дефолтқа ұшыраған жағдайда мәмілелер бойынша уақытылы клирингті қамтамасыз етүге арналған кепілді және резервтік қорлар.

170 млн теңгені құраған резервтік қорды қалыптастыру және толықтыруды биржа мерзімді нарықтағы комиссиялық алымдар сомасының 15% мөлшеріндегі ай сыйнғы жарналар есебінен өзіне алды, ал кепілді қорлар мерзімді келісімшарттардың әрбір типі үшін жеке нарықтың өзіне қатысушылардың міндетті біржолғы тиянақталған жарналары есебінен құрылды.

Жылдың екінші жартысында биржа Мерзімдік келісімшарттардың биржалық сауда ережелерін, Мерзімдік нарықта клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелерін және Резервтік және Кепілді қорлар туралы Ережені КҚА келісті және қолданысқа енгізdi, сонымен қатар өзінің мүшелері үшін мерзімді келісімшарттардың сауда-саттығы бойынша демонстрациялық ойынды өткізді. Ал бұл тоқсанда АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамына және KASE Индексінің мәнінің фьючерстердің тәуекелдерді басқарудың жаңа жүйесі бар сауда-саттығы «жауынгерлік» тәртіптемеде іске қосылды.

Мерзімдік келісімшарттар сауда-саттығының негізгі мақсаттарының бірі – тәуекелдерді хеджерлеу мүмкіндігі. Мысалға, басқарушы компанияда KASE Индексімен өзара қатынасатын портфель қалыптастырылса, онда ол KASE Индексіне фьючерсті сатып ала отырып, өзін индекстің өкілдік тізімі акцияларына бағалардың төмендеуінен сақтандыра алатын еді. Ал бұл сол кезде нарықта қалыптасқан жағдайларда өте өзекті болды. Дегенмен жаңа сектордағы белсенділік өте төмен болып қалды, оған ЖЗҚ және үлеспүлдық инвестициялық қорлардың осы секторға қатысуға қойылған заңнамалық шектеулер көдергі жасады.

\* \* \*

Осындай нәтижелермен биржа 2011 жылға қадам басты, бұл жыл KASE, ен алдымен, биржалық нарықтың сенімділігін және саудаланатын қаржы құралдашының өтімділігін тубегейлі арттыруға бағытталған жаңа үш жылдық Стратегиялық жоспарын жүзеге асыруда алғашқы жыл болуы керек еді. Бұған қоса, осы бағытта қозғалу үшін іргетас қаланып қойған еді. Биржаның тарихында тұнғыш рет KASE ықтимал қолдану мақсатында әлемдегі сауда және саудадан кейінгі технологиялардың талдауы жүргізілді. LSE, NASDAQ OMX, KRX, PTC, МБВБ өкілдерімен, биржалық ақпараттық технологияларды жеткізуілермен – Calypso Technology, Cinnober Financial Technology AB, Trayport, CPM Ltd, Financial Technologies, List Group, СМА жүргізілген кездесулер мен келіссөздердің нәтижелері бағдарламалық-техникалық, кешенді жаңғыртудың ықтимал нұсқаларын көп факторлы талдауга ғана емес, сондай-ақ KASE одан әрі дамуының жаңа пайымдауын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Соның ішінде стратегиялық серік-

тесті ықтимал тарту мәселесі бойынша. 2010 жылы биржада Thomson Reuters және Bloomberg ең ірі нарықтық ақпарат провайдерлеріне нақты уақыт тәртіпте-месінде осы салада қабылданған халықаралық стандарттар мен хаттамаларды қолдана отырып, сауда-саттық деректерін жеткізе бастады. Реттеушіде де белгілі бір жүйелілік болды.

**ҚҚА басшысы Елена Бахмутова** 2010 жылдың қорытындысына түсінік бере отырып, бар қыншылықтарға қарамастан, Қазақстанда IPO табысты жүзеге асыру үшін барлық құрамдас бөліктердің қалыптасқанына ерекше көніл аударды. «Компаниялардың өз акцияларын орналастыруды саудалана-тын құралдар санының көбей мәселесін шешуге көмектеседі, БҚ нарыбы өтімділігінің, сонымен қатар оны капиталдандырудын өсуіне себептеседі деп ойлаймын. Ұған қоса, IPO елдің бәсекелік артықшылықтарын нығай-туға, шетелдік инвестициялардың ағылуына және қазақстандық қор на-рығының тартымдылығын арттыруға жағдай жасайды»<sup>6</sup>.

## ЖОҒАРЫ ҚАРАЙ ЖЫЛЖУҒА ТАЛПЫНЫС

Елдің қаржы өкіметі 2011 жыл үшін түпкі міндет қалыптастырыды – алдыңғы жылдың жетістіктерін бекіту. Өйткені 2010 жылы Қазақстанның сыртқы борышы елеулі түрде, 3 есеге жуық азайды. Сонымен қатар алтын-валюта резервтері де өсті: банк секторының сыртқы берешегі 29 млрд АҚШ долларына қысқарған кезде олар 17 млрд АҚШ долларына көбейді. Қазақстанның ЖІӨ өсімі дағда-рықса дейінгі көрсеткіштерге жақындал, 7,3% құрады.

Оң трендтер үлттық валютаның хал-жайын да сипаттады – 2010 жылы әрекет еткен бағамның ауытқу дәлізі кең болғанына қарамастан, теңге но-миналды көріністе 0,6% нығая түсті. Бұл ретте реттеушиңін нарыққа катысыу шамалы болды. Сондықтан 2011 жылдың қантар айында КРҰБ басшысы Гри-горий Марченко Үлттық Банктың тенгенін айырбас бағамының ауытқу дәлізін ары қарай белгілеу қажеттілігін сезбейтінін және 21 наурыздан бастап 2009 жылға дейін әрекет еткен басқарылатын құбылмалы валюта бағамына қайтып оралатыны мәлімдеді.

Мамыр айында үкімет пен Үлттық Банктың дағдарыска қарсы іс-әрекеттерін Халықаралық валюта қоры болдырмады. ХВК миссиясының басшысы Ана Лю-сия Коронель жағымды өзгерістердің ішінде «өңірдің басқа елдерімен салы-стырганда ерекше айқын білінетін Қазақстанның егемен тәуекелінің азаюын» атады<sup>7</sup>. Ал үкіметтің маңызды үш міндеттің бірі ретінде бюджетке түсірілген қы-сымды азайту деп көрсетті.

Қараша айында Fitch Ratings және Standard & Poor's халықаралық рейтинг-гілік агенттіктері бір мезгілде Қазақстанның елдік бағасын инвестициялық дең-гейге дейін көтерді. S&P шетел валютасындағы егемен несие борышын тұрақты болжамға ие «BBB+» деңгейіне дейін кетерді. Ал Fitch рейтинглік агенттігі ше-тел валютасындағы міндеттемелер бойынша ұзақ мерзімді рейтингті «BBB–» деңгейінен жағымды болжамға ие «BBB» деңгейіне дейін көтерді.

## EBRD ЖӘНЕ ВЕНА БИРЖАСЫНЫҢ (WBAG) КӨМЕГІ

2010 жылы Биржада Еуропалық қайта құру және даму банкінің (EBRD), Қазақстанның қор нарығында бағалы қағаздардың өтімділігін арттыруға және KASE әмбенттер мен инвесторларға көрсететін қызметтерін жетілдірге бағытталған, «Kazakhstan Stock Exchange Capacity Building Project» жобасы старт алды. Осы жоба бойынша қызу жұмысқа, түрлі биржалық нарықтарда жоғары білікті және кең ауқымды тәжірибелі бар, CAPMEX (The Capital Market Experts, Вена биржасының топ мүшесі) австралиқ консалтинглік компаниясы кірісті. Жарты жыл барысында CAPMEX кенесшілері қазақстандық қор нарықтағы бағалы қағаздардың өтімділігіне ықпал ететін факторларға сараптама жасады, Биржада қолданылатын биржалық ақпаратты тарату жүйесін зерттеп KASE персоналына және нарыққа қатысуышыларға арналған бірқатар тренингтер өткізді. Олардың жұмысының нәтижесі тұжырымды есеппен KASE 2011–2013 жылдарға арналған стратегиясын әзірлеуде ескерілген, нақты нұсқамалар болды.

Кенесшілермен жұмыс жасаған, KASE мамандарының жалпы бағалауы бойынша бұл жоба, соның ішінде нарықтың үкіметпен және тіркеушием диалогында, өте пайдалы болды, себебі шетелдік саралыштардың пікірін бойынша мұқият құлақ асты.

KASE мен CAPMEX Kazakhstan Stock Exchange Capacity Building Project аясында ынтымақтастырының нәтиже-перінің бірі, KASE ақпараттық қызмет-

терін халықаралық нарыққа жылжытуы, сондай-ақ индекстерді есептеу мен оларды жариялауға бағытталған, Wiener Börse AG (WBAG) жасалған келісім болды. WBAG-пен еріктестік, KASE ақпараттын тарату жағрафиясын көнектікеннен басқа, халықаралық аренда KASE танымалдығының арттыруға бағытталды. Еуропада, нарықтық ақпаратқа маманданған, танымал ақпараттық хаб бола түрүп, WBAG KASE ақпаратын өзінің көптеген клиенттері арасында таратуға сабептесті.

Сауда-саттық ақпаратын тарату саласында дұрыс таңдалған даму векторы және қызметтің осы бағытының перспективалылығы серіктестіктің бірінші жылында, KASE сауда-саттық ақпаратын таратуға ынтастын көрсеткен, SIX Financial Information Ltd и Investis Ltd тартаулымын расталды.

Кейінгі жылдары WBAG-пен серіктестік аясында, KASE 12 шетелдік компанияны тартты, олардың ішінде Citigroup Global Markets Ltd, S&P Global Inc (former SNL), Statpro Canada Inc сияқты қаржы нарығының ірі өкілдері болды. Нәтижесі деп, ынтымақтастық барысында ақпаратты сатудан түсken орташа кірістің есімі 43% айтуга болады, бұл қазақстандық қор нарыққа шетелдік қатысуышылар тарапынан артып келе жатқан қызығушылықты бейнелейді.


2013 жылдан бастап WBAG, KASE ұсынатын нарықтық мәліметтер негізінде Kazakh Traded Index (KTX) индексін есептеп жариялайды.

KASE вице-президенті **Андрей Цалюк** осы оқигаларға түсінік берे отырып, бүкіл қор нарығы үшін олардың тәжірибелік маңыздылығына ерекше көніл бөлді:

«Қазақстан үшін посткеңестік кеңістіктегі S&P рейтингілік кестесінде біздің алға шыққанымыз маңызды болды. Енді бізде шетел валютасындағы инвестициялық деңгейдің ең жоғары рейтингі бар. Сондықтан біздің егемен бондтардың бағалары жоғары болуы керек. Оқиға әлемдік нарықтардың жағымсыздығымен сәл бүркемеленді, алайда ол болашаққа жағымды форада береді. Тауда КР Қаржы министрлігі 2012 жылы егемен евробондтарды шығаруға алдын ала инет туралы мәлімдеді. Инвесторлар бұл қағаздарды, дәлірек айтқанда олардың құнын корпоративтік және мемлекеттік сыңайлы қазақстандық эмитенттерге қаржы бөлуге арналған өте қажетті benchmark ретінде бағалайды. Және де егемен рейтингтің көтерілуі қазақстандық қағаздар құнының өсуіне себептесетіні сөзсіз. Яғни, сипатталған оқиғалардан кейін өздерінің борыштық міндеттемелерін орналастыратын эмитенттеріміз анағұрлым жоғары бағаға және, сәйкесінше, анағұрлым тәмен кірістілікке сене алады»<sup>8</sup>.

Рейтингтің жоғарылауы алдағы «Халықтық IPO» нәтижелілігі түрғысынан да уақытылы болды, себебі шетелде оған қызығушылық тосыннан жоғары болып шықты. «Қағаздар халықта ұсынылады ғой және олардың бағасы өссе, көпшілік акцияларды сатқысы келетін болады, – деп түсіндірді **А. Цалюк**. – Бұл ретте сатып алушылар ретінде Қазақстанға үдемелі несие рейтингімен тартылған шетел инвесторлары әрекет ете алады, бұл қосымша сұраныс тудырып, бағалардың айтарлықтай төмөнделеп кетуіне жол бермейді. S&P агенттігінің ел рейтингін көтергені тап осындағы жана әсер тигізуі мүмкін».

### ӘЛЕМДІК ЖІӨ 2001–2011 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДИНАМИКАСЫ



Сақ оптимизм барлық деңгейде орнықты. Дегенмен, сыртқы жағдай экономика үшін бұрынғыша аса жағымды емес және өткен жыл ішінде атқарылған жұмысты қираптуы мүмкін деген көзқарас басым болды. Қазақстанға қарағанда, әлемде оптимизм көп болған жоқ. Жаһандық экономикада құрылымдық үйлесімсіздіктер жинала берді. Егер 2010 жылы дағдарыстар кейін қалпына келу туралы тезистер айтылса, 2011 жылы көптеген сарапшылар әлемдік дағдарыстың жаңа толқыны туралы айта бастады. Әлемдік экономиканың нақты көрсеткіштері нашарлады, қарыз алу құны экономикалық көрсеткіштерге тікелей әсерін тигізіп, көптеген елдер үшін жоғарылады. Инвесторлар шығындардан қорғаудың немесе пайданы молайтудың оңтайлы сыйбаларын іздей отырып, бір немесе өзге активті таңдаған кезде өз ілтиратын жи өзгертті, осы арқылы олар өтімділікті шайып кетірді және әлемдік тауар және қор нарықтарындағы құбылмалылықты арттырыд.

Осылың әбір Қазақстанға 2010 жылы құрылған іргетасқа сүйеніп, «жоғары жылжуга» кедергі келтірді. Елде әзірленетін барлық бағдарламалардың, дайындалатын заң жобаларының, реттеу реформасының мақсаттары тәуекелдерден және ықтимал дефолттардан озық жүргуге және олардың алудың бағытталды.

## Реттеушімен бір бағытта

2011 жылдың басында ҚҚА реттеуде қолданылатын жаңа тәсілдеме туралы жариялады. Шаралардың ескертпелі сипаты және кезенділікке қарсы қағида басымдылық берілді: дағдарыс сәтінде қүштейтуши нормаларды енгізбей, олар туралы күні бұрын жариялау. Дәл сол кезде ҚҚА басшысы Елена Бахмутова<sup>9</sup> үкіметпен бірлесіп ірі және орта қәсіпорындарды оңалту және проблемалы активтерді арнайы құрылатын жеке компанияларға бөлу бойынша бағдарламаны әзірлеу, сонымен қатар «Жинақтаушы зейнетакы қорын және бағалы қағаздар нарығын дамыту бойынша жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралардың жоспарын ұсынды.

«Жол картасына» енгізілген шаралар кешені жинақтаушы зейнетакы қоры активтерінің құнсыздануы жағдайын «тұтеп» қана қоймай, сонымен қатар инвесторлар мен эмитенттердің бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығына шығуына және олардың осы нарықтағы белсенді саудасына жағдай жасай отырып, зейнетакы қаражатын тиімдірек инвестициялауға көмектесуі керек еді.

«Қазір қандай компаниялардың IPO шығатыны ғана емес, сондай-ақ олардың қандай шарттарда шығатыны, олардың шетелдік қор биржаларына немесе тек жергілікте қор биржасына шығатыны талқылануда. Агенттік, ең алдымен, үлттық компаниялар, солардың ішінде мемлекеттік сынаилы сектор отандық қор биржасына шығуы тиіс деген көзқарасты ұстанды. Біз шетелдік қор биржаларында екінші листинг болмауы тиіс деп есептейміз, – деп Қазақстан қаржы форумында сөз сөйлеген кезде реттеушінің ұстанымын түсіндірді **Алина Алдамберген**. – Агенттік әзірше бұған қатысты ешқандай қатаң талаптар енгізбейді, себебі нарықта қазақстандық компанияларды шетелдік биржаларда листингілеу жөнінде әртүрлі пікірлер бар. Біздің инвесторлық база жеткіліксіз деп есепте-

леді. Менің ойымша, мәселе инвесторлық базада емес, мәселе тартымды әмитентте. Егер әмитент тартымды болса, онда инвесторлық база өзі Қазақстанға келеді»<sup>10</sup>.

Қасақана дефолттардан сақтандыру ретінде әмитенттер үшін қор биржасындағы ерікті делистинг немесе ақпаратты ашуға қатысты листинглік талаптарды орындағаны үшін мәжбүрлі делистинг жағдайында заңнамалық деңгейде шығарылған облигацияларды сатып алу міндетін белгілеу жоспарланды.

Сонымен қатар реттеуші бағалы қағаздарды орналастыратын қаржы кеңесшілерінің, қор биржасы үшін есепті дайындайтын облигацияларды ұстаушылардың өкілдері мен аудиторлардың жауапкершілігін қүшештүге ниеттенді. Маңызды мәселелер топтамасы инвесторларды құқықтық тәуекелдер түрғысынан коргауға қатысты болды.

«Атап айтқанда, мұнда қолданыстағы заңнамаға рейтинглік агенттіктердің қызметін реттеуді енгізуге қатысты тузетулерді әзірлеу, сонымен бірге үйімдастырылған нарықта жасалатын мәмілелер бойынша барлық тәуекелдерді және Қазақстан қор нарығының, орталық депозитарийдің және реттеуші органдардың – ҚҚА және АӘҚО ҚРА – іс-әрекеттеріне шағымдану бойынша барлық азаматтық істерді қаржы сотының құзыретіне жатқызу мақсатында оның мәртебесін облыстық сот деңгейіне дейін арттыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады» – деп түсіндірді ҚҚА басшысы *Елена Бахмутова*<sup>11</sup>.

Осы және өзге нормалар мен ұсыныстар 2011 жылы әрекет етеді бастауы, не болmasa әзірленіп жатқан Тәуекелдердің азайту туралы занға негіз болуы керек еді. KASE биржалиқ нарық инфрақұрылымының негізгі элементі бола тұра, реттеушінің инистің жүзеге асыруға белсенді турде тартылды.

Осылайша, 2011 жылдың бін сауірінде KASE Биржалиқ кеңесі бағалы қағаздарды, солардың ішінде қазақстандық ЖЗҚ және активтерді басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық портфельдерінде орналасқан бағалы қағаздарды бағалаудың жаңа әдістемесін бекітті. Әдістемені әзірлеу үрдісін биржаның мамандары бір жылға жуық уақыт жүргізді және осы жұмыстың нәтижелері зейнететің құнына тигізген ықпалды асыра бағалау мүмкін емес.

Ал 12 сәуір күні қаржы нарығын реттеу саласында мемлекеттің саясатын өзгерткен елеулі оқиға орын алды, ол «мегатіркеушіні» жасауда іске асты. Мемлекет басшысы АӘҚО және ҚҚА қызметін реттеу жөніндегі агенттіктер тарату туралы жарлықта қол қойды, олардың функциялары мен өкілеттіктері құрылымында еki комитет: Қаржы нарығы мен қаржы үйімдарын бақылау және қадағалау комитеті және АӘҚО дамыту жөніндегі комитет құрылған Ұлттық Банкке тапсырылды.

## Қауіпті аймақта көрі қайту

Елдің экономикасы дағдарыстан кейінгі жолға шыққанымен, 2011 жыл биржалиқ нарықты түнгілті. KASE айналымы жалпы 34% өсken 2010 жылдың динамикасын сақтап қалу мүмкін емес болды. Сауда-саттық, көлемі 3,1% азайып, әуелгі деңгейінде қалды. KASE еki секторында – дәстүрлі түрде биржалиқ са-

уда статистикасының басты «қозғаушы күші» ретінде әрекет ететін шетел валюталарының сауда-саттығы мен репо операциялары секторында бір мезгілде төмендеу байқалғаны ерекше назар аудартатын жайт.

Ішкі жағдайға зор ықпалын тигізген әлемдік шикізат нарықтарындағы трендтер жан-жаққа бағытталған еді: өнеркәсіптік металдардың бағалары негізінен теріс динамиканы көрсетті, Brent таңбалы мұнайдың құны, керісінше, 2011 жылды бір баррель үшін 108 доллар белгісінде аяқтап, 14% есті.

Мұнай мен KASE үлесін валюта нарығының салыстырылатын экспорттық түсімнің 2010 жылғы 71,9%-дан 2011 жылы 83,9% дейін артқанына қарамастан, ЕДБ биржалық айырбасталым операцияларының көлемі онша өзгерmedі, осы арқылы ол экспорттық түсімнің көбеюін банктердегі шоттарда жинақталатын қаржаттың өсүіне және шетел валютасымен жасалатын операциялар көлемінің артуына әкелетін өткен жылдардың заңдылығын бұзды. Валюта нарығындағы мәмілелердің саны мен күн сайынғы көлемі 2011 жыл ішінде төмендеді.

Тенге үшін ресейлік рубльдің биржалық сауда-саттығындағы көрініс те әдettен тыс болып көрінді. Кеден одағының жұмыс істей бастағанына байланысты туындаған Ресеймен жасалған тауар айналымының айтартықтай өсүіне қарамастан, KASE рубльмен жасалған операциялардың көлемі 2011 жылы 9,4% төмендеді.

Валюталық нарықтағы алып-сатарлық әлеует бұрынғыша төмен болып қалды. Әлемнің негізгі резервтік валютасына қатысты тенденција ауыткуы бір АҚШ доллары үшін 145,81–148,43 теңге дәлізінен аспады. Бұған қоса, таңғы сессияның безбенделген орташа бағамына қарағанда, тенденција долларға шаққандағы әлсіреу деңгейі номиналды көріністе 0,61% (2010 жыл – 0,65%) құрады.

Экспорттаушылардың валюталық түсімнің өскеніне қарамастан, банктердің жоғары өтімді қаржаты 2011 жыл ішінде 9% төмендеді, ал несие портфелинің өсүі 11% құрады. Алайда банк секторының артық өтімділігінің темендеуі KASE ақша нарығына елеулі ықпал тигізу үшін жеткіліксіз болды. TONIA және TWINA индикаторлары бүйірлік трендте жұмыс құбылмалылығын көрсетті, ал KazPrime индикаторы жылдық 2,0% өзінің әуелгі деңгейінде қалды. Бұл ретте биржалық репо операцияларының көлемі 2010 жылға қарағанда аса өзгерген жоқ.

Сонымен бірге корпоративтік борыштың биржалық нарығындағы мөлшерлемелер өсуге үмтүлди. Бұл қор нарығындағы дағдарыстың жаңа толқынын, өсіреле 2011 жылдың екінші жартысында, кутумен, сондай-ақ KASE листинглік компанияларының жалғасқан дефолттарымен және осының нәтижесінде инвесторлардың орташа және салыстырмалы төмен инвестициялық сапага ие облигацияларға сақтықпен қарауымен байланысты жағымсыз көніл-күймен түсіндірілді. Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі негізінен ең сенімді эмитенттердің міндеттемелерін саудалау есебінен 9% есті.

Үлестік бағалы қағаздар сегментіндеңгі инвесторлардың көніл-күйін әлемдік қаржы нарықтарындағы жағдай қалыптастырыды. Бастылары европалық борыштық дағдарыстың шиеленісуі, АҚШ мемлекеттік борышымен туындаған мәселелер және Жапониядағы Фукусима-1 АЭС орын алған апат болған 2011 жылдың оқиғалары қазақстандық нарыққа белгілі бір дәрежеде әсерін тигізді. 2011 жылдың алғашқы бір жарым айы ғана жағымды болып шықты. Ақпан айының ортасынан бастап KASE Индексі үдемелі жылдамдықпен төмен қарай жылжып, жылдың соңында ғана біршама тұрақтанды. Жылдың нәтижесі осы индикатордың 35,7% төмендегені болды, ал 2010 жылы ол 2,8% ғана құраған.


2011 жылы KASE Индексі дамыған нарықтардың негізгі қор индекстеріне қарағанда анағұрлым жағымсыз көрініске ие болды. Және де бұл әлемдік экономикадағы қынышлықтардың көзі тап осы ең дамыған елдер болғанына қарамастан орын алды. Бұның себебі өкілдік тізімі небәрі жеті әмитенттің акцияларынан тұратын KASE Индексін әлсіз әртаратпандыруда болды. KASE ресми тізімінің қалған акциялары нөлдік өтімділікке ие болды.

KASE Индексінің қатты тәмендеуі инвесторлар ақшасының қазақстандық нарықтан жылыстауына әкеп соқты, бұл нарықты анағұрлым дамыған аландарда болғандай жылдам қалпына келу мүмкіндігінен айырды. Индекстің жылдам тәмендеуі сауда-саттық көлемінің азаюымен қатар жүрді, нәтижесінде KASE акцияларының нарығы 2011 жылдың қорытындысы бойынша өз айналымының 43,2% жоғалты, ал оны капиталдандыру жылдың соңында 28% азайып, 43,3 млрд АҚШ доллары баламасына бағаланды.

Қазақстандық МБҚ нарығы сипатталған оқиғалардан шетте қалды. Мұнда мөлшерлемелер тұрақты болып қалды, себебі ЖЗК заңнамадағы өзгерістердің әсерінен өз портфельдеріндегі МБҚ үлесін арттыра берді де, Қаржы министрлігінің аукциондарында әрдайым жоғары сұранысты көрсетті. Сипатталған оқиға 2011 жылдың соңына қарай, мультипортфельді зейнетакы жүйесін енгізуідің қарсаңында айқын біліне бастады. 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЖЗК инвестициялық портфельдерді консерваторлық және ынсапты деп бөлуі керек болды. Зейнеткерлік жастағы салымшылардың активтері әдепті қалпы бойынша – акцияларға қаржы бөлуді қөздемеген консерваторлық портфельге, ал қалғандары 30% дейінгі бөлігін үlestік қағаздардың есебінен қалыптастыруға болатын ынсапты портфельге түсті. (Кейінірек, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап агрессивті портфель пайда болуы керек еді, ондағы акциялардың меншікті салмағы 80% жете алатын еді, бірақ сол уақытқа қарай жеке ЖЗК жүйесі тұжырылады деп шешілді).

Пруденциялық реттеудің түзетуімен бірге бұл МБҚ қайтала ма нарығындағы белсенділіктің айтартықтай тәмендегеніне әкелді. Сауда-саттық көлемі алдыңғы

### МЕТАЛДАР МЕН ШИКІЗАТ БАҒАЛАРЫНЫҢ 2011 ЖЫЛЫ ӨЗГЕРУИ, %



жылмен салыстырғанда шамамен 40% қысқарды. Сонымен қатар МБК нарығындағы аукциондардың жиынтық көлемі 674 млрд теңгені құрады, бұл Қаржы министрлігі жоспарлаған 2011 жылы МЕКАМ орналастыру көлемінен 5% кем болып шықты. Бұл ретте мемлекеттік бюджет тапшылығы ЖІӨ 2,1% дейін азайды.


## Сервис неғұрлым жақсы болса, инвесторлар соғұрлым көп болады

Көп жағдайда ЖЗҚ тұлғасындағы институционалдық инвесторлар ісінің жағдайына тәуелді қазақстандық биржалық нарықтың осалдығы айқын білінді, сондықтан 2011 жылы KASE жүзеге асуы биржада жұмыс істейтін инвесторлардың саны мен географиясын түбебегелі кеңейтуге мүмкіндік беретін стратегиялық жоспарларға назар аударды.

KASE сауда жүйесіне дамыған әлемде қабылданған FIX (Financial information eXchange) биржалық деректер хаттамасын сүйемелдейтін кез келген сауда-саттық терминалдарын қосуға көмектесетін шлюзді қолданысқа енгізу жобасына көп көңіл бөлінді. Бұл биржаның инвесторлық базасының әлеуетін айтартықтай кеңейту керек болды. FIX-шлюздің пайдаланушылар үшін қолайлығымен қатар, тағы бір маңызды артықшылығы бар – сауда кезіндегі кідірістердің азауы. Нарықтық деректер жазылуышыларға транзакцияларды биржаның сауда жүйесінде тіркегеннен кейін дереу жіберіледі. FIX хаттамасы арқылы биржалық «стаканды» жаңарту жайлігі басқа хаттамалар арқылы жұмыс істеген кезде алынатын көрсеткіштерден айтартықтай жоғары болуы мүмкін.

2011 жылдың тамыз айында транзакциялық FIX-шлюз тәжірибелік пайдалануға енгізілді. 20 қыркүйек күні «eTrade» ЖШС кәсіпкөй қатысушылар үшін таныстырылымды үйімдастырыды, ал 2011 жылдың 21 қарашасында шлюз өнеркәсіптік пайдалануға берілді.

### НЕГІЗГІ ҚОР ИНДЕКСТЕРИНІҢ 2011 ЖЫЛЫ ӨЗГЕРУИ



Интернет-трейдингті дамыту аясында 2011 жылдың маусым айында биржа өнеркәсіптік пайдалануға «STrade» деп аталатын жаңа интернет-платформаны енгізі, ол биржа мүшелеріне бағалы қағаздар нарығындағы қашықтағы сауда-саттық терминалы ретіндегі (екінші атаву «шебер клиент») ұсынылды. Осыдан бір жыл бұрын платформа «Биржалық симулятор» атты оку жобасының аясында жоғарғы оку орындарының студенттеріне, оқытушыларына және жеке инвесторларға арналған демонстрациялық-тестілік ойындар сериясында сыналды (ендиремен қараңыз).

Операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «STrade» жүйесінде ГОСТ 34.310-2004 сәйкес келетін электрондық сандық қолтанбаларды және ҚБЕО Куәландыруши орталығы шыгаратын электрондық сандық қолтанбалар кілттерінің сертификаттарын сүйемелдеу тетірі жүзеге асырылды. Деректердің құпиялышының корғалған байланыс арнасын үйымдастыру жолымен қамтамасыз етілді. Платформаның іске қосылу халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру саласындағы KASE мүмкіндіктерін көнектітті. Жаңа терминалға биржаның оку сауда жүйесіне қосылу функциясы енгізілді, бұл әлеуетті жаңа келушілерге «STrade» қор нарығында сауда жасау дағдыларын меншегеру үшін пайдалануға мүмкіндік берді.

## **Нарықтың сенімділігі мен тартымдылығының кепілі**

Келесі өте маңызы жоба – 2010 жылы әзірлене бастаған T+0 сызбасы бойынша есеп айырысудың кепілді жүйесіне көшу. Жобаның мақсаты – есеп айырысудың сенімділігін сапалық тұрғыдан арттыру және мәмілелерге қатысушылардың тәуекелдерін азайту. Осы сызбада бағалы қағаздар бойынша сауда-саттыққа қатысушылардың қаражатты ОД жұз пайыз депозитке салуы қарастырылды, бұған қоса, активтердің бар болуын биржа СЖ өтінім тапсыру сатысында бақылады. Бұл ОД жүйелерімен орнатылған байланыстың арқасында жүзеге асырылды – сауда-саттыққа әрбір қатысушының шоттарындағы қалдықтар бойынша акларат сауда-саттық басталғанға дейін және оның барысында KASE СЖ ОД жүйесінен жүктелді. Есеп сауда-саттыққа берілген өтінім қағаздармен қамтамасыз етілмеген болып шықса, ол қабылданбады. Бұл KASE жасалған мәмілелерді орындаама жағдайларының санын түбебейлі азайтуға мүмкіндік берді. Осы жүйені енгізгенге дейін KASE бағалы қағаздармен мәміле алдымен жасалатын, ал одан кейін оны орындау мүмкіндігі тексерілетін. Мысалы, осы себеппен 2010 жылы KASE бағалы қағаздардың орындалмаған мәмілелерінің үлесі жасалған жалпы сатып алу-сату мәмілелері санының 0,7% жетті. 2011 жылы жаңа есеп айырысу сызбасы енгізілгенге дейін бұл көрсеткіш 0,4% құрады. Осының бәрі инвесторларды, әсіресе, шетелдік инвесторларды үрейлендірді.

T+0 жобасын енгізу нарыққа қатысушылардың ықтимал операциялық тәуекелдерін азайту үшін кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. 1 қарашадан бастап жүйе «шайқасқа» енгізіліп, жылдың соңына дейін KASE бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелерін орындаудың бірде-бір оқиғасы тіркелген жок.

Бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша толық қамсыздандырумен T+0 сызбасы бойынша есеп айырысу жүйесінің табысты енгізілуі ішінара қамсыздандырумен T+n ( $n > 0$ ) сызбасы бойынша есеп айырысу жүйесін әзірлеуге арналған базиске айналды. Осының арқасында биржа есеп айырысуы T+n

сызбасы бойынша жүргізумен байланысты тәуекелдерді түсінуде елеулі түрде алға жылжи түсті. Сонымен бірге KASE қор нарығы секторының клирингті және ішінара қамсыздандырумен  $T+n$  ( $0 < n < 4$  болған кезде) сызбасы бойынша есеп айырысу жүйесін қолдана отырып жұмыс істеу шарттарын және тәртібін регламенттейтін ережелер жиынтығын әзірледі, себебі заңнаманы айтарлықтай өзертепей,  $T+n$  енгізу мүмкін емес болды.

## «Халықтық IPO» басты міндеттері

2011 жылдың «Басты арқауы» елдің «Халықтық IPO» дайындалу үрдісі болды. Басында бұл жөнінде Мемлекет басшысы өзінің бір мәнді пікірін айтты.

*Бүгінгі танда бүкіл әлем акциялар нарығында табыс табады. Қазақстан-дықтар да осыған үйренуі тиіс», – деп ескертіп өтті Нұрсұлтан Назарбаев<sup>12</sup>.*

Өз кезегінде сол кезде үкіметті басқарған **Кәрім Мәсімов**<sup>13</sup> «Халықтық IPO» басымдықтарын көрсетті.

*«Біріншіден, жергілікті қор нарығын халықты, елдің азаматтарын тартпай дамыту мүмкін емес. Екіншіден, компанияның мемлекеттік болғанына қарамастан, ол жеке компания ретінде, көпшілікті қызықтыратын және қор биржасында бағалана алатын компания ретінде басқарылуы тиіс. Ушіншіден, 90-шы жылдары – жекешелендіру жылдары – ел институционалдық инвесторға қарағанда стратегиялық инвесторды тартуға көп көніл бөлді. Қазір қор нарығын нақты дамыту уақыты келді».*

Премьер акциялардың пакеттерін орналастыру реттілігін де атап шықты: бірінші қадам – акцияларды халыққа, Қазақстанның азаматтарына сату. Екінші қадам – институционалдық инвесторларға – жинақтаушы зейнетакы қорлағына сату.

*«Біз акцияларды сатқан кезде мемлекет үшін пайданы арттыруды мақсат етпейміз. Біз инвестор – азамат және зейнетакы қоры туралы көбірек ойлаймыз. Бұл жиі қайталанбайтын бірегей мүмкіндік. Алайда кірістерді бөлу және елде орташа инвесторды құру – осы мәселенің өте маңызды экономикалық, сондай-ақ саяси және әлеуметтік аспектісі»<sup>14</sup>.*

Премьер «нарық онша жақсы емес, нарықтың шынында емес, керісінше, шарықтауга дейінгі негұрлым нашар» болатын кезді таңдау керек деп есептеді. Яғни, 2011 жыл осы тұрғыдан жарамды болып көрінді. Көп кешікпей үкіметтің 2011 жылғы 8 қыркүйегіндегі қаулысымен «Самұрық-Қазына» үлттық әл-ауқат қоры» АҚ еншілес және тәуелді үйимдарының акциялар пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасы бекітілді.

Барлық саяси шешімдер қабылданып қойғандықтан, «Халықтық IPO» өткізу алаңы деп тағайындалған KASE дайындық жұмысы басталды. Биржада IPO басталуына қарай KASE сауда жүйесінің техникалық мүмкіндітерін 20–30%

көбейту міндеті қойылды. «Халықтық IPO» барысында жазылысты үйымдастыру үшін нарыққа қатысушылардан өтінімдерді жинауға, оларды біріктіруге, өңдеуге және жиынтық құжаттарды қалыптастыруға арналған арнайы модуль құрыла бастады. Биржаның мамандары бағдарламамен жұмыс істеген кеңесшілермен кездесулерге қатысты, өз ұсыныстарын жасады, БАҚ жариялау арқылы халық арасында жүйелі түсіндіру жұмысын жүргізді. Сонымен бірге KASE ішкі құжаттарына және ақпараттық жүйелеріне өзгертулер енгізілді. Биржалық кеңес 2012 жылдың наурыз айында бекіткен Акцияларды орналастыру ережелері әзірленді.

## **Корпоративтік басқару стандарттарына бастайтын жолда**

KASE бірқатар іс-шаралары өзінің қызметіндегі тәуекелдерді азайтумен байланысты болды. ҚҚА тәуекел-менеджменттің ішкі жүйесін құру қажеттілігін реттеуішлік тұрғыдан 2009 жылы бекітіп қойды. Тап сол кезде ішкі аудит қызметті құрылды, оның міндеттеріне биржаның негізгі бизнес-урдістерін тексеру жатқызылды. 2010 жылы акционерлер биржаның пруденциялық нормативтерді сақтауына арналған «беріктік қорын» құрып, KASE жарғылық капиталын екі еседен астам көбейтті. KASE тапсыры бойынша «Эрнст и Янг» компаниясы биржаның IT-урдістерінің техникалық аудитін өткізді және ақпараттық жүйелерді пайдалану сапасын жақсарту бойынша ұсыныстарды әзірлеп шыгарды.

2011 жылы бұдан бір жыл бұрын құрылған Тауекелдерді басқару қызметі BS 25999 бриттан стандартына сәйкес KASE үздіксіз қызметтің қамтамасыз ету бойынша жоспарларды әзірлеумен айналысты. Олардың бар болуы биржаның WFE тольық мүшелік алуының шарты болды. Биржаның барлық бөлімшелері дерлік қатысқан осы жұмыстың қорытындысы бойынша KASE Басқармасының 2011 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуді және оны қалпына келтіруді үйимдастыру ережелері, Төтенше жағдайларға жауап қайтару жоспары, Дағдарыстық басқару жоспары, сонымен қатар Биржаның қызметтің қалпына келтіру жоспары бекітілді.

Бұған қоса, Каскелен қаласында (Алматы обл.) орналасқан, құрылышы 2010 жылды аяқталған қашықтағы резервтік орталықты орналастыру жалғастырылды. Компьютерлік жабдықтарды орналастыруға арналған инфрақұрылым жасалды, деректерді жіберу арналары жүргізілді және тестіленді, орталық серверлік жабдықтармен және тағы басқа компьютерлік техникамен толықтырылды. Резервтік орталықты іске қосу негізгі сауда орталығы істен шықкан кезде сауда-саттықты сүйемелдеуге мүмкіндік берді, бұл KASE қызметтің үздіксіздігіне сапалық жаңа денгейде кепілдік берді.

## **Барлық тулар бізге қонаққа**

Биржа халықаралық биржалық қоғамдастықпен бірігуді жалғастырды. Мұндағы маңызды кезең 2010 жылдың желтоқсан айында KASE Президенті Қадыржан Дамитовтың Еуроазиаттық биржалар федерациясы – FEAS Бас ассоциациясының Атқарушы комитеттіне мүше болып қабылданғаны болды. KASE 1997

жылдан бастап толық құқықты мүшесі болып табылатын FEAS мақсаты – еуро-азиаттық өнірдің қор нарықтарын дамытуға жәрдемдесу және биржалар мен қор нарығына кәсіпкөй қатысушылар арасындағы іскерлік ынтымақтастыққа жағдай жасау. KASE осы үйымның Атқарушы комитетіне енген Орталық Азиядағы алғашқы биржа болды. Бұл шешім ыстамбұлдағы кезекті Bas ассамблеяның барысында қабылданды, ал 2011 жылдың күзінде KASE Алматы қаласында өткізілген FEAS 17-ші Bas ассамблеясының иесі ретінде әрекет етті. Ассамблеяның аясында маркетингтік көрме үйымдастырылды, оның барысында қазақстандық қор нарығына қатысушылар FEAS мүшелері болып табылатын қор биржаларының қызыметімен танысты.

FEAS ассамблеясымен бір мезгілде қор нарығын дамытудағы корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі ЭыДҰ Еуразиялық тобының бірінші отырысы үйимдастырылды, оған әлемнің әртүрлі елдерінің реттеуши органдары мен биржаларының басшылары қатысты. Еуразиялық топтың мақсаты ынтымақтастық және тәжірибелен алмасуға арналған платформаны қамтамасыз ету, өнірдің қор нарықтарының дамуын ынталандыруға арналған қағидалар мен институционалдық реформаларды алға жылжыту болып табылды.

Жыл ынтымақтастық туралы бірқатар меморандумға қол қойылғанымен ерекшеленді. Ал елдің қор нарығының халықаралық аренадағы танымалдығы түргышынан үш қазақстандық эмитент акцияларының Dow Jones FEAS Titans 50 индексі себетіне енгізілген елеулі оқиға болды. Бұл «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ, «Қазкоммерцбанк» АҚ, және «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ жай акциялары еді, 2011 жылдың тамыз айының басында олардың салмағы сәйкес 2,07%, 1,85% және 1,91% құрады.

KASE Президенті **Қадыржан Дамитов** 2011 жылдың қорытындылай келе, биржаның дағдарыстан сабак алғанына ерекше көңіл бөлді.

**«Біз 2012–2013 жылдары Стратегиялық жоспарды ілгерілемелі түрде орындауды жалғастыра отырып, маркетингтік белсендерлікке екпін түсіреміз және бағалы қағаздар нарығындағы биржалық айналымның төмендеу трендін женуге тырысамыз. Мұнда барлығы KASE байланысты болмаса да, белгілі бір жетістікке жетеміз деп сенеміз», – деп уәде берді биржаның президенті.<sup>15</sup> Осымен 2012 жылға – «Халықтық IPO» басталған жылға қадам жасалды».**

## ТӘҮЕКЕЛДЕРДІ АЗАЙТУДЫҢ САЛМАҒЫ АСТЫНДА

Жаңа 2012 жылдың алғашқы күндерінде Қазақстанның Премьер-министрі Кәрім Мәсімов өткен жылы республиканың ЖІӨ өсіү ең басында 7% болады деп болжанғанына қарамастан, 7,5% құрады деп хабарлады. Үлттық Банк басталған жылы ЖІӨ өсіү 6% деңгейінде болады деген болжамы туралы мәлімдеп, он тұжырымдарды сақтады. Бұл ретте ҚРҰБ басшысы Григорий Марченко

экономиканың дамуы «нарықта қалыптасатын сценарийлерге байланысты болады» деп нақтылады. Қаржы реттеушісі инфляция бойынша орта мерзімді болжамды 6–8% диапазонында сақтады.

Ағымдағы операциялар шотының профициті бір жыл ішінде шамамен 4,5 есе артып, 2011 жылы \$13,6 млрд құрады. Алайда бюджет 568,6 млрд тенгеңін құрайтын профицитпен қалыптасты. Қаржы министрлігі МБҚ, сату арқылы нарықта белсенді түрде қарыз алды және 2012 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша айналыстағы мемлекеттік борыштың, соның ішінде ҚРҰБ қысқа мерзімде ноталарының көлемі дисконтталған баға бойынша 2 590 млрд тенгеңін құрады.

2012 жылдың басында қаржы реттеушісі қаржы нарығында жағымды беталыстардың басымдығын көрсететін тағы бір қадам жасады: 14 ақпаннан бастап ҚРҰБ ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 7% тарихи минимумына дейін төмендетілді. Іс жүзінде экономиканы құлдыраудан кейін қалпына келтіру үрдісі жүргізілді. Несиелік белсенділік те байқалды: банктердің экономиканы несиелегүі 2010 жылы 0,7% төмендегеннен кейін 2011 жылы 15,7% өсті. Жылдың басындағы жалпы жағдай осындай болды, ол қаржы секторының және экономиканың әддегі ырғаққа қайтып оралғанын көрсетti.

Жаңа жыл қаржы нарығының қатып қалған мәселелерінің шешімін іздеуден басталды. Қаңтардың алғашкы қундерінде орын алған маңызды оқиға «БТА Банкі» АҚ берешегін қайтадан қайта құрылымдау бойынша ықтимал ымыра туралы хабарлама болды. Бәрі банк жүйесінің беделіне кері әсерін тигізген осы банктік «жыр-дастан» сәтті аяқтады деп үміттенді. Ұзақ келіссөздер жүргізілді, бірақ қазан айында банктік және кредиторлар комитеті мүшелерінің көпшілігі «БТА Банкі» АҚ берешегін 11,1 млрд АҚШ доллары сомасына қайта құрылымдаудың негізгі шарттарымен келіскені туралы жарияланды. Ақыр сонында оның қаржылық берешегі 3,3 млрд АҚШ долларына дейін қысқартылды.

KASE тікелей қатысы бар жылдың тағы бірнеше маңызды оқиғалары: ел үкіметінің «Исламдық қаржыландыруды дамытудың 2020 жылға дейінгі жол картасын» әзірлеуі және қабылдауы; Қазақстан Даму банкі анонстаған отандық қор биржасында және Малайзиядағы биржада қосарлы листингіленетін сукук «аль-Мурабаха» дебюттік шығарылымының жоспары. Бірінші эмиссияның көлемі 5 жылдан кем емес мерзіммен 200–300 млн АҚШ долларын құрайды деп мәлімделді. Ал бағдарламаның жалпы көлемін 500 млн АҚШ долларына дейін жеткізу жоспарланды.

## Дағдарыстың алдын алу маңсатында

Экономикадағы қалпына келу үрдісіне қарамастан, мемлекет тәуекелдердің алдын алу мәселесі болмаса, тым болмаса оларды азайту, алдын алу шараларын іздеу мәселесінің қамын ойлады. Сондықтан 2012 жылы қаржы нарығын регламенттейтін қолданыстағы заңнамаға елеулі өзгертулер қабылданды. Қазіргі кезде нарыққа қатысушылардың көпшілігі дәл осы шаралар XXI ғасырда қазақстандық қаржы нарығының және әсіресе қор нарығының кейпіне зор ықпалын тигізді деп есептейді.

Тәуекелдерді азайту туралы заңмен<sup>16</sup> эмитент – инвестор және қарыз алушы – кредитор тізбектеріне әрбір қатысушының қызметіне қойылатын талаптар өзгертілді. Мысалы, борыштық бағалы қағаздарды шыгаратын эмитенттер үшін қосымша талаптар енгізілді, оларды бұзған жағдайда эмитентке ұстаушылардан олардың облигацияларын сатып алу міндеті жүктелді. Осындай талаптардың ішінде – қызметтің негізгі түрлерін және ұйымдастыруышылық-құқықтық нысанды өзгертуге, сонымен қатар активтердің ірі үлестерін иелікten шыгаруға салынған тынымдар.

Қаржы компаниялары – биржа мүшелері – анағұрлым ашық болуға міндеттеді: акционерлік қоғамдар ретінде олар қаржылық есептілікті және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсы арқылы ең маңызды ақпаратты ашуы, биржа мүшелері ретінде олар дәл осы есептілік пен ақпаратты биржалық мониторинг қызметіне ұсынуы тиіс.

Заң жеке ЖЗҚ биржада листинг рәсімінен өтү міндеттін жүктеді. Жыл ішінде сол кезде әрекет еткен он бір ЖЗҚ ішінде он ЖЗҚ акциялары KASE реесми тізіміне енгізілді, бұл қорлардың салымшылары үшін жағымды жаңаңылқ болды, себебі бағалы қағаздардың KASE реесми тізімінде орналасуы олардың эмитенттері үшін ақпаратты ашу бойынша өте қатан талаптармен үштасқан.

Брокерлік компанияларға қатты ауыртатын өзгерістерге ұшырауға тура келді оларға 400 мың АЕК деңгейіндегі минималды капитал мөлшеріне әлемде теңдесі жоқ талаптар енгізілді.

Осы талапты енгізу брокерлік компаниялар санының азаюына әкеп соқты. Одан кейін қаржы реттеушісінің талаптарына сәйкес, брокерлер екі санатқа бөлінді: біріншісі – номиналды ұстау шоттарын жүргізу құқығымен – және екіншісі, бұл құқыққа ие емес. Бұл өзгерістер қор нарығындағы жеке компаниялар бизнесінің рентабельдігіне қосымша қысым түсірді. Реттеушінің осы және өзге шараларының нәтижесінде KASE қор нарығы мүшелерінің саны бір жыл ішінде 74 бастап 60 дейін азайды.

«Ойын ережелері» сауда-саттықты ұйымдастыруши ретіндегі биржаның өзі үшін де өзгерді. KASE жұмыскерлері мен басшылығы бір жыл ішінде ішкі құжаттарды және бизнес-урдістерді Тәуекелдерді азайту туралы заңмен сәйкестілікке келтіру үшін ауқымды жұмысты атқарды. Атап айтқанда, негізгі міндетті клирингтің барлық рәсімдерін тікелей жүзеге асыру болған жаңа құрылымдық бөлімше – Клирингтік палата құрылды, ал 2012 жылдың 19 шілдесінде биржа бағалы қағаздар нарығында клирингтік қызметті жүзеге асыруға ҚРҰБ ҚҚК берілген № 4.2.3/1 лицензияға ие болды.

KASE қаржы орнықтылығын және эмитенттер мен биржа мүшелерінің төлем төлеуге қабілеттігін бақылау, инсайдерлік қызметті бақылау тұрғысынан жауапкершілігі күрт өсті.

**«Реттеуши нарықты «өркениеттендіруге» тырысты, – деп есіне алды Елена Баҳмутова.** – Бәлкім, артық кеткен жерлер болған шыгар және бұл өздері үшін тым ауыр деген шешімге келген компаниялар көлеңкеге кетті. Олар несиелерді қор нарығынан емес, банктерден алуға тырысты, ең ірілері шетелдік биржаларға шыға бастады. Біз өтімділіктің шетелдік биржа-

ларға кетіп жатқанын көрдік, бұндай әмитенттердің акциялар пакеттерінің тым болмаса бір бөлігін елдің ішінде орналастыруға мәжбүрлеуге тырыстық. Бұл жергілікті нарықты құтқармайтынын, бірақ, қалай болғанда да, қандай да бір түрткі беретінін түсіндік. Демекші, отандық компаниялардың сыртқы нарықтарға шығуы заңнамага үдемелі өзгерістердің енгізілуін ынталандырыдь. Және де бағалы қағаздарды орналастырудың бір мезгілде ішкі және сыртқы нарықтарда өткені шетелдік биржалардың үздік стандарттары мен тәжірибелерін отандық нарыққа енгізуге мүмкіндік берді».

Биржа өз тарапынан реттеу ауыртпалығы мен нарыққа қатысушылардың мұқтаждығы арасында баланс табуға тырысты. Мысалға, листинглік компаниялардың ақпаратты ашу бойынша ауыртпалығын женілдету үшін KASE is2in жүйесі әзірленді және енгізілді<sup>17</sup>.

## Тәуекелдердің азайту туралы заң және қор нарығы

2012 жылдың 1 ақпанынан бастап «Қазақстан Республикасының кейір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қархы үйімдарын тәуекелдердің азайту түргышынан реттеу мәселелері бойынша өзгерулер мен толықтырулар енгізу туралы» Занңың (Тәуекелдердің азайту туралы заң) көптеген тармақтары зандық күшіне енді, оларға сәйкес Азаматтық және Қылмыстық кодекстерге, «Бағалы қағаздар нарығы туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Қазақстан Республикасында банктер және банк қызметі туралы», «Қазақстан Республикасында зейнетакымен қамсыздандыру туралы», «Инвестициялық қорлар туралы» занңарға және бірқатар заннамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Бағалы қағаздар нарығын қозғайтын аса маңызды жаңа енгізілімдер мынадай болды:

- Бірыңғай реттеуешіні және Проблемалы несиелер қорын құру;
- бағалы қағаздардың үйімдастырылмаған нарығында листинглік облигацияларды орналастыруға тыйым салу;
- облигацияларды ұстаушылар өкілінің міндетті түрде бар болуы бойынша талап қою;
- әмитеттің белгіленген оқиғалар орын алған кезде (белгіленген шарттар орындалмаған кезде) ковенанттарды орындау және облигацияларды сатып алу бойынша міндеттемелерін белгілеу;
- үйімның – Қазақстан Республикасы резидентінің бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында шығаруға және (немесе) орналастыруға және осындағы бағалы қағаздарды шетелдік қор биржасында листинглеуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ осы талаптарды орындаама үшін ықпалшараларды күшейту;
- биржаның атқаруши органдың бағалы қағаздарды женілдетілген рәсім бойынша листинглеу туралы шешім қабылдауы;
- ЖЗҚ акцияларының міндетті түрде KASE листингінде орналасуына қойылатын талап;
- Каржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, сонымен қатар корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты қор биржасының Қаржылық есептілік депозитарий-інің интернет-ресурстарында міндетті түрде жарияла бойынша талап.

«Бұл жүйе іске қосылған кезде биржа мен листинглік компаниялар арасындағы электрондық құжат айналымын қамтамасыз етуге арналды. Кейінрек ол биржа мүшелерінің ақпаратты ашуы үшін де қолданыла бастады, – дейді KASE вице-президенті **Наталья Хорошевская**. – Бұл жүйе қағаз нұсқасындағы құжаттармен алмасудан бас тартуға мүмкіндік берді. Бұған қоса, электрондық түрдегі құжаттарды ашу олардың сапасын бақылау үшін анағұрлым ыңғайлыш болып табылады және құжаттың биржага келіп түсінен сайт арқылы ашылуына дейінгі уақытты әжептәүір қысқартуға мүмкіндік береді»<sup>18</sup>.

Қазақстан қор биржасының тарихы осындағы ымыра іздеу мысалдарына толы.

## «Халықтық IPO» тұнғышы

KASE үшін ғана емес, сондай-ақ бүкіл ел үшін маңызы бар қор нарығындағы 2012 жылғы екінші оқиға «Халықтық IPO» мемлекеттік бағдарламасының басталғаны болды. Оны жүзеге асырудың KASE алдына қойылған негізгі міндеті биржа үшін мұлдем жаңа тәртіптемеде бағдарламаға бірінші қатысушы – «КазТрансОйл» АҚ акцияларына жазылыстың техникалық үйімдастыруышы рөлін атқару болды.

Бағдарлама бойынша, Қазақстанның қаржылық кеңесшісі болып табылатын, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ тендерді жеңіп алған, ол кезде Шолпан Айнабаев басшылық еткен, «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ таңдал алды. «Бағдарламаны әзірлеу үрдісінде қордың еншілес компанияларын инвестициялық тартымдылығын және IPO дайындығын, олардың IPO шығу кезектілігін анықтау бойынша орасан зор жұмыс атқарды, тұрғындарға арналған білім беру бағдарламасының кезендері анықталды, зандар мен НҚА қажетті түзетулер енгізу бойынша жұмыс басталды. Менің ойымша, үкіметтің тұрғындар арасынан жеке инвесторлар классын қалыптастыру бойынша үкіметтің бастамасы өте пайдалы әрі әлеуметтік тұрғысынан маңызды болды. Кейін бұл бағдарлама жабылғанына қарамастан, тұрғындарды қор нарығына тартудағы атқарған рөл елеулі екені анық», – деп еске алады **Шолпан Айнабаева**. – Халықтық IPO классикалық орналастырудан айырмашылығы акцияларды бөлудің жеке тұлғаларды барлық санаттарына түсіну жағынан қаралайым және әлеуметтік тұрғысынан әділ механиздармен әзірлеу қажеттілігінде болды. Техникалық жүйелерді бір уақытта қыруар инвесторлардың санына қызмет көрсетуге дайындау, сондай-ақ өнірлер бойынша масштабты road-show өткізу қажет болды. Нәтижесінде өнірлерде 120 кездесулер өткізілді. Бұл бөлімді шетелдік серіктестер орында алmas еді, сондайқтан ол толығымен казакстанның иықтарына жүктелді. Өтінімдер жинау және бір уақыттағы көпшілікпен есеп айрысулаш жүргізу бойынша ыңғайлыш шешім табылды – Қазақстан қор биржасының сауда-саттық жүйесін пайдалану, бұл өзі жаңалық болды, себебі класи-

калық IPO кезінде өтінімдер кітабын кеңесшілер консорциумы жүргізіп, әр акционермен есеп айрысууды эмитент Тіркеуші арқылы жүргізеді. Биржа арқылы жұмыс істеу туралы шешім брокерлердің жұмысын жеңілдетіп, бұл үрдістің ынғайлығы мен айқындығын қамтамасыз етті».

«ҚазТрансОйл» АҚ роуд-шоуы елдің барлық өнірлерін қамтыды. Қызыгушылық динамикасы бірден білінді. Мысалы, қараша айында Алматыда әлеуетті инвесторлармен өткізілген кездесулер барысында сол кезде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқарма Төрағасы Өмірзак Шүкейев<sup>19</sup> жазылысты ашқан саттен бастап оның алғашқы қунінің қорытындысы бойынша компания акцияларына өтінімдердің жалпы сомасы 184,4 млн теңгені құрағаны туралы хабарлады. Қараша айна қарай бөлшек сауда инвесторларының 26 мыңнан астам дербес шоты тіркелді, ал бұған дейін отандық қор нарыны қызметінің барлық жылдары ішінде олар 10 мыңнан кем болды. Бұған қоса, жазылыс аяқталған кезде ашылған шоттардың саны 52 мыңға жетti.

«ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын сатып алуға өтінімдер кітабын қалыптастыруға 22 брокерлік компания және 10 ЖЗҚ қатысты. Жиынтық сұраныс ұсыныстан екі есеге жуық асып түсіп, 59,4 млрд теңгені құрады. Жазылыстың қорытындысы бойынша жеке тұлғалар өтінімдерінің 100% бір адамға максималды рұқсат етілген көлемі (7 млн теңге) аясында қанағаттандырылды. 7 миллиондық шектелімнен асып түскен өтінімдер бойынша қанағаттандырылмаған сұраныстың көлемі 71,6 млн теңгені құрады. Акциялардың қорытынды орналастыруы мынадай болды: 22 млрд теңге сомасынан астам акцияларды жеке тұлғалар сатып алды, ЖЗҚ 5,7 млрд теңге сомасына бағалы қағаздар сатып алды, маркет-мейкер өтімділікті сактау бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында 157 млн теңге сомасына акцияларды сатып алды.

2012 жылдың 25 желтоқсанында KASE «ҚазТрансОйл» АҚ жай акцияларының қайталама сауда-саттығы ашылды. Сауда-саттықтың бір аптасы ішінде қағаздардың бағасы бір акция үшін 838 теңгеге дейін өсті, бұл орналастыру бағасынан (725 теңге) 14% жоғары. Бұл ретте көптеген ойыншылар, солардың ішінде зейнетакы қорлары бағаның одан әрі өсетінін күтіп, көлем жазылысы кезінде өз жайғасымдарын сатып алынғаннан асыра көбейтті. Осы кітапты жазу сәтінде, яғни, 2018 жылдың ортасында «ҚазТрансОйл» АҚ акциялары KASE ең өтімді акциялардың бірі болып табылады. Олардың бағасы 1 330 теңге тұсында орналасқан және тек 2015 жылы ғана IPO орналастыру бағасынан төмен тұstі. Осы жылдардың ішінде акциялардың эмитенті өзінің акционерлеріне үлкен дивидендтер төлеп, осы арқылы «Халықтық IPO» үшін пилоттық компанияны таңдау бойынша шешім дұрыс болғанын раставды.

«ҚазТрансОйл» АҚ акцияларының сәтті орналастырылғаны Қазақстан қор нарығының бүкіл инфрақұрылымы үшін теңдессіз іс-шараларды өткізумен байланысты болды. KASE үшін бұл операциялық қызметті сапалық жаңа деңгейге көтеру және өзінің инфрақұрылымы одан әрі дамытуға және компаниялардың одан кейінгі орналастыруына дайындау үшін бірегей мүмкіндік болды. Биржа осы сын-тегеуірінді ойдағыдай жеңді – KASE жазылысты өткізген уақыт ішінде бірде-бір техникалық немесе операциялық жаңылыс орын алған жоқ.

Жылдың соңында, «КазТрансОйл» АҚ орналастырумен қатар, KASE «Кселл» АҚ мобильді операторының IPO өткізілді, бұл нарықтағы бір тартымды инвестициялау құралын берді. Бұдан бұрын «Қазақтелеком» АҚ үлттық байланыс операторы өзінің «Қазақтелеком» ААҚ GSM Қазақстан» ЖШС қатысу үлесін сатты. 2012 жылдың бірінші тоқсанында осы 49% пакетті TeliaSonera A.B. өуропалық телекоммуникациялық холдингі 1,519 млрд АҚШ долларына сатып алды. Мәміле аяқталғаннан кейін «Қазақтелеком» ААҚ GSM Қазақстан» ЖШС одан кейін Қазақстан және Лондон қор биржаларында бастапқы орналастыру жолымен жай акциялардың 25% сату үшін «Кселл» АҚ болып қайта құрылды.

«Кселл» АҚ акциялары 2012 жылдың 29 қарашасында биржаның реисми тізіміне бірінші санат бойынша енгізілді. KASE жүргізілген «Кселл» АҚ жай акцияларының листингімен бір мезгілде Лондон қор биржасында базалық активі «Кселл» АҚ жай акциялары болған жаһандық депозитарлық қолхаттар листинг рәсімінен өтті. Компанияның акциялары үшін бағалық диапазон жаһандық депозитарлық қолхаттар үшін \$10,5 және 13,0 арасында белгіленді, ал жай акциялардың құны сауда-саттықтың басында бір данасы үшін 1 578,68 теңге. «Кселл» АҚ жай акциялары бойынша жазылысты және мамандандырылған сауда-саттықты өткізу барысында KASE биржалық нарығында KASE 7,5 млрд теңгені тарту мүмкін болды (жалпы ұсыныс көлемінің 9,44).

Қазақстанның мобиЛЬДІ оператордың ЖДК лондондық аланда да үлкен қызығушылықпен қарсы алды, мұнда олардың құны бір күн ішінде бір қолхат үшін бастапқы 10,5 доллардан 11,24 АҚШ долларына дейін көтерілді. Ақыр



*KASE қайталама нарығында «ҚазТрансОйл» АҚ жай акциялары сауда-саттығының салтанатты ашылуы, 2012 жыл*

## «ХАЛЫҚТЫҚ IPO» БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан азаматтарын Бағдарламаға қатысуға тарту; 2015 жылға қарай Қазақстан қор биржасы акциялар нарығын капиталдандыру мәнінің 2011 жыл ішіндеі орташа көрсеткіштің кем дегенде 5-20% өсүі; 2015 жылға дейін Қор компанияларының акцияларын орналастыру аясында кем дегенде 500 млн АҚШ долларын тарту.

Бастапқы орналастыруға үміткер-компаниялардың тізімі IPO шығуға өзірлік дәрежесі бойынша ұш эшелонға бөлінди: I әшелон (2012 жылдың 2-3 тоқсаны) «ҚазТрансОйл» АҚ, «KEGOC» АҚ және «Air Astana» АҚ; II әшелон (2013 жыл) – «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазМортрансфлот» ҰТКҚ» АҚ және «Самұрық-Энерго» АҚ; III әшелон (2014-2015 жылдар) – «Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ және «Қазтеміртранс» АҚ қамтыды. Бұған қоса, 2015 жылдан кейін IPO «ҚазМұнайгаз» ҰҚ» АҚ, «Қазатомпром» ҰАҚ» АҚ және тағы басқа көндіру кәсіпорындары сияқты акцияларының құбылымалық тәуекелі жоғары компаниялар шығуы тиіс еді.

Бірінші кезеңде тарифтік компанияларға артықшылық берілді, олардың қызметтің нәтижелері мемлекет белгілітін тарифтерге тікелей тәуелді болды. Олардың қызметі нарықтық тәуекелдерге ең аз дәрежеде бейім болды, сондықтан тап осындағы компаниялардың акцияларын халықта сату шешімі қабылданды. Осы топтық типтік өкілі «ҚазТрансОйл» АҚ – мұнай тасымалдау саласындағы мемлекеттік монополист болды. Бағдарлама 2012 жылы дәл осы компаниядан басталды. Бірінші тәжірибе «Халықтық IPO» бірқатар жағымды нәтижелерін көрсетті:

- KASE қор нарығында бөлшек сауда инвесторлары санының артуы – «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын орналастыруға 34 мың адам қатысты;
- халық үшін дивидендтік төлемдер және бағалы қағаздардың бағамдық құнының өсуінің тиісті болжамда-

рымен тұрақты компанияларға және қазақстандық экономиканың нақты секторына инвестициялау мүмкіндігінің пайда болуы;

- KASE листинг рәсімінен өту арқылы және листинглік компаниялар ретінде қызметті жүзеге асырган кезде өз қызметті туралы ақпаратты толық ашу есебінен үйімдастырылған нарықта акцияларды орналастыратын мемлекеттік компаниялардың айқындылығын арттыру;
  - мемлекеттік компанияларды қор нарығына шығару тәжірибесін алу – мемлекеттік және жеке сектордағы мемлекеттік компаниялардың бағалы қағаздарын одан әрі орналастыру үшін жағымды фактор.
  - халық арасында инвестициялық мәдениетті іс жүзінде қалыптастыру және қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру;
  - халықтың жинақталған ақшасын әртраптандырудың қосымша құралы;
  - қаржы компанияларының – қор нарығы мүшелеінің бизнес-тәжірибесінде бөлшек сауда сегментінің рөлін арттыру
- IPO келесі үміткерлерді дайындау үрдісі жостарланғанға қарағанда әлдекайда көбірек уақытты қажет етті және келесі орналастыру – «KEGOC» АҚ, энергетикалық компаниясын орналастыруы 2014 жылдың сонында ғана өтті. Бұған қоса, макроэкономикалық жағдайларың нашарлағаны және жоғары девальвациялық болжалдар өз ықпалын тигізді. Нәтижесі ретінде, 2014 жылдың төртінші тоқсанында Бағдарламаның мақсатты индикаторлары өзгеріліп, оны жүзеге асыру мерзімдері 2022 жылға дейін ұзартылды. Ал 2016 жылы 2016-2020 жылдарға арналған Кешенді жекешелендіру бағдарламасын қабылдауға байланысты «Халықтық IPO» бағдарламасы жойылды..

сонында «Кселл» 2012 жылы EMEA Finance журналының нұсқасы бойынша «Орталық және Шығыс Еуропадағы үздік IPO» номинациясында жеңімпаз атанды, сондай-ақ депозитарлық қолхаттардың үздік бағдарламасы үшін марапатталды.

KASE жеке және мемлекеттік сыңайлы компаниялардың IPO дуплеті қа-закстанның биржалық акциялар нарығы үшін елеулі тірек болды. «Кселл» АҚ және «ҚазТрансОйл» АҚ қағаздары KASE Индексінің өкілдік тізіміне енгізіліп, осы арқылы оның көрнекілігін артырды.

2012 жылы жаңа құралдар мемлекеттік емес борыштық міндеттемелер секторында да пайда болды. Биржага халықаралық қаржы үйымының – Еура-зия даму банкінің облигациялары шығарылды. Жылдың басында анонсталған қазақстанның әмитеттің исламдық бағалы қағаздарының – Қазақстан Даму банкінің сукук «аль-Мурабаха» облигацияларының дебюттік шығарылымы өтті. Бұл қағаздар бір мезгілде Қазақстан және Малайзия нарықтарында ор-наластырылды. Қазақстанның инвесторлардың үлесіне жалпы шығарылым көлемінің 38% тиді.

## Диспропорцияның конъюнктурасы

2012 жылы биржалық сауданың жалпы нәтижелері жағымсыз болып шықты. Сауда-саттық көлемі 2011 жылмен салыстырыганда – 6,7%, ал АҚШ долларына қайта есептегенде 8,3% азайды. Секторлар бойынша сауда құрылымындағы үйлеспеушіліктер қайтадан білінді: акциялардың (+28,4%) жә-не корпоративтік облигациялардың (+6,4%) биржалық сауда-саттығы белсен-ділігінің өсуін бүкіл биржалық айналымын 52,1% және 41,3% құраған шетел валюталары және репо операциялары сегменттеріндегі теріс динамика ту-гелдей сзып тастады.

Валюталық нарықтағы көлемдердің төмендеу себебі теңгенін долларға қа-рағанда бағамдық ауытқуының төмендегені және Ұлттық Банктің қатысу үлесінің азайғаны болды. Екінші деңгейдегі банктер әдetteгідей белсенді болды. Нәти-жесінде, сектордағы сауда айналымы 2012 жыл ішінде 14,3 трлн теңгені (соның ішінде – 65% – спот, 35% – своп) құрады, бұл алдыңғы жылдың көрсеткіштерінен төмен болды: 15,6 трлн теңге (76% – спот, 24% – своп). Теңге долларға қараған-да 1,58% әлсіреді. Ал негізгі валюталық сессиядағы жылдың соңғы мәмілесі бір доллар үшін 150,80 теңге деңгейінде жасалды.

Ақша нарығы біршама турбуленттілікке ұшырады. Бұл жерде овернайт мөл-шерлемелері жеке кезендерде жылдық 20% астам болды. МБҚ, авторепо сег-менті ірі ойыншылар таралынан белсенділіктің төмендеуіне тап болды. Егер 2011 жыл репо операциялары бойынша максималды көлем бір ай ішінде 1,5 трлн теңгеге жетсе, 2012 жылдық үкіас көрсеткіші 1,2 трлн теңгеден аспады. Банкаралық ұш айлық депозиттердің құнының қамтып көрсететін KazPrime-3M (KZT) индикаторы жылдық 2%-дан 4% дейін өсті, ал TWINA және TONIA сияқты қысқалau ақша құнының индикаторы жылдық 1,10%-дан 2,70% дейін және сәй-кес жылдық 0,94%-дан 1,55% дейін өсті.


Акциялар нарығында конъюнктура көбінесе жергілікті факторлар тигізген әсерден қалыптасты, бұған қоса, сауда айналымдарының өскеніне қарамастан, Қазақстандық акциялардың бағасы төмендеді.

Жағымды екі жарқыл компанияның «GSM Қазақстан» ЖШС өз үлесін сатқанымен байланысты «Қазақтелеком» АҚ акциялары бойынша «әдetteгіден тыс дивидендтің» төлемі жүргізілген кезде байқалды. Екінші кезең – жылдың соны, KASE қайталама нарығында «ҚазТрансОйл» АҚ және «Кселл» АҚ жай акцияларының сауда-саттығы ашылған кез. Нәтижесінде осы сектордағы желтоқсан айның айналымдары қараша аймен салыстырғанда 17 еседен астам өсті!

Жалпы жылдың қорытындысы бойынша KASE Индексі 12,3% төмендеді. Индекстің өкілдік тізімін әлсіз әртараптандыру тарғы өз әсерін тигізді. Құлдырау «көшбасшылары» Eurasian Natural Resources Corporation Plc (-52,6%), «Қазақтелеқом» АҚ (-32,9%) және «Қазкоммерцбанк» АҚ (-31,6%) жай акциялары болып шықты. 2012 жылы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндірү» АҚ және «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ жай акциялары сайкес 18,5% және 41,3% өсті. Акциялар нарығын жалпы капиталданыру жылдың соңында 12,5% төмендеп, 37,9 млрд АҚШ долларын құрады.

Жылдың үшінші тоқсанында МБК бастапқы нарығын регламенттейтін ережелер өзгеріске ұшырады. 15 шілдеден бастап ҚРҰБ Басқармасының қауысымен биржалық нарықта Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелерді сатып алу құқығы ЖЗҚ, ЗАБҚ, ЕДБ және өмірді сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру компанияларына қалдырылды. Брокерлік компаниялар мен олардың клиенттері бұл сегменттен алып тасталды. ҚҚҚ бұндай шешімді манипуляциялық мәмілелерді тоқтату, инсайдерлік ақпаратты пайдалану және тарату бақылауын күшету, сондай-ақ, бастапқы сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдерін қамсыздандыру үшін капитал жеткіліктігінің тәуекелдерін жою қажеттілігімен түсіндірді. Сонымен бірге қазынашылық

## НЕГІЗГІ ҚОР ИНДЕКСТЕРІНІҢ 2012 ЖЫЛЫ ӨЗГЕРУІ



міндеттемелерді биржалық орналастыру көлемі 2012 жылы алдыңғы жылға қарағанда 58% үлгайып, тарихи максимумына – 1,1 трлн теңгеге жетті. 2012 жылдың төртінші тоқсанында Қаржы министрлігі 409 млрд теңгеден астам соманы тартты. Айналыстағы МБҚ жиынтық номиналды құны бір жыл ішінде 3,1 трлн теңгеге дейін 18,8% артты.

Сегменттің зейнетақы жүйесін реформалау нәтижесінде қалыптасқан төмен белсенділігі аясында мемлекеттік облигациялардың қайталама нарығындағы етімділікке қосымша қысым түсті. Бұл ретте МБҚ қайталама нарығының мәмілелер көлемі 230,1 млрд теңгеге дейін екі есе қыскарды.

Корпоративтік облигациялар нарығы реттеуешілік өзгерістерге де тап болды, бірақ бұл оң өзгерістер болды. Атап айтқанда, листинглік облигацияларды биржадан тыс орналастыруға тыйым салынды. Нәтижесінде, жылдың қорытындысы бойынша KASE корпоративтік облигациялар сауда-саттығының көлемі 18,7 млрд теңгеге (+6,4%) өсіп, 313,2 млрд теңгені – соңғы үш жыл ішіндегі максималды мәнніне жетті. Бұған қоса, корпоративтік облигациялар нарығын капиталдандыру бір жыл ішінде 31,5 млрд АҚШ долларына дейін 21,4% төмендеді.

Жалпы нарықта жыл ішінде қарама-қайшы көрініс байқалды. Биржа талдаушыларының қорытындысы бойынша бұл жалпы нарықтық конъюнктураның салдары, экономикалық көрсеткіштердің, жария компаниялардың операциялық тәуекелдерінің, сондай-ақ реттеудегі өзгерістер және кәсіпқой ойыншылар белсенділігінің төмендеуі сияқты ерекше қазақстандық тәуекел-факторлардың бейнесі болды.

\* \* \*

Нарық үшін ғана емес, сондай-ақ реттеушілер үшін де шынымен сабак алу уақыты болған 2010–2012 жылдар кезеңін KASE шындалып аяқтады. Және дағдарыстың барлық «жебелері» әлі атылмағаны түсінікті болды. Қазақстанның жаһандық нарыққа қатысқанын ескере отырып, дағдарыс циклі артта қалғандай болып көрінсе де, 2008 жылдың дағдарысы аяқталды ма екенін нақты ешкім айта алмады. Сондықтан тәуекел-менеджментті жетілдіруге, үрдістерді жаңғыруға, жұмсалымдарды оңтайландыруға ыңғайлану – белгісіздік жағдайында мүмкін ең жақсы жайт. Және де бұл биржамен бірге жаңа мыңжылдықтың 13-ші жылына қадам басқан түсініктер қоры болды.

## «БИРЖАЛЫҚ СИМУЛЯТОР» ЖОБАСЫ

«Биржалық симулятор» атты оқыту конкурсын «ИРБИС» қаржы нарықтарының ақпараттық агенттігі 2008 жылдың 29 шілдесінде агенттік, KASE және Қазақстан-Британ техникалық университеті (ҚБТУ) қол қойған шарттың негізінде ресми түрде іске кости. Алғашқы оқу сауда-саттығы ҚБТУ және Қазақстан менеджмент, экономика және болжай институтының (КМЭБИ) 49 студенті арасында 2008 жылы, екі кезеңмен өткізілді. Сол кездеңгі технологиялар сауда-саттықты қашықтан өткізуге мүмкіндік бермедин, сондықтан ол KASE сауда-саттық залында өтті. Жеңімпаздар сертификаттармен марараптатылған, KASE ақы төленбейтін тәжірибеден өтү мүмкіндігіне ие болды.

2011 жылдың күздінде сауда-саттықты STrade сауда-саттық терминалы арқылы қашықтан өткізу мүмкіндігі пайда болды. Бұл «Биржалық симуляторға» қатысуышылардың санын 5 жоғарғы оқу орнынан келген 145 студенттен тұратын 29 командада дейін арттыруға себептесті. Кейінірек конкурстың форматы жеке форматқа өзгертиліп, алғашқы жүлделер пайда болды: жеңімпазға электрондық кітап табысталды.

2012 жылдың көктемінде 350 000 теңге мөлшеріндегі жүлде қоры ойнатылды (командалық және жеке номинациялар). Бұл тәжірибе одан кейін де қолданылды. Жобаның серікtestері мен демеушілері үздік қатысуышыларды марарапттаудың ақшадан бөлек баламалы нұсқаларын ұсынды.

2017 жылдан бастап конкурстың аясында смартфонды қолдана отырып, мәмілелер жасау мүмкіндігі пайда болды. 2018 жылы қаржы компанияларымен – жобаның серікtestерімен бірлесіп, конкурстың жеңімпаздарына жүлде ретінде кепілді төленетін тағылымдаманы қамтамасыз ету шешімі қабылданды, бұл жеңімпаздардың тізімін кеңейтуге мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда жоба әрекет еткен 10 жыл ішінде оқу сауда-саттығына Қазақстанның 80 жоғарғы оқу орнынан, сондай-ақ Түркиядан, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен және Ұлыбританиядан келген 5 700 студент қатысты. 2017 жылы ойындарға 1 509 студент тіркелді, 2018 жылы – 1 290.

10 жыл ішінде ойнатылған жалпы жүлде қоры 5 млн теңgedен асып түсті.



## KASE ШТАБ-КВАРТИРАЛАРЫ

KASE тарихында бірнеше ресми мекенжай болды. Олардың біріншісін биржа Сәтбаев көшесі, 37а бойынша орналасқан тұрғын үйдің бірінші қабатын жалдап, 1993 жылы алды. Ең үлкен жай сауда-саттық залы болды, ол арқылы бағдарламашылар кабинетіне өтүге болды. Биржаның құрылымы Сауда-саттық бөлімін. Есеп айырысу палаатасын, Талдау бөлімін, заңгерлер мен бухгалтерияны қамтыйды.

1994 жылдың қыркүйек айында биржа Гоголь көшесі, 86 мекенжайы бойынша орналасқан (қазіргі кезде – «Қазжол» бизнес орталығы) Автомобиль жолдары министрлігі ғимаратының 6-қабатына орналасты. Сауда-саттық залы дәлізегі ашық холда үйімдестерірді, ал Биржалық кеңестің отырыстары өткізілетін конференц-залда кітапхана жинала бастады.

1996 жылдың жазында биржа Көктем-3, 21 мекенжайы бойынша орналасқан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ғимаратына көшті. Осы жерде биржада алғаш рет то-лықанды сауда-саттық залы пайда болды, мұнда сауда-саттықтың әрбір қатысушысы үшін жеке компьютері мен телефоны, қалқандары бар үстелдер орнатылды. Мәклерлердің жұмыс орындары жеке подиумда, ал ақпарат және талдау бөлімі сауда-саттық залының соңғы катарында орналасты.

1998 жылдың наурыз айында биржа Әйттеке би, 67 мекенжайы бойынша орналасқан БҚҰК ғимаратына көшті. Офис бұрын Жоғарғы сот-

тың мәжілісі өткізіletін бірінші қабатта орналасты, ал сауда-саттық залы бұрынғы кино көрсету залында болды. Биржа жұмыскерлерінің, солардың ішінде барлық басқарма мүшелерінің үйлесімді іс-әрекеттері небәрі 3 демалыс күні ішінде бүкіл негізгі сауда жабдығын көшіруге және орнатуға, жергілікті тораптық монтаждауға және ажыратуға, және серверлік бөлмені толығымен жабдықтауға мүмкіндік берді. Ақыр соңында күн сайынғы сессиялар кестесін бузылмай, сауда-саттық жаңа үй-жайда жалғастырылды.

2007 жылдың 2 шілдесінен бастап биржа бөлімшелерінің бір бөлігі (Басқарма, Заңгерлік бөлім, Листинг департаменті, Ақпарат және талдау департаменті, Жалпы бөлім) Достық даңызы, 291/3 мекенжайы бойынша орналасқан жаңа ғимаратқа көшті. Бухгалтерия, Есеп айырысу палаатасы, Сауда-саттық департаменті, Бағдарламалық жасақтама департаменті Әйтке би, 67 мекенжайында қалды. Осылай биржашарлардың тұрмысында Алматының ең үздік дәстүрімен «жоғарғы офис» және «төмөнгі офис» деген түсініктер пайда болды. Жоғарғы оғиштің ғимараты итальяндық жоба бойынша құрылды және өте әдемі болды. Әзінің түсінегінде ол Қызыл үй деп аталды.

2011 жылдың 14 қарашасынан бастап жалпы ауданы 3 мыңдан астам м<sup>2</sup> құрайтын негізгі офиси Байзаков көшесі, 280 мекенжайы бойынша Almaty Towers сол жақ мұнарасында орналасқан.





KASE



6 тарау  
**СЫН-  
ТЕГЕУРІНДЕР  
МЕН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР  
КЕЗІ**

ЖАҢА АҚША-НЕСИЕЛІК САЯСАТ ЖОЛЫНДА  
ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ РЕФОРМАСЫ:  
КӨПТІҢ ОРНЫНА БІРЕУ  
«ХАЛЫҚТЫҚ IPO»: СТАРТТАН КЕЙІНГІ ӨМІР  
ӨТІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ  
ТӨРТ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ  
ЗАНДАРДЫ ӨЗГЕРТЕ ОТЫРЫП  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА ҮМТЫЛЫСТА

6 тарау.

## СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР МЕН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР КЕЗІ

2013–2015 жылдар кезеңі KASE үшін де, Қазақстанның бұкіл қаржы нарығы үшін де сын-тегеуріндер мен трансформациялар кезеңіне айналды. Жаңа ақша-несиелік саясатқа ауысу, үлттық валютаның тұрақты бағамынан бас тарту, зейнетакы жүйесінің реформасы және нәтижесінде инвесторлар құрылымының өзгеруі, шикізаттар нарықтарындағы сыртқы толықсyzтпалар мен геоэкономикалық ахуалдың нашарлауы. Осының барлығы жаңа болмысқа икемді бейімделуді, жинақталған тәжірибелі мен ресурстарды жаппай тартуды, жана құзыреттерді менгеруді және стандарттан тыс шешімдерді іздеуді қажет етті. Осындай әдеттегіден тыс жағдайлардың өзінде биржа абыройын сақтап қана қоймай, жаңа жетістіктер мен женістерге қол жеткізе алды.

### ЖАҢА АҚША-НЕСИЕЛІК САЯСАТ ЖОЛЫНДА

2013 жылдың басы жайлы көрінген. Қазақстан экономикасының дамуы 2010 және 2011 жылдардың қарқынымен салыстырғанда бірталай тежелсе де – ЖІӨ өсімі сәйкесінше 7,3% және 7,4% салыстырғанда 4,8% құрады, дегенмен инфляция белгіленген дәлізден (6–8%) шықпақ түрмәк, оның ен тәменгі шегінде – 6% сақталып қалды. Іс жүзіндегі сектордың дамуына тәмен нарықтық мөлшерлемелер септігін тигізді, себебі 2012 жылдың 6 тамызынан бастап ҚР ҰБ ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі тарихи минимумде – 5,5% деңгейінде белгіленген. 2012 жылы іскери белсенділіктің артуының факторларының бірі болып экономикадағы банк секторының кредиттік белсенділігінің артуымен тұрғындардың ақшалай табыстарының артуымен байланысты жалпы сұраныстың кеңеюі табылды. Жалғы алғанда, банктердің экономикаға ұсынған кредиттерінің көлемі 13% артып, 9 958 млрд теңгеге (66,3 млрд АҚШ долларына) жетті.

Каржылық сектордың ері карай дамуы өтімділікті тиімдірек реттеуді қажет етті. Үлттық Банктің осы саладағы құралдар топтамасы шектеулі болған – өтімділікті шығарып алу үшін ол қысқа мерзімді ноттарды шығарып, депозиттерді тартқан, ал оларды ұсыну үшін қайта қаржыландыру қарыздары мен репо

операцияларын пайдаланды. Осыған байланысты реттеуші ақша-несиелік саясат жүйесіне өзгертулер енгізе бастады. 2012 жылдың өзінде ақ ЕДБ резервтік активтері құрылымынан касса және шетелдік валютадағы корреспонденттік шоттар алынып тасталып, 2013 жылға жоспарланған негізгі перспективалық бағыт болып жаңа трансмиссиялық механизмді кезеңді түрде енгізу көзделген. Пилоттық жоба аясындағы бірінші кезең барысында өздерін өткізу 2005 жылы тоқтатылған Ұлттық Банктің KASE биржасындағы автоматты репо секторындағы операциялары қалына келтірілді. Айтпақшы, бұл Қазақстандық қор биржасының еліміздің экономикасын жалпы дамытудағы рөлін күшетті.

Табистылықтың қызық сыйығын қалыптастыру мақсатында Ұлттық Банк Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, табистылығы ақша нарығында мерзімдері бойынша ұқсас құралдар үшін бенчмаркке айналуы тиіс мемлекеттік бағалы қағаздардың өтімділігін арттыру бойынша жұмысты жүзеге асыру жөнінде шешім қабылдады. Оған қоса, қаржылық реттеуші оларды екіншілікті нарықта қатысушылардан сатып ала отырып, МБҚ жекеменшік қоржының қалыптастыра бастады, ал өзін-нің ашық нарықтағы операцияларының арсеналына кері сатылымды бағалы қағаздарды сатып алу бойынша аукциондарды қоспақшы болған.

ҚРҰБ пайыздық мөлшерлемелерінің дәлізі де өзгеріп отырды: пайыздық саясатты жүзеге асыру барысында негізгі бағдар болып ақша нарығындағы мөлшерлемелер көзделеді деп жарияланды. Оған қоса, 2013 жылдың өзінде ақ реттеуші пайыздық саясатты жүзеге асыру барысында перспектива ретінде жаңа бағдарды – мерзімі 7 күндік операциялар негізінде есептелең руалы ауытқулар шектері анықталатын базалық мөлшерлемені белгіледі. Барлық осы жаңашылдықтар ақшалай-пайыздық саясаттың трансмиссиялық механизмінің кредиттік арнасын белсендіруі тиіс болған.

Ұлттық Банктегілер жоспарлағандай, ол экономиканың долларлануын, пайыздық мөлшерлемелердің волатильдігін және ақша нарығындағы алып-сатарлық құрамдасты азайтып қана қоймай, нәтижесінде өтімділікті реттеу тиімділігін арттыруына әкеп соғады.

Ұлттық Банктің жоспарларымен таныстыра отырып, оның басшысы **Григорий Марченко** 2013 жылдың 19 наурызында дәстүрлі он-лайн конференция<sup>1</sup> барысында валюталық нарықта «тенденция Ұлттық Банктің барынша аз араласу жағдайындағы басқарылмалы қалқу режимі ұсталып отырады. Бұл жағдайда, Ұлттық Банкпен жүзеге асырылатын валюталық интервенциялар көлемі ақшалай-пайыздық саясаттың трансмиссиялық механизмінің даму барысына орай азайтылады. Осылайша, реттеушінің валюталық нарықтың динамикасына асері перспективада барынша азайтылатын болады» деп мәлімдеді.

## Сыбыстарды тыю

Дегенмен, іс жүзіндегі шаруа әлдеқайда күрделі болып шықты. 2013 жылдың жазының басында ақ Қазақстанда девальвация тақырыбы елеулі белсенділік та-

нытты. Мамандар баршаны керісіне сендергісі келіп, негіз қуруши факторлардың жоқтығы туралы сөз қозғаса да (қазақстандық шикізат бағалары едәүір жоғары деңгейлерін сақтап отырған), нарық қүйгелең қозғалысқа келді. Шілденің 24 күні ішінде тенгенің долларға биржалық бағамы 151,65 тенгеден 153,17 тенгеге дейін төмөндеді. Ол кезде ол әдetteгіден тыс көп еді. Талдаушылар оны жыл басынан 8% құнсызданған рубльдің әлсіреуімен және негізі 2009 жылғы бағамды 25% түзетумен қаланған тенгенің бәсекелестік әлеуетінің таусылуымен байланыстырыды.

*Іске вербалды интервенциялар қосылды: әскерлік өмірдегі «жансызы» кезеңге қарамастан, Ұлттық Банк басшысы **Григорий Марченко** тамыздың басындағы мәлімдемесі бойынша «бүгінгі таңда девальвацияның ешқандай ішкі және сыртқы себептері жоқ. Банкирдің санауы бойынша – 2009 жылдың 4 ақпанында девальвация орын алғаннан кейін осындағы сыйбыстар 19 рет туындаған. Қолымызда бар қорлар асып жетеді және ешқандай кенет, құлдилаган девальвацияны ешкім жоспарлап отырған жоқ және жүзеге асыру ойда да жоқ<sup>2</sup>.*

Б тамыздан бастап шын мәнісінде де тенгенің долларға шаққандағы айырбастау бағамының тұрақты өсуі үрдісі байқалды – 20 күн ішінде үлттық валюта 1,1% нығайды. Дегенмен, бұл жайт нарықты сендерге алмады. Бұл жерден реттеушінің «қолы» байқалады – тек шілденің өзінде ғана Ұлттық Банк тенгені қолдау мақсатында өз активтерінен 2,65 млрд АҚШ долларын сатты<sup>3</sup>. Және валюталар нарығындағы үрейлі болжалдары тек нығая түсті. 2013 жылдың екінші және үшінші тоқсандарының нәтижелері бойынша төлем тенгерімінің күрт және елеулі нашарлауы девальвациялық жүктемені және экономиканың долларлануын қүштейтті.

2 қыркүйекте реттеуіші АҚШ долларынан (70%), өуродан (20%) және ресей рублінен (10%) тұратын мультивалюталық себетпен байланыстыру механизміне ауыс жөнінде хабарлады, бұл біртіндеп американдық валютаның ішкі нарықтағы және сыртқы экономикалық қызметтегі рөлін әлсіретіп, нарықтағы спекулятивті көnlдерді сейілтуі тиіс еді.

Қазанда Григорий Марченконы Ұлттық Банктің басшысы орнын бірден дерлік жүзеге асырылып отырған ақша-несиелік саясатты сақтау, ағымды мезетте оны өзгерту үшін объективті алғышарттардың жоқтығы, валюта нарығындағы жағдайдың тұрақтылығы туралы мәлімдеген Қайрат Келімбетов басты.

Бірақ, көріп отырғандай, нарық ауызша нандыруды қабылдамады. Мысалы, KASE биржасында бір күндік және екі күндік своптармен мәмілелер белсенділігі артты, әсіресе 2013 жылдың екінші жартысында, себебі банктер тенгедегі қажеттіліктердің салыстырмалы жоғары деңгейнен қарамастан өздерінің валюталық орындарын қысқартпауға тырысты. Валюталық своптарды ашу мәмілелерінің көлемі 9 трлн тенгеге (61,6 млрд АҚШ долларына) жетіп, 2012 жылмен салыстырғанда 80,7% артуды көрсетті, ал спот-нарық тек 0,2% үлғайды. 2013 жылдың барысында банктердің тараптарынан тенговой өтімділікті шығарып алу операцияларына сұранысы (қысқа мерзімді ноттарды шығару және депозиттерді тарту) біртіндеп қысқарып отырды. 2013 жылдың желтоқсанындағы айналымдағы ноттардың көлемі 2012 жылдың, желтоқсанымен салыстырғанда

52 есе, 3,6 млрд теңгеге дейін азайды. Сонымен бір мезетте МБҚ нарығының ығысы байқалды – біріншілікті нарықтағы саудалар көлемі жыл барысында 8% – 982,5 млрд теңгеге дейін азайды. Екіншілікті нарықтағы өтімділік жылдамдырақ тәменедеді: мұнда саудалар көлемі 191,5 млрд теңгеден аспай, 2012 жылмен салыстырганда 16,8% тәмендеуді көрсетті.

Тенгелік құралдарға қазақстандықтар да көнілдерін көп бөле бермеді – тұрғындардың валютаны сатып алударының нетто-көлемі 2013 жылы 2,199 трлн теңгені құрап, ал шетелдік валютадағы депозиттер үлесі 29,8% пайыздан 37,4% пайызға дейін ұлғайды. Тенгениң айырбастау бағамы Ұлттық Банк тараапынан елеулі интервенциялармен қолдаулы болды, нәтижесінде 2013 жылдың нәтижелері бойынша оның алтын-валюта қорларының елеулі азауына әкеп соқты: 12,6%, 24,7 млрд АҚШ долларына дейін.

Кавказ бен Орталық Азия елдерінің экономикаларының дамуының он дерлік болжамын жасай отырып, Қазакстанның қаржылық секторының осалдығын күштейтін фактор болып «Ақша-несиелік саясат әсерінің берілу механизмін әлсіретіп қана қоймай, айырбастау бағамдарының елеулі ауытқулары жағдайында банк жүйесінің осалдығын тудыратын» кеңінен тарапланған долларлану табылышының ерекше атап өткені бекер емес<sup>4</sup>.

## Валюталық және шикізаттық шок

Дегенмен, жалпы алғанда 2013 жыл экономика үшін сәтті болды. Қазақстан ІЖӘ іс жүзінде 6% өсті, банк секторының активтері 11,4% – 15,5 трлн теңгеге дейін, ал зейнетакы жинақтары – 17,3% – 3,7 трлн теңгеге дейін артты. Бұл жағдайда инфляция 1999 жылдан бері жылына 4,8% құрайтын ең тәменгі көрсеткіштерге жетті. Дегенмен, 2013 жылы АҚС жүзеге асыру барысында өзіне Ұлттық Банк «сүрініп қалған» долларлану (де-факто девальвациялық болжалдарды білдіретін) 2014 жылдың басында да артуын тоқтатпады. Қаңтардың соңындағы доллардың реисми бағамы реттеуші тараапынан жүзеге асырылып отыран интервенциялардың (нетто-сатулар 1,9 млрд АҚШ доллары көлемінде)<sup>5</sup> тоқтамауына қарамастан, бір АҚШ доллары үшін 155,5 теңгени құрап, теңгениң бір ай барысындағы 0,9% әлсіреуін көрсетті. Өткен жылдың нәтижелері бойынша ағымды операциялардың шоттарындағы дефицит 117,8 млн АҚШ доллары деңгейінде қалыптасып қойғанын ескерсек (2012 жылғы 1,1 млрд АҚШ долларына тең профицитпен салыстырганда), реттеуші қолын суға маłyп, өзінен құтыла алмайтындығы жайлы өткен жылдың екінші жартысы мен 2014 жылдың қаңтары бойы айтып келген теңге девальвациясы сонымен орын алды.

2014 жылдың 11 ақпанында Ұлттық Банк теңгениң айырбастау бағамын бұрынғы деңгейінде ұстап тұрудан бас тарту, валюталық интервенциялардың көлемін азайту және оны қалыптастыру процессіне араласуды қысқарту жөнінде дегі шешімі жөнінде мәлімдеді. ҚРУБ мәлімдемесінде «Ұлттық Банктің болжамы бойынша, айырбастау бағамының жаңа деңгейі бір АҚШ доллары үшін шамамен 185 теңгени құрайтын болады»<sup>6</sup> делинген. Өзінің шешімінің себептері мен уәждемелерінің қатарында Ұлттық Банк Қазақстан экономикасындағы жоғары девальвациялық болжалдарды және алып-сатарлық операциялардың күшеюін,

Ресей рублінің айырбастау бағамына қатысты нақсыздықты және жоспарланған инфляциялық шектеуге ауысуды атады.

Ұлттық Банк басшысы **Қайрат Келімбетов** девальвация күніндегі пресс-конференцияда хабарлагандай: «Болашакта айырбастау бағамының өзгеруі әлсіреу жаққа да, күшею жаққа да жылжуы мүмкін, ол әлемдік экономикадағы жағдаймен анықталады. Ол дегеніміз, бағам жыл барысында 182 бастап, 188 теңгеге дейін ауысып отырады. Яғни, теңге төмендеп те, экономика жақсы нәтижелер көрсеткен жағдайларда нығайып та отырады. Сондықтан, алып сатарларға қандай да бір қорытынды жасаудан тартынуды сұрағым келеді. Біз бұл бағамды қолдап отырамыз»<sup>7</sup>.

Ұлттық Банк тенгенін АҚШ долларына қатысты бағамының ауытқулар дәлізін плюс/минус 3 теңге деп белгілеп, айырбастау бағамының күрт ауытқуларын басып отыру және қысқа мерзімді волатильдік саясатын жалғастырды. Оған қоса, айырбастау орындары арқылы жүзеге асрылатын операциялар бойынша сатып алу бағамының шетелдік валюталарды теңгеге сату бағамынан ауытқу шектері белгіленді: АҚШ доллары – 2 теңге, еуро – 3 теңге.

Реттеуіш болжағандай, ендігі алып-сатарлық девальвациялық болжалдар өлеуеті таусылды және Ұлттық Банк бар назарын кредиттік пайыздық саясатты қалыптастыруға бөле алды. Биржа да өз тарапынан АҚС құралдарын дамытуға белсене ат салысты. 2014 жылдың барысында биржалық индикаторлар топтамасы жаңартылып, кеңейтілді. Корпоративтік облигациялар индекстері өздерін есептегу алгоритмі және өкілеттіліктер тізімдерін қалыптастыру критерийлері бөлігінде өзгерілді. Оған қоса, Ұлттық Банктің өтініші бойынша валюталық своп операцияларының табистылығы және MM Index (money market index) индикаторлары – USD/KZT валюталық своптың бір күндік операциялары мен МБҚ жүзеге асрылатын «овернайт» автоматты репо операциялары бойынша пайыздық мөлшерлемелерді (табистылығының) орташа есептелген мәні болып табылатын қысқа ақшаның биржалық нарығының индикаторы іске қосылды.

Теңге бағамын түзету салдарынан болған инфляция үдеуін үкімет Ұлттық Банктің бірлескен күш салуарының арқасында сәуірге дейін құрықтау мүмкіндігі туып, жылдың нәтижелері бойынша 6–8% мақсатты дәліз мәндеріне сәйкес болған 7,4% құрады. Бірақ бұл 2014 жылғы АҚС жалғыз дерлік жетістігі болды. Оның екінші жартысынан ақ бастап сыртқы факторлар күн тәртібіне қаржылық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету, долларланумен күрес және валюталық бағамды қорғау мәселелерін қайта шығарды.

Ресейге – ең ірі әріптес және Кедендей Одақ пен Бірыңғай Экономикалық Қеністікке Қатысушыға қарсы енгізілген санкцияларды қабылдаудан туындаған тәуекелдер, соған байланысты рубль бағамының елеулі ауытқулары және Ресей экономикасының жағдайының жалпы нашарлауы жылдың нәтижелері бойынша 50% жеткен мұнайдың әлемдік бағасының күрт және кең ауқымды төмендедеуімен қүштейтілді. Қарашада Ресейдің Орталық Банкі валюталық интервенцияларды жүзеге асрырудан бас тартып, инфляциялық шектеуге өтетіндігі жөнінде жарияладап, нәтижесінде рубльдің долларға қатысты 60 пайыздық құнсыздануы орын алды.

Қазақстан тұрғындары мен бизнесінде келесі бір мезеттік «тузету» бол-жадары күрт артты. Адамдар және ұйымдар депозиттерін тенгеден долларға «лақтыра бастады». Адамдар ағыны бағамдар айырмашылығын пайдалана отырып күрт арзандаған тауарларды сатып алу үшін Ресейге кенет ағылды. Осының барлығы төлем тенгеріміне, валюталық қорларға және, сәйкесінше, тенгенің бекітілген бағамына күш түсірді.

Тенгелік активтерге сұраныстың төмендеуімен ақшалай база рекордтық төмен деңгейге дейін қысқарды. Тенге бойынша қысқа позициялардың артуы өздерінің барысында ең қысқа ақша құны үш белгілі сандармен сипатталған өтімділік дағдарыстарының жиілеуіне әкеп соқты.

Жалғасып отырған долларлану тұсында (банктердегі тенгедегі депозиттердің үлестік көлемі 2014 жылдың сонында 32,5% дейін төмендеп кетті) нарықтағы биржальық репо орташа күндік операцияларының көлемінің өткен жыл көрсеткіштерімен салыстырғанда 7% төмендеуі байқалып, нарықтағы биржальық валюталық своп айналымдары 67% артқан. Бұл АҚШ долларының банктердің үлттық валютадағы өтімділікті қарыздану операциялары қамтамасыз ету ретінде аса қол жетімділігінің дәлелі болып табылады. Үлттық Банк банктерге экономиканы несиелендіру мақсаттарында 2014 жылдың шілдесінен бастап АҚШ долларының кепілдігімен валюталық-пайыздық своп операциялары арқылы берре бастаған ұзақ мерзімді тенгелік өтімділіктің өзі іс жүзінде банктермен өз міндеттемелері бойынша тәуекелдерді хеджерлеу үшін пайдаланылып, валюталық нарыққа жаппай шығарылып отырды.

Нәтижесінде шетелдік валюталардың KASE биржасындағы саудалары жыл барысында екі есе дерлік артып, 33,8 трлн тенгени құрады. Биржа статистикасына арқа сүйесек, своп-операциялар көлемі 97,2% – 17 744,2 млрд тенгеге дейін, ал спот нарық көлемі 70,9% – 16 026 млрд тенгеге дейін артқан.

Теріс бағамдық болжалдар қысқа ақшаның ұзақ ақшаға трансформацияларын тежеп, нәтижесінде ол банктердің экономиканы тенгемен несиелендіру бойынша операцияларының азаюына әкеп соқты.

Үлттық валютаның тұрақты бағамы жағдайларындағы мұнай мен металлдардың бағаларының құлдилауынан кейінгі қазақстандық экспорттаушылардың бәсекелестік қабілеттерінен айырылуы елдің ІЖӘ өсүінің соңғы 5 жылдағы ең әлсіз көрсеткіш болып табылатын 4,3% дейін қысқаруына әкеп соқты. Осыған байланысты сыртқы конъюнктураның өзгеруіне үміт жоқ. 2015 жылдың наурызында Еуропа қайта құру және даму банкі Қазақстанның 2015 жылға көзделген ІЖӘ өсүінің болжамдарын қайта қарастырып, оны 5,1% пайыздан 1,5% пайызға дейін төмендettі. Мәлімдемеде атап өтілгендей, ЕҚҚДБ «тәуекелдердің күрделілігін және жаңа қалыптасқан болмысты» бағалайды<sup>8</sup>.

## Рубикон өтілді

2015 жылдың басында тенгенің сенімнен айырылуы демонетизацияға әкеп соғып, қазақстандық өндеуші кәсіпорындар мен жалпы бизнес өтімділігінің тәуекелдерін ушықтыра түсті. Тенге қаржы нарығында «батып қалып», іс жүзіндегі

секторға жеттеді. Өздерінің облигацияларын БЗЖҚ-ға сату арқылы немесе ре-по кепілдігіне берілетін МБҚ көлемді қоржынының болуы арқасында өтімділікке қол жеткізе алған банктерге тенгені өзге банктерге своптармен берген. Ондай операциялар көлемді, өте қысқа, мұлдем дерлік тәуекелсіз және табысты болған. Сондықтан банктерде экономиканы несиелендірудің қандай да бір ынтасты болмады.

**Соңғы фактордың салмақты болуы соншалық, сәүірдегі отырыстардың бірінде НПП РК «Атамекен» КР ҚҰП Президиумының Төрағасы Тимур Құлыбаев ҚРҰБ сөз қарата отырып, «Ұлттық Банк елдегі ұзын өтімділіктің барлығын жинап алды: сіздерде БЗЖҚ және Ұлттық қор. Өтімділіктің барлығы тек сіздің қолыңызда! Өтімділіктің тағы қайдан алуға болады? Қаржылық жүйе іске қосылмаса, алдымызға қойылған экономиканы диверсификация бойынша барлық міндеттер шешілмейтін мәселеге айналады» деген<sup>9</sup>.**

Осыған байланысты жылдың басында Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесе отырып «Қазақстан экономикасының долларлану деңгейін 2015–2016 жылдары төмендету бойынша шаралар Жоспары» жөнінде жариялады. Ол негізгі үш стратегиялық бағытты қамтыған: макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету; қолма қол ақшасыз төлемдерді дамыту және көлеңкелі айналымды азайту; ұлттық валютаның шетелдікке қарағандағы басымдылығы.

Ал мамыр айының өзінде ак Ұлттық Банк мемлекетті Басшысының тапсырмасына сәйкес әзірленген 2020 жылға дейінгі жаңа ақша-несиелік саясатты мақұлдаған жөнінде хабарлады. Жаңа АҚС дамудың осы кезеңінде ең оңтайлы болып табылатын инфляциялық шектеу режимін өндірілді қөздеді. Жалпы айтқанда, әңгіме Ұлттық Банк бағамдық саясатының 2020 жылға дейін 4% дейін төмендеуі тиіс инфляция бойынша мақсатты қолдауы жөнінде қозғалды.

Дәстүрлі құжатқа онда Ұлттық Банктің жаңа саясатының ұстанымды бағыттары көрсетілсе де, көбі көніл бөле қоймады. Қөпшілік оларды реттеуіш еркін қалқыған бағамға ауысатындығын жариялад, мәнін ұстанымды түрде арттыра отырып базалық мөлшерлемені енгізген 2015 жылдың 20 тамызынан кейін фана түсінді. Валюталық дәлізден бас тартылды. Бірден дерлік доллардың KASE биржасындағы бағам 188 теңgedен 255,26 теңгеге дейін өсіп кетті. Қазақстандық валюта лезде 26% құлдилады. Келесі төрт ай барысында айырбастау бағамы ерекше волатильді болып, теңге долларға шаққанда құнының жартысынан көбінен айырылды. Бұл кезеңде Ұлттық қор және ҚРҰБ алтын-валюталық активтерінің корынан 5 млрд астам АҚШ доллары сатылып, реттеушінің нарықтағы қатысуының улесі 60% 10 жетті.

Жоғарыда айтылып кеткендей, инфляциялық шектеу режиміне өту аясында Ұлттық Банк базалық мөлшерлеме – орта мерзімді кезеңде бағалар тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша ақша-несиелік саясат мақсатына жету үшін таңдалған ақша нарығының таргетtelген қысқа мерзімді мөлшерлеменің максатты мәні туралы жариялады. Ол ретінде жыльына 12% деңгейінде белгіленген репонойың бір күндік мөлшерлемесі таңдалды. Ол 2015 жылдың 2 қыркүйегінде өнгізілді. Дегенмен, бір айдан кейін ак, 2 қазанда реттеуші базалық мөлшерлемені 16% жылдықа дейін көтеруді үйғарды. Бұл жағдайда өтімділікті банктерге


беру барысында мөлшерлеме жылына 17%, ал алған кезде – жылына 15% құрады. Оған қоса, Үлттық Банк ақша нарығының пайыздық мөлшерлемелерінің волатильдігін төмендету және нарыққа айқын сигналдар беру үшін пайыздық мөлшерлемелердің дәлізін  $\pm 1$  т.т. дейін төмендету жөнінде шешім қабылдады.

Бірақ, бұл жүйе толық қанды жұмыс істей бастауы үшін ең алдымен халық пен бизнес сенімін реттеуші мен қаржылық жүйесіне қайтарып алу, репо және своп мөлшерлемелерін қадамдастыру және валюталық алып-сатарлар мен «сауылдық» кәрри-трейдерлердің «қызыба қандарын» сұтуы қажет. Қараша айында Үлттық Банктің жана Тәрағасы – Данияр Ақышевті таныту барысында мемлекет Басшысы басты назарды міне нақты осы міндетке аударды. Және де, Үлттық Банктің жана жетекшісі келгеннен кейін жасаған бірінші мәлімдемелерінің бірі болып қорларды сақтап қалу мақсатында ішкі валюталық нарыққа қатысуын қысқартыу жөніндегі хабарлама болды. «Тенгенің айырбастау бағамының бұдан кейінгі динамикасы негізінен әлемдік қаржылық және туар нарықтарындағы бағалар жағдайының динамикасымен анықталатын факторлар әсерімен қалыптасатын болады» – деп сендірді Үлттық Банкте. Бұл жағдайда реттеуші валюта нарығындағы жағдай орныққанша теңгелік өтімділікті банктерге беруден бас тартып, пайыздық мөлшерлемелердің дәлізін белгіленген ауқымда ұстап тұру жөніндегі ертеректе айтқан міндеттемелерінен уақытша тартынды.

2015 жылдың нәтижелері көрсеткендегі, нарық Үлттық Банкке сенгенге үқсайды. KASE деректері бойынша, шетелдік валюталар саудаларының көлемі 22,4% – 2014 жылы 16 трлн теңгеден 12,4 трлн теңгеге дейін төмендеген, оның ішінде 99% астамы АҚШ долларының теңгеге сатуының үлесінде.

Ақша нарығындағы жағдайдың орнығына дейін әлі жетпеді. 2015 жылдағы репо операцияларының көлемдері 2,1 есе – 23,2 трлн теңгеге дейін артты. Не-

### USD/KZT БАҒАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ ЖӘНЕ 2013–2015 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚШ ДОЛЛАРЫНЫҢ САУДА-САТЫҚ ҚӨЛЕМІ



гізгі саудалар көлемі МБҚ кепілдігімен «овернайт» репосына тиесілі. МБҚ авто-репосымен жүзеге асырылған операциялар улесі 99,6% дейін артты, оның ішінде «овернайт» репосының улесі 83,7% құрады. Репо нарығындағы ең жоғары бел-сенділік мұндағы саудалар көлемі 4 трлн теңгеден асып, репо және своптар мәл-шерлемелерінің арасындағы айырмашылық өте үлкен болған 2015 жылдың каза-нында байқалды. Бұл кезеңде TONIA (16,78% жылдық) және TWINA (16,86% жыл-дық) мәлшерлемелері БЗЖҚ қолдауы нәтижесінде салыстырмалы турде төмен және тұрақты болды. Дегенмен, қор қатысуынң төмендеуі барысында TONIA және TWINA «қопарылысты» волатильдікті танытып, шекті мәндерге 21 желтоқ-санда жетті: сәйкесинше 317,95% жылдық және 182,75% жылдық. Валюталық своп операциялары көлемдері елеулі артты: 2014 жылы 17,7 трлн теңгеден 53,8 трлн теңгеге дейін. Бір күндік своптар бойынша табыстылық мәлшерлемесі рекорд-тық көрсеткіштерге жетті – 389,8% жылдық. 2015 жылдың қыркүйек-қарашасының көрнекті ерекшелігі болып Бір күндік своптар мен репо «овернайт» мәлшерле-мелерінің арасындағы өте жоғары спред табылды. Репо мәлшерлемесі әдет-те елеулі түрде төмен болатын және МБҚ кепілдігімен теңгелік өтімділікті тарту мүмкіндігіне ие болған банктар оларды қандай да бір себептер бойынша репо бойынша ала алмаған өзге банктарге своптар бойынша қуана ұсынып отырды.

Сипатталғаның барлығы ақша нарығының екі сегменті де – репо және валюталық своп – Ұлттық Банкпен және БЗЖҚ тарапынан банктарге өтімділік-ті репо- және своп-операциялар арналары бойынша ұсынып отырған теңгенің өршіген тапшылығының жағдайларында жұмыс істеп отырғандығының дәлелі болып табылады. Және де осы дефицит бірнеше банкпен ақша нарығының құралдарымен жұмыс істей барысында елеулі пайда көру мақсаттарында тиімді пайдаланылып отырды. Іс жүзіндегі сектордың сыйбағасы мардымсыз болды.

## **ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ РЕФОРМАСЫ: КӨПТІҢ ОРНЫНА БІРЕУ**

2013–2015 жылдар кезеңінің Қазақстанның қор нарығындағы күштердің шоғырлануына елеулі әсер еткен тағы бір айтулы оқиға болып барлық зейне-тақы қорларын мемлекеттendіру және олардың активтері негізінде Бірыңғай жинақтау зейнетақы қорын құру болды. Сәйкес тапсырманы мемлекет Бас-шысы Нұрсұлтан Назарбаев 2013 жылдың 23 қаңтарында үкіметтің кеңейтілген отырысы барысында беріл, Ұлттық Банкпен басқарылатын бұндай консолидация азаматтардың жинақтарын барынша тиімді әрі қауіпсіз пайдалану мүмкіндігін беретіндігін баса айтты.

Зейнетақы жүйесінің реформасының және онда жиналып қалған мәселелерді шешу қажеттілігі жөніндегі сөз Қазақстанда бұрыннан қозғалып келген. Баспа беттерінде инфляция деңгейіне жетпейтін, яғни салымшылардың жинақтарының сақтығын қажетті түрде қамтамасызы етпейтін ЗЖҚ, табыстылығының төмөндігінің мәселелері жиі қозғалып отырды. Бұл жағдайда кейір зейне-

тақы қорларының топ-менеджерлері өздеріне жоғары еңбекақы тағайындауы, әкімшілік шығындарын асырмалап, өздеріне сеніп тапсырылған қаражатты тиімді басқармауы жіңі талқыға түсіп отырды.

Бұл сын көп жағдайда орында болды, дегенмен, біріктіру жөніндегі шешім жинақтаушы зейнетакы жүйесінің қатысуышларының көбі үшін күтпеген болып шықты, себебі бұған дейін жеке қорларды сақтай отырып, оны тек жетілдіру талқыланған.

БЗЖҚ құру артықшылығы ретінде Ұлттық Банкте біріншіден, зейнетакы қорларын есепке алумен және сақтаумен байланысты операциялық шығындардың, әкімшілік шығындарының азаоюын атаған. Сәйкесінше, бірынғай қордағы сыйлыққа деңгейін кем дегендеге екі есе қысқартуға болады. Екіншіден, дағдарыска дейінгі кезеңде кейбір қорларда орын алған және өздері бойынша шығындарға ұшыраған аффилирленген тұлғалармен мәмілелерді жасасу тәуекелдерін жокқа шығару. Және, үшіншіден, БЗЖҚ құрылғаннан кейін салымшылардың жүйенің жалпы тиімділігін төмендетуге әкеп соғатын бір қордан екіншісіне қатерлі ауысуы тоқтайды.

КРҰБ басшысы Григорий Марченко 2013 жылдың 6 ақпанында өткен БАҚ, өкілдерімен кездесу барысында біріктірудің негізгі ұстанымдары жөнінде баяндауды: БЗЖҚ қорындағы жинақтар мемлекеттік кепілдікпен қамтылатын болады; жеке зейнетакылық шottар жүйесі өзгермейді және шottарда сақталып келген барлық жинақтар, сақталып қалады. Жекеше қорларға үш нұсқа ұсынылды: басқарушы компанияларға түрлену; ерікті зейнетакы жинақтарымен жұмыс істейтін зейнетакы қорларына түрлену; активтерді сатып, өз ақшаларын алу және содан кейін, – ерікті түрде тарау және нарықтан кету.

Оз кезегінде премьер-министр орынбасары Қайрат Келімбетов, «Интерфакс-Қазақстан» акпараттық агенттігіне 2013 жылдың ақпанында берген сұхбатында, нәтижесінде зейнеткерлер алдында жауапты болатын мемлекеттің бақылауды қаталдауы өте қысынды екендігін айтып өтті.

«Қазір барлық зейнетакы қорлары мемлекеттің табыстылықты кепілдеуімен бизнеспен айналысып жатқан жоқ па. Яғни, табыстылық кері болған жағдайда кепілдік бойынша ол бюджеттен өтеледі. Кейбір зейнетакы қорлар осылайша мемлекет есебінен «ойнақ салғысы» келетіндігі айдан анық. Бүгінгі таңда оны біздің қалтамыз көтермейді. Сондықтан бізде қос кепілдік орын алып отыр. Біріншісі – бюджет кепілдігі. Екіншісі – Ұлттық Банк танытуындағы қатал бақылаушы болады. Ол бірден реттеуші де және зейнетакылық активтерді басқарушы компаниялармен тығыз байланыста жұмыс істейтін болады: ол оларды бағалап, таңдап, бұзушылықтар жағдайларында лицензияларын қайтарып алады. Нәтижесінде жалпы табыстылық барлықтарымыз үшін әділ түрде өсетін болады. Зейнеткерлердің өздерінің ЖЗҚ менеджерлері ұқыпсыз болғандығына кінәлі емес қой!».<sup>11</sup>

Дегенмен, сол кезде қаржы саласының көптеген мамандары жекеше ЖЗҚ – ен капитал сыйымды институционалды инвесторлардың «жойылуы» – қор нарығына қосымша соққы болады деп есептеген (айтпақшы, қазір, жылдар өте, олармен шенеуніктердің өздері де келісіп отыр).

**Үміт Шаяхметовының** ойынша – «Жүйе бәсекелестікті қамтамасыз еткен, нарық және орналастыру таңдауы болған. Бұл тәжірибе қындықтарсыз дамып келді деп айта алмаймыз, дегенмен, жалпы алғанда оның он әрі ілгерілетуші болғаны сөзсіз... Жинақтаушы зейнетақы жүйесі, бір БЗЖҚ өзгешелігі, құрылымды болжаган: әмбенттер, инвесторлар институттары, инвестициялау механизмдері және ең бастысы – бәсекелестікті ынталандырады. Мысал ретінде өзінің көлемдеріне және нарықты, оның заңды базасын дамыту тұрғысынан әрдайым көш бастаған Халық Банк Тобын көлтірейін. Мемлекеттendіру мезетіндегі Халық Банкі ЖЗҚ үлесі 33% құраған. Сыртқы бағалауға арқа сүйесек, қор құны 500 млн бастап, 2 млрд долларға дейін құраған. Қор өте табысты, ал активтерінің саласы бойынша – ең жақсысы болған деп айтуға болады. Қазақстан шынымен қажет етілген жинақтаушы зейнетақы жүйесін жөнге келтіру жолымен барғанда, онда тек «косметикалық жөндеумен» шектелуге болатын еді<sup>12</sup>.

Дегенмен, шешім қабылданып қойды. 2013 жылдың сәуірінде Парламент Мәжілісі «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру тура-лы» Заңының<sup>13</sup> жобасы ұсынылып, сол жылдың 2 шілдесінен бастап ол күшіне енді, ал 31 шілдеде Үкіметтің № 747 қаулысымен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ<sup>14</sup> құрылды.

Қарашаның басына таман «Республика» ЖЗҚ зейнетақылық активтерін қа-былдаудың бірінші кезеңі аяқталды, одан кейін «Отан» және одан кейін – ке-стені қатаң ұстана отырып. 2014 жылдың наурызында Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ салымшыларының зейнетақылық жинақтарын БЗЖҚ тапсыру аяқталды жә-не 26 наурыздан бастап барлық қорлардың салымшыларының барлық зейне-тақы шоттары БЗЖҚ қарауында болып, ал олардың активтерін сенімді басқару Үлттых Банкпен жүзеге асырылды.

Зейнетақылық реформаны бастағаннан кейінгі бірінші жыл жүйенің өзі-не де, қор нарығына да ауыр тиді. Мемлекеттік емес зейнетақылық қорлардың қызметтерін тоқтату және реттеуішінің тарапынан жабылып жатқан қорлардың иелерінің активтерді шығарып алушан қорғау мақсатымен олардың инвести-циялық белсенділігін шектеу институционалды инвесторлар базасының күрт азайып, олардың МЕБҚ және МБҚ біріншілікті және екіншілікті нарықтарындағы белсенділіктерінің тәмендеуіне әкеп соқты. Барлық ЖЗҚ қаңтардағы шектеу-лерді енгізу мезетінен бастап, 2013 жылдың 1 желтоқсанына дейінгі орташа ин-вестициялық қоржындарының орташа сараланған табыстылығы өткен жылдың осы кезеңдегі 4% пайызбен салыстырғанда не бары 2,37% құрады.

Бір жағынан, экономиканы несиелендіру көлемдерін арттыру және инду-стрIALIZАЦИЯ міндеттерін жүзеге асыру мақсаттарында әлі жұмыс істеп жатқан ЖЗҚ және БЗЖҚ зейнетақылық активтер есебінен корпоративтік облигацияларды сатып алуға рұқсат берілді, бұл іс жүзінде банктер мен квазимемлекеттік компа-ниялардың әмиссиялық белсенділігіне әкеп соқты. 2013 жылдың нәтижелері бой-ынша ак мамандандырылған саудалар арқылы немесе биржаның сауда-саттық секторында сондай облигацияларды орналастыру көлемі рекордты 201 млрд теңгеге жетті. Екінші жағынан, корпоративтік облигациялардың екіншілікті на-

рығында саудалар көлемі 2012 жылмен салыстырғанда 38% қыскарып, 110,3 млрд теңгені құрады. Бондардың жаңа шығарылымдарын сатып алу барысында «көптің орнын басқан біреу» міндептің БЗЖК тамаша атқарса, ол қағаздарды өтеуге дейін әрі қарай сататын ешкім де болмады, шынына келсек, мағынасы да қалмады.

## Жаңа тарихи рекордтар

Мемлекеттік мегақорды құру зейнетакылық жүйені оның барлық жекеменшік ізашарлары тап болған басты мәселеден – жеткілікті табыстылықпен инвестициялау үшін құралдардың үздіксіз тапшылығынан арылтпады. 2013 жылдың караашасында Ұлттық Банктің басшысы ретінде өзінің бірінші пресс-конференциясында **Қайрат Келимбетов** БЗЖК, үнемі артып отырган активтері ең алдымен МБҚ жұмысалатыны жөнінде мәлімдеді.

«Бұл талқылайтын мәселе емес. Яғни, 90% бюджет тапшылығын қаржыландыруға, МБҚ сатып алуға жұмысалатын болады. Ақшаның бір бөлігін, біз қараждаттың мүмкін 10% аспайтын бөлігін, шетелге инвестициялау мүмкіндігін қарастырып отырымыз»<sup>15</sup>. Бас болжам Қаржы Министрлігі өз қағаздары бойынша мөлшерлемелерді арттырады дегенге арқа сүйеді. «МБҚ табыстылығына қарасақ, ол екі есе артты. Егер бұрын жекеменшік зейнетакы қорлары 3% табыстылық туралы мәлімдесе, қазір ол 6% жетіп отыр. Және де біз жалпы алғанда, үкіметке осы табыстылықты арттыруды ұсынғымыз келеді. Үкіметке кез келген жағдайда жинақталған инфляция деңгейін өтпелген табыстылық деңгейін өтеу қажет. Сондықтан ол мөлшерлемені арттыру біздің мұддеміз болып табылады».

Дегенмен, уағдаласу мүмкін болмады: 2013 жылы біріншілікті нарықтағы МБҚ саудалар көлемі 8% – 982,5 млрд теңгеге дейін төмендеп, екіншілікті нарықта 16,8% – 191,5 млрд теңгеге дейін құлдилады. Ол ол ма, 2014–2015 жылдары тапшылықты өтеу үшін Ұлттық Қордан (яғни, мұнай арқасындағы жинақтардан) трансферлерді пайдалану Қаржы министрлігіне ішкі қор нарығындағы қымбаттырақ ақшаны тартуды қысқартып, қарызын қайта қаржыландыру үшін сиртқы нарықтарға шығу мүмкіндігін берді.

2014 жылдың қазанында Қазақстан 14 жылдық үзілістен кейін тұнғыш рет жылдық, 3,875 және 4,875 пайызға 1,5 млрд АҚШ долларына 10 жылдық, және 1 млрд АҚШ долларына 30 жылдық тәуелсіз евроболигацияларды сәтті орналастыруды. Нәтижесінде, жылдың аяғына дейін Қаржы министрлігі МЕКАМ ішкі биржалық нарықта орналастырудан мұлдем бас тартты: KASE биржасындағы МБҚ саудалар көлемі 12,4% қыскарды, бұл жағдайда мемлекеттік сектордың (үкіметтің және Ұлттық Банктің) сиртқы қарызы бір жыл ішінде 2,6 млрд АҚШ долларына артты. 2015 жылдың шілдесінде Қаржы министрлігі табыстылығы американдық қазыналық облигацияларға қатысты 285 базистік пунктті құрайтын 2,5 млрд АҚШ долларына 10 жылдық тәуелсіз евробондтарды және табыстылығы 335 6.п. 1,5 млрд АҚШ долларына 30 жылдық қағаздарды қайта орналастыруды.

«Кеше біз 4 млрд АҚШ долларына орналастырдық. Сұраным шамамен 10 млрд долларына берілген. Осылайша, Қазақстан өте сәтті орналасты деп айтса да болады. Бұл грек оқиғалары тұсындағы, «алтылықтың» Иранмен келіссөздері тұсындағы нақсыздықтың ұзақ кезеңнен кейінгі осыншалықты ірі көлемді бірінші рет орналастыру болып табылады... Біз бағдарламалы түрде орналастыруды жалғастырудамыз, яғни, табыстылық қисық сзығын көрсетіп, қалыптастырып отырмыз. Бұның өзі инвесторлар тәуекелдерінің жеткілікті дәрежедегі жақсы бағасы. Оған қоса, табыстылық қисық сзығын қалыптастыру Қазақстанға инвестициялап отырган инвесторлар үшін де, біздің әмбенттеріміз – квазимемлекеттік сектор және жеке компаниялар үшін өте маңызды» – деп Қаржы министрлігінің басшысы **Бахыт Султанов** орналастыру нәтижелері жөнінде баяндап берді<sup>16</sup>.

Нәтижесінде МБҚ ішкі нарығы толықтай стагнацияға ұшырады – 2015 жылдың нәтижелері бойынша Қаржы министрлігінің KASE биржасында қарыздануы жоспарланған 928,2 млрд теңгенің орнына тек 419,6 млрд құрады. МБҚ екіншілікті нарығында өте тәмен өтімділік байқалды. Тәмендеу (-95,9% – 8,2 млрд теңгеге дейін) құрап, саудалардың жалпы көлемі 58,4% – 427,7 млрд теңгеге дейін тәмендеді.

Бұл жағдайда өзіне өте қажет кірістілікті БЖЗҚ және оның басқарушысы ретінде Ұлттық Банк корпоративтік облигациялар нарығынан тапты. 2014 жылдың қыркүйегінен бастап ҚРҰБ банк секторын қолдау бағдарламасын бастады, сонын аясында зейнетқылыш қаражаттарды депозиттерде орналастыру бойынша аукциондарға қатысадан өзге ірі банктер сегіз және одан көп жылдық сыйлықақымен 7–8 жылдық облигациялар шығарды. Бұның басын 26 қыркүйекте 6,5 жылға 10% жылдық сыйлықақымен 10 млрд теңгені тартқан Цеснабанк бастады. Сол мезеттегі инфляция тәмен (7% сәл астам) болғанын ескерсек, сол қағаздарды сатып ала отырып БЗЖҚ өзінің салымшыларына іс жүзіндегі оң табыстылықты қамтамасыз ете алды.

Іс орнынан қозғалды: 2014 жылы KASE биржасында өткізілген корпоративті қарызды бағалы қағаздарды орналастыру бойынша 34 мамандандырылған салуданың 70% үлесі банк облигацияларына тиесілі болса, олардың жалпы көлемі 345 млрд теңгеге жетті (+68,3%). Бұл KASE тарихындағы ең үлкен көрсеткіш болып табылады. Бірақ, екіншілікті саудалар көлемі тәмендеуін жалғастырып, 2014 жылдың нәтижелері бойынша 103,6 млрд теңгеден аспады (өткен жылмен салыстырғанда 44,7%), бұл «бір инвестор» нарығында шарасыз жайт.

Сатып алушы ретінде БЗЖҚ қолжеткізген банктер өздерінің қорларын қалыптастыру мәселелерін шешіп қана қойған жоқ. Олар өтімділікті репо және своп нарығындағы басқа ойыншыларға сол кездे әлі реттелмеген, бір біріне өте өзгешеленген және банктерге олардың облигацияларын сатып алу бойынша өтімділікті беру мөлшерлемерімен ешқалай келіспеген жоғарырақ мөлшерлемелермен әрі қарай сатып отырды.


Бұл схема әдеттегі нарықтық болып табылmasa да, сатушылардың да, сатып алушылардың да қөnlіlнен шығып отырды және 2015 жылы корпоративтік облигациялардың биржалық нарығында тағы бір рекорд тіркелді – са-

## ОБЛИГАЦИЯЛARDЫҢ БАСТАПҚЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ ҚОР ЖАСАУ ҚҰРЫЛЫМЫ


### КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ БАСТАПҚЫ ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ СЕКТОРЛАР БОЙЫНША КӨЛЕМІ



### КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРҒАН КЕЗДЕГІ ИНВЕСТОРЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ



### КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫНЫҢ ЖӘНЕ АҚША НАРЫҒЫНЫҢ 2014–2015 ЖЫЛДАРДАҒЫ КІРІСТІЛІГІ




удалар көлемі 174% – 1 228,6 млрд теңгеге дейін өсті. Бұл жағдайда мұнда бірінші орналастырудың максималды көлемдері де (1,01 трлн теңгеге, олардың 88% банк қағаздарына тиесілі), екіншілікті нарықтағы белсенділіктің елеулі артуы да (216,6 млрд теңге) тіркелді. Жылдың соңында корпоративтік облигациялардың нарығының капиталдануы 36,9% артып, 9,1 трлн теңгениң құрады. Бұл көрсеткіштің өсуіне ЕДБ белсенділігінен өзге үлттық валютаның 2015 жылғы девальвациясы түрткі болған. Нәтижесінде, теңгеге шаққандағы капиталдау көрсеткіші номиналы АҚШ долларында белгіленген облигациялар есебінен елеулі түрде үлгайды. Облигациялардың екіншілікті нарықтағы құны теңgedегі табыстылығы теңгенің долларға шаққандағы бағамының тәмендеуінің тұсында өсіп отырды. Бұл KASE\_BY индексіне екінші жарты жылдықта елеулі өсімді қамтамасыз етіп, жылдың нәтижелері бойынша ол жылдық 11,42% жетті.

Жалпы алғанда 2013–2015 жылдар кезеңі KASE үшін ойыншыларының белсенділігі түрғысынан бетбұрысты болып шықты. Көп жылдық құлдыраудан кейін сауданың жалпы көлемдері арта бастады. Бұл жағдайда қарың ұдайы өсіп отырды: 2013 жылы – +16,3% – 32 трлн теңгеге дейін; 2014 жылы – +45,9% – 46,7 трлн теңгеге дейін; ал 2015 жылы – +97% – 92 трлн теңгеге дейін. Осы рекордтарға негізгі үлесті ақша нарығы, яғни белсендіру механизмі жоғарыда сипатталған репо және валюталық своп операциялары қости. Дегенмен, бағалы қағаздар нарығында да нарықтық емес жолдармен қол жеткізілген болса да өзіндік рекордтар болды. Не болса да, бұл KASE жетістіктері болды, себебі бұл алаң нарық қатысушыларына да, реттеушиге де, Қаржы министрлігіне де әр кімге өз міндеттерін шешу мүмкіндіктерін беретін биржалық инфрақұрылымның реттелген қызметтерін ұсынды.

Жалпы айтқанда, барлық тегеуріндер мен трансформацияларға қарамастан, биржа алаңындағы қозғалыс бір мезет тынбады.

## СЕКТОРЛАР БОЙЫНША САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМДЕРІНІҢ 2010–2015 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДИНАМИКАСЫ



## «ХАЛЫҚТЫҚ IPO»: СТАРТТАН КЕЙІНГІ ӨМІР


### Дебютант көнілден шықты

Акциялар нарығы 2013–2015 жылдары «Халықтық IPO» оң әсерімен дамып отырды. KASE өткізілген бағдарлама бастаушысының акцияларының саудаларының толмаған екі айының нәтижелеріне қарасақ, «ҚазТрансОйл» АҚ осы түрін таңдауы ең дұрыс болып табылғандыры айдан анық. 2013 жылдың 5 ақпанында компания акциялары орналастыру бағасынан 12% жоғары бағамен саудаланды. ЖЗК нарыққа елеулі қолдау беріп, инвесторлар пайдасын қамауға тырыспай, қазақдарды коржындарында ұстауға тырысты. Нарықтың он тұсында олар акциялардың бағамының әрі қарай өсуін күттеге әзір еді. Екіншілікті саудалар белсенеділігі жоғары болды – 2012 жылдың 25 желтоқсанынан бастап 2013 жылдың 5 ақпанына дейін KZTO жай акцияларымен жасалған мәмілелер көлемі 3 млрд теңгеден асты, шамамен 1 400 мәмілеле жасалды. Салыстыра келсек, «Қазақтелеком» АҚ, өтімділігі бойынша екінші орындағы акцияларының саудаларының көлемі осы кезеңде 1,2 млрд теңгеден аспады, ал мәмілелер саны 300 астамын ғана құрады.

«Халықтық IPO» бағдарламасын іске қоса отырып қаржыгерлер де, үкіметте көзделеген – биржага қор нарығына түрткі болатын, Қазақстан азаматтарына барынша нәтижелі әрі ірі үлттік компаниялардың інгерлері болу мүмкіндігін беретін және жеке инвесторлар класының үлғауына мүмкіндік беретін қазақдарды шығару мақсатына қол жеткізілді. КТО дебюттік қағазы оның мүмкіндігін дәлелдеді.

IPO жүзеге асрыруның алғашқы айларында «ҚазТрансОйл» акцияларының үлесіне екіншілікті нарықтағы үлестік қазақдардың саудалары көлемінің шамамен 30% тиесілі еді. Бұл жағдайда 2013 жылдың басында тұргындардың қор нарығына сенімінің артуының дәлелі болып табылатын үрдіс байқалды: валюта нарығын-

### «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ЖАЙ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 2012–2015 ЖЫЛДАРДАҒЫ КІРІСТІЛІГІ



дағы саудалар көлемі төмендегендеге бағалы қағаздар нарығының айналымы артты. Барлығы ашылып жатқан сауда шоттарының осы жылдамдығының және динамикасының сақталуына сенді. Оған қоса, халықтық біріншілікті орналастырулар бағдарламасын жалғастыру жоспарланған. Бірақ қаржылық нарықтың басқа секторын – зейнетакы жүйесін реформалау басталып кетті, нәтижесінде ол Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының динамикасы мен ландшафтына елеулі түзетілер енгізdi.

Мисалы, нарықтағы зейнетакы қорларының қызметіне тыйым салынғанда «ҚазТрансОйл» қағаздарының бағалары 760 теңгеге дейін түсіп кетті. Одан кейін Ұлттық Банк қорларға «Халықтық IPO» дебютанттының акцияларымен жұмыс істеуге қайта рұқсат беріл, КТО қағаздарының бағалары лезде бір қағаз үшін 800 теңгеге дейін өсті. Осының барлығы нарықтың қалыпты дамуы үшін онда инвесторлардың әр түрлөрі жұмыс істеу тиістігінің фактісін раставы.


Биржага екінші «көгілдір фишканың» – «KEGOC» энергетикалық компаниясының шығуы кейінге шегерілтіндігі анық болғаннан кейін ойыншылар бар назарын «ҚазТрансОйлға» тігіп, 2014 жылдың басында қағаздар бағасы 1 300 теңгеге дейін жетті (орналастыру құны 725 теңгені құрағанда).

Дегенмен, жаңа құралдардың болмауы 2013 жылдың сонына тақау «ҚазТрансОйл» АҚ IPO және «халықтық емес» «Кселл» АҚ IPO асері тунышға бастады: екіншілікті нарықтағы оның нәтижелері бойынша мәмілелер көлемі 42,5% – 117,5 млрд теңгеге дейін қысқарды. Нарық жаңа «көгілдір фишкаларды» қажет етті.

## Дұрыс компания үшін бұрыс кез

KASE биржасында жазылу арқылы KEGOC акцияларының көптен күтілген орналастырылуы тек 2014 жылдың желтоқсанында жүзеге асырылды. Және

### «KEGOC» АҚ ЖАЙ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 2014–2015 ЖЫЛДАРДАҒЫ КІРІСТІЛІГІ



бұл ең сәтті мезеттердің бірі болды деп айтуға келмейді. Ол мезетте нарық тенгенің акпандагы тузетілуімен, мұнайдың әлемдік бағалардың құлдилауын және рубльдің әлсіреуімен әлек болып жатты. Сонымен қатар ең ірі эмитенттердің ішкі мәселелерінің де әсері байқалды. Мысалы, «Кселл» АҚ акцияларының бағаларына компанияның сыртқы жеткізушилермен жұмысына қатысты директорлар кеңесімен басталған ішкі зерттеулер жөніндегі ақпарат және қаржылық директордың кенет орнынан кету қысым түсірді. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ жай акциялары да арнайы дивиденттер бойынша нақызындықтарға және акцияларды аналық компанияның қайта сатып алуымен байланысты спекуляцияларға байланысты қызықты болмай қалды. Былайша айтқанда, көңіл мәз болмады.

Дегенмен, үлттық электр желілерінің операторының қағазына деген қызыгуышылық жогары болып, ол Жеке тұлғалардың орталық депозитарийінің есепке алу жүйесінің көрсеткіштеріне әсерін тигізді. Олардың саны тамызағы 55,4 мыңдан желтоқсандағы 99,5 мыңға жетті. Тұындаған қызыгуышылықтың тағы бір дәлелі: акцияларга жазылудың алғашқы еki күнінің өзінде қазақстандықтар «KEGOC» АҚ 182 мың қағазын алуға арыз берді<sup>17</sup>.

Жазылу аясында биржада 16,7 млрд теңге сомасындағы 42 723 арыз келіп түсті – жарияланған көлемнен 1,3 есе көп. Брокерлік компаниялар мен олардың клиенттері – жеке тұлғалар тарапынан сұраныс 9,7 млрд теңгені немесе ұсыныс көлемінің 73,7%, ал БЗЖҚ тарапынан – 7 млрд теңгені немесе ұсыныстың 53,3% құрады. Яғни, «ҚазТрансОйл» жағдайындағыдай, асыра жазылу орын алды. Мұндағы ерекшелік KEGOC жазылуға инвесторлардың ауқымды көпшілігі, соның ішінде аймақтардағы тұрғындар қатысуы болып табылады. Бұның тағы бір себебі болып нарыққа жаңа брокердің – «Фридом Финанс» АҚ келуі табылады. Компания «Қазпоштаға» жеке тұлғалардың жазылу көлемінің үш пайыздан аз ғана қалып қойып (28,1% – «Қазпошта», 25,6% – «Фридом Финанс» АҚ), жеке тұлғаларды тартуда үлкен белсенділік танытып, жиналған арьздар бойынша бірінші орынға ие болды. Бұл брокер жазылудың бүкіл Қазақстан аумағы дерлік үйімдастыра отырып, нақты мақсаты етіп «KEGOC» АҚ IPO көздейген және өзінің клиенттік базасын кеңейту ұстанымына арқа сүйеген және оған қол жеткізе алды.

«Біз «Халықтық IPO» бағдарламасында қатысқанда жарнама берген жалғыз брокер болғанбыз – деп Freedom Finance холдингінің негізін құрапушы Тимур Турлов есіне алады. – Кейіннен неге әкеп соғатынын, өзін өзі өтей ала ма, жоқ па, оны білмесек те, филиалдар желісін құрдық. Біздер үшін Таразда, Семейде және Ақтау мен өзге өнірлердегі адамдар акцияларды сатып алу мүмкіндігіне ие болуы өте маңызды еди. Себебі IPO тек Алматыда жүзеге асырылса, біз тек бір жарым миллион адамды қамтитындығымызды және одан басқа ешкім қатыспайтындығын түсіну қажет. Бағдарлама аясында біз бірнеше жұз тегін семинар өткіздік, кітапшалар таратып, адамдарды семинарларға шақырдық, бағдарлама әзірлеп, тұсаукесерлер өткіздік. Міне осы жерден біз және қор нарығын түсініп, сәттілік тарихын адамдарға жеткізен алатын көптеген білімдары таба алдық»<sup>18</sup>.

Нәтижесінде жеке тұлғалармен тапсырылған арыздар толық көлемінде қа-нағаттандырылды, ал орналастыру бағасы бір акция үшін 505 теңгені құрады. Дегенмен, ҚазТрансОйлдан өзгешілігі, KEGOC акциялары екіншілікті нарықта шығарылғанда құнын жоғалта бастады. Саудалардың бірінші құні институционалды инвесторлар тарарапынан қызыгуышылық болмады, ал БЗЖҚ тұлғасындағы жағыз ірі қатысуши акцияларды сатып алудан тартынуды шешті. Оған қоса, компанияның екіншілікті нарықта шығуы рубль бағамы бір доллар үшін 80 рубльге жетіп, күрт құлдилаған Ресейдегі «қара сейсенбіге» сәйкес келіп қалды. 2014 және 2015 жылдардың тоғызындағы девальвациялық болжамды ескере келе, нарықтағы тенгелік үlestік құралдарға салым жасауды қалағандар саны көп болмады. Жаңа ғана сатылып алынған KEGOC акциялары валютаны немесе оның бағамына байланыстырылған құралдарды сатып алу үшін сатылып жатты.

2015 жылдың 30 тамызында KEGOC акцияларының бағасы бір акцияға 300 теңгеге тең минимумға дейін түсті. 2018 жылдың қарашасындағы 1 560 теңгеге тең тарихи максимумға дейін қалпына келе бастау міне осы деңгейден басталды. Мысалы, акциялар құнының 2015 жылдың сәуіріндегі өсе бастауы «түбінен» бастаған инвесторларға 900% дейінгі жылдық табыс табу мүмкіндігін берді.

Жалпы алғанда, «Халықтық IPO» бағдарламасының қазақстандық нарық өтімділігіне әсерін асыра бағалau мүмкін емес. 2015 жылы бағдарламадан өткен компанияның екеуі де KASE биржасында өтімділік рэнкингінде топ жара озды. Бағдарлама инвестициялау тәуекелдерін азайта отырып, қағаздардың өтімділігін арттырды. Халықтық IPO қағаздарына 2015 жылдың нәтижелері бойынша бүкіл екіншілікті биржалық акциялар нарығы айналымының 43% тиесілі.

Және ең бастысы, биржаның тікелей қатысуымен бұл бағдарламаны жузеге асыру озық қазақстандық компаниялардың акцияларына ие қазақстандықтардың санын 10 есе арттыру мүмкіндігі туындағы. Олардың көбі белсенді инвесторларға айналды. Мысалы, 2015 жыл KASE биржасында үнемі жұмыс істейтін ойыншылар саны кем дегенде екі есе артты. Ай сайын мәмілелерге 250 бастап, 750 дейін шот тартылды.

Ұақыт көрсеткендегі «көгілдір фишкалар» иегерінің мәртебесі қомақты пайда әкеледі. Төленген дивидендтерді ескере отырып, KEGOC акциялары бойынша орналастыру мезетінен бастап табыстырылған 2018 жылдың қараша айына орта есеппен жылдық 37%, ал КТО қағаздары бойынша – жылдық 19% құрады.

## Алғашқы қөпшілікті стартап

Тұрғындардың кең таптаратын бағалы қағаздардың нарығындағы жұмысқа тарту KASE биржасында тағы бір қызықтыратын жобаны жузеге асыру мүмкіндігін берді. 2015 жылдың 9 сәуірінде биржаның сауда залында KASE екіншілікті нарығындағы «БАСТ» АҚ тау-кен компаниясының жай акцияларының саудаларын салтанатты ашу рәсімі өткізілді. Оның жолын компания акцияларын класикалық IPO пішімінде қоғамдық орналастыру ашты. Жазылу KASE биржасының схемасы бойынша қалыптасып қалған «Халықтық IPO» Бағдарламасының аясында жузеге асырылып, андеррайтер ретінде «Фридом Финанс» АҚ әрекет етті.

«БАСТ» АҚ жай акцияларын сатып алуға жазылудың аясында биржаның төрт мүшесі арқылы 516 жеке шоттар арқылы жеке тұлғалар жалпы сомасы 427,1 млн теңге сомасындағы 579 арыз табысталды. Сұраныс ұсыныс көлемінен 6,1% асты. Бұл жағдайда жеке тұлғалардың 359,6 млн теңге сомасындағы 522 арызы қанағаттандырылды. Андеррайтер биржадағы маркет-мейкер міндеттемелерін орындау мақсатымен өз қоржынында қалдырыған акцияларды қосқанда, «БАСТ» АҚ IPO аясында KASE биржасында орналастыруға жоспарланған барлық акцияларын сатты.

Осы орналастыруды үйымдастырып, «Фридом Финанс» АҚ қазақстандық қор нарығында үш прецедент жасады. Біріншісі – салыстырмалы шағын компания қаржыландыру үшін банктек кредит алу қының тудыратын жағдайларда нарықтың қор құралдарын пайдалану. Екіншісі – Қазақстанда шағын компания үшін классикалық IPO, іс жүзіндегі стартапты жүзеге асыру, осылайша оның мүмкін екендігін және қалай істелетіндігін көрсету. Үшіншісі – акцияларды орналастыруды жүзеге асыру барысында өзінің арқасында компания-эмитент орналастырумен байланысты тәуекелдермен мұлдем дерлік кездеспеген KASE мүшесінің қатаң андеррайтингі (эмитенттің барлық акцияларын орналастыру алдында сатып алу).

««БАСТ» АҚ тау-кен компаниясының акцияларын орналастыру қа-зақстандық қор нарығы ел ішінде ақшаны іс жүзінде тарта алатындығын дәлелдеді – деп **Тимур Турлов** баса атап өтті. – Компания 2 млн АҚШ долларынан астам қаражатқа қол жеткізді, ол акцияларының құны IPO кейін 40% дерлік өсти. «БАСТ» АҚ өзінің қағаздарын нарықта сәтті орналастырганнан кейін бізге түрлі үйымдар тараپынан көптеген ұсыныстар келіп түсे бастады. Және барлығы – қаржыландыруды алу мақсатымен. Ол түсінкіті жайт: банк кредиттері ете қымбат болғанда, барлығы акционерлік қорландыруды тартқысы келеді».

Жалпы алғанда, 2015 жылы акциялар нарығында өсу байқалды. Саудалар көлемі 4 еседен артық өсіп, 899,6 млрд теңгеге жетті. Және де, бұл рекорд көбіне KASE ресми тізіміне «ҚазМұнайГаз» жай акцияларын қосумен және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ 10% акциялар топтамасына жекеменшік құқықты Үлттых Банкке табыстау бойынша жалғыз мәмілені жүзеге асырумен байланысты болса да, орындалған орналастырулардың арқасында акциялардың нарықтық трейдинг елеулі түрде белсененділік танытып, олардың KASE СЖ өтімділігі елеулі түрде артты. Жылдың нәтижелері бойынша акциялар нарығындағы ең өтімді құралы болып өздерімен 17 мыңнан астам мәміле жасалған «KEGOC» АҚ акциялары табылды. Жылдың түрлі айларында жеке тұлғалардың улесіне акциялардың биржалық айналымының 52,5–65,2% келді.

## ӨТІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ТӨРТ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Биржа өзінің аландарында құралдар өтімділігін арттыру үшін қажетті жағдайлар жасау бойынша жұмысын тоқтатпаған. Және 2013–2015 жылдары бұл жұмыс әсіресе жемісті болды. KASE бұл салада төрт жобаны жүзеге асыра алды.

## Кез келген жерден сауда-саттық жүргізу

2014 жылдың 10 ақпанынан бастап тікелей қатынау жүйесі – DMA<sup>19</sup> арқылы бағалы қағаздардың үйымдастын нарығына қатынау мүмкіндігін берудің жаңа ережелері қабылданды. Ол ережелер KASE биржасында он жылдам уақыт барысында әрекет еткен интернет-трейдинг тәжірибесін ескере отырып жүзеге асырылды. Олардың мақсаты – биржаға қатынауды регламенттеу және интернет-трейдинг тәжірибесін озық шетелдік тәжірибеге сәйкестендіру. Ертеректе интернет-трейдинг тәжірибесі регламенттелмеген болатын, брокерлердің бағдарламалық-техникалық кешендерінің сапасы мен сенімділігі және ондай кешендердің пайдаланушыларының білімі мен машықтары тексерілмеген. Тікелей қатынау артықшылыштары орасан. Брокерлер үшін жұмыстың осындағы әдісі клиенттік тапсырыстарды қабылдау, өндеу және орындау үшін жауапты бөлімшелердің жүктемесін алуды орындау барысында сондай тапсырыстарға қатысты трейдерлік қателерді барынша азайтуды білдіреді. Клиенттер үшін – бұл, ең алдымен, жайлышың пен Интернет пен сауда платформасы болған жағдайда кез келген мезетте саудалау мүмкіндігін білдіреді. Олардың клиенттік тапсырысты толтыру, оны брокерге жіберу және орындау/орындау жөніндегі жауапты күту қажеттілігі жоққа шығарылды.

KASE биржасының DMA жобасына деген назарын арттыру саудалардың артқан белсенділігімен және тұрғындарды қор нарығына тартылуымен байланысты. 2011 жылы ондай сервис екі-үш брокермен ұсынылса, 2014 жылы тікелей қатынау жүйесімен нарықтың оннан астам кәсіпқой қатысушысы жұмыс істеді.

## Шетелдік брокерлерге және банктерге рұқсаттама беру

2011 жылдың өзінде іске қосылған екінші жоба болып KASE алаңында жұмыс істеуге шетелдік брокерлерді және банктерді тартуға бағытталған Remote Membership – «Қашықтағы мүшелік» табылды. Жоба ондай компанийяларға делдалдарсыз KASE мүшелері болып, биржада өздерін қызықтыратын құралдарды тікелей саудалау мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге арналған. Бұл ерістегі алғашқы «жыл құсына» KASE биржасына 2011 жылдың 1 шілдесінен бастап «валюталық» санаты бойынша қабылданған ресейлік «Промсвязьбанк» ААҚ айналды. 2014 жылы биржа шетелдік кәсіпқой қатысушылардың KASE мүшелігін иеленудің жаңартылған талаптары мен шарттарын өзірлеуді аяқтап, шетелдік компаниялардың KASE мүшесі әртебесін иелену тәртібі анықталып, қазіргі қашықтағы мүшелерге қойылатын талаптар мен олардың KASE биржасындағы жұмыстарына қойылатын талаптар жаңартылды.

2018 жылдың соңында биржа алаңында қашықтағы мүшелер ретінде үш шетелдік үйым жұмыс істеді.

## Листинг енді рейтинг емес

Өтімділікті артыру жолындағы тағы бір қадам болып бағалы қағаздардың реесми тізімінің және листингтік бағалы қағаздар мән оларға рұқсат беруді бастаушыларға қойылатын талаптар реформасы табылды. Реформа KASE биржасымен Үлттық Банкпен бірлесе отырып 2014 жылы жүзеге асырылды. Іс жүзінде, листинг ұстанымдары өзгертілді – жаңа ережелер іске қосылғаннан кейін оны енді квазирайтинг және құралдардың инвестициялық көрсеткіші ретінде қарастыруға болмайды. KASE реесми тізімінің жаңа құрылымын қарастыру барысында негізгі бағдар ретінде өтімділік көрсеткіштері қарастырылды. Атап айтқанда, акциялар секторында екі санат бөлініп алынды – өтімді қағаздар санаты мен ақпараттық листинг санаты. Осылайша, листингтің жаңа құрылымы саудалану бағдарларын анықтап, эмитенттер мен олардың бағалы қағаздары жәнінде ақпараттың барынша ашылуын қамтамасыз етті. Бұл жағдайда инвесторлар инвестициялар жөнінде шешімдер қабылдау үшін бағалы қағаздардың сапасын өз беттерімен бағалаулары тиіс.

«Инвесторлардың инвестициялар жөнінде шешімдер қабылдау үшін негізгі критерий болып не табылуы жөніндегі пікірталастар ұзақ мерзім барысында жүріп жатты – деп **Галина Цалюк**, басқаруши директор, KASE листинг департаментінің директоры есіне алады. – Біз үшін де бұл мәселе елеңсіз болды деп айта алмаймын, себебі биржаны сол мезетте инвесторлар арасында қалыптасқан қағаз биржа тізімінде болса, оны сатып алуға болады, ал егер бірінші немесе ең жоғарғы санат тізімінде болса, сатып алу міндет деген пікір қанағаттандырмады. Яғни, қандай себептер бойынша екені белгісіз, «листинг» және «сөнімділік» сөздерінің араларына тенденциялық қойылып, листинг рейтинг іспеттес болып шықты. Бұл жағдайда биржа олай санамады, себебі кез келген компанияның бағалы қағаздары үшін түрлі деңгейде болса да, қандай да бір тәуекелдер тән және инвесторларды басшылыққа листингті алмай, әр инвестордың өз инвестицияларының тәуекелдерін өз бетімен бағалауға шақырды В 2008 жылы сол мезеттегі екі реттеуши (АФҚО агенттігі мен ҚҚА) Қазақстанда қарызыдық бағалы қағаздарын рейтингтік бағалаудың болуын талап ететін жалпы қабылданған тәжірибелі енгізу жөніндегі шешімді қабылдады. Нәтижесінде, инвесторлардың бағдарларын анықтауларын жөнілдету үшін, қарызыдық бағалы қағаздар биржаның реесми тізімінде екі санатқа бөлінді – рейтингтік бағасымен және рейтингтік бағасы... Дағдарыс барысында, рейтингтік бағалар ешкімді қорғамаганы баршага мәлім. Дағдарыс барысында рейтингтік агенттіктер іс жүзінде болып жатқанның соңынан еріп углермей жатқан мезеттер болды... Сондықтан 2015 жылдың 1 қантарынан бастап біз рейтингтерден толықтай бас тарттық. Игісіне орай, Үлттық Банктің 189 Қаулысы жарық көріп, онда рейтингтік бағаларға жағдайы талаптар болмады. Үлттық Банк әдістерін өзгертіп, рейтингтік бағалар листинг үшін қажет емес деп шешті, олар лицензияланатын қаржылық үйлімдердің бағалы қағаздарына инвестициилау үшін қажетті критерийлер ретінде сақталды. БЗЖК биржаның бағалы

қағаздарының ішінде зейнетакылық жинақтарды инвестициялау нысандары тұрғысынан бағдар табуды жеңілдету үшін қарыздық бағалы қағаздар екі санатқа бөлінді – квазимемлекеттік сектор субъектілерінін облигациялары және барлық өзге әмиттердегі. Биржалық тәжірибе тұрғысынан бұл сондайлықты ыңғайлы болып табылмайды. 2016 жылы біз KASE үш жылдық даму стратегиясын жазғанымызда біздің ресми тізіміздің құрылымының негізі ретінде халықаралық тәжірибелен қабылдауды, яғни бағалы қағаздардың классикалық түрлерін екі – негізгі және баламалы алаң арасында бөліп, нәтижесінде инвесторларға бағдар беруді үйірдүк».

## Мәмілені екінші күні орындау

Ақыр соңында, 2015 жылы, үш жыл қажырлы еңбек нәтижесінде нарықтағы бағалы қағаздарға ішінша қамтамасыз етілуі бар T+2 есептесулер схемасы енгізілді. Тұңғыш рет KASE биржасында KASE Индексті акциялармен жүзеге асырылатын мәмілелерге қатысты биржалық мәмілені оны жасасу мезетінен бастап екі күн өткеннен кейін орындауды қөздейтін халықаралық нормалар қолданыла бастады. Бұл қадам нарық инфрақұрылымын дамыту және оның шетелдік инвесторлардың көзқарасы бойынша тартымдылығын арттыру үшін өте маңызы.

«Әлемнің биржаларының көбінде T+2 жүйесі (арыз тапсыруды, ақша табуды, қағазды сатып алып, ол үшін есептесуді 48 сағат барысында жүзеге асыруға болады) іске қосылған, ал бізде T+0 жүйесі жұмыс істейді, – деп жоба қажеттілігін **Мақсат Қабашев**, сол кездегі KASE Президенті түсіндірді. – Ал сатып алу үшін алдымен 100% алдын ала төлемді қамтамасыз етіп, осы жерде депозит ашып, содан саудалау қажет. Есі дұрыс және улken көлемдері бар қандай инвестор бүнда осындаш шарттарда саудасын жүргізеді? Кейде мәмілені «сол күні» оның жай география тұрғысынан мүмкіндігі болмайды: Нью-Йорктегі түн болса, бізде күн және көрінішке. Бізде күн бітіп, біз оған ештеңе жаппағаны үшін айып саламыз, ал онда таң жаңа атып келеді. Міне сол себепті ол бүнда келмейді. Дені дұрыс брокер не істейді: ол қағазды сатып алып, одан кейін өз коржыныңдағы қағаздарды кепілдікке қояды – кепілдікке сол биржада қол қоя алады, қағазды сатып алу үшін ақшаны банктен қарызға ала алады, бірлесе отырып басқа біреуге қымбаттырақ сату үшін ақшаны сатып алушыдан қарызға ала алады. Бірақ ол үшін уақыттық аралық қажет. 48 сағат мәмілені жабу үшін жеткілікті»<sup>20</sup>.

KASE T+2 тәртібін реттейтін ережелері құшіне 2015 жылдың 1 маусымында енді. Сол күнің ақ KASE және бағалы қағаздардың Орталық депозитарий арасында клирингтік үйім және есептік орган ретіндегі Орталық депозитарий арасындағы барлық мәселелерді реттейтін Келісімге қол қойылды. Ал 29 маусымнан бастап биржаның ақпараттық жүйесінің сұнақтық пайдаланылуы басталды.

25 қарашадан бастап T+2 есептесулер схемасы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ акцияларымен жұмыс істеу барысында пайдаланула бастап, 23 желтоқсаннан бастап T+2 схемасына толық режимде KASE Индексінің өкілдік тізіміндегі барлық акциялар ауыстырылды. Саудаларға қатысуышларды жаңа схема бойынша есептесулерді жүзеге асыру үшін қажетті активтерді тарту мүмкіндігімен қамтамасыз ету үшін биржа қосымша түрде қаржылық құралдың жаңа түрін – неттингі бар репо қалыптастырды.

## Жаңа валюталық жұп – теңгеге юаң

Валюталар секторында өте үзак үзілістен кейін 2014 жылдың 25 қыркүйегінде жаңа құрал пайда болды. Сол күні KASE қытай юанінен теңгеге саудалауды ашты. Ол қазақстандық-қытайлық қаржылық іскерлесу бойынша Ішкі комитеттің ұсыныстарын ескере отырып Ұлттық Банктің және KASE бастамасын орындалған жұмыс нәтижесінде мүмкін болды. Теңге/юан айырбастауының биржальық механизмін енгізу қажеттілігі шын мәнінде туындалған. Ол экономикалық болмыстың көрінісі де, екі елдің арасында нығайып отырған саяси қадам да еді. 2014 жылдың аяғына дейін осы жұп бойынша көлемі 131 млн теңгегін құрайтын 30 астам мәміле жасалды. Құрал бойынша болжамдар екі ел арасындағы тауар айналымының өсу қарқындарын ескере отырып, өте жоғары болды және уақыт көрсеткендей, олар акталды.

## NEXT және FIX

KASE саудалық және есептік процедураларын жетілдіру технологиялық, дамумен қадамдастырылған. 2012 жылдың өзінде ақ биржа 100 есе жоғары жылдамдықта ие болып, секундына 20 мың өтінімді өндеу жылдамдығына жетуи тиіс болған жаңа сауда жүйесін әзірлеуге кірісті. Ол биржальық сауданың озық әлемдік тәжірибесіне сәйкес. Шешім бірден қабылданбады – KASE мамандары және басшылығы көшбасшы әлемдік әзірлеушілердің, соның ішінде ең танымал биржалардың он бес шакты ұсынысын өндеп, оларды мұқият талдады. Себебі саудаларды үйімдастыруши ретіндеңі биржага арналған сауда жүйесі оның қызметінің және нарық қатысуышларымен байланыстың негізгі құралы болып табылады. Ақыр соңында жеке сауда жүйесін әзірлеу жөніндегі шешім қабылданды, оған қоса биржа бұл салада қомақты тәжірибе жинап та үлгерген.

Жоба «NEXT» атавына ие болды. 2015 жылы үш жылдың жұмыс нәтижесі болып жүйенің серверлік бөлігін және ең өтімді ретіндеңі KASE валюталық нарығының сауда терминалы пайдалануға енгізілді. Бағалы қағаздардың, ақшаның және туынды құралдардың нарығы жұмысын үнемі жетілдіріліп отырған АСТ жүйесінде жалғастыра берді. NEXT терминалы биржаның барлық негізгі сауда операцияларын: өтінімдерді табыстауды және бас тартуды, қатысуышы позициясын бақылауды; саудаларды; бағамдарды және графіктерді; қатысуышының тапсырылған өтінімдерін және орындалған мәмілелерін қарап шығуды және

валюталық нарыктың қатысуышының бір күндік позицияларын, оның биржа алдындағы сатылған валюта бойынша міндеттемелерін және биржаның – сатылып алынған валюта бойынша талаптарын қадағалауды орындау мүмкіндігін берді. Терминал FIX-протоколының 5.0 және одан жоғары нұсқасымен жұмыс істеп, транзакциялық FIX-шлюзге де, FIX Market Data дереккорына да қосылу мүмкіндігін берді.

NEXT жобасымен байланысты болып 2015 жылы FIX-протоколының 5.2 нұсқасының негізінде құрылған FIX Market Data (FIX MD) серверін әзірлеу және пайдалануға енгізу жобасы табылды. FIX MD серверінің көмегімен пайдаланушылар KASE биржасында саудаланатын бағалы қағаздардың тізімін, ағымды уақыт режимінде саудалар барысы жәніндегі ақпаратты алу және байланыс үзілген жағдайда оқиғалар барысын қалпына келтіру мүмкіндігіне ие болды. Оған қоса, FIX Market Data дереккорын іске қосу нәтижесінде KASE интернет-сайтында NEXT платформасындағы сауда жүйесінен саудалар трансляциясы қол жетімді болды.

## ЗАНДАРДЫ ӨЗГЕРТЕ ОТЫРЫП

Биржаның 2013–2015 жылдардағы жұмысының елеулі бөлігі барлық өткін жылдардағыдан, профильді зандарды жетілдірумен байланысты болды. Қаржылық инфрақұрылымның қақ жүргегінен орын ала отырып, де-факто эмитент компаниялардың және инвесторлардың, мемлекет пен кәсіпкөйлар қоғамдастырының арасындағы байланыстыруши тізбегі болып табылып, KASE қор нарығының іс жүзіндегі экономиканы дамытуға қатысуына кедергі болатын барлық «тар жерлерді» айқын көріп отырды.

2013 жылы биржа бағалы қағаздардың нарығын дамыту бойынша барлық ұсыныстарын үкіметке және Ұлттық Банкке консолидациялады. Жиынтық құжат индустрiadы-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламаларының және бағалы қағаздардың ұлттық нарығының өзара байланысына қатысты концептуалды әдістермен және листингті реформалaudан бастап, нарықтың жеке секторларының қызметі мен реттелуінің техникалық аспектілеріне дейінгі барынша нақты ұсыныстармен байланысты 22 мәселені қамтыды.

Атап айтқанда, іс жүзіндегі сектордың өздерінің инвестициялық жобалары аясында мемлекеттік материалды қолдауды (мысалы, капиталдарына инвестициялар, мақсатты қаржыландыру, мемлекеттік тапсырыстар, сыйлықақы мөлшерлемелерін субсидиялау, коммуналды және инфрақұрылымдық, қызметтер көрсету арқылы) көздел отырган барлық компаниялары ұлттық қор биржасындағы өздерінің қарыздық және үлестік бағалы қағаздарының лимстингі және IPO өткізу бойынша міндеттемелерді жүктенетін болады деп болжанған.

Өз кезегінде, мемлекет қор нарығының субъектілері үшін көзделген салықтық женілдіктерді іс жүзінде қоғамдық компаниялармен шығарылған бағалы қағаздарда шоғырлануды қөздей алатын еді. Сонымен қатар – толқы қан-

ды IPO өткізіп қойған эмитенттер үшін корпоративті табыс салығы бойынша жеңілдіктер қолдана алатын еді. Бұндай әдіс, бір жағынан, KASE биржасында ақпаратты ашу жүйелерінің арқасында мемлекет қатысуымен инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың барынша ақпараттық «ашықтығы» мен бақылауын қамтамасыз етеді. Ал екінші жағынан – оларды аяқтағаннан кейін мемлекеттің толық өлшемді SPO арқылы сондай жобалардан дұрыс «шығу» мүмкіндіктерін тудырады.

Биржадағы қәсіпкерлікті мемлекет тарапынан қолдау аясында маңызды шарт болып банктік несиелендіру құралдары мен қарыздық биржальық құралдар үшін тең бәсекелестік жағдайларын жасау табылады деп саналған. Осыған байланысты 2015 жылы KASE корпоративтік облигациялар бойынша купонды мөлшерлемен субсидиялау және олар бойынша негізгі қарызды қепілдендіру механизмін енгізу бастамасы жөнінде мәлімдеді. Кейінірек, заңдарға сәйкес өзгертулер енгізілгеннен және «Даму» қорымен бірлесе отырып іс жүзінде жүзеге асыру механизмін нақтылап алғаннан кейін, мемлекеттің облигациялық қарыздар бойынша кепілдіктері бірден инвесторлардың құқықтарын қорғау шарасы мен бизнес үшін қор жинау құнын төмендету факторына айналды.

Заңдарды дамыту саласында KASE әрдайым мемлекеттік даму институтарымен, реттеуешілермен, қоғамдық және қәсіпқой қауымдастықтармен, халықаралық сарапшылармен белсенді іскерлесіп отырды. Мысалы, Қазақстанда корпоративтік басқарудың озық стандарттарын енгізу аясында биржа Еуропа қайта құру даму банкінің SJ BERWIN LLP «Қазақстан: шолу және корпоративтік басқару саласындағы заңдар реформасы» атаулы жобасына белсене ат салысты. Жоба қазақстандық компанияларға біртіндеп халықаралық корпоративтік тәжірибелерге көшуде көмектесуді және қолдау көрсетуді көзделген. Оған қоса, жобаны сәтті жүзеге асыру үлттық қор нарығының бұрыннан да ашық әрі тұрақты болуына септігін тигізді.

2015 жылы KASE бастамасымен бағалы қағаздардың нарығын дамыту бойынша мәселелердің кең спектрін талқылау үшін «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ жаңындағы Жұмыс және Техникалық комитеттері құрылды. Ол аландарда қалыптастырылған ұсыныстардың көбі кейін бағдарламалық құжаттар мен мемлекеттік органдардың НҚА негізін қалады.

Елеулі синергетикалық әсерді KASE, ҚҚА және «Атамекен» ҰКП бірлескен жұмысы берді.

««Атамекен» ҰКП 16 профильді Комитеттерінің бірі – Үміт Шаяхметова басқарған Қаржылық сектор Комитеті. Комитеттің жұмыс органы болып Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы табылады. Сондықтан барлық сараптаманы, нарық бастамаларын, Үкіметпен, Ұлттық Банкпен, Парламентпен және сарапшылар қауымдастырымен талқылауды біз осы екі үнемі жұмыс істейтін алаң – ҰКП Комитеті ҚҚА арқылы жүзеге асыра аламыз» – дер осы жүйенің жұмысын «Атамекен» Ұлттық Қәспкерлер Палатасы Басқармасы Төрағасының орынбасары **Юлия Якупбаева** туисіндірді»<sup>21</sup>.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА ҮМТЫЛЫСТА

2013 жылы KASE қазақстандық сауда алаңы қызметтінің негізгі аспектілерінің халықаралық стандарттарына озық әлемдік тәжірибеге сәйкестігін растайтын Бүкіләлемдік биржалар федерациясының (WFE) толық мүшесі мәртебесінен ие болды. Себебі саудаларды үйымдастыруышысының WFE мүшелігі әдette реттеушілермен, инвесторлар қауымдастырылған және ірі инвестициялық компаниялармен сондай үйымдастыруыш қызмет ететін нарықтарға шығу үшін міндетті шарт ретінде қарастырылады.

KASE тұнғыш рет WFE федерациясына корреспондент мүше ретінде 1997 жылы қосылып, 2008 жылы аффилииленген мүше (аффилииленген нарық) мәртебесін иеленді. Сол мезеттен бастап биржаның негізгі міндеттерінің бірі болып оларды WFE толық мүшелеріне қойылатын талаптарға сәйкестікке келтіру мақсатымен өзінің процедураларын, механизмдерін және сервистерін жетілдіру табылған.

Бес жыл үздіксіз жетілдіру нәтижесі 2013 жылдың қыркүйегінде сәйкестік жөніндегі қорытындыны әзірлеу үшін WFE өткізілген KASE қызметтің тексеруі аясында шетелдік сарапшылардың оң нәтижелеріне ие болды. WFE тексеруші делегациясының құрамында биржаға Стамбул, Шанхай биржаларының және Корея биржасының өкілдері WFE CEO (bastылауазымды тұлғасы) Хусейн Еркан келіп кетті. Және Қазақстандық қоровая биржа ол сынақтан сүрінбей өтті.

2013 жылдың 29 қазанында Мехико қ. өткізілген WFE 53-Бас ассамблеясының отырыснда KASE WFE федерациясындағы толық мүшелігін мақұлдау жөніндегі шешім қабылданды. Бұл оқиға биржа тарихының соңғы жылдарындағы KASE биржасының ғаламдық биржалық инфрақұрылымының ажырамас бөлігі және әлемдік қаржылық қауымдастықта толық мүшесі ретінде танылуын білдіретін ең айтулы оқиғалардың бірі болып табылады.

Озық әлемдік тәжірибелерге қол жеткізу жолындағы келесі меже болып KASE Біріккен Үлттық Үйимының тұрақты биржалар үшін бастамасына (Sustainable Stock Exchanges Initiative, SSE) қосылған 2015 жылдың 24 қыркүйегі табылады. SSE Бастамасы Біріккен Үлттық Үйимының Бас Хатшысы Пан Ги Мунмен 2009 жылы құрылған және өзінде биржалар тұрақты даму мүмкіндітерін және бүгінгі таңда капитал нарықтарында кездесетін мәселелерді талқылай алатын ғаламдық алаң болып табылады. Бір сөзben айтқанда, SSE бастамасына қосылып, биржа листингтік компаниялар, нарықтың кәсіпқой қатысуышылары және инвесторлар арасында экология, әлеуметтік сала және корпоративтік басқару саласындағы ақпараттың ашылу дәңгейін арттыру және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестік боййынша міндеттемелерді ерікті түрде жүктенді.

Алда көзделген жаңа мақсат – мәртебені Frontier деңгейінен Emerging Markets (Дамушы нарықтар) деңгейіне дейін өсіру. Қазақстанның халықаралық рейтингтік агенттіктердің жіктеулеріндегі алатын орнын сенімді биржалық инфрақұрылымды дамыту арқасында әрі қарай жақсарту клиенттер пульын кеңейтіп, нәтижесінде саудаланатын құралдардың өтімділігін арттыру мүмкіндігін береді.

## Жаңа құралдар...

2016–2018 жылдары ерекшелігі болып мәлшерлемелердің асырма волатильдігі және айырбастау бағамының өзгеруі табылған нарықтың конъюнктурасына жауап қайтарудағы ерекшелігі болып 2016 жылы KASE биржасының жаңа өнімді – «Коммерциялық облигацияларды» әзірлеп, іске қосу табылады. Бұл құралдың стандарттары облигациялардан ерекшелігі болып тіркеу мен листингтің жеңілдетілген және жылдамдатылған процедурасы, айналымының қысқа мерзімі және азайтылған листингтік альяндар табылады. Ондай қарызы қағаздары листингтік компанияларға айналым қаражаттарын толықтыру үшін қаржыландауды жедел турде тартып, инвесторларға айналымының қысқа мерзімі арқасында тәуекелдерді азайту мүмкіндігін берді. Енгізу мезетінен бастап бұл құралды он эмитент пайдаланды. Листинг процедурасынан он екі шығарылым өтіп, қарыздану көлемі 22,6 млрд тенгені, ал орналастыру барысындағы табыстылық жылдық 11,00%–14,88% ауқымында өзгеріп отырды. Коммерциялық облигациялар енді екіншілікті нарықта да саудалануда. Олармен жүзеге асырылған мәмілелердің жалпы көлемі енгізу мезетінен бастап 2018 жылдың қазанына дейін 11,1 млрд Тенгени құрады.

Қор нарығының және KASE Индексінің акцияларының саудалауының белсенділігінің артуы биржа тарихындағы жаңа оқиғаға әкеп соқты. KASE Индексінде Ирландия заңнамасына сайкес іске қосылған алғашқы биржалық инвестициялық қор іске қосылды. 2018 жылдың 16 қазанында Мәскеу биржасының алаңында KASE Индексіндегі FinEx Investment Management LLP басқаруындағы биржалық инвестициялық қордың (Exchange Traded Fund, ETF) листингі жузеге асырылып, акцияларын саудалаудың ресми ашылуы өтті. «Фридом Финанс» АҚ, Қазақстан және қажетті брокерлік құрлылым бойынша сараптамасын баяндады. FinEx Investment Management LLP индекстік қор провайдері ретінде әрекет өтіп, оның қызметін қамтамасыз етті және экожүйенің барлық қажетті тараптарының арасындағы іскерлесуді үйімдостырды, ал KASE индекс провайдері ретінде күн сайын FinEx Investment Management LLP компаниясын қажетті деректермен қамтамасыз өтіп отырды.

Саудаларды ашу мезетінде «Фридом Финанс» АҚ бас директоры **Тимур Турлов** осы өнімнің іске қослуы жөніндегі өз пікірін білдірді: «Бұл қазақстандық нарықтың активтеріне тарихтағы алғашқы ETF болып табылады. Мен құралдың инвесторлардың көн ауқымында сұранысқа ие болатын-дығына сенемін. Үш жыл барысында KASE қор биржасының индексі дамушы нарықтар арасында озық нәтижелерді көрсете отырып, 2,5 есе артты. Біздің бағалаудыңмызша, KASE Индексінің ағымды деңгейлерден әрі қарай өсуінің әлеуеті 28% асады. Қазақстанның қор биржасында саудалап отырган институционалды инвесторлар индексті қоржынды қалыптастырудың оңай әдісіне ие болады. Ал болашақта жергілікті қазақстандық қағаздар бойынша тәуекелдерді жайлы хедждеу жағдайларын қалыптастыру жоспарлануда. Құрал өтімділігін маркет-мейкер қамтамасыз етеді. KASE Индексінде ETF пайда болу мезетінен бастап Қазақстан акциялары нарығының танымалдылығы мен қол жетімділігі арта түсіп, Мәскеу биржасының алаңы, мениң ойымша, оның құралдарын насиҳаттау үшін онтайлы болып табылады».<sup>5</sup>


KASE Индексіндегі ETF рубльдермен саудаланады және қазақстандық тенгедегі акциялардың құнына байланған. 2018 жылдың аяғына дейін өзінің алаңында осы ETF листингін өткізіп, оның акцияларын тенгеге сауалауды ашуды жоспарлауда.

## ...және нарық қатысушылары үшін жаңа мүмкіндіктер

2016 жылы KASE брокерлік үйімдарға – KASE мүшелеріне биржалық валюта нарығына тікелей қатына мүмкіндігін беру бойынша жобаны бастады. 2017 жыл барысында Ұлттық Банкпен бірлесе отырып өзіне сәйкес брокерлік үйімдарға осы нарыққа қатынау мүмкіндігін беруді екі сатыда жүзеге асыру болжанатын жоспар әзірленді. Бірінші кезең барысында брокерлер саудаларға 100 мың тенгеден аспайтын күнделікті нетто-позициямен тек жеке тұлғаларға қызмет көрсетумен шектей отырып толық алдын ала жеткізу және/немесе сатылып алынатын шетелдік валюта үшін төлеу режимінде қатыса алды. 2017 жылды екінші жартысында Ұлттық Банктің сәйкес нормативтік-құқықтық актілеріне және биржа ережелеріне сәйкес өзгертулер әзірленіп, брокерлік үйімдардың валюта нарығына техникалық түрғыдан шығу бойынша жұмыстар басталды. Бұл дайындық процедуралары, соның ішінде нормативтік құжаттарды қабылдау 2018 жылдың бірінші жартысында аяқталды.

Қазақстан Республикасының 2018 жылдың 2 шілдесіндегі № 166-VI<sup>6</sup> «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңымен брокердің және (немесе) дилердің жеке

### 2017–2018 ЖЫЛДАРДАҒЫ НАРЫҚТАҚ ОРНАЛАСТЫРУ\*



\* Қазақстан Республикасы банк секторының қаржы орындылығын артыру бағдарламасы аясында жүргізілетін орналастыруды есепке алмағанда

тұлғалардың жеке банк шоттарын ашу және жүргізу; аударым операциялары; банк қарыздары операциялары; қолма қол шетелдік валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастырудан өзге шетелдік валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыру сияқты жеке банк операцияларын жүзеге асыру құқытрын көнектеттің нормалар енгізілді.

Брокерлер мен олардың клиенттерінің валюталық нарықтағы саудаларға қол жеткізуін қамтамасыз етудің негізгі мақсаты болып саудаларға қатысушылардың санын арттыру және брокерлер мен олардың клиенттерінің бағалы қағаздар нарығында операцияларды жүзеге асыру барысында валюталарын айырбастау процедураларын жөнделдү табылады.

Шетелдік валюталарда саудалау барысындағы сервис деңгейін арттыра отырып, 2018 жылдың 7 қыркүйегінен бастап KASE биржасында АҚШ долларында есептесе отырып, еврооблигацияларды саудалау іске қосылды. Бұл жобаның мақсаты – саудаларға және шетелдік валютада шығарылған қарыздық бағалы қағаздармен есептесуге айырбастаудың қосымша процедураларын орындаусыз катынауды қамтамасыз ету. Осының арқасында шетелдік валютада шығарылған листингтік қарызы бағалы қағаздар, енді KASE биржасында қазақстандық тенгеде есептесе отырып T+0 схемасы бойынша және АҚШ долларында T+2 схемасы бойынша есептесе отырып саудалануда.

Нарықтың кәсіпкөй қатысушыларының елеулі қызығушылығы салдарынан шетелдік валюталар және валюталық своп операциялары нарығындағы құралдар топамасы елеулі түрде көндейді: 2017–2018 жылодар барысында T+1 және T+2 есептесу схемасы бойынша Қытай Халық Республикасының юаны және Ресей рублі бойынша саудалар іске қосылды; 2018 жылдың сәуірінде CNY/KZT және RUB/KZT валюталық жұптар бойынша валюталық своп операциялары ашылды.

KASE жуық ардағы жоспарларында орындалу мерзімі үш және одан көп айлы своп-операциялар (ұзақ своптар). Бұл жағдайда ашық позицияларды ішінәра қамтамасыз ететін заманауи тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалану жоспарлануда.

## Жақсы биржа – айқын биржа

Соңғы жылдары KASE ақпараттық өнімдерінің топтамасын белсененді көнектіді жағластыруда. 2017 жылы биржа әрі қарай таратуызы ішкі жүйелерде пайдалану үшін ішінәра мәлшерлемелер сервисін іске қости. Бұл биржалар клиенттерге жеке өнімдерін, мысалы, индекс сияқты жеке өнімдерін өндіру барысында пайдалану құқығымен пайдалану құқығы бар сериялық өнім ретінде ұсыныла бастады. «ИРБИС» ҚНАА жабылуына байланысты KASE IRIS Finance ақпараттық терминалын қолдап, жетілдіруді бастады, ал KASE жаналықтары жеке өнім ретінде рәсімделді. Telegram қосымша бағдарламасында заманауи @KASEInfoBot ақпараттық арнасы іске қосылды.

@KASEInfoBot KASE биржасының мобильді мессенджер арқылы таратыла-тын тұнғыш өнісіне айналды («ИРБИС» ҚНАА 2013 жылдың соңында іске қосылған

және 2018 жылдың мамырынан бастап жұмыс ісегемейтін IRISMobile есепке алмасақ). Айта кететін бір жайт, бұл өнім сұранысқа ие болды – 2018 жылдың 10 айының нәтижелері бойынша KASE ботына жазушылар саны 3 000 адамға жеткен.

Стратегияны жүзеге асыру, қаржылық нарықтардың жұмысы жөніндегі қаржылық сауаттылықты арттыру және қор нарығын насиҳаттау аясында KASE БАҚ және өзгедей қол жетімді байланыс арналары арқылы талдау материалдарын және биржа нарығының жұмысы жөніндегі ақпараты беруді жаңартты. Биржаның ақпараттық құралдарының құрамына БАҚ беттеріндегі ресми мәлімдемелер, пікірлер және жеке жауаптарға жауаптар, ақпараттық-түсіндіру материалдарын шығару, биржалық нарықты колдау материалдарын, шараларын, соның ішінде әлеуметтік желілерде жариялау жатады. БАҚ байланысудың жаңа арнасына KASE тоқсан сайын өткізумен қатар орын алған ай сайынғы және кезектен тыс медиабрифингтері айналды.

2017 жылдың сәуірінен бастап, KASE қолдауымен биржа талдаушыларымен жүргізілетін және биржалық саудалардың нәтижелері, қаржылық нарықтағы ахуал, KASE жобалары және жалпы қазақстандық қор нарығы сипатталатын бағдарламаларды жүргізу іске қосылды. KASE әфірі үш циклмен танытылған: үнделікті «В курсе», «Еженедельник KASE» құнделікті телебағдарламалары және «Фондоый рынок. Статус PRO» бағдарламасы.

## Сервистер мен технологиялар – негіз қалаушылар

Акциялар өтімділігін және өз нарығының шетелдік инвесторлар үшін тарымдылығын арттыру бойынша жұмысты атқара отырып, 2016–2017 жылдары KASE барынша өтімді (өтімділіктің бірінші класындағы) акцияларды нетто-клирингі және бірыңғай қамтамасыз ету жүйесі бойынша қамтамасыз ету бар T+2 есептесулер жүйесіне ауыстырыды, бұл жағдайда қатысуышылар позицияны ішінана қамтамасыз ету ретінде ақшамен қатар клирингтік қызмет көрсету жүйесіне қосылған басқа атаудағы акциялады пайдалана алады. Бұл жағдайда саудаларға қатысуышылардың қоржыны биржамен белгіленетін сәйкес дисконттар мен концентрациялау шектерін ескере отырып бағаланады.

Валюталық нарықтағы тәуекелдерді басқару мақсаттарына 2017 жылдың бірінші жарты жылдығында тәуекелдерді басқару және дефолттарды шешу процедураларын реттейтін ішкі нормативтік база қабылданды. ҚРҰБ биржага дефолтты оралымды түрде шешу үшін қажетті қаражатты тарту мүмкіндігін бере отырып өтімділік провайдері ретінде әрекет ет үқүқығына ие болатын KASE және Ұлттық Банктің дефолттарды ретеу бөлігіндегі іскерлесу тәртібі анықталды. 2017 жылдың 9 ақпанынан бастап биржаның жеке банктердің төлем қабілеттілігінің төмендеуіне жауабы ретінде валюталық нарықта тәуекелдерді басқару жүйесінің жаңа элементі – кепілдік жарнасына орай қатысуышының позициясын ашу лимиті қолданысқа қабылданды.

Дегенмен, KASE бұнымен шектелmedі. Биржалық есептесулердің көп жақтылығын, биржа мүшелері мен олардың клиенттерінің ақшасының ірі сомаларымен жұмыс істеуді ескере отырып, KASE міндепті болып тәуекелдерді басқа-

ру жүйесін дер кезінде қолдану және нәтижесінде қатысушыларға нарыққа жұмсалатын қаржаттарды тиімді пайдалану бойынша қызметтерді қөрсету қызмет көрсету есебінен қызметтер көрсетілетін нарықтардағы тұрақтылықты қамтамасыз ету табылатын Орталық контрагент (ОК) институтын енгізді. 2012 жылдан бастап биржа мерзімді нарықтағы ОК қызметтерін атқарады, ал 2018 жылдың 1 қазанынан бастап бұл қызметтерді ең ірі биржалық нарықта – шетелдік валюталар нарығында орындауды бастады. Кейіннен ОК қызметтерін өзге биржа нарықтарында – қор және ақша нарықтарында енгізу жоспарланып отыр. Нарықтың әр қатысушысы үшін мәміле тарарап бола отырып, биржа ОК ретінде олардың орындалуын кепілдейді. ОК қызметтерін енгізу биржа нарығының барлық сегменттерінің сенімділігі мен өтімділігінің артуына септігін тигізеді.

Қазақстан қаржы нарығының динамикалы реформалануының мақсаты болып оның бәсекелестік қабілеттерін арттыру және инфрақұрылымды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру табылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің 2018 жылдың қарашасында Бағалы қағаздар бойынша Халықаралық комиссиялар үйіммен (IOSCO) қол қойылған кеңесу, іскерлесу және ақпарат алмасы жөніндегі жан жақты Меморандум аясында биржа Қаржы нарығының инфрақұрылымдарының ұстанымдарына (ҚНИҰ)<sup>7</sup> сәйкестігіне жыл сайынғы өзін өзі бағалауды енгізуі жоспарлап отыр.

## Стратегиялық серіктесті таңдау

KASE үшін тарихи оқиға болып Мәскеу Биржасы (MOEX) танытуындағы стратегиялық әріптесті табуы табылды. 2018 жылдың 10 қазанында қол қойылған Стратегиялық әріптестік жөніндегі Келісім мен бірқатар үйлеспе құжаттар МОEX саудалық-клирингтік жүйлерін алуды, барлық биржалық нарықтарда Орталық контрагентті іске қосуды және MOEX 2019 жылдың айғына дейін KASE жарғылық капиталының 20% дейін иемденуді қөздейді.

Екі биржаның іскерлесунің негізгі мақсаты болып инвесторлардың және саудаларға қатысушылардың Қазақстан және Ресей нарықтарына бірыңғай технологиялық платформа негізінде қатынауын қамтамасыз ету; орталық контрагент институтын пайдалана отырып инфрақұрылым сенімділігін арттыру және нарықтық тәуекелдерді азайту; KASE биржасының көпшілік нарыққа шығуна қолдау қөрсету және KASE акцияларын бастапқы орналасуын жүзеге асыру базында Мәскеу биржасының тәжіриюесін пайдалану табылады.

Мәскеу биржасының саудалық-клирингтік технологияларын пайдалану KASE бизнесінің негізгі бәсекелестік артықшылығын – әмбебаптығын арттыру мүмкіндігін береді. Қаржы, ақша, валюта және мерзімді нарықтардағы сауда және клирингтік жүйелерді кезеңді түрде жетілдіру жаңа сауда құралдарын және есептеу циклдерін енгізу мүмкіндігін беріп, АТ-инфрақұрылымының сенімділігін арттырады, операциялық тәуекелдерді азайтып, жоғары жиілікті сауда үшін жаңа мүмкіндіктер береді. KASE аландарында жұмыс істеу барысындағы транзакциялық шығындарды оңтайландырады және жаңа қатысушылар мен инвесторларды тарту мүмкіндігін береді.

\* \* \*

KASE 2016–2018 жылдары реттеуешінің, ҚБА және кәсіпқой қатысуышылардың белсенді қолдауымен жүзеге асырылған жобалары қор нарығының дамуына жаңа түрткі болды. Бұл жағдайда өсіресе құнды болып бұл түрткінің және дамудың барынша нақты даму желісінің заңнамалық нормалар мен концепциялардаған қөрініс тауып қоймай, биржа нарығына қатысуышылармен күнделікті саудада шын мәнісінде сезілетіндігінде табылады.

Озінің жиырма жылдық мерей тойының қарсаында KASE командасы қоршаган ортаның зымырай өзгеріп отыргандығын ерекше сезінуде. Бүгінгі таң трендтері биржаның өзін бизнес әдістері мен құрылымын қайта қарастыруға, жаңа жобалар мен технологияларға итермелуеде, ал оның әлеуетті клиенттерін инвестициялау әдістерін өзгертуге мәжбүрлеуде. Саудалардың үйымдастырушысы ретінде KASE инфрақұрымында қалыптастырып, сауда аландарының ережелерін белгілеп, осылайша нарықтың ағымды конъюнктурасына сәйкес олардың арасындағы элементтер мен байланыстардың белгілі бір жүйесін қалыптастыруға ниетті. Және де, бұл тек мүмкіндік қана емес, орасан зор жауапкершілік. KASE үшін негізгі басымдылық – Қазақстан экономикасының компаниялары үшін қаржыландырудың іс жүзіндегі механизмдерін, ал инвесторлар үшін – капиталды басқару мен ұлғайтудың сапалы және ынғайлы құралдарын қамтамасыз ету.

Капиталдың өтімді нарығына қызмет көрсететін, қаржылық шығындар тара-пынан қаржы нарығының барлық қатысуышыларына қол жетімді, заманауи жылдам сауда-клирингтік жүйелерін және ынғайлы цифров құрылымдарды пайдаланатын биржа алаңы – Қазақстан Қор биржасының елестетені өзінің болашағы. Және бұл болашақ оны өзінің барлық клиенттерімен және әріптестерімен бөлісуге әзір.



«Қазақстан қор биржасы» АҚ және  
«Мәскеу биржасы» ЖАҚ арасындағы  
стратегиялық ынтымақтастық  
туралы келісімге қол қою, 2018 жыл



Қазақстан қаржыгерлерінің VIII  
Конгресі аясында өткен биржалық  
қазақстандық форум, 2018 жылдың  
қараша айы



KASE



8-тарау

# ЖАҢҒЫРТУ КЕЗЕҢІНДЕ

ПАНДЕМИЯ – ЖАҢА ШЫНАЙЫЛЫҚ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІКТІҢ ЖЕМІСТЕРІ

РЕФОРМАЛАР ҮМЫРасы

ТҮРАҚТЫ ДАМУ – ЖАЙ ҒАНА СӨЗ ЕМЕС

8-тарау.

## ЖАҢҒЫРТУ КЕЗЕҢІНДЕ

2019–2021 жылдар аралығындағы кезең KASE үшін технологиялық жаңғырту және биржаның Қазақстан қор нарығына қатысушыларға ұсынатын қызметтер шоғырын сапа жағынан көнегіту желеуімен өтті. KASE өз тарихының 25 жылдық межесінен аттағаннан кейін қабылдаған жаңа даму стратегиясының негізгі бағыттарына дәл осы міндеттер енді. Алғашқыда бұл стратегия дағдарыстан кейінгі даму кезеңінде болған қаржы индустриясының мүмкіндіктерінен және қажеттіліктерінен туындаған болса, жаһандық экономикалық шындықты өзгерткен пандемия соққысы оны жузеге асыру жолында аса бірегей сын-қатерлер тудырды.

### ПАНДЕМИЯ – ЖАҢА ШЫНАЙЫЛЫҚ


#### Дауыл алдындағы тыныштық

2019 жылдың басында Қазақстан экономикасы 2015-2016 жылғы құлдыраудан кейін қайта өрлеу кезеңін аяқтады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ мұнай өндірісінің артуы мен әлемдік энергия қоры нарығындағы салыстырмалы түрде қалыпты баға конъюнктурасының арқасында 4,1 %-ға артты. Қазақстанның шоғырландырылған бюджеті 2015 жылдан бастап алғаш рет 2017 жылмен салыстырғанда банк жүйесін сауықтырудың мемлекеттік шығынын тәмемдегітіп, экономиканы дамыту аясындағы профицитпен атқарылды. Кредит белсенділігін жандандыру жағдайында тұтынушылық сұраныс пен инвестициялар көлемі артты.


2018 жылдың қорытындысы бойынша жылдығы 5,3 % деңгейіндегі инфляция ҚРҰБ белгілеген мақсатты аралық, шегінде болды (5-7 %), ал базалық мөлшерлеме бір жыл бойына 9 % бер 9,75 % аралығында ауытқып отырды. Осының барлығы алдыңғы жылдары реттеуші әзірлеген ақша-несие саясаты бағамының 2019 жылы инфляцияны 4-6 % аралығында ұстап тұрып, кейиннен 2-4 %-ға тәмемдегүе мүмкіндік беретінін білдірді.

Талдаушылардың болжамы бойынша жақын жылдары біздің экономикамыз үшін басты тәуекелдер Ресей, Қытай және Еуропа одағы сияқты сауда-саттық әріптестері болып табылатын негізгі елдердің экономика өсімінің күтілген деңгейден де тәмен баяулау Қазақстан экспорттының шикізат тауарларына деген баға мен сыртқы сұраныстан туындауы мүмкін.

### 2019–2021 ЖЫЛДАРҒА ЖІӨ ӨСІМІНІҢ БОЛЖАМЫ



### 2019–2022 ЖЫЛДАРҒА ИНФЛЯЦИЯ ӨСІМІНІҢ БОЛЖАМЫ




Халықаралық қор нарықтары 2018 жылды АҚШ үкіметі жариялаған лоқдаун, АҚШ пен Қытайдың созылып кеткен сауда-саттық текетіресі, мұнай бағасының бір баррельге \$52-ға дейін төмендеуі, көптеген агенттіктердің әлемдік экономика өсімінің қарқыны баяулайды деген болжамдары салдарынан соңғы жылдарғы ең нашар өсім көрсеткішімен аяқтады.

Бірақ, сыртқы экономикалық жағдайлардың құбылып отырғанына қарамастан, Қазакстан қор нарығы 2019 жылғы он динамикамен дамыды. Бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі 8,5 %-ға артып, 5,3 трлн теңгені құрады. Негізгі мөлшерлеменің тұрақтылығы акша нарығы мөлшерлемелерінен көрініс тапты және Қаржы министрлігінің қарыз алу көлемін қалпына келтіруге, сонымен қатар халықаралық қаржы үйимдарының келбетіндегі жаңа қарыз алушылардың пайда болуына алып келді. Корпоративтік облигациялар нарығында орналастыру көлемі 2 трлн теңгеге тығыз жаңасты, ал биржа арқылы тартылған қаржаттың жалпы көлемі 3,9 трлн теңгелік рекордтық белгіге жетті.

Акциялар нарығындағы капиталдандыру көрсеткіші 17,2 трлн теңгеге дейін артты. KASE реңсі тізіміне 16 шетелдік компанияның енүі үlestік бағалы қағаздар сегменті үшін 2019 жылғы есте қаларлық оқиға болды: Apple Inc., Facebook Inc., Microsoft Corporation, Starbucks Corporation, Ford Motor Company, Intel Corporation, The Coca-Cola Company, Nike Inc., Pfizer Inc., Tesla Inc., Yandex N.V., Tiffany&Co., ExxonMobil Corporation, «Норильский никель» ТКМК» КАҚ, «ЛУКОЙЛ» КАҚ және «Новолипецк металлургия комбинаты» КАҚ,

### АЙНАЛЫМДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК БОРЫШТЫҢ НОМИНАЛДЫ ҚҰНЫ



Құбылмалықтың азаюы салдарынан валюта нарығындағы және валюталық своппен жүргізілетін операциялар сегментіндегі сауда-саттық көлемі төмендеді. Дегенмен, Қазақстан Республикасының негізгі сауда-саттық әріптестерінің валюта жүптары бойынша биржамен шектелетін тікелей айырбастау операциялары нарығы өтө қарқынды өсті.

Тәуелсіз орган – Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігін (ҚНРДА) құру туралы шешім реттеушілік орта тұрғысынан айрықша оқиға болды. Ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сәйкес заңға 2019 жылдың 11 қарашасында қол қойды. Қор нарығын қоса алғанда, қаржы секторын қадағалау Агенттіктің жауапкершілігіне енген болса, ал Ұлттық банк 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап ақша-несие саясатына және үкіметпен ынтымақтастыққа ден қойды.

«Қаржы секторының осы даму сатысында қаржы саласын дамыту мен реттеу жөніндегі міндетті жеке мемлекеттік органға табыстау туралы сұрақ аса маңызды болды. Бізге қаржы институттарының тұрақтылығын арттыру мен сауықтыру, экономиканы қаржыландырудың сектордың рөлін арттыру шараларын қабылдау сұрақтарын шешу керек еді. Қаржы қызметтерін әрі қарай цифрландыру, тұтынушыларды қорғау, қаржылық сауаттылығын арттыру туралы сұрақ аса өзекті болды» – деп еске алды **Мадина Әбілқасымова**, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Төрайымы.<sup>1</sup>

## «Қара ақыу» COVID-19

2020 жылдың басындағы жағдай күрделі сілкіністің нышанын мензеген де жоқ еді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша инфляция 5,4 % деңгейінде қалыптасты, ал ЖІӨ өсімі 4,5 % құрады. ҚРҰБ ұлттық валютаның еркін құбылмалы айырбастау бағамы тәртіптемесін ұстануын жалғастырды – оның құбылуы бір АҚШ доллары үшін 373,56–390,13 теңге аралығында еді. Активтер сапасының тексеруінен (AQR) сәтті өткен банктердің экономиканы кредиттізу көлемі 5,9 %-дан бастап 13,9 трлн теңгеге дейін артты. Әлемдік, оның ішінде қазақстандық қор нарықтары АҚШ пен Қытайдың өзара сауда-саттық қатынастары туралы жаңалықтарды қадағалай отырып және жылдық есептіліктер маусымын күте отырып, бірқалыпты өсіп отырды.

Дегенмен, 2020 жылдың ақпан айының соңына қарай көп елде локдаун мен карантин шараларының енгізілуімен байланысты тізбектелген экономика салаларының тоқтап калуы салдарынан короновирус дүрбелеңі қанат жайып, наурыз айының ортасында өзінің шыңырау шыңына жетті.


Ресей мен Сауд Арабиясы арасындағы келіспеушілікке және ОПЕК+ жаңа мәміле талаптары туралы келісе алмауына байланысты мұнай бағасы бірнеше күн ішінде \$50-дан \$19,33-ға күрт құлап, нәтижесінде USDKZT бағамы бір дол-

лар үшін 380 теңгеден 450 теңгеге бірак ұшты. Ұлттық Банк бұл өсімді үстап қа-  
луға әрекеттene отырып, базалық мөлшерлемені 12 %-ға арттырды. 16 наурыз-  
дан бастап Қазақстанда төтенше жағдай енгізілді. Елге кіруге де, елден шығуға  
да шектеу қойылды, елдің барлық аймағында карантин немесе басқа да шектеу  
шаралары енгізіліп, бизнес, сауда, мәдениет нысандарының және жаппай адам  
жиналатын басқа да орындардың қызметі уақытша тоқтатылды.

Сәуір айына қарай көптеген елдердің үкіметтері мөлшерлемені біртін-  
деп төмендетуге және тенденс жоқ қолдау пакеттерін өрістетуге көшті. Қа-  
закстанда ЖІӨ-ге қатысты ынталандыруши іс-шаралар үлесі бұрынғы кеңестік  
кеңістіктері ең жоғарғысы болды – 8,7 % немесе 5,9 трлн теңге. «Бизнестің жол  
картасы – 2025», «Қарапайым заттардың экономикасы», қарыз алушыларға не-  
сие төлемдері бойынша шегерім беру, «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша  
тұрғынүй-коммуналдық дамуға қаражат бөлу, халықта әлеуметтік қолдау көр-  
сету шаралары, сондай-ақ тікелей қаржылық көмек көрсету сияқты кәсіпкер-  
лікке жеңілдікпен кредит беруді көздөйтін жаңа бағдарламаларды енгізу және  
қазіргі бағдарламаларды кеңейту – қоғам мен экономикадағы қызу шиеленістің  
бетін қайтаруға мүмкіндік берді. Осы іс-шаралардың нәтижесінде 2020 жылдың  
6 сәуірінде Ұлттық Банк мөлшерлемені 12 %-дан 9,5 %-ға дейін төмендettі, ал  
21 шілдеде – 9 %-ға дейін төмендетіп, бұл жыл сонына дейін сақталды. Іс жүзін-  
де, мемлекеттік қолдау шаралары жалпы экономика үшін де, сондай-ақ атап  
айтқанда, қор нарығы үшін де пандемияның зардалттарын едәуір орталады.<sup>2</sup>

Екінші жағынан, пандемиямен құрсаған шығынының күрт өсуі Қаржы министр-  
лігінің ішкі нарықтағы анағұрлым жоғары қарыз алу деңгейіне алып келіп, бұл  
KASE-тағы мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығының өсіміне түрткі

## 2019–2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТҮТЫНУШЫЛЫҚ БАҒАЛАР ИНДЕКСІ АЛДЫҢҒЫ ЖЫЛДЫҢ СӘЙКЕС АЙЫНА ҚАТЫСТЫ



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлауда және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

болды. Инвесторлардың ЕКАМ-ға қызыгушылығын ояту үшін Қаржы министрлігі 2020 жылғы бағалы қағаздарды шығару кестесіне өзгерістер енгізе отырып, айналым мерзімі бір жылдан үш жылға дейінгі қысқа мерзімді қағаздарды шығару көлемін 45 млрд-тан 1 трлн теңгеге дейін арттырды. Ұлттық банк өз кезегінде Қаржы министрлігінің МБҚ-ғы өтімділікті бюджет тапшылығын қаржыландыруға жұмсау үшін өзінің айналым мерзімі бір жылдық ең ұзақ ноталарын шығарудан бас тартты.

Бұның нәтижесі көп күттірген жоқ – банктердің Қаржы министрлігінің «қысқа» қағаздарына қызыгушылығы оянды, өйткені олардың кірістілігі айтартықтай өсті. 2020 жылдың қорытындысы бойынша МБҚ бастапқы орналастыру секторындағы сауда-саттық көлемі 2,6 есе артты (1,4-тен 3,7 трлн теңгеге дейін). Қаржы министрлігінің МБҚ орналастыру улесі бұл көлемнің 70 %-дан астам бөлігін немесе 2,8 трлн теңгені құрайды, бұл Қазақстан нарығы үшін теңдесіз болды. Тағы да 963,2 млрд теңгени осы қаражатты тұрғынүй құрылышын қаржыландыру мақсатында мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды жүзеге ассыруға жұмсаған жергілікті атқарушы органдар тартты. Ұытталандырушы іс-шаралар бағдарламаларына белсенді қатысадын квази мемлекеттік компаниялар корпоративтік облигациялар секторындағы сауда-саттық көлемін күрт арттырды. Олардың үлесіне корпоративтік облигациялар нарығындағы жалпы нарық алу көлемінің 91,0 % тиесілі, ол 2,2 трлн теңгені құрады.

Бұл ретте KASE капиталдың қайта бөлінісінің негізгі арнасы рөлін атқара отырып, пандемия салдарынан қалыптасқан қыын жағдайдан шығуға өз үлесін қости. Каратин шектеулеріне сәйкес өз жұмысын қайта құру қажеттілігімен бетпе-бет келгеннен кейін биржа қалай болғанда да өз жүйелері мен сервистерінің барлық нарыққа қатысушыларға, оның ішінде алшактан кіру технологияларын пайдалана отырып қолжетімді болуын қамтамасыз етті.

2020 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап ОПЕК+ қатысушы мемлекеттер ұзақ талқылаулар нәтижесінде өндіру көлемін қысқарту туралы келісімге келгеннен кейін мұнай бағасы өсе бастады. Қоңтеген металл бағасы негізінен пандемиядан бірінші болып шықкан және өз экономикасын барынша қысқа мерзім ішінде қалпына келтіруге тырысқан Қытай тарарапынан сұраныстың өсуі салдарынан өзінің тарихи шынына шарықтап шыға келді. Оңтайлы сыртқы факторлар жиынтығы KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі акциялардың басым бөлігінің баға өсіміне алып келді.

Күзде сыртқы нарықтардағы инвестициялық көніл-күй жақсарып, қазан-қараша айларында ең жоғары шынына жетті. Нарықтары дамып келе жатқан көптеген елдер тұрақтылық көрсеткендіктен кәрри-трейдинг жанданды. АҚШ нарығы 10 жылдық қазынашылық облигациялар кірістілігінің өсуімен сипатталды, бұл инвесторлардың анағұрлым тәуекелді құралдарға қарай ығысқанын билдіреді. KASE үшін бұл оңтайлы ортанды құралдар – жыл қорытындысы бойынша Қазақстанның ЖІӨ 2,6 %-ға тәмендегеніне және инфляцияның 7,5 %-ға артқанына, көтерме және бөлшек сауда-саттық секторындағы құлдырауға қарамастан, KASE индексінің өсімі салыстырмалы түрде нашар болған жоқ, ол 13,2 %-ды құрады. Ал егер ол 13 %-ға тәмендеген 16 наурыздағы «шоктық» минимумнан бастап есептейтін болсақ, индекстің қалпына келуі 30,2 % құрайды. Осының барлығы 2021 жылдағы өсімінің іргелі платформасын құрды.


## «Цифрлық» онжылдыққа қарай қадам

2021 жылдың башында Қазақстан экономикасы сенімді қалпына келу динамикасын көрсетті – 9 айдың қорытындысы бойынша ЖІӨ өсімі 3,4 %-ды құрады. Бұл шикізат нарықтарындағы әлемдік бағаның өсуі (қазан айына қарай Brent маркалы мұнай бағасы 65 %-ға артып, орта есеппен бір баррельге \$69 құрады) және карантин шектеулерін жұмысарту салдарынан орын алды. Қазіргі уақытта әрекеттің дағдарысқа қарсы бағдарламалардан басқа, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың БЖЭҚ салымшылардың зейнетақы жинақтарын түргынүй жағдайын жақсартуға және емделу ақысын төлеуге мерзімінен бұрын пайдалану жөніндегі бастамасы күрделі экономикалық және әлеуметтік әсер берді. 2021 жылдың қазан айының соңына қарай бұл мүмкіндікті бір миллионнан астам қазақстандық пайдаланып, жалпы сомасы шамамен 2 трлн теңгеге етініш берген.<sup>3</sup>

Әлемдік қор нарықтарындағы жағдай туралы айтатын болсақ, олар 2021 жылға жаппай вакциналаумен, жұмысқа, ақша саясатымен және ынталандырушы шаралардың жаңа жиынтығының қабылдануымен байланысты экономикалардың ашылуы мен қайта іске қосылуына үміттene отырып кірді. Нарықтар өз тарихи максимумдарын кезекпен жаңартып отырды, бұл ретте өтімділіктің кең ауқымы кез келген төменге ауытқудың бірден өзін-өзі актауына және өсімнің жалғасуына ықпал етті.

Қазақстан нарығы да бұдан сырт қалған жоқ – KASE индексі бес ай қатаранан тарихи максимумдарды қайталап, содан соң жаз соңына қарай аз ғана төмендеді. Қыркүйек айында қайта көтеріліп, 26 қазандың өз шынына жетті, ол кезде нарық 3 765 тармақ деңгейінде жабылды. Жыл басынан бастап осы күнге

### 2019–2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ KASE ИНДЕКСІ



дейінгі өсім 40,7 %-ды құрады, бұл соңғы 20 жылдағы максималды мән болып табылады.

Бұл жетістікке жету жолында нарықтардың жалпы бұқалық көніл-күйі ғана, сонау 2020 жылы ҚНРДА бастамасымен іске қосылған брокерлік қызметтердің цифрлық трансформациясы да маңызды рөл атқарды. Брокерлер мен басқа да нарыққа қатысушылар қамтамасыз еткен цифрлық технологиялардың арқасындағы шоттар мен сауда-саттықтың ашықтығы және қолжетімділігі әртурлі инвесторлар тарарапынан нарыққа деген қызығушылықты арттыратын катализаторға айналды.

**«Маңызды тренд – нарыққа бөлшек сауда-саттық инвесторының келуі. Бізде жаңа шоттарды ашуға арналған қор ауқымы кен, өйткені бөлшек сауда-саттық сегментіндегі брокерлік бизнестің пенетрациясы үлкен емес. Мен жақын арадағы бір-екі жылда бөлшек сауда-саттық шоттарының саны кемінде 2-3 есе артады деп есептеймін. Бағалы қағаздарға инвестициялауға жеткілікті кірісі бар қазақстандықтардың саны бір миллионнан әлдекайда көп. Осының барлығы – инвесторлардың бөлшек сауда-саттық класын ауқымды дамытудың бастамасы ғана», – деп «Halyk Finance» АҚ Басқарма Төрағасы **Фархад Охонов** өз болжамымен бөліsti.<sup>4</sup>**

2021 жылдың 10 айының ішінде ғана ОД есепке алу жүйесінде жеке тұлғалар 73 мыңдан астам жаңа шот ашқан болса, бүкіл алдыңғы жылғы өсім 17 мыңды ғана құрады. Коронавирус пандемиясы жаңа технологиялардың енгізілуін жандандырды, бүкіл әлем бойынша адамдардың, оның ішінде қазақстандықтардың да цифрлық қызметтерге деген көзқарасын өзгерти.

Бұл KASE соңғы үш жылда атқарған биржаны технологиялық және IT жаңғыруға жөніндегі кең ауқымды жұмысының өзектілігі мен дер кезінде жүзеге асырылғанын раставды.

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТИКТІҢ ЖЕМІСТЕРІ

Директорлар кеңесі өз мамандарына IT-шешімдер жиынтығын зерттеуді, әлеуетті жеткізушилдерді және KASE-ң таңдал алған даму стратегиясына сәйкес жаңа жүйелерді сатып алу мен енгізу шығындарын анықтауды тапсырған сонау 2016 жылы-ақ, KASE түбебейлі технологиялық жаңа өрлеуге дайындық басталған еді. Сол кездің өзінде-ақ маркетинглік белсенділікпен және сервиске бағдарланумен қатар техникалық жаңару биржада нарығының өтімділігі мен капиталдандыруды, сонымен қатар KASE бизнесінің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы ретінде қарастырылды.

Осыған байланысты 2016–2017 жылдары KASE Millennium, Euronext, Nasdaq сияқты және тағы да басқа биржалық IT-платформалардың бірқатар белгілі жеткізушилерінен келіп түсken ұсыныстарды қарастырды. Қазақстан мен Ресей

Федерациясының биржа нарықтарының үқсастығын, сонымен қатар олардың өзара әрекеттесуінің тартымдылығын ескере отырып, Мәскеу биржасы таңдалды. МОЕХ-тің KASE сияқты валюталық және ақша нарықтарын пайдаланатын әмбебап биржа болып табылуы он аргументке айналды. МОЕХ-тің 234 критерийлері бойынша жүргізілген сауда-клиринглік жүйесінің талдаусы олардың KASE талаптарына 81 %-ға сәйкес келетінін көрсетті. Сондай-ақ, МОЕХ Орталық контрагенттің (OK) схемасы бойынша өз биржа нарықтарында тәуекелдерді басқару жүйесін табысты енгізді және KASE басшылығы да осы тәжірибелі өз аландарында тұра солай сәтті қолданамыз деп үміттенді.

2018 жылдың 10 қазанында KASE пен МОЕХ Стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойды, ал Мәскеу биржасы сауда-клиринглік жүйесіне көшу арқылы биржаның IT-модернизациясы және Орталық контрагент қызметтерінің іске қосылуы 2019 жылдың басында қабылданған 2019–2021 жылдарға KASE жаңа даму стратегиясын жүзеге асырудың негізгі мақсаттары ретінде бекітілді.<sup>5</sup>

МОЕХ жүйелеріне негізделген жаңа сауда-клиринглік технологиялардың енгізу биржалық инфрақұрылымының техникалық сенімділігін арттыруы, сауда-саттыққа қатысушылардың операциялық, тәуекелдерін тәмендетуи, сауда-саттық үшін қолжетімді қаржы құралдарының және мәмілелерді жасау тәртіптемелерінің тізімін кеңейтуі, жоғары жилікті сауда-саттықтың даму мүмкіндіктерін және шетелдік брокерлерді, сонымен қатар «екінші деңгейдегі» қатысушыларды – KASE мүшелерінің клиенттерін SMA-рұқсаттамасы (sponsored market access) арқылы тікелей қосуды қамтамасыз етуі тиіс еді.

KASE технологиялық қайта қарулануының практикалық фазасы МОЕХ-тен үш сауда-клиринглік жүйені сатып алушадан басталды: екі ASTS+ валюталық және қор биржаларына арналған, сонымен қатар туынды қаржы құралдарының нарығына арналған үшінші Spectra сауда-саттық платформасы. KASE жобалау командасы сол кезде сауда-саттық жүйелерінде қолданылатын процестерді мұқият талдап, KASE орнату үшін МОЕХ жүйелерін қосынша өндеп, дайындаудың бастапқы нұктесіне айналған техникалық тапсырманы жеткізді.

## ASTS+ қорлық...

Ең ауқымды әрі күрделі жұмыс көлемі қор нарығына арналған ASTS+ енгізу кезінде атқарылды. Ресей мен Қазақстан заңнамаларындағы ерекшелікке, қабылданған сауда-саттық, клиринг және есеп айрысу рәсімдеріндегі ерекшеліктерге байланысты Ресей нарығы мен Мәскеу биржа нарығының инфрақұрылымы Қазақстан нарығы мен KASE инфрақұрылымынан едәуір ерекшеленді. Осылайша, мысалы, Қазақстан қор нарығындағы сауда-саттық шоттары биржаның мүшесі болып табылатын брокердің әрбір клиенті бойынша құрылған, қағаз себетті репо қашан да репо нарығындағы анағұрлым қажет құралдың бірі болған, сонымен қатар мәмілелерді кастодиандардың растауы талап етілді. МОЕХ-те осының барлығы өзгеше жасалған. Қазақстанның ерек-

шелік сипаттарын ескере отырып, әзірлеушілерге жүйенің қазіргі модульдерін түрлендіруге тура келді, ал кейбір блоктар іс жүзінде нөлден бастап күрүлді.

МОЕХ үшін функционалды тапсырманы белгілеу барысында шешілетті сұраптардың кең тобы қазақстандық заңнаманы қозғады, сондықтан уәкілетті органмен бірлесе отырып, оның нормаларын жаңа сауда-саттық жүйелерінің мүмкіндіктеріне қарай бейімдеу қатар жүргізілді. Биржа командасы нарыққа қатысуышыларға бір уақытта жаңа жүйенің қалай жұмыс істейтінін үйретті.

KASE IT-мамандары ішкі жүйелерді үйлестіру, «байланыстырыш модульдерді» әзірлеу, биржаның бэк-офисін МОЕХ жүйелерімен түйістіру жөніндегі кең ауқымды жұмысты атқарды. СКЖ жаңа құрылымы Орталық депозитариймен өзара әрекеттесу сұлбасын қайта құруды және оның жүйелерін қосынша өндөуді талап етті. Олардың дайындығына қарай өз жүйелерін KASE жаңа жүйелерімен белсенді біріктірген сауда-саттық қатысуышыларын шақыра отырып, тестілеу өткізілді.

Көр нарығының барлық құралдары бойынша ОК функциясын енгізу жөніндегі кешенді әрі күрделі міндет ASTS+ іске қосуды екі кезеңге – релизге бөлуді талап етті.

Бірінші кезеңде KASE жаңа ASTS+ СКЖ күшке енгізіп, инвестициялық қорлар мен ETF акциялары, бағалы қағаздары бойынша ОК міндеттерін теңгемен есеп айырыса отырып, ал еврооблигациялар мен депозиттік қолхаттар бойынша, АҚШ долларымен есеп айырыса отырып, атқаруға кірісті. Релизді пайдаланудың «нақты» бастауы 2019 жылдың 3 желтоқсанында болды. 2020 жылдың 1 қаңтарына қарай қор нарығының жаңа СКЖ 20 биржа мүшесінің қатысуымен жалпы көлемі 30,1 млрд теңгеден асатын 8,5 мың мәміле жасалды.

2020 жылдың 3 тамызында СКЖ-ң екінші релизиңін тұсауы кесіліп, бірінші релизге енгізілмей қалған бағалы қағаздардың сауда-саттығы мен репо нарығын ASTS+ көшіруді аяқтады. Бұл мемлекеттік бағалы қағаздарды, корпоративтік облигацияларды, сонымен қатар ақша нарығының құралдарын, МБҚ мен ББҚ жекелеген бағалы қағаздарымен және қоржынымен репо операцияларын қоса алғанда, KASE қор нарығының барлық қаржылық құралдары бойынша Орталық контрагенттің қызметін атқаруына мүмкіндік берді. Қазақстанның үйымдастырылған нарығында алғаш рет бағалы қағаздарды сатып алу-сату және репо секторындағы қатысуышылардың жайғасымдар неттинг жайғасымдары енгізілді, бұл сауда-саттықты өткізгеннен кейінгі транзакциялық шығындарды елеулі түрде төмендетіп, сондай-ақ бизнес процестерді оңтайландырыды. Бұдан басқа, жаңа СКЖ-ға, есеп айырысу гресс-негізде жүзеге асырылатын, ОК-сыз мәмілелер жөніндегі сауда-саттықтар көшірілді.

Екінші релиз күнінен бастап ASTS+ арқылы қол жетімді қор нарығындағы барлық құралдың сауда-саттығының бір күндік орташа көлемі 27,6 млрд-қа, ал репо операцияларының қосқанда – 473,5 млрд теңгеге жетті. 2021 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша ASTS+ 754 түрлі бағалы қағаздардың сауда-саттығы ашық болды, сонымен қатар 208 атаудағы бағалы қағаз жартылай қамтамасыз ету талабымен Орталық контрагенттің мәмілелер жасауға рұқсат етілді.

Жобаның нәтижелеріне түсінкеме берсе отырып, ақшалай және жедел нарықтар жөніндегі басқаруышы директор, МОЕХ басқарма мүшесі **Игорь Марич** байлай деп атап өтті: «Бұғаңға таңда қор нарығының қатысуышылары биржадағы сауда-клиринглік жүйелерден жоғары өнімділікті, сенімділікті, жылдам әрекет ету мен икемділікті күтеді. Біз МОЕХ технологиялары осы талаптарға жауап береді деп есептейміз. Біз KASE жаңа сауда-клиринглік шешімге дәл бізben бірге көшуді үйгартылған макттан тұтамыз. Осы технологиялар ЕАЭО шенберіндегі бірыңғай қаржы нарығын құруға берік негіз болып табылады».<sup>6</sup>

## ... және валюталық нарықта

Қор нарығында ASTS+ енгізуді енді аяқтап жатқан KASE валюта нарығының сауда-клиринглік технологияларын жаңарту жобасын бастады. Осы сегментке 2018 жылы енгізіліп, қазіргі кезде жұмыс істеп тұрған ОК бұл жобаның басты ерекшелігі еді.

Жаңа ASTS+ жүйесіне көшу сауда-саттықты жүргізу процестері мен тәртібі, клиринг, есеп айырысу тұрғысынан сауда-саттық қатысуышылар мен биржа үшін қыынға соққан жок, өйткені олар тубегейлі өзгерген жок, олардың негізінде жатқан технологиялар ғана өзгерді. Екінші жағынан, жобаны карантин шектеулері жағдайында жүзеге асыруға тұра келді, ал жұмыс тобының байланыстары онлайн-конференциялар түрінде өтті. Сол кезде жұмыс істеп тұрған жүйелерге де қолдана көрсете отырып, жаңаларын енгізуді қамтамасыз ету көрек болды, сонымен қатар алшак режимдегі жұмысқа бейімдеу көрек болды.

Жүйені әзірлеушілер есke NEXT валюта нарығының сауда-саттық жүйесінен барлық орындалмай қалған мәмілелерді жаңа ASTS+ жүйесіне көшірудің қаншалықты қыын міндет болғанын еске алады, өйткені дәл іске қосатын күni қатысуышылар алдыңғы күндері ашылған өздерінің барлық жайғасымдарын жаңа жүйеде көруге тиіс еді. Бұндай ұстаным қор нарығы үшін ASTS+ іске қосатын кезде қолданылған ұстанымнан тубегейлі ерекшеленетін. Өйткені онда есke сауда-саттық жүйесінде ашылған барлық жайғасымдар жай ғана соның ішінде орындалса, жаңа ASTS+ жүйесінде анағұрлым жаңа мәмілелер жасалды. Валюталар нарығында бұндай ұстанымды пайдалану мүмкін болған жоқ, өйткені бұл жерде әртүрлі уақытта ашылатын неттинг жайғасымдар енгізіліп қойған және оны үзіп-жару сауда-саттық қатысуышыларының жайғасымдарын үзіп-жаруға алып келетін еді. Жүйені әзірлеушілер тығырықтан шығатын жолды тапты – қатысуышылардың мәмілелері мен позиция қалдықтарын жаңа жүйеге көшірудің арнаілы алгоритмі әзірленді.

Ұсынылған шешім ойдағыдай іске асып, 2020 жылдың 30 қарашасында биржа ASTS+ «валюталық ұсқасын» пайдалануға табысты енгізdi. Осы күннен бастап барлық 38 қаржы құралының, сонымен қатар есеп айырысу жүргізу мерзімдері әртүрлі (T+0, T+1 және T+2) бес валюта жұбының (USDKZT, RUBKZT,

СNYKZT, EURKZT, EURUSD) сауда-саттығы, АҚШ долларына, ресей рубліне, қытай юаніне, евроға қатысты теңгемен есеп айырысатын валюталық своп операциялары және доллардың тенгеге шаққандағы бағамына жеткізу фьючерсі ASTS+ жүйесінде өткізіле бастады. Бұрын KASE шетелдік валюта сауда-саттығы кезінде қолданылған барлық сауда-саттық тәртіптемесі жаңа СКЖ-де қолжетімді. Қосымша валюта нарығында келіссөз мәмілелері тәртіптемесі ашылды, онда биржадан тыс нарықта жүретін болғандықтан тікелей мәмілелерді жасауға болатын. Яғни, олардың жасалуына негіз болған мәмілелер мен өтінімдерді сауда-саттық жүйесінде тек келісуші таралтар ғана көреді. Әртүрлі тәртіптемелерде жасалған мәмілелерге бірынғай неттинг және валюта нарығындағы ОК ретінде KASE тәуекелдерді басқару жүйесі қолданылатын болды. Сондай-ақ, ASTS+ жүйесінде валюта нарығында сатуға қолжетімді туынды қаржы құралдарының желісі кеңейтіліп, тәуекел-менеджменті жүйесі айтарлықтай жақсара тусты.

«KASE өз технологияларын дамыту түрғысынан үлкен серпіліс жасады. Бұрынырақ биржада алуан түрлі құралдармен KASE сауда-саттығы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бірегей мәншікті технологиялар әзірленді және ауқымды өнімділік қорымен жұмыс істеді. Сонымен қатар, бұрынғы сауда-саттық жүйесі кезінде Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару процестерін құру саласындағы ішкі құзіреттілік жеткілікіз болған еді. Биржа жүйелерін жаңартудың негізгі бөлігі аяқталды және біз жаңа өнімдер мен сервистерді енгізу жолында жұмыс істеп жатырмыз – мысалы, бұл жерде әнгіме репо нарығындағы ККС (клиринглік қатысу сертификаттары), біздің биржалар арасында сауда-клиринглік линктарды құру туралы болып отыр», – деп сол кездегі жаңа СКЖ енгізуге жауп берген KASE Басқарма Тәрағасының орынбасары **Идель Сабитов** атап өтті.<sup>7</sup>

## SPECTRA деривативтер нарығын қайта іске қосуға арналған

Деривативтер нарығына жаңа SPECTRA СКЖ енгізу KASE сауда-саттық жүйелерін МОEX сауда-саттық технологияларына көшіру процесінің ақырыры аккорды болды. Қазақстан қор биржасының осы сегментінде ОК механизмі он жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан, сондықтан жүйе KASE қажеттіліктеріне қарай барынша минималды толықтырып өндеу принципі бойынша енгізілді. Сондай-ақ, SPECTRA акциялар, облигациялар, индекстер, валюталық жұптар базалық активтері болып табылатын туынды қаржы құралдарымен жасалатын операциялар үшін ұсынатын опциялардың қең жиынтығын ескере отырып, KASE бұл туынды қаржы құралдары нарығын қайта іске қосуға мүмкіндік береді деп үміттенді. SPECTRA тәуекел-менеджментінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, өйткені оған нарық тәуекелдері мен кредит тәуекелдерін басқару

тетіктері енгізілген. Орталық контрагент пен СКЖ біріктіру сауда-саттыққа қатысушыларға жайғасымдарды үлкен көлемде анағұрлым белсендірек жүргізуге мүмкіндік берді, бірақ бұл жағдайда тәуекел-менеджменті құралдары несие тәуекелі мен дефолттар тәуекелін айтарлықтай төмendetті.

2021 жылдың 7 шілдесінде KASE деривативтер нарығын SPECTRA сауда-клиринглік жүйесіне табысты көшіріп, жаңа жүйедегі сауда-саттыққа АҚШ долларының бағамына, KASE индексіне және базалық активтерді жеткізбей бірқатар акция атауының курсына фьючерстк келісімшарттар қолжетімді болды. Жүйенің мүмкіндіктері болашақта фьючерстер желісін өзге базалық активтерге кеңейтуге, сонымен қатар сенімді және өнімділігі жоғары СКЖ негізінде қатысушылардың кең тобының мұдделерін қамтамасыз ете отырып, опциондарды енгізуге мүмкіндік берді.

## Биржа міндеттемелердің орындалуын қадағалайды

Жаңа сауда-клиринглік жүйелердің енгізілуі 2019–2021 жылдарға Даму стратегиясының екінші маңызды бағытын – барлық биржалық нарықтарда ОК қызметін іске қосуды жүзеге асырудың технологиялық негізін қалады.

Биржаның осындай қызметті көрсету тәжірибесі бұрыннан болған: 2011 жылдан бастап ол деривативтер нарығында, ал 2018 жылдың қазан айынан бастап қысқа мерзімді валюталық своптар нарығын қоса алғанда, валюта нарығында ОК ретінде әрекет етті. Бірақ, биржада сатылатын барлық қаржы құралы бойынша есеп айырысудың түпкілікті аяқталу кепілдіктерін қамтамасыз ету үшін, репо секторы мен қор нарығында неттинг механизмін іске қосуға жағдай жасау үшін, сонымен қатар мәмілелердің мульти құралдық жасақтамасын іске қосу үшін (бірыңғай лимит деп аталағын) сәйкес IT-инфрақұрылымы қажет. 2020 жылдың 3 тамызында ASTS+ СКЖ екінші релизді іске қосы осы мүмкіндік-тікіт берді.

Бұл ретте жаңа инфрақұрылым элементін – ОК іске қосу жөнінде гі жұмысқа KASE, оның стратегиялық әріптесі MOEX пен нарыққа қатысушыларға емес, қаржы жүйесін реттеуші – Ұлттық банк та белсенді арапасты, өйткені бұndай қадам ОК қызметі мен сауда-саттық қызметін реттеудің жаңа ережелерін қабылдауды талап етті.

«Ұлттық Банк Орталық контрагент функциясының құрылуын сөзсіз қолдады. KASE Орталық контрагенттің пайда болуы жасалатын мәмілелер бойынша барлық міндеттемелер мен талаптардың орындалу кепілдігін арттыруды. Жаңа сауда-клиринглік жүйенің арқасында үйымдастырылған нарықта алғаш рет репо секторын қоса алғанда, қор нарығындағы барлық мәміле түрі бойынша қатысушылардың неттинг жайғасымдары енгізілді. Бұл биржаның мушелері үшін өтімділікті басқару тиімділігін арттыруды, транзакциялық шығындарды төмendetуге ықпал етті, ал болашақта біздің нарықтың өтімділігін арттыруға мүмкіндік береді», – деп ҚРҰБ Төрағасының орынбасары, KASE Директорлар кеңесінің Төрайымы **Әлия Молдабекова** атап өтті.<sup>8</sup>

Барлық биржалық нарыққа ОК енгізу қайсы бір нарықтағы жайғасымдарды аша отырып, сауда-саттыққа қатысушыларға KASE тәуекел бейінін ғана жалғыз контрагент ретінде бағалауға мүмкіндік берді, бұл KASE-ң сәйкес нарығына лимит өсіміне ықпал етеді. Бірдей қаржы құралдарымен және ортақ орындалу күнімен міндеттемелер бойынша неттинг әдісімен клирингті енгізу ойыншылар үшін өзге маңызды фактор болды. Осы арқылы күні бойы жаңа мәмілені жасағанға дейін әрбір алдыңғы мәмілені орындау қажеттілігі жоылды. Осының барлығы мәмілелердің мультиқұралдық қамтамасыз етуінің енгізілуімен қатар активтерді басқару тиімділігін елеулі түрде арттырыды, биржа нарығындағы жұмысы кезінде брокерлер мен олардың клиенттерінің шығындарын қысқартты және бұл сатылатын құралдардың өтімділігіне сөзсіз оң әсер етуі тиіс еді.

«Сауда-клиринглік жүйені және ОК енгізу – мәмілелерді «соқыр тәуекелмен» жасайтын кезде болатын басты төлемеу тәуекелін айтартылқтай тәмендету. Енді контрагенттің сауда-саттыққа қатысушылардың алдыңдағы өз міндеттемелерін орындауда мүмкіндігі туралы сұрақ жоқ, – деп SkyBridge Invest компаниясының Басқарма Төрайымы **Шолпан Айнабаева** өз сенімін білдірді. – Бұрын мәмілелердің бұзылу мәселесін төрелік комиссиялар шешетін. Бұл уақыт талабы және мәмілелерге теріс әсер етеді. Енді ОК болуы арқасында барлық сұрақ өз-өзінен шешіледі, өйткені биржа клиринглік жүйе арқылы бұл тәуекел құрдымға кетіп, өзінің негізгі ісімен – мәміле жасасумен шүғылдануға мүмкіндік береді».<sup>9</sup>

Барлық нарыққа қатысушыларға мәмілелердің орындалу кепілдігін беру үшін биржа арқылы ОК өзіне барабар «қорғаныс желілерін» құру керек болғаны түсінікті. Атап айтқанда, дефолт-менеджменті және ОК алдында өз міндеттемелерін орындаған сауда-саттыққа қатысушылардың ашық жайғасымдарын пайдалану жүйесі жақсарды (ал құралдардың кейбір топтары үшін нөлден бастап әзірленді). Тәуекел-критерийлерді анықтау, сонымен қатар олардың барабарлығы мен дер кезінде қайта қараша мониторингі жүйесі әзірленді. ОК активтерді басқару жүйесі және міндеттемелерді орындауға қажетті активтерді тартуға арналған өтімділік провайдерлерін іріктеу қағидалары да тексеруге шалдықты. Бұдан басқа, әрбір биржа нарығындағы дефолтты қатысушылардың жайғасымдарын жоятын кезде жоғары құбылмалық жағдайында осы нарықтардың клиринглік қатысушыларының қаражаты, сонымен қатар KASE арнағы аллокациялаған қаражаты есебінен нарық тәуекелін жабу үшін клиринглік қорлар құрылды.

Биржаның өзі ОК жаңарту мен енгізудің арқасында нарықта құрделі әрі бәсекеге қабілетті артықшылыққа ие болды. Бір жағынан, несиелік және нарықтық тәуекелдерді басқаруға қатысты жүйелік ұстаным сенім деңгейінің артуына және қатысушылардың, әсіресе шетелдік инвесторлар санының өсіміне ықпал етеді, өйткені шетелдік инвесторлар үшін ОК болуы – жергілікті нарыққа кірудің бірінші кезектегі талабы. Екінші жағынан – ОК қызметтері бизнестің жаңа және аса келешекті бағыттарының біріне айналды.

«Біздің есебіміз бойынша, мысалы, биржаның барлық нарықта Орталық контрагент пен клиринглік үйімнің міндетін атқаруы 2020 жылы клиринглік алым көлемін 62 %-ға арттыруға мүмкіндік берді, – деп KASE Басқарма Тәраймы Алина Алдамберген көрсеткіштерге өз талдауын жасады. – Бұл ретте, бізде нарықтың ұзақ уақыт өтімсіз болғанын, кейін кейбір құралдарға өтімділіктің арта бастағанын есте сақтау керек. ОК арқасында ол тағы да арта түсүі мүмкін. Жаңа ASTS+ СКЖ артықшылықтарын да келтіре кетейін. Бұл: жоғары сенімділік – IT-жүйелердің қолжетімділігі 99,99 % құрайды, жұмыс істеу жылдамдығы – өндөу жылдамдығы секундына шамамен 30 мың транзакцияны құрайды, функционалдылығы – әртүрлі құралдармен сауда-саттық қағидалары мен әдістемелердің кең жиынтығын сақтайды. 2021 жылғы шілде айында омнибус-шоттар механизмі, яғни сауда-саттықты клиенттердің, жеке шоттарын жүргізбей, брокердің бірыңғай шоты бойынша жүзеге асыру енгізілді. Бұл шетелдік инвесторлар үшін стандартты тәжірибе болып табылады».<sup>10</sup>

## «Цифрлық» сервиске акцент қою

Жаңа сауда-клиринглік жүйелердің енгізу жобаларын жүзеге асыру және KASE-ң барлық нарығында Орталық контрагентті іске қосу биржаны технологиялық жаңартудың негізгі, бірақ жалғыз элементі емес. Жаңа IT-платформаларға көшу технологиялық пен цифрландырудың жалпы артуымен, бэк-офистің айтарлықтай жаңаруымен, көптеген бизнес-процестерді, оның ішінде жаңаларын автоматтандырумен байланысты кең ауқымды жұмыстардың атқарылуын көздейді. Кейде биржаның командасына демалыссыз жұмыс істеуге де тұра келді, бірақ биржа нарығының инфрақұрылымына жүйелік әсері бар, сонымен қатар клирингпен және есеп айырыулармен байланысты пост-сауда-саттық рәсімдерді елеулі түрде өзгерткен кең ауқымды жобаны жүзеге асыруға деген керемет құлышының пен ынта-жігер оны алға жетеледі.

«Негізгі бөлімшелер мен IT KASE қызметкерлері бэк-офис, сайт, IRIS және басқа да сауда-клиринглік жүйелер сияқты биржаның ішкі жүйелерін түйістіру, Орталық депозитариймен өзара әрекеттесу механизмін ретке келтіру жәніндеңігі қыруар жұмыс көлемін атқарды. ОК енгізу Орталық депозитарийдегі депоненттердің шоттарында ОК жаңа бөлімдерін ашуды, сауда-саттыққа қатысушылардың бизнес-процестерін өзгертуді талап етті», – деп Идель Сабитов еске алды.<sup>11</sup>

IT-жанарту бағалы қағаздар листингімен және биржа мүшелерінің акпаратты ашуымен байланысты биржа қызметтерін цифрлық режимге көшіруді де қарастырды. Атап айтқанда, электронды цифрлық қолды колдана бастаған биржа мен оның мүшелері, is2in әмитеттері арасындағы электронды құжат айналымы жүйесі әрі қарай дами тустанып жүрді. Ақпараттық өнімдерді тарату саласында да биржа алға бір адым қадам жасады. Telegram қосымшасындағы

@KASEInfoBot ақпараттық арнасының функционалдың көнөйттілігі, IRIS ақпараттық терминалының браузерлік нұсқасы іске асырылды. 2020 жылы эквайринг арқылы биржаның интернет-сайтында сауда-саттықты нақты уақыт тәртіп-темесінде қарал отыру мүмкіндігінің ақысын төлеу сервисі іске қосылды. Бұл жаңашылдық пайдаланушыларға банк карталарын қолдана отырып төлемек үшін жүргізуге және осы қызметке қол жеткізу мүмкіндігін алуға қажетті уақытты ба-рынша қысқартуға мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, автоматтандыру және қызметтерді «цифрландыру» арқылы сервиске бағдарлануға дән қою 2019–2021 жылдары KASE дамытудың негізгі трендтерінің біріне айналды. Биржаның өнімдері үнемі жақсарып, ал функционалды көнөйттілік отырды.

## РЕФОРМАЛАР СИНЕРГИЯСЫ

2018 жылы Үкімет пен Ұлттық банк<sup>12</sup> ең маңызды біріншілік бағыттардың бірі ретінде мәлімдеген Қазақстан қор биржасының тартымдылығын дамыту мен арттыру міндепті 2019–2021 жылдары бірқатар институционалдық бастамалар мен жүйелік жобаларды жүзеге асыру түрінде көрініс тапты. Жаңа инвесторлар мен эмитенттер үшін нарыққа қол жеткізуді ырықтандыру бағытын көздейтін ҚНРДА құру, Clearstream-мен халықаралық желіні әрі қарай дамыту, ақша на-рығы индикаторларының реформасы – осының барлығы KASE-ке биржа на-рығының тереңдігі мен өтімділігін арттыру жолында алға ілгерілеуге көмектесті.

## МБҚ нарығы үшін өтімділіктің артуы

2018 жылы ҚРҰБ, Қаржы министрлігі мен KASE бірлескен күш-жігерінің арқасында қазақстандық МБҚ Clearstream халықаралық жүйесінде есептелеңтін бағалы қағаздар тізіміне енгізілген. Қайталама нарықта және Ұлттық банктің ноталарын орналастыратын кезде МБҚ-мен биржалық мәмілелер бойынша есеп айырысу схемасы T+0-ден T+2-ге өзгерді. 2020 жылғы тамыздан бастап халықаралық есеп айырысу желісі «delivery versus payment» дейін жетілдірілді (DVP, төлемнен кейінгі жеткізу), бұл жағдайда жеткізу төлемекшісі бағалы қағаз-дар аударымымен біруақытта жүзеге асырылып, сырттан тартылған тараптар үшін тәуекелдерді төмендетіп, ең үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді.

«DVP Қазақстанның МБҚ-на «кіретін» кездегі тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік берді, ал капитал ағымына бәсекелестік жағдайында бұл біз үшін ұқсас нарықтармен салыстырғанда күмәнсіз пайдалы болды. «Техникалық» жағынан біз жаһандық қаржы нарықтарымен анағұрлым біріге түстік. Мем-лекеттік облигацияларға сыртқы инвестицияларды тарту мемлекет үшін қарыз алу құнын төмендетеді, корландыру көздерін көнөйттеді, нарықтың өтімділігін арттыруға және инвесторлық базаны әртаратандыруға ықпал


егеді. Халықаралық депозитарийлармен және жаһандық кастодиандармен бірігу ішкі нарықты жайғастыру түрғысынан оң әсер етті», – деп Үлттық Банк Төрағасының орынбасары **Әлия Молдабекова** атап өтті.<sup>13</sup>

Шетелдік инвесторлардың МБҚ қазақстандық нарығына анағұрлым жайлырақ талаптармен қатысуы нәтижесінде қайталама нарықтың брутто-айналымындағы резидент еместердің үлесіне 2019 жылы небәрі 0,1 % (745,6 млн теңге) тиесілі болса, 2021 жылдың ортасына қарай ол 8 % мәреге жақындағы (97,8 млрд теңге).

Қаржы министрлігінің өз қағаздарының күші бар шығарылымдарының санын біруақта қысқартып, оларды ірілеу жөніндегі жұмысы екінші маңызды бағыт болды. 2020–2021 жылдары Қаржы министрлігі 26 шығарылымды іріletіп, жалпы сомасы 4,8 трлн теңгеге 15 жаңа шығарылымды шығарды (2020 жылы 4 шығарылым және 2021 жылы – 11). Бұл ретте жекелеген шығарылымдар сомасы 500 млрд теңгеден асты. Осы барлық орналастырулар МБҚ кірістілігінің анағұрлым репрезентативті қисығын құра отырып, сонымен қатар ірі жаһандық ойыншылар үшін осындаид үлғайтылған шығарылымдарға баға белгілеу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, 10 жыл шегінде әртүрлі өтем мерзімдерімен жүзеге асырылды. Бұрын айттылғандай, Үлттық Банк өз кезегінде 2020 жылдың ортасынан бастап жылдық ноталар шығарылымын тоқтатып, инвесторлардың сұранысын Қаржы министрлігінің МБҚ-на қарай ығыстыруды.

KASE, өз жағынан, мемлекеттік облигациялардың қайталама нарығының етімділігін арттыру үшін маркет-мейкерлерге арналған бағдарламаны енгізіп, ол белгіленген бағаны жариялаудың бірнеше сұлбасын пайдалануға және ин-

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ МБҚ ҚАЙТАЛАМА НАРЫҒЫНДАҒЫ РЕЗИДЕНТ ЕМЕСТЕРДІҢ ҮЛЕСІ, БРУТТО АЙНАЛЫМДАҒЫ



весторлардың таргеттелеңтін санаттарына орай спредтер мен әртүрлі көлемде белгіленген бағаны ұстап тұруға мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, 2021 жылдың сонына қарай KASE қазақстандық 20 мемлекеттік облигация бойынша белгіленген бағаны қолдайтын үш маркет-мейкер әрекет етті.

2019 жылдың IV тоқсанында KASE әлемдік стандарттарға жауап беретін МБҚ кірістілігінің қисығын құрудың жаңа әдістемесін күшке енгізdi. 2020 жыл ішінде KASE қазақстандық нарық үшін тәуекелсіз кірістіліктің бэнч-маркін қалыптастыра отырып, әдістемені кеңінен танытты, нарыққа қатысуышылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізді және нарықтың мұдделі қатысуышыларына МБҚ кірістілік деңгейі бойынша қосымша деректерді ұсынды.

JP Morgan индекстерді басқару командасының 2021 жылдың ортасында дамып келе жатқан нарықтардың жаһандық облигациялар индексіне кіруге үміткерлер енетін Watch list-ке Қазақстанның борыштық нарығының, енүі туралы мәлімдемесі KРҰБ мен Қаржы министрлігінің кірістілік қисығын құры, МБҚ отандық нарығының өтімділігін арттыру жөніндегі жұмысының тиімді болғанын растайды. Бұл оқиға үлттық валютадағы активтер мен теңгені жаһандандыру жөніндегі маңызды қадам болды.

## Ақша нарығы индикаторларының реформасы

Ақша нарықтары мен олардың негізгі көрсеткіштері қашан да клиенттердің қажеттіліктері мен үміттеріне жауап беретін өнімдерді ұсынуда кредиторларға арналған бағдар және қарызы алу құныны анықтау құралы болған.

Қаржы нарығының дамуына қолдау көрсету және оның негізгі бэнчмарктарін жетілдіру мақсатында 2018 жылдың маусым айында Ұлттық Банк жұмыс тобын құрып, оған Еуропалық қайта құру және даму банкінің, KASE пен Қазақстандағы жетекші қаржы үйымдарының өкілдері кірді. Әлемдік қаржы индустриясының 2024 жылға қарай LIBOR мәлшерлемелерін пайдаланудан тоłyқ бас тарту жөніндегі жоспары оны құру кезінде аз рөл атқарған жок.

Болжамды индикаторларды егжей-тегжейлі талдағаннан кейін Ұлттық Банк 2019 жылдың қазан айында Қазақстанның борыш нарығының негізгі мәлшерлемесі ретінде TONIA индикаторы (МБҚ-мен бір күндік репо мәлшерлемесі, оны KASE 2021 жылдың сонынан бастап есептеді) белгіленгенін жариялады, оны есептеу тәртібі өзгеріліп, озық халықаралық стандарттарға сәйкестендірілді. Бұл ақшалай, сондай-ақ анағұрлым ұзақ мерзімді туынды құралдарды өңдеуді қолдап, бағдарды нығайтады.

TONIA әдістемесін жаңарту шамамен бір жыл уақыт алды және мерзімі бойынша ақша нарығындағы жаңа СКЖ енгізумен және осымен байланысты инструментарийдің және репо нарығының жұмыс істеу тәртібіндегі елеулі өзгерістермен қат-қабат келді. Бұл белгілі бір деңгейде тесттік есептеулерді жүргізуіді және осы құралдың терендігін болжауды қыннадатты. Сонымен қатар индикатор әдістемесін белгілеуге және оны есептеу базасына қатысты барынша ойластырылған қадам қажет болды.

2020 жылдың желтоқсан айының соңында KASE TONIA есеп айрысы тәртібінің өзгеретіні туралы жариялады, осы арқылы Қазақстан Республикасының ақша нарығында ең үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келетін тәуекелсіз бенчмаркті құру және оның есеп айрысы мәлдірлігін арттыру мақсатына қол жеткізілді.

«Жұмыс тобы шеңберінде TONIA индикаторын есептеу әдістемесін жаңарту барысында биржа осы индикатордың тесттік есептерін, өз ақпараттық жүйелерін жана есеп айрысы әдістемелеріне бейімдеуді, сонымен қатар анағұрлым ойланып, ақылға салынған шешім қабылдау үшін жұмыс тобының қатысуышыларын статистикалық қамтамасыз етуді жүзеге асырды. Қазіргі уақытта KASE әкімші ретінде жаңартылған TONIA индикаторын есептеу мен жариялауға кірсті», – деп, KASE Басқарма Төрағасының орынбасары **Наталья Хорошевская** бұл оқиғаға түсініктеме бере кетті.<sup>14</sup>

2021 жылға қарай KASE осы индикаторды пайдаланушыларға оның жайлылығын қамтамасыз ету үшін және стандартталған мерзім ішінде оның өзгерісі туралы көзқарасты қалыптастыру үшін 1,3 және 6 айға TONIA қысты индекстерін әзірлең, енгізді. Ал күн қорытындысы бойынша емес, нақты уақыт тәртіптемесінде есکі TONIA алгоритмі бойынша есептелген индикатор TRION деген атауға ие болды.

## Бөлшек сауда-саттық инвесторына қарай қадам

2020–2021 жылдары бөлшек сауда-саттық инвесторлары базасының ен-телең өсүі айқын нарықтық тренд болды. Бұл негізінен БҚН жаңа реттеушісі – Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің белсенді жұмысының арқасында мүмкін болды. ҚНРДА жалғастырған және ба-стамашы болған бейінді заңнамадағы өзгерістер ел халқының қор нарығына инвестициялар салуға деген қызығушылығын ынталандырыды, оның ішінде бир-жада жана тартымды құралдардың пайда болуы да түрткі болды.

Мисалы, 2020 жылдың басынан бастап Қазақстандағы микроқаржы үй-ымдары ҚНРДА реттеуге тиісті лицензияланатын субъектілер тізіміне енді және оларға қаржы нарықтары арқылы қаржыландыру тартуға рұқсат етілді. Сол жылдың тамыз айында «ОнлайнКазФинанс» микроқаржы үйімі» ЖШС екі жылдық облигацияларының алғашқы шығарылымы болды, олар жылдығы 19 %-бен 3,3 млрд теңге сомаға орналастырылды. Осындай кірістіліктің арқасында бұл шығарылым инвесторлардың осы санаты арасында ең көп қызығушылық тудырды – олардың үлесі барлық сатып алынған облигациялардың 69 % құрады. 2021 жылдың соңында биржага жеті МҚҰ шығып, олар купондық сыйақы мөлшерлемесі 6%-дан 20%-ға дейінгі 2-5 жыл айналым мерзімімен 2 миллионнан 10 миллиард теңгеге дейінгі көлемде облигациялар шығарды. Осы түрдегі эмитенттердің бағалы қағаздарының қайтала ма нарығының же-ке тұлғалардың тараپынан жоғары қызығушылық тудырғаны керемет, олардың

## ЖАҢА РЕТТЕУШІ

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі – қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің тиісті қорғаныс деңгейін қамтамасыз етуді, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және қаржы нарығын дамытуға қолдау көрсетуді қөздөйтін мемлекеттік орган. 2020 жылдың басында ҚР Президентінің 2019 жылғы 11 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін әрі қарай жетілдіру туралы» жарлығымен құрылған ҚНРДА өзіне табысталытын міндеттер мен өкілдіктерге сәйкес Ұлттық Банктың құқықтары мен міндеттемелерінің құқылы мирасқоры ретінде бекітілді. ҚНРДА-н, басты міндеттері болып мыналар белгіленді:

- қаржы нарығын реттеу және дамыту, сонымен қатар қаржы үйымы қыз-

меттерінің стандарттарын белгілеу, қаржы үйымдарын корпоративтік басқаруды жақсартуға уәждендіру;

- қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтап қалу мақсатында қаржы нарығы мен қаржы үйымдарының мониторингі;
- қаржы тұрақтылығын қолдау мақсатында анағұрлым тәуекелге бейім қаржы нарығы салаларына қадағалау ресурстарын жұмылдыру;
- қаржы қызметі тұтынушыларының мүдделерін тиісті қорғау деңгейін, қаржы үйымдарының қызметі мен олар көрсететін қаржы қызметтері туралы тұтынушыларға арналған ақпараттың толықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, сонымен қатар қаржылық сауаттылық деңгейін және халық үшін қаржылық қолжетімділікті қамтамасыз ету.




Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Төрайымы М. Е. Әбілқасымованаң KASE-ке сапары, 2020 жыл

қайталама нарықтағы үлестері МҚҰ облигациялары сауда-саттығының брутто-айналымының 28 % жетті.

KASE-та пайлық инвестициялық қорлар нарығы да жанданды. Бұл жерде халық арасында ПИК-ң бағалы қағаздарының қолжетімділігін арттыруға барынша ден қойылды. Тәуекелмен инвестициялау қорының бағалы қағаздарын көр биржасына жіберу шектеулері алынды және биржадағы пайларды сатып алуға рұқсат берілді. Басқарушы компаниялардың меншікті ПИК, бағалы қағаздары бойынша маркет-мейкер міндетін атқаруына жағдай жасау қамтамасыз етіліп, оларға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізімін кеңейту және инвестициялау шектеулерін ырықтандыру есебінен анағұрлым икемді инвестициялық стратегияны құру мүмкіндігі берілді. Бұндай ырықтандыру брокерлік ұйымдарды осы құралға бөлшек сауда-саттық инвесторларының қызығушылығын қайтару жұмысын қүшештүге ынталандырды. 2020 жылдың басында KASE алаңындағы инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар секторында 11 құрал ғана ұсынылған болса: 3 ETF және 8 пайлық инвестициялық қор, 2021 жылдың 1 қарашасындағы жағдайы бойынша олардың тізімі 6 ETF және 17 инвестициялық қор құралына дейін кеңейді. Бұл «Halyk Finance» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «First Heartland Jysan Invest» АҚ, «Шығыс-Батыс» ЖШҚ басқаратын ПИК, сонымен қатар үш ETF алтын өндіруші компаниялардың, таза энергетика және су ресурстары секторындағы компаниялардың үш жаһандық акцияларына енгізу есебінен орын алды.

Брокерлер мен ҚНРДА бірлескен жұмысы бұзып-жарғыш нарықтық динамикаға алып келді. 2020 жылы ғана инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар секторындағы сауда-саттық көлемі 22 есе, яғни 20,3 млрд теңгеге дейін

### **АЙНАЛЫМДАҒЫ МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ БОРЫШЫНЫҢ НОМИНАЛДЫ ҚҰНЫ**



артты, бул ретте жеке тұлғалардың үлесінә сауда-саттықтың бруто көлемінің 53,4 % сәйкес келді. 2021 жылдағы он айдың қорытындысы трендтің жалғасын көрсетті – осы кезең ішіндегі сауда-саттық көлемі 33,9 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылдағы осы кезең ішіндегі нәтижелерден 3 есе жоғары.

«Қазақстандық заңнамадағы өзгерістердің арқасында ПИК-ға инвестициялар кемінде үш позиция бойынша женілдеді. Біріншісі – сатып алу. Бұл биржадан тыс қор болған кезде біраз уақыт жұмсал, бірқатар әрекеттер жасал, қағаздар толтыру керек болатын. Қазір биржага қоса цифрлық технология бар – бір-екі рет қана шерту арқылы ПИК сатып алуға болады. Екіншісі – жоғары өтімділік пайда болды, яғни ПИК сату да женілдеді. Бұрын сатып алу күнін айлап күту керек болатын, өтініш беру керек болатын ... Үшінші женілдік – салық. Листинг инвесторларға өз салықтарын нөлге дейін оңтайландыруға және жинактарын сақтап қалуға көмектеседі. Қазақстан қор биржасындағы дәл ПИК листингі осы үш мәселені шешүгे мүмкіндік береді. Сондықтан қазір инвесторлардың белсенділігі артып отыр», – деп есептейді **Нұрдаулет Айdosов**, «Jusan Invest» брокерлік компаниясының Басқарма Төрағасы.<sup>15</sup>

Қор нарығындағы халық үлесінің артуына брокерлік қызметтердің инклюзивтілігінің артуы ықпал етті. 2020 жылғы қазаннан бастап бейінде заңнаманы қайта қараудың арқасында қазақстандықтарға алшақтатылған биометриялық сәйкестендіруді пайдалана отырып, шот ашу мүмкіндігі берілді. Iрі брокерлік үйымдардың шапшаңдығына бас ию керек, олар іс жүзінде бірден клиенттеріне өз мобиЛЬДІ қосымшаларының көмегімен осы сервисті ұсынды.

«Инфрақұрылымның өзгеруіне жауап ретінде біз де өзгереміз және брокерлер ретінде инвесторларға жаңа құралдарды ұсынамыз. Бірақ, әрине, біз бұны біраз кешеуілдеу жасаймыз. Бізге өз IT-жүйелерімізді, тәуекел-менеджменті жүйесін қайта теншеу керек... Менің ойымша, биометрия іс жүзінде біздің клиенттерімізді сәйкестендірудегі стандарт болады. COVID-19 пандемиясына дейін клиенттің қор нарығының инфрақұрылымына алғаш кіруіне өте күшті технологиялық кедергілер болды. Ауқымды транзакциялық шығындар болды, бұдан барлығы зардап шекті. Қазір технологиялық өзгерістермен қатар келген реттеуішлік өзгерістер клиенттер санын қыруар арттырып отыр және бұл тренд әрі қарай да арта бермек», – деп «BCC Invest» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары **Александр Дронин** атап өтіп кетті.<sup>16</sup>


Бөлшек сауда-саттық инвесторларына арналған нарықтармен жұмыс істей жайлышын арттыруға KASE та өз үлесін қости, ол 2021 жылдың басында «KASE Mobile» мобиЛЬДІ қосымшасын ұсынды. Ол биржадағы ақпараттық өнімдер тізімін толықтырды және бірінші кезекте, бөлшек сауда-саттық және кәсіби инвесторлардың биржалық ақпараттақа қол жеткізуін женілдетуге арналды. Қосымша KASE оку сауда-саттығына қатысуға мүмкіндік береді және биржада сатылатын құралдардың басым бөлігі бойынша нарықтық және анықтамалық

ақпаратты қадағалауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, 2020 жылдың күзінде ен-ді бастап жатқан инвесторларға арналған «KASE сауда-саттық» басынан аяғына дейін қор нарығы жөніндегі алғашқы кешенді білім беру бағдарламасы іске қосылып, ол тренингтер мен вебинарлардан басқа, «оқу» сауда-саттықтарын, сондай-ақ шынайы нарық шеңберіндегі инвесторларға арналған байқауларды да қамтыйды.

«Жалпы алғанда, KASE басшылығының нарықты дамыту үшін соңғы жылдары өте көп жұмыс атқарғаны анық. Биржа ен үздік тәжірибеге үмттілады және бұл өз жемісін беріп жатыр, өзге нарықтарға жұмыс істейтін халықаралық инвесторларға инфрақұрылымының өздеріне әдetteгі дүниеге үқсас болып келе жатқанын туспіне отырып келуге мүмкіндік береді. Кәсіби қауымдастықтар үшін технологиялар маңызды. Соңғы 1,5 жыл ішінде KASE керемет серпіліс көрсетті. Нарықта стандарттар, дұрыс технологиялар, кіру жүйелері пайда болып, компаниялар бөлшек саудамен айналыса бастады. Біздің алған бағытымыз дұрыс. Осылайша, 2020 жылы Орталық депозитарийде 17 мыңнан астам шот ашылды, ал 2021 жылдығы 10 ай ішінде 73 мыңнан астам жаңа шот ашылды», – деп **Сергей Лукьяннов** атап өтті, «Фридом Финанс» АҚ Басқарма Төрағасы.<sup>17</sup>

Брокерлер мен биржаның қызыметін «цифрандышу», сонымен қатар жалпы «бұқалық» көніл-күй бірінші кезекте акциялар нарығындағы бөлшек сауда-саттық инвесторларының белсенділік көрсеткішінен көрініс тапты. 2020 жылғы акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі 17,1 %-дан 238,4 млрд теңгеге дейін артты, бұл ретте қайталама нарықтағы жеке тұлғалардың үлесіне сауда-саттықтың брутто-айналымының 53,8% сәйкес келді. KAZ Minerals пен

## ОД ЕСЕПКЕ АЛУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕРБЕС ШОТТАРЫНЫҢ САНЫ



«Қазатомөнеркәсібінің» акциялары сол сәтте өсім жағынан жетекші орында болды. Бұл үдеріс 2021 жылы да өз жалғасын тапты – он ай ішіндегі акциялардың сауда-саттық көлемі 197,4 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылдағы осы кезеңмен салыстырғанда 16 %-ға жоғары.

2021 жылдың басында реттеудегі өзгерістер БЗЖҚ салымшыларына өз зейнетакы шоттарындағы «үстеме жинақтарды» жеке басқаруға көшіруге мүмкіндік берді.<sup>18</sup> Бірден бірнеше брокерлік үйім өз әлеуетті клиенттеріне зейнетакы активтерін басқару стратегияларын ұсынды. Қазан айына қарай төрт компания зейнетакы активтерін басқарды: Halyk Global Markets, Jusan Invest, BCC Invest және «Сентрас Секьюритиз». Олардың басқаруында 5,4 млрд теңге болды. Институционалдық инвесторлар санының артуы қор нарығының өтімділігі мен тиімділігін арттырудың негізін ғана қалап қоймай, активтерді басқару қызметтері нарығында бәсекеге қабілетті ортаны дамытудың алғышаррттарын да құрды.

KASE ҚНРДА-мен бірге нарықтың қасиби қатысуышыларына арналған жобалармен жүргізілетін жұмысты жалғастырды – омнибус шоттар (брокердің әрбір клиентін сегрегацияланған есепке алу қажеттілігін жоққа шығаратын) бойынша сату мүмкіндігін енгізді, биржалық мәмілелер бойынша олардың міндеттемелерін қамтамасыз етіп, орындастырын кезде брокерлердің шығындарын едәуір қысқартуға мүмкіндік берген бірқатар жаңашылдықтарды ұсынды, биржадағы мүшелікті ұсынудың электронды форматын енгізді, сонымен қатар ақша нарығы инструментарийін кеңейту жұмысын жалғастырды. Атап айтқанда, репо операцияларының мерзімін 90 күнге дейін арттырып, клирингілік қатысу сертификаттарын (КҚС) енгізу жөніндегі жобаны жузеге асыруға кірісті, КҚС – су жаңа қаржы құралы, ол сауда-саттыққа қатысуышыларға биржалық мәмілелерді қамтамасыз ету шенберінде, сондай-ақ репо операцияларының мәні ретінде бір қалыпқа салуға және иесіздендіруге мүмкіндік береді.

2020 жылы ҚНРДА биржа құрылымдарының, Үлттық экономика министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Үлттық банктің, «Самұрық-Қазына» қорының және ЕДҚҚБ қатысуымен қазақстандық биржа нарығының FTSE және MSCI жіктелімдеріндегі мәртебесін 2017 жылы алынған «Frontiers Market»-тен сәйкесінше «Emerging market» пен «Secondary emerging market»-ке дейін арттыруға бағытталған кешенді жұмысты жаңартты және белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді. MSCI және FTSE Russell халықаралық индекс қызметтерінің 2021 жылды бағалауда бойынша Қазақстанның қор нарығы сол кезде реттеу, заңдана ма мен инфрақұрылым түрғысынан «Emerging Market» MSCI және «Secondary emerging market» FTSE Russell негізгі сапалық критерийлеріне сәйкес келді.

**«Осы жылдар ішінде біз бағалы қағаздар нарығын дамыту жөніндегі реформаларды табысты қабылдадық, банктердің халыққа брокерлік қызметтерді көрсетуіне жаңа мүмкіндіктерді, алшактан сәйкестендіру мен басқа да мүмкіндіктерді ұсындық. Біз мобильді қосымшалардың шарықтауын, банктер мен клиенттерге қызмет көрсету жөніндегі брокерлердің синхрондалуын, нарықтық кредит беру механизмдерінің біртіндеп қалпына**

келуін, сонымен қатар жергілікті қор нарығы өтімділігінің артуын бақылат отырмыз. Биржа нарығының барлық негізгі сегментінде Орталық контрагентті іске қосу, сонымен қатар қор нарығын алдыңғы қатардағы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру жұмыстарының жүргізуі осы сектордың сенімділігі мен тұрақтылығын арттыратын айтулы оқиға болды», – деп Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Төрайымы **Мадина Абылқасымова** 2020–2021 жылдарды қорытындылады.<sup>19</sup>

## ТҰРАҚТЫ ДАМУ – ЖАЙ ФАНА СӨЗ ЕМЕС

Тұрақты даму қағидаларын өнгізу 2019–2021 жылдарға KASE дамыту стратегиясындағы жаңа бағытқа айналды. Биржаның негізгі басымдылықтарының ішінде оның пайда болуы әлемдік биржа индустриясының жалпы векторына сәйкес келіп қана қоймай, KASE инвестициялық, құның арттыруға және оның әріптестері мен стейкхолдерлері тарапынан биржага деген сенімді арттыруға бағытталған міндеттер шоғырын бір жүйеге біріктіруге мүмкіндік берді. Олардың қатарына тәуекелдерді басқару сапасын, ішкі бақылау мен аудитті жақсарту, KASE қызметінің мөлдірлігін арттыру, бизнесті жүргізуінде экологиялық стандарттарын өнгізу, әлеуметтік жауапкершілікті нығайту кірді.

### «Әдістемелік» эволюция

БҮҰ 2015 жылғы «Тұрақты қор биржалары» бастамасына қосыла отырып, KASE листинг компаниялары арасында экологиялық, әлеуметтік даму және корпоративтік басқару (ағылш. Environmental, Social, and Corporate Governance, ESG) критерийлерін ілгерілету жөніндегі ерікті жария міндеттемелерді өзіне алғандардың бірі болды.

Сол уақыттан бастап KASE тұрақты даму саласындағы, оның ішінде биржаларда тіркелген компаниялар арасында ESG бойынша ақпарат ашуды жақсартуға, тренингтер мен оқытушы семинарлар өткізуге, тұрақты даму қағидаларына жауап беретін өнімдерді кеңейтуге қатысты ең үздік халықаралық тәжірибелі дәйекті түрде ілгері жылжытып келеді. KASE – тренингтер арқылы ESG өлшемшарттарын дамытатын БҮҰ Бастамасына әріптес 57 биржаның бірі және ESG өлшемшарттары бойынша есеп құрастыру жөніндегі әдістеменің 101 таратушыларының бірі.

ESG дәрілтеудің негізгі құралы – ESG-өлшемшарттары бойынша есеп құрастыру әдістемесін KASE 2016 жылдың соңына қарай өзірлеген. Оның мақсаты шетелдік инвесторлар үшін эмитенттердің тартымдылығын арттыратын компаниялардағы корпоративтік басқару мен тәуекелдерді басқарудың тиісті жүйелерін құруға қолдау көрсету болды. 2017 жылы өз сайтында әдістеменің

бастапқы нұсқасын жариялад, компанияларға оны сәйкес есептерді дайындау үшін пайдалануды ұсынды.

2018 жылдың 15 наурызынан бастап KASE жаңартылған әдістемені қолданысқа өнгізд<sup>20</sup>, ол экономиканың негізгі секторлары бойынша салалық ерекшеліктерді ескереді. Оны жетілдіру жұмысына Халықаралық қаржы корпорациясының сарапшылары қатысты, бұл әдістемеге сәйкес халықаралық мәртебе берdi.

2020 жылдың ақпан айында KASE жылдық есептерге қойылатын талаптарды жаңартып, онда бағалы қағаздары биржаның ресми тізімінің «Негізгі» санатында орналасқан компаниялар үшін әлеуметтік жаупаттылық пен экологиялығы түрғысынан қосымша ақларат ашуды қарастырды.

Биржаның бұл бастамасы компаниялар үшін аса маңызды болды және тұрақтылық мәселелері бойынша сапалы есептерді дайындауға қажетті әлеуметті құру мүмкіндігін берdi. 2020 жылдың қорытындысы бойынша ESG немесе оның негізгі элементтері ашылған жылдық есептерді 186 листинг компаниясының ішінде 76 ұсынды.<sup>21</sup>

Әдістеменің ережелерін жылдық есептерді дайындау талабына көшірудің келесі қадамы 2021 жылы жасалды. Биржа «Ақпаратты ашу қағидалары» деп аталағын жеке құжатты бөлді, оған әдістеменің негізгі талаптары енді. Егер KASE негізгі сәттерді ғана ашуды талап еткен болса, енді ақпаратты, оның ішінде белгілі бір кестелік ерекшелік сипаттамаларды да толық ашу керек болды. Жалпы, экологиялық және әлеуметтік мәселелерге қатысты негізгі қызмет көрсеткіштерінің тізімін қамтитын қосымшалар пайда болды. Сонымен қатар корпоративтік басқару жөніндегі негізгі қызмет көрсеткіштерінің бағалауы және салалық ерекшеліктер жөніндегі басшылық сияқты маңызды элемент толығымен енгізілді.

## ESG түрінің астындағы ізашарлар

Инвесторлар тарапынан ESG тақырыбына өсіп келе жатқан қызығушылық – тұрақты даму жобаларын қаржыландыруға арналған «жасыл» және басқа да облигацияларға дең қоя отырып, ұсынылатын өнім желісін кеңейтудің тағы да бір мүмкіндігі.

2021 жылдың бірінші жартысында KASE-н өз алаңында ESG – облигацияларды шығаруына қажетті инфрақұрылым құрылды, сонымен қатар осындағы борыштық құралдарға арналған талаптар белгіленді, сонымен қатар листинг алымдарына жеңілдіктер қарастырылды.

Алғашқы эмитенттер де пайда болды – 2020 жылдың қарашасында Азия даму банкі алғашқы жасыл облигацияларды шығарып, 14 млрд теңгені (\$32 млн) тартып, бұл қаражатты банктің климаттың өзгеруіне бейімделуі және оның Kazakhstan стандарты зардаптарын жұмсарут жөніндегі жобаларын қаржыландыруға жолдады.

2021 жылдың ақпан айында Азия даму банкі аймақтарда тұратын қарыз алушы әйелдерге арнап қолжетімді тұрғынүй ипотекалық кредит беруді қамта-

масыз ету үшін алғашқы әлеуметтік облигациялар шеңберінде KASE-қа шамамен 8,4 млрд теңгені (шамамен \$20 млн) тартты.

2021 жылдың қыркүйек айында KASE-та экономика секторындағы COVID-19 пандемиясынан анағұрлым көбірек зардал шеккен шағын және орта бизнесті қаржыландыруға арналған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ әлеуметтік облигациялары, сонымен қатар Еуразиялық даму банкінің Қазақстан аумағында ESG-жобаларын қаржыландыруға арналған жасыл облигациялар орналастырылды.

ESG-ны табысты дәрілтеу мүдделі таратпартардың әртүрлі топтарын қатыстыруды талап етеді. 2021 жылдың шілде айында «Жасыл қаржыландыру және борыштық капитал нарығы» атты конференция шеңберінде KASE ҚНРДА-мен және PwC Kazakhstan-мен бірлесіп, тұрақты қаржыландыру қағидаларын ілгерілету үшін ынтымақтастық туралы меморандум жасасты. Оның шеңберінде PwC Kazakhstan тәуелсіз консалтингтік үйім ретінде ESG жобаларын қаржыландыру инфрақұрлымын құрудың халықаралық тәжірибесі бойынша әдістемелік қолданау көрсетіп, консультациялар беруге міндеттенні. ҚНРДА қаржы үйімдары мен листинг компанияларының тәуекелдерді басқару жүйелері мен есептіліктерге реттеуде оларды біріктіру жолымен жүйелік деңгейдегі ESG стандарттарына көшүін ынталандыру жөніндегі шараларды қабылдау ниетін бекітті. «Эксперт РА» және АКРА рейтинглік агенттіктері, сонымен қатар АХҚО жасыл қаржы орталығы болашақта KASE-де орналастырылатын облигациялар бойынша ESG мақсаттарын раставаға өз дайындығын білдірді.

KASE Басқарма Төрайымы **Алина Алдамберген** Қазақстанда ESG-трендтерін күшейтуге уақыт қана керек екендігіне сенімді: «Бізде әзірле «жасыл» экономиканы қолдайтын әмбенттердің бағалы қағаздарына ғана маманданған инвесторлар жоқ». Бұл сұрақ болашақтың еншісінде. Әрине, бүгінгі таңда «жасыл» технологиялар қымбат. Бірақ, олар үшін қазірдің өзінде арнайы қаржыландыру қарастырылған, бұл оларды игеруге мүмкіндік береді. Біз қаржылық емес ақпаратты ашудың ESG-стандарттарының талаптарына жауап беретін компаниялар санын айтарлықтай үлгайтуға қол жеткіздік. Қазір тұрақты облигацияларды шығаруға арналған инфрақұрлымынды құру ісі жалғасуда. KASE өзіндегі корпоративтік басқару, әлеуметтік жауапкершілік және экологиялық стандарттар өте жоғары деңгейде»<sup>22</sup>

## Өз тәжірибеліз

Биржа листинг компанияларының арасында ESG қағидаларын ілгерілетіп қана қоймай, бұл қағидаларды өз жұмысында да ұстануға тырысады. 2020 жылдың казан айында KASE өзінің тұрақты даму саясатын қабылдады<sup>23</sup>, ол тұрақты даму саласындағы басқару жүйелерін құратын кезде ұстануға тиісті негізгі нормаларды, қағидаларды, ережелер мен ұстанымдарды белгіледі. Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, KASE ішкі құжаттарына, БҮҰ Жаһан-

## КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Биржаның бизнесті тұрақты жүргізуге деңгөн құлшынысы KASE әзірлеп, 2019 жылы қабылдаған жаңартылған корпоративтік құндылықтардан да өз көрінісін тапты.

Ағымдағы сын-қатерлер мен KASE ұжымының өзін-өзі сәйкестендіру талаптарына жауап беретін корпоративтік құндылықтарды белгілеуі биржа нарығын дамыту үшін аса маңызды стратегиялық жобаларды жүзеге асыратын кәсіпқойлар командасы ретінде KASE ұжымының маңызды құрамадас бөлгінің айналды. Биржа ұжымы ішкі талқылаудан кейін инновацияшылдық, жауаптылық, ашықтық және қамқорлық сияқты құндылықтарды ұстануды шешіп, оларды мынадай тұжырымдамалар арқылы бекітті:

- «Біз үдайы өзгерістерге бейімделе отырып, ортақ игілік мақсатында инновацияшылдық пен тұрақтылық қағидалары бойынша жұмыс істейміз»;
- «Біз өз командамыздың кәсіпқойлығы және жоғары қызмет сапасын растай отырып, өз шешімдеріміз үшін жауаптымыз»;
- «Біз өз әріптерімізben, клиенттерімізben және бір-бірімізben ашықтық және мәлдірлік қағидаларына сүйене отырып ынтымақтаса әрекет етеміз»;
- «Біз өз еліміздің болашагына, клиенттеріміз бен қызметкерлерімізге қамқорлық таныта отырып, олардың дамуына жағдай жасаймыз».



KASE-ң корпоративтік құндылықтары, 2019 жыл

дық шарт талаптарына және БҰҰ жауапты инвестициялау қағидаларына сәйкес өзірленді.

KASE тұрақты дамуға көшүінің басты талаптары ретінде Саясатта мыналар белгіленген: тұрақты даму қағидаларын биржаның қызметіне енгізу; тұрақты даму қағидаларын жузеге асырганы үшін әрбір органның және барлық қызметкердің рөлін, құзіреті мен жауапкершілігін бекіту; тұрақты даму саласындағы мақсаттарға жеткен кезде айқындық пен өлшемділік принциптерін енгізу.

KASE корпоративтік құндылықтары қорнарыбын дамыту, қазіргі технологияларды, әнімдерді мен қызметтерді жетілдіріп, жаңаларын енгізу, сонымен қатар барлық нарыққа қатысушылардың тұрақты дамуға қол жеткізуі мақсатында бизнес пен биржаның командасын біріктіруге деген құлышынсты білдіреді.

2019 жылы биржа үжымы өз әріптестерінің ішінен жеке басының қасиеттері жаңартылған корпоративтік құндылықтардың негізгі постулаттарына сай келетін қызметкерлерді таңдал алды. Сол уақыттан бастап KASE құндылықтарын бойына сінірғен адамдарды таңдау жыл сайынғы дәстүрге айналды.

\*\*\*

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына жақындей отырып, KASE жаһандық пандемиямен байланысты сын-қатерлерге қарамастан биржаның 2019–2021 жылдарға арналған стратегиясына енгізілген мәселелердің барлығы шешілгенін растиды.

Осы үш жыл ішінде жузеге асырылған жобалар сауда-саттық қатысушыларға KASE нарықтарындағы тиімді жұмысқа арналған жаңа мүмкіндіктерді ұсынды. Қаржы институттары мен инвесторлар үшін заманауи сауда-саттық жүйелері, қаржы құралдарының анағұрлым кең шоғырын, берілетін өтінім түрлерін және сауда-саттық тәртіптемелерін таңдау мүмкіндігі, нарық динамикасының және уақыт бойынша активтер құнының бағдары ретінде жаңартылған индикаторлар, KASE ақпарат қорларында, сондай-ақ жетекші агенттіктердің терминалдарында ұсынылған ақпараттық-талауда өнімдері қол жетімді болды.

ОК сервисі инвесторларға мәмілелер бойынша активтердің дер кезінде алынуына сенімді болуға, жалпы нарықтың тәуекел портфелін барабар бағалауға және өтімділіктің өсімі үшін жасалған мәмілелер бойынша ішінара қамтамасыз ету кезінде бірыңғай лимиттің жаңа ашылған мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді.

KASE жанама қызметтерді «цифрландырып», сондай-ақ әмитеттермен және инвесторлармен көрі байланысты күшейтті.

Заннаманы ырықтандыру мен цифрлық қаржылық технологияларға деген жаһандық қызығушылықтың артуымен еселене отырып, осының барлығы Қазақстан қор нарығының дамуына жаңа серпін беруге арналған сенімді іргетасын негізін қалады.

KASE командасты кезекті рет көкжиектен де жоғары қарай алатынын, жоспар құрып, оны кәсіби тұрғыда жузеге асыра алатынын дәлелдеді. Осындағы бәсекелес артықшылық Қазақстан Қор биржасының қашан да жаңа уақыт ағынынан бір елі қалмай, онымен үзенгілес дамитындығына кепілдік береді.

## рынок долгового капитала



KASE-ң PricewaterhouseCoopers Kazakhstan-мен және «Қазақстанның халық жинақ банкімен» бірлесіп ұйымдастырыған «Жасыл қаржыландыру және борыштық капитал нарығы» конференциясы, 2021 жыл



«KASE Talks» жобасының аясындағы Болат Жемішевтің қатысуымен ашық лекция, 2019 жыл

## ҚЫСҚАРТУЛАР ЖӘНЕ ТЕРМИНДЕР

<b>ACC</b>	Association of Corporate Counsel	<b>KASE HCA</b>	KASE негізгі сауда-саттық аланы (АӘҚО ACA бейек)
<b>ADR</b>	Америкалық депозитарлық қолхат – туынды бағалы қағаздан типі	<b>KASE_BY</b>	Корпоративтік облигациялардың кірістілік индексі
<b>AFINEX</b>	«Алматы қаржы құралдарының биржасы» ЖАҚ (биржаның ресми қысқартылған атаяу)	<b>KazPrime</b>	Қазақстан үшін үздік несие сапасына ие банктермен мәлімделген ақшаны депозиттерге орналастыру мөлшерлемелерінің орташа мәні
<b>AIX</b>	Astana International Exchange	<b>KIBOR</b>	Қазақстанда банкаралық депозиттерге орналастырудың индикативтік мөлшерлемелерінің орташа мәні
<b>ALT</b>	Алматы уақыты (GMT + 06:00)	<b>KTX</b>	Kazakhstan Traded Index – Вена биржасы нарықтық капиталандыруды өлшеу жолымен еуромен және АҚШ долларымен есептейтін KASE акциялар нарының индексі. Есеп айрысынан KASE акциялардың бағалары колданылады
<b>BCG</b>	Boston Consulting Group	<b>KZT</b>	Қазақстандық тенге
<b>CAPMEX</b>	Венада құрылған және The Capital Market Experts капитал нарығында қызметтерді дамытуға маманданған консалтингтік компания	<b>LIBOR</b>	Лондон банктерімен әдette 1, 2, 3, 6 және 12 ай мерзіміне ұсынылатын, түрлі валюталармен несиeler бойынша сыйақы (мүдде) мөлшерлемесі
<b>DEM</b>	ГФР маркасы	<b>LME</b>	Лондон металл биржасы атауының жалпы қабылданған қысқартуы
<b>DMA</b>	Direct Market Access – екінші деңгейдегі сауда-саттыққа қатысушылар немесе биржада мүшелерінің клиенттері үшін биржаның сауда жүйесіне тікелей қатынау	<b>LSE</b>	Лондон қор биржасы атауының жалпы қабылданған қысқартуы
<b>EBRD</b>	European Bank for Reconstruction and Development (Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі)	<b>MOEX</b>	Мәскеу биржасы
<b>EMEA</b>	«Europe, the Middle East and Africa» аббревиатуrasesы	<b>NYMX</b>	New York Mercantile Exchange – Нью-Йорк тауар биржасы (Нью-Йорк, АҚШ)
<b>ETF</b>	Exchange Traded Fund – биржалық инвестици-ялық қор	<b>NZ</b>	KASE «Листинглік емес бағалы қағаздар» секторында сатуға жіберілген МАП сериясы
<b>eTrade.kz</b>	«eTrade.kz» ЖШС – биржаның еншілес үйімі	<b>RUB</b>	Ресейлік рубль
<b>EUR</b>	Біріншігей европалық валюта евро	<b>S&amp;P</b>	Standard & Poor's
<b>FEAS</b>	Federation of Euro-Asian Stock Exchanges (Еуро-азиаттық қор биржаларының федерациясы)	<b>SPO</b>	Екінші қайтара жария орналастыру («secondary public offering» деген ағылшын сөздерінен)
<b>Fitch</b>	Fitch, Inc.	<b>SPT</b>	Мәміле оны жасаған күннен бастап екінші жұмыс күні орындалатын есеп айрысууды жүзеге асыру шарты («spot» деген ағылшын сөзінен)
<b>FIX</b>	Financial Information Exchange – қаржы ақпа-ратымен алмасудың халықаралық стандарты болып табылатын деректерді жіберу хаттамасы	<b>SPV</b>	Special Purpose Vehicle (арнайы кәсіпорын: заңды тұлға – жалғыз құрылтайшысы (қаты-сушысы, акционері) осы облигациялар бо-йынша міндеттемелерді орындаудың кепілгері ретінде әрекет ететін Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы болып табылатын халықаралық облигациялардың эмитенті болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденті)
<b>FTSE</b>	Financial Times Stock Exchange	<b>SSE</b>	Sustainable Stock Exchanges Initiative – Біріккен Үлттар Үйімінің тұркты биржаларға а-налған бастамасы
<b>IBRD</b>	International Bank for Reconstruction and Development – Халықаралық қайта құрылымдау және даму банкі		
<b>IFC</b>	International Finance Corporation – Халықара-лық қаржы корпорациясы		
<b>IOSCO</b>	International Organization of Securities Commissions – Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық үйімі		
<b>IPO</b>	Initial Public Offering (бастапқы жария орналастыру)		
<b>ISMA</b>	International Securities Market Association – Бағалы қағаздар нарығы дилерлерінің халықа-ралық қауымдастыры		
<b>KASE</b>	«Қазақстан қор биржасы» АҚ атауының аббревиатуrasesы		
<b>KASE Индексі</b>	KASE акциялар нарығының индексі		

<b>SWIFT</b>	Society for Worldwide Interbank Financial Telecommunications (Дүниежүзілік банка-ралық қаржы телекоммуникацияларының қоғамдастыры)	<b>АЕК</b>	Жәрдемақыны және өзге әлеуметтік төлемдерді есептеуге, сондай-ақ айыппұл ықпалшарасын, салықтарды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге төлемдерді қолдануға арналған айлық есептік көрсеткіш, оның мәнін тиісті жылдарға Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» заңдарына сәйкес белгіленеді
<b>T+0</b>	TOD қараңыз	<b>АКБ</b>	Акционерлік коммерциялық банк
<b>T+2</b>	SPT қараңыз	<b>АҚ</b>	Акционерлік қоғам
<b>T+3</b>	Мәміле оны жасаған күннен бастап 3-ші жұмыс күні орындалатын есеп айрысууды жүзеге асыру шарты	<b>АҚШ</b>	Америка Құрама Штаттары
<b>T+1</b>	TOM қараңыз	<b>АНС</b>	Ақша-несие саясаты
<b>T+n</b>	Мәміле оны жасаған күннен бастап n-ші жұмыс күні орындалатын есеп айрысууды жүзеге асыру шарты	<b>АӘКО</b>	Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығы
<b>TOD</b>	Мәміле оны жасаған күні орындалатын есеп айрысууды жүзеге асыру шарты («today» деген ағылшын сөзінен)	<b>АӘКО АСА</b>	Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығының арнағы сауда-саттық алаңы
<b>TOM</b>	Мәміле оны жасаған күннен бастап келесі жұмыс күні орындалатын есеп айрысууды жүзеге асыру шарты («tomorrow» деген ағылшын сөзінен)	<b>АӘКО КРА</b>	Қазақстан Республикасындағы Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығының қызыметін реттеу жөніндегі агенттігі
<b>TONIA</b>	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен автоматты репо нарығында бір күн мерзіміне репо операцияларын ашу мәмілелері бойынша безбенделген орташа пайыздық мөлшерлеме	<b>АСЖ</b>	Қаржы құралдарының автоматтандырылған сауда-саттық жүйесі
<b>TRION</b>	Әрбір сауда күнінің ішінде есептелеtíн, бір күндік мерзімге Орталық контрагенттің қатысуымен жүзеге асырылатын МБҚ Себетімен репо операцияларын бойынша безбенделген орташа пайыздық мөлшерлеме	<b>Атамекен КР ҮКП</b>	«Атамекен» Қазақстан Республикасының үлттых кәсіпкерлер палатасы
<b>TWINA</b>	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен автоматты репо нарығында жеті күн мерзіміне репо операцияларын ашу мәмілелері бойынша безбенделген орташа пайыздық мөлшерлеме	<b>АХҚО</b>	«Астана» халықаралық қаржы орталығы
<b>USAID</b>	United States Agency for International Development – Халықаралық даму жөніндегі АҚШ агенттігі	<b>АЭА</b>	Арнағы экономикалық аймақ
<b>USD, \$</b>	АҚШ доллары	<b>БАҚ</b>	Бұқаралық ақпарат құралдары
<b>WBAG</b>	Wiener Borse AG Вена қор биржасы	<b>БЖҚ</b>	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
<b>WFE</b>	World Federation of Exchanges (Дүниежүзілік биржалар федерациясы)	<b>БЖК-2020</b>	«Бизнестің жол картасы-2020»
<b>«Z»</b>	KASE МАП сауда-саттығының секторында сатуға жіберілген МАП сериясы	<b>БИ</b>	Бағалар индексі
<b>ААҚ</b>	Ашық акционерлік қоғам	<b>БК</b>	Бірлескен кәсіпорын
<b>АБ</b>	Акционерлік банк	<b>БҚ</b>	Бағалы қағаздар
<b>АВМЕКАМ</b>	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің арнағы валюталық мемлекеттік облигациялары (қаз.)	<b>БҚН БДК</b>	Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығының брокер-дилерлері қауымдастыры
<b>АВР</b>	Алтын-валюта қорлары	<b>БҚҰҚ</b>	Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі үлттых комиссиясы
		<b>Брокер-дилерлер</b>	Брокерлік және/немесе дилерлік ұйымдар
		<b>БСЖ</b>	KASE баға белгілеу сауда жүйесі
		<b>ЕАВ</b>	Еркін айырбасталатын валюта
		<b>ЕБ</b>	Еншілес банк
		<b>ЕДБ</b>	Екінші деңгейдегі банк (банктер)
		<b>ЕҚАБ</b>	Еркін құбылмалы айырбас бағамы
		<b>ЕСЖ</b>	«Еуразия сауда жүйесі» тауар биржасы
		<b>ЖАҚ</b>	Жабық акционерлік қоғам
		<b>ЖАО</b>	Жергілікті атқаруышы органдар
		<b>ЖДК, GDR</b>	Жаһандық депозитарлық қолхат – туынды бағалы қағаздың типі
		<b>ЖЭҚ</b>	Жинақтаушы зейнетақы қоры (жинақтаушы зейнетақы қорлары)

<b>ЖТАК</b>	Жабық типті акционерлік қоғам	
<b>ЖШС</b>	Жауапкершілігі шектеулі қоғам	
<b>ЖІӨ</b>	Жалпы ішкі өнім (өзгесі көрсетілмесе, Қазақстан Республикасының ЖІӨ)	
<b>ЗА</b>	Зейнетакы активтері	
<b>ЗАБК</b>	Зейнетакы активтерін басқару жөніндегі компания	
<b>ЗАИБЖҮ</b>	Зейнетакы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асyrатын үйим (үйимдар)	
<b>ЗТБ</b>	Занды тұлғалар бірлестігі	
<b>ИРБИС</b>	«ИРБИС» қаржы нарықтарының ақпараттық агенттігі» ЖШС – биржалық ақпаратты тара-туға үекілетті етілген KASE еншілес үйимы	
<b>КБК</b>	Корпоративтік бағалы қағаздар	
<b>К.</b>	Қала	
<b>Қаржы министрлігі</b>	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	
<b>ҚБЕО</b>	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкарлық есеп айрысу орталығы	
<b>ҚБТУ</b>	Қазақстан-Британ технологиялық университеті	
<b>ҚҚА</b>	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және каржы үйімдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі	
<b>ҚҚБ</b>	AFINEX және KASE болып бөлінгенге дейінгі Қазақстан кор биржасы	
<b>ҚҚҚ</b>	Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры	
<b>ҚМӘБИ</b>	Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты	
<b>ҚНРДА</b>	Қазақстан Республикасының Қаржы нарықта-рын реттеу және дамыту агенттігі	
<b>ҚР</b>	Қазақстан Республикасы	
<b>ҚРҰБ</b>	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	
<b>ҚҰБ ҚҚҚ</b>	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржы нарығын және каржы үйімдарын бақылау және қадағалау жөніндегі комитеті	
<b>МАОҚАМ</b>	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік арналы орташа мерзімді қазынашылық міndettemeleri (айналыс мерзімдері екі және үш жыл) (бағалы қағаздар атауының қазақ тіліндегі аббревиатурасы)	
<b>МАӘҚО</b>	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік арналы өтемақылық қазынашылық облигациялары (айналыс мерзімдері бір, екі және үш жыл) (бағалы қағаздар атауының қазақ тіліндегі аббревиатурасы)	
<b>МАП</b>	Мемлекеттік акциялар пакеті	
<b>Маркет-мей-кер</b>	Биржамен осы лауазымға мақұлданған және өзіне белгіленген типті бағалы қағаздар бойынша екі жақты баға белгілеудерді үнемі жариялау және қолдау міndettemesін алған биржаның мүшесі	
<b>МБВВ</b>	Мәскеу банкаралық валюта биржасы (Ресей)	
<b>МБҚ</b>	Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар (өзгесі көрсетілмесе, Қазақстан Республикасының МБҚ)	
<b>МЕАҚАМ</b>	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің айналыс мерзімі 10 жылды құрайтын мемлекеттік арналы қазынашылық міndettemeleri (бағалы қағаздар атауының қазақ тіліндегі аббревиатурасы)	
<b>МЕБҚ</b>	Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар	
<b>МЕЗҚ</b>	Мемлекеттік емес зейнетакы жинақтаушы қоры	
<b>МЕИҚАМ</b>	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік индекстелген қазынашылық міndettemeleri (айналыс мерзімі үш ай және одан астам) (бағалы қағаздар атауының қазақ тіліндегі аббревиатурасы)	
<b>МЕҚАВМ</b>	Айналыс мерзімі үш, алты, тоғыз және он екі айды құрайтын мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық валюталық міndettemeler (бағалы қағаздар атауының қазақ тіліндегі аббревиатурасы)	
<b>МЕҚАМ</b>	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік қазынашылық міndettemeleri (әддете барлық өтеге мерзімдерінің бағалы қағаздарына қолданылады) (бағалы қағаздар атауының қазақ тіліндегі аббревиатурасы)	
